

**Мәсіхші Құран оқиды.**

Шынайылықпен оқып шығу.

Шынайылықпен ойланып, зерттеу.

Джеймс Райт.

### АРНАУ

*Набиле Куреши атты ұстаздың естелігіне арналады, сонымен қатар Шынайы ізденісте жүрген барлық адамдарға да арналады. Френсис Шеффердің айтқанындай, кімде-кім шынайы сұрақ қоятын болса, ол шынайы жауап алуға лайықты.*

### МАЗМҰНЫ

**АЛҒЫС** .....

**Рамазан кезінде оқу** .....

**1-тарау: Әл-Фатиха («Кітапқа беташар») Сүре 1 .....**

**2-тарау: Әл-Бақара (Сиыр) Сүре 2 .....**

Мұхаммедтің пайғамбарлыққа шақырылуының дәлелі  
(Сүре 2:23-24)

Адамзаттың дамуы мен құлдырауы (Сүре 2:30-34)

Алла көмек беруге уәде етеді

Ыбырайымның балалары (Сүре 2:40)

Он өсиет (Сүре 2:53)

Жазба өзгертілген ба? (Сүре 2:59)

Мұсылмандар, яһудилер, мәсіхшілер және дос (Сүре  
2:62)

Мұса және сиырды құрбандыққа әкелу (Сүре 2:67-73)

Кітапты білмеу (Сүре 2:78)

Бұрынғы кітаптарды растау (Сүре 2:97)

Жазбаларды жою (Сүре 2:106)

Келімсектер мен дұшпандар үшін мінажат ету (Сүре  
2:105)

Ұрланған сенім (Сүре 2:109)

Яһудилер мен мәсіхшілер бір Кітапты оқиды ма? (Сүре  
2:113)

Аллада ұл жоқ (Сүре 2:116-7)

Басқалардың қалауына еру (Сүре 2:120)

Қааба (Сүре 2:127)

Ыбырайым, Ысмағұл және Исаның сенімі (Сүре  
2:135-6)

Қыбыладан бас тарту (Сүре 2:142)

Рамазан (Сүре 2:185)

Қажылық (Сүре 2:196-203)

Тазалық (Сүре 2:222)  
Ажырасу және неке (Сүре 2:221-241)  
Дінге мәжбүрlemeу (Сүре 2:256)  
Қайта тірілу (Сүре 2:259)  
Игі істер мен күнә (Сүре 2:271)  
Ашкөздік (Сүре 2:275)  
Рухани сыйлар (Сүре 2:281)

### **3-тарау. Әл Имран. Сүре 3 .....**

Кітаптар және оның мағыналары (Сүре 3:7)  
Тозақ пен жаза (Сүре 3:10)  
Рухани байлық па әлде материалдық байлық па? (Сүре 3:14)  
Дін және достық (Сүре 3:28)  
Зұлымдықтар мекені (Сүре 3:30)  
Құрандағы Иса (Сүре 3:33-59)  
Ыбырайым не яһуди, не мәсіхші болмаған  
Пұтқа табынушылық күнә (Сүре 3:80)  
Дұрыс емес жолмен жүру (Сүре 3:100)  
Қауіпті жаулар кімдер? (Сүре 3:111)  
Кім ізгі? (Сүре 3:113-4)  
Жай ғана елші (لوسر) (Сүре 3:111)  
Ухуд шайқасы (Сүре 3:130-180)  
Қылышыңды қынабына сал  
Айғыш-ағаш жорығы ше?

### **4-тарау: Әл-Ниса Сүре 4 .....**

Жетімдер мен жесірлер (Сүре 4:3)  
Мұқтаждарға әділдікпен қарау (Сүре 4:9-10)  
Зинақорлықтың жазасы (Сүре 4:15-16)

Күйеулер әйелдеріне қалай қарау керек (Сүре 4:34)  
Адасу (Сүре 4:44)  
Кешірілмейтін күнә (Сүре 4:48)  
Дәнекерлер (Сүре 4:64)  
Соғысқысы келмеуі (Сүре 4:74-78)  
Ыбырайым – Алланың досы (Сүре 4:125)  
Яһудилер Исаны өлтірген жоқ (Сүре 4:153-161)  
«Үш» деп айтпа! (Сүре 4:171)

### **5-тарау Әл Маида Сүре 5.....**

Харам және халал (Сүре 5:1-5)  
Дәрет алу, жуыну (Сүре 5:6)  
Алла немесе әл-Мәсіх? (Сүре 5:17-18)  
Алланың ұлдары (Сүре 5:18)  
Басқалардың күнәлары үшін өлу (Сүре 5:29)  
Адам өлтіруге қашан рұқсат етіледі? (Сүре 5:32-33)  
Кісі өлтіруге рұқсат етілген бе? (Сүре 5:32-33)  
Өлім немесе сенімділік пе? (Сүре 5:47-48)  
Бірдей аяттар (Сүре 5:69)  
Өмір наны (Сүре 5:68-120)

### **6-тарау: Әл-Анам (Мал) Сүре 6 .....**

Сенімсіздікті айыптау (Сүре 6:1-15)  
Куәлік деген не? (Сүре 6:19)  
Теңіздегі өлім? (Сүре 6:63-64)  
Балаларыңды өлтірмеңдер (Сүре 6:151)  
Құран не үшін берілді? (Сүре 6:155-156)

### **7-тарау: Әл-Араф (Кедергілер) Сүре 7 .....**

Жақсылық пен жамандық таразысы (Сүре 7:8-9)

Иненің көзі (Сүре 7:40)  
Алла жерге түседі (Сүре 7:143)  
Он өсиеттің үкімі (Сүре 7:145)  
Бұрынғы кітаптар Мұхаммедтің келетінін болжаған ба?  
(Сүре 7:157)  
Алланың әсем есімдері (Сүре 7:180)

**8-тарау: Әл-Анфал (Олжа) Сүре 8.....**

Қандай соғыс? (Сүре 8)

**9-тарау: Тәубе (Тәубе) Сүре 9.....**

Сенбейтіндермен келісім-шарт жасау ережелері (Сүре 9:1-29)

Құранның ең көне көшірмелері

Неліктен еврейлермен және мәсіхшілермен күреседі?  
(Сүре 9:30-31)

Жалған сенушілер (Сүре 9:56)

Жаңа жаумен танысу (Сүре 9:73)

Көшбасшының соңынан еру (Сүре 9:86-88)

Жалған мешіттер (Сүре 9:107-110)

Алланың мейірімі қаншалықты ұлы? (Сүре 9:113)

**10-тарау: Юнус Сүре 10.....**

Тура жол (Сүре 10:25)

Пайғамбарлық кітаптар (Сүре 10:37-40)

Нұхтың кемесі (Сүре 10:73)

Кітап иелерінен сұра (Сүре 10:94)

**11-тарау: Хүд (Хүд пайғамбар) Сүре 11 .....**

Рақымдылық дегеніміз не? (Сүре 11:3)

Сарраның күлкісі (Сүре 11:71)

**12-тарау: Жүсіп (Жүсіп пайғамбар) Сүре 12.....**

Жігер беретін оқиғалар (Сүре 12)

**13-тарау: «Әл-Раад» (Найзағай) Сүре 13 .....**

Бастауы (Сүре 13:16)

Үлкен сот

**14-тарау: Ыбырайым (Ыбырайым пайғамбар) Сүре 14**

.....

Араб тіліндегі хабар (Сүре 14:4)

Адамзаттың шынайы мәні? (Сүре 14:34)

**15-тарау: әл-Хижр Сүре 15 .....**

Алла өз хабарын қорғайды (Сүре 15:9).

Құранға шабуыл (Сүре 15:91)

**16-тарау: Әл-Нахл (Аралар) Сүре 16 .....**

Алланың бейнесінде жаратылған ба? (Сүре 16:17)

Соңғы қайта тірілу (Сүре 16:38)

Мәсіхшіден сұра (Сүре 16:43)

Екі құдайға табынба (Сүре 16:51)

Ешкім де емес (Сүре 16:71-76)

Әр халықтың өз куәгері бар (Сүре 16:89).

Ойды өзгерту (Сүре 16:106-7)

Исламның таралуы (Сүре 16:125)

**17-тарау: Әл Исра (Түнгі саяхат) немесе Бани Исраил  
(Исраилдың балалары) Сүре 17 .....**

Құдысқа апаратын жол (Сүре 17:1)

**18-тарау: Әл-Кәхф (Үңгір) Сүре 18 .....**

Үңгірде ұйықтап қалғандар (Сүре 18:9-26)

«Оның сөзін ешнәрсе толтыр алмайды» (Сүре 18:27).

Алланың ризашылығын қалай алуға болады (Сүре 18:46-50)

Ібіліс періште ме, әлде жын ба? (Сүре 18:50)

Зулқарнайн, қос мүйіздің иесі (Сүре 18:83-99)

Күн қайда батады? (Сүре 18:86)

**19-тарау: Мәриям Сүре 19 .....**

Жақия пайғамбар (Сүре 19:1-15)

Исаның өлімі (Сүре 19:33)

**20-тарау: Таха Сүре 20 .....**

Мұса және жанып тұрған бұта (Сүре 20)

Адам ата ұятқа қалды (Сүре 20:115-123)

**21-тарау: Әл Әнбия (Пайғамбарлар) Сүре 21.....**

Мұхаммедтің есімдері (Сүре 21:107)

**22-тарау: Әл-Хадж (Қажылық) Сүре 22.....**

Надандықтан туындаған даулар (Сүре 22:8)

Тозақ (Сүре 22:19-22)

Жаратылыстың күші (Сүре 22:73)

**23-тарау: Әл-Муминун (Сенушілер) Сүре 23 .....**

Адамдардың жаратылуы (Сүре 23:12-14)

**24-тарау: Әл-Нур (Нұр) Сүре 24 .....**

Жыныстық заңдар (Сүре 24:2-33)

**25-тарау: Әл-Фурқан (Кемсіту) Сүре 25 .....**

Алланы сүю деп айту Құдайға тіл тигізу ме? (Сүре 25:60)

**26-тарау: Әл-Шуара (Ақындар) Сүре 26 .....**

Анық мағына (Сүре 26:2)

**27-тарау: Әл-Нәмл (Құмырсқалар) Сүре 27.....**

Алланың еркіне бас ию (Сүре 27:91)

**28-тарау: Әл-Касас (баяндау) Сүре 28.....**

Алла кімді жақсы көреді? (Сүре 28:76)

**29-тарау: Әл-Анкабут (Өрмекші) Сүре 29.....**

Біз қалай жақсылық жасай аламыз? (Сүре 29:7)

Бәрі бірдей? (Сүре 29:46)

**30-тарау: Әл-Рум (Римдіктер) Сүре 30 .....**

Исламдық секталар (Сүре 30:32)

**31-тарау: Лұқман Сүре 31 .....**

Жерді сөзбен толтыру (Сүре 31:27)

**32-тарау: Сәжде (Табыну) Сүре 32 .....**

Тозақта жазаланатындар (Сүре 32:13)

**33-тарау: Әл-Ахзаб Сүре 33 .....**

Мұхаммедтің өмірі (Сүре 33)

**34-тарау: Саба (Шеба) Сүре 34 .....**

Қосымша ескертулер (Сүре 34)

**35-тарау: Фатир (Жаратушы) Сүре 35.....**

Бірде-бір жан тірі қалмады (Сүре 35:45)

**36-тарау: Йасин Сүре 36 .....**

**37-тарау: Әл Саффат (Қатарда тұру) Сүре 37.....**

Төлем Құрбандығын еске алу (Сүре 37:102-7)

**38-тарау: Бақ Сүре 38 .....**

Жұмақ туралы көбірек (Сүре 38:49-53)

**39-тарау: Әл Зумар Ғафир Сүрелер 39-40 .....**

Көбірек сыйлар мен сот (Сүрелер 39,40)

**40-тарау: Фуссилат (Нақтыланған) немесе Ха Мим Сүре 41.....**

Неліктен зұлымдық бар? (Сүре 41:49)

**41-тарау: Әл-Шура Сүре 42 .....**

Алла адамдармен сөйлесе ме? (Сүре 42:51)

**42-тарау: Әл Зухруф Сүре 43 .....**

Араб тіліндегі Кітап (Сүре 43:3)

Иса әл-Мәсіхтың екінші рет қайтып келуі (Сүре 43:61)

**43-тарау: Әл-Духан (Түтін) Сүре 44. Әл-Джатия (Тізерлеп тұру) Сүре 45 .....**

Көбірек әсерлі суреттемелер (Сүре 44:43-48)

**44-тарау: Әл Ахкаф (Кұмдар) .....**

Құран Киелі кітапты растайды (Сүре 46:10)

**45-тарау: Әл-Китал (Шайқас) Сүре 47 .....**

Жайлылық па, жоқ па? (Сүре 47:20)

**46-тарау: Әл-Фатх (Жеңіс) Сүре 48 .....**

Жеңіс (Сүре 48)

**47-тарау: Әл Хужурат (Жеңіс) Сүре 49 .....**

Күмән (Сүре 48)

**48-тарау: Кәф Сүре 50 .....**

Мойын тамырынан жақынырақ (Сүре 50:16-17)

**49-тарау: Әл Дхарият Сүре 51 .....**

Кешірім (Сүре 51:18)

Кешірім алған және кешірім берген

**50-тарау: Сүрелер 52-61 .....**

Қысқа сүрелер

Тұзды және тұщы су (Сүре 55:19)

Иса Мұхаммедтің келетінін алдын ала айтты ма? (Сүре 61:6)

**51-тарау: Сүрелер 62-70 .....**

Жұма намаз мінажаты парыз (Сүре 62:9-11)  
Екіжүзділер (Сүре 63)  
Мәриямға Алланың Рухы үрленді (Сүре 66:12)

**52-тарау: Сүрелер 71-78 .....**

Құранды оқы (Сүре 73:20)  
Көбірек жазалар мен сыйлар (Сүрелер 73-78)

**53-тарау: Сүрелер 79-87 .....**

Соқыр (Сүре 80:1-2)  
Тақтада (Сүре 85:20-21)

**54-тарау: Сүрелер 88-114 .....**

Біздің проблемамыз неде? (Сүре 98:5)  
Алла туылмаған (Сүре 112)

**Халкидондық сенім нышаны .....**

**Тақырыптық көрсеткіш .....**

## **АЛҒЫС АЙТУ.**

Қарапайым шаруаға тұрмысқа шыққаным жақсырақ болар еді деп, бір кездері менің әйелім айтқан болатын. Мен ондай емеспін, сондықтан шаруашылықпен айналысатын адамға ол тұрмысқа шыққан жоқ, алайда тура мағынасында болмасада, соған жақын. Бірақ компьютердің пернетақтасының (клавиатура) алдында отырғаным, демек, трактордың кабинасында отырғандай, ал жазушылығым, шаруа орасан алқап жерді жыртқан секілді, менде жерді өңдеп дайындаймын, сөйтіп сепкен дақылдарым терең тамыр жайып, өсіп шығып, көптеген өнім бергенін қалаймын.

Мен ұзақ уақыт сабырлықпен күтіп, өзімнің кітабым жайлы ойланған кезде, кітабым маған тек қана жігер беріп қоймай, сонымен қатар өзінің ерекше шоғымен жарық етіп, адам өміріне жарқырыған бояуларын шашыратып жіберді. Сонымен бірге мен өзімнің көптеген достарыма да алғыс айтқым келеді, олар өздерінің қымбат уақыттары мен күштерін сарп етіп, осы кітаптың мәтіндеріне түзетулер (корректировка) жасауға көмектесіп, сапалы дүние туғызуға ат салысты. Олар стилистика және мазмұны жағынан өзгерістер енгізіп, кітапты одан әрі жақсырақ жасады, сөйтіп жалғыз өзімнің жасай алмайтын жағыма әсерін тигізді.

**Рамазан кезінде оқығаным жайлы.**

Осы жылғы Рамазан айында Құранды оқимын деп шешім қабылдадым. Мен осыған дейін Құранды жылдар бойы зерттеп жүрдім, алайда осы сапар Құранды толықтай зейін қойып оқығым келді.

Мен – Иса әл-Мәсіхтің ізбасарымын. Кейде мені адамдар «мәсіхші» деп те атайды, бірақ менің білуімше, олардың көпшілігі сол сөздің мәнін өздері түсіне бермейді, кейде дұрыс емес мағынамен түсінеді, тіпті мәсіхшілер жайлы бір түрлі көз-қарастары болып жатады. Мен Азияда тұрамын, алайда әлемнің қай жеріне барсамда, тіпті солтүстіктегі Мәскеудің қатты аязы бар жер болсын немесе оңтүстіктегі Тайландтың ылғалды ауасы болсын, әйтеуір «мәсіхші» деген сөзді естісе, бірден ойларына еуропалық немесе америкалықтар түсінеді, одан басқа ой келмейді. Яғни, спирттік ішімдікті ішетін, шошқаның етін жейтін, мүмкін кейде жеңіл жүрісті әйелдерге баратындар деп ойлайды. Тіпті ең өрескелдігі, кейбіреулері сол мәсіхшілердің өздері де жеңіл жүрісті, жезөкше деп те санайды.

Қазіргі фильмдер мен теледидарларда сол қате түсінікті растай етіп көрсетіп жатады. Қауым деген – бұл әшекейлеп салынған ғимараттар емес пе, сол жерге барып күнәкарлар діниқызметшілердің алдына келіп, күнәларын мойындап жатпайды ма? Мойындап болған соң, өздеріннің орталарына қайта оралып, азғындықа салынып, одан әрі адам ойына келмейтін нәрселерге барып жатады, сөйтіп бәрі бірге маскүнемдікке салынып, шошқаның етін жейді, деп ойлайды.

Осы суреттемелер маған бәрінен бас тартуға әкеп соғады, егер шынайы мәсіхшілік сенім солай болса, онда ең дұрысы олардың бәрін ысырып тастағаным жөн болар.

Мен ондай мәсіхші емеспін. Жалпы аморалды адам мәсіхші бола алады ма? Осы кітапта көріп отырғанымыздай, Алланың жолы ондай емес. Маскүнемдік – бұл сөзсіз жаман нәрсе, ол адамдарға барынша мәселе алып келеді. Меніңше, шошқаның етін жеуде тұрған ешнәрсе жоқ, шошқаның етін жейтін адамдарды да құрметтеймін. Менің мысықтың немесе иттің етін жегенімді сіздер ешқашан көре алмайсыздар. Алла үйреткендей, мен тек қана ер адаммен әйелдің арасында неке болады деп сенемін, мен азғындыққа қарсымын, өйткені азғындық адам өмірін құртып, құлталқан етеді. Біз сүйіспеншілік үшін жаратылғанбыз, сүйіспеншілік аса шыдамды, сүйіспеншілік адам болмысын өз қара басы үшін пайдаланбайды.

Мәриям Ұлы Исаның ерекше атағы бар – *Ол әл-Мәсіх*. Оның ізбасарлары *Мәсихи* немесе *Мәсіхшілер* деп те аталады. Олар Исаны жақсы көреді, Оның артынан киелі өмір сүріп, еріп жүреді, бұл өмір осы әлемнің өмір салтынан мүлдем өзгеше.

Рамазан айында менің көршілерім сеніммен, әрі әділдікпен ораза тұтады. Күн батқанда мешіттерде от жағып, ифтарға тамақ ұсынылады, сөйтіп ыстық нан мен палау әкеледі. Өздерінің асқазандарын тойдырып алған соң, олар босаңсый бастайды, сосын ыстық шәй мен кофелерін ішеді.

Рамазан айы жаз айларында ұзақ ыстық мерзіміне түскен кездері, өте қиындыққа әкеп соғады. Өте қатаң ораза, су ішуге, темекі тартуға, тіпті өзінің сілекейінде жұтуға тыйым

салады. Бұл өте қиын! Бұған қарамастан, мұсылмандар жылдан жылға ораза тұтады, сөйтіп Алланың ең жақсы құлы болғысы келеді.

Бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамдар ислам қоғамында өмір сүріп жатыр. Менің мұсылман достарым мен көршілерім, мұсылман емес адамдармен танысқысы келеді. Олар меннен; «Мұхаммед пайғамбар туралы не ойласың?», деп сұрайды. Мен Құранды оқығанмын деп жауап берсем, олар бірден;

«Қалай саған әсер етті? Сол туралы не ойлайсың?», деп сұрастыра бастайды.

Меніңше, менің ата-бабаларым араб болмаған, бірақ кім біледі? Бір кездері менің ата-бабаларым алыс жатқан жерден жер аударылып келген. Генетикалық тестің нәтижесіне сай, менің әкемнің ата-бабалары Испанияда, Ирландияда, Норвегияда, тіпті Кавказда, Орталық Азияда тұрған екен. Барлық адамдар секілді олар да, Адам ата мен Хауа анадан тараған. Мен түрік, ағылшын, қазақ және орыс тілдерін білемін, әрі араб тілінің негізімен де таныспын.

Көптеген мұсылмандардың пайымдауынша, Құранды нақты түсіну үшін маған Құранның тілі болып табылатын арабша білуім керек. Жер бетінде азғана процент адамзат замануи араб тілінде сөйлеп, жаза алады, тіпті Құранның тілі арабшаны білетіндер жоқтың қасы. Сонымен қатар, Құранның ең бірінші нұсқаларында араб әріптері дауыссыз дыбыстармен қолданған, сондықтан қазіргі таңда алғашқы мұсылмандар сол сөздерді қалай айтқандарын нақты ешкім білмейді.

Мен араб тіліне деген құрметім шексіз, алайда біздің қолымыз қысқа. Мен Құрандағы араб тілін интерпретацияның көмегімен зерттеймін, сөйтіп араб тілін транслитерация жасап, латыншалаймын.

Ислам дінін зерттеушілердің пайымдауынша, Құран жазылған араб тілі, құдайлық қасиетке ие, сондықтан оны аударуға болмайды деп санайды. Мустафа Кемаль Ататүрік барлық мешіттерде дұға жасағанда, түрік тілінде жасауға шақырды, алайда кейінірек ол оны дұрыс емес деп санады. Құран қайжерде оқылса да, тіпті оны тыңдап тұрғандар, оның мағынасын түсінбесе де, Құран түп нұсқада жазылғандай оқылу керек.

Мен Құранды зерттеп оқу үшін, Абдулла Юсуф Алидің «Киелі Құранның мағынасы» деп аталатын ағылшын тіліндегі аудармасын сатып алдым. Сонымен қатар, мен онлайн түрінде бірнеше түрік тіліндегі аудармаларға да жүгіндім. Кейде аудармалар ұқсас болып келеді, бірақ айырмашылықтары бар. Олардың ешқайсысы араб тілін зерттеуге жетпейді. Өкінішке орай, көптеген адамдардың осы істі аяғына дейін жеткізуге қауқарлары жетпей жатады.

Мәсіхшіге не үшін Құранды оқу керек? Оған сын айту үшін бе? Исламға бет бұру үшін бе? Көптеген менің мұсылман достарымның ойынша, мен оны оқуым керек, өйткені бұл әлемдегі ең маңызды кітап деп санайды.

Мен Құранды ешқашан сынға алғым келмейді. Мен әдепті, ақылды, кішіпейіл және мінажатта тұрғым келеді. Сонда мен мұсылман болғым келеді ме? Мен Шындықты біліп, соның артынан ергім келеді, мен Оны таптым. Менің тағдырым ұлтыма, мәдениетіме, ата-анама немесе алдын ала

белгіленген нәрсемен анықталмайды. Сонда қалай, менде таңдау бар ма? Егер шындықты таңдай алатын болсам, онда шын жүрегіммен іздеген нәрселерімнен кейін барып, шешім қабылдағым келеді.

Менің мақсатым – іздеуді құрметтеу. Мұсылмандар мен мәсіхшілер көп жағдайда бірдей әлемде өмір сүріп жатыр. Құранды оқу, бұл бір-біріне деген құрметтілікке көпір салу болып табылады. Құранда былай делінген: «Іштеріндегі зұлымдық қылғандарынан басқа Кітап иелерімен көркем түрде сөз таластырындар» (Сүре 29:46 Ғанкәбүт) (Өрмекші).

Құранда ертеректе Алладан түсірілген кітаптар туралы айтылған кезде, әдетте кейбіреулері немесе жалпылама барлық кітаптар жайлы айтады: мысалы Таурат, Пайғамбарлар жазбасы (соның ішінде Забур жырлары) және Інжіл. Мен Тауратты, Пайғамбарлар жазбаларын және Інжілді зерттеп шықтым, бірақ бір қызығы, неліктен Құран мынадай маңызды тақырыптар жайлы айтады; Жаратушы, жаратылыс, жақсылық пен жамандық, періштелер мен жындар, Жұмақ пен Тозақ, пайғамбарлар, Таурат, Забур, Інжіл және Иса әл-Мәсіх. Бұлар мен үшін өте маңызды. Сонымен қатар бұлар мұсылмандар үшін де маңызды.

## **1-ші тарау.**

### **1-ші Сүре: Әл Фатиха (Кітапқа беташар)**

Неден басталады? Құран кішкентай кітап емес. Сонымен қатар жәй кітапта емес. Оның мазмұны қиын болғандай, тілі

де ауыр. 114 сүреде 6000-нан астам аят бар. Біздің заманымыздың 650 жылы мұсылмандар Құранның бірінші көшірмесін толық нұсқада жазып шықты. Уақыт келе оның көшірмелері көбейіп, осы күнге дейін көшірмелерінің саны артып келеді. Қазіргі замануи баспаханалардың көмегімен әрі әлемдік сандық технологияның арқасында, Құранның миллиардтаған көшірмесі шықты. Ислам кеңінен тараған сайын, олардың да саны жыл санап артып келеді.

Құранның көшірмесі кәдімгі қағазға сиямен жазылған. Бірақ соған қарамастан, көптеген адамдар сия мен қағаз Алланың мәңгі сөзін және Мұхаммедтің Жәбірейіл періштеден жазып алғанын көз алдыға елестетеді деп санайды, сондықтан сия мен қағазға аса құрметпен қарау керек. Физикалық тұрғыдағы кітапты құрметтемеу – бұл Аллаға құрмет көрсетпеу. Бірде бір мұсылман адам, Құранды жерге қоюға жол бермейді.

Мен Құранды негізгі үш әдістің біреуімен оқып шыққым келді. Бірінші әдіс – бірінші мұқабасынан соңғы мұқабасына дейін, яғни басынан аяғына дейін. Тағы бір әдіс – тақырып бойынша, мысалы, Жұмақ пен Тозақ немесе Пайғамбарлар мен Періштелер деген сияқты. Ал үшінші әдіс – Құранды хронологикалық тәртіппен, яғни Мұхаммедке алғаш түскен Сүреден бастап, ары қарай өмірінің соңғы уақытында түскен, соңғы Сүрелерге дейін. Бірақ бұл өте қиын.

Құранды оқып шығудың ең қарапайым әдісі – бұл басынан аяғына дейін оқу. Сүре 1. Әл Фатиха.

«Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән.  
Аса қамқор, ерекше мейірімді.  
Қиямет күнінің иесі.  
Саған ғана құлшыдық қыламыз,  
әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз!  
Бізді тура жолға сала көр!  
Нығметке бөленгендеріңнің жолына!  
Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың  
жолына емес!»

Сүре 1:1 аят бүкіл әлемдегі мұсылмандардың аузымен күніне миллиардтаған рет айталады. *«Бисмилля Әл Рахман, Рахым»*. Бұл ұзақ дәуірден келе жатқан сөздер. Алайда бұлар бізге таңсық сөздер емес. Егер Мұхаммедке дейін 2000 жылдай артымызға қарайтын болсақ, мен бұл сөздерді Тауратта кездестірдім; *«Мәңгі, Мәңгі, Сендердің Құдайларың Жаратқан Ие рақымды да мейірімді!»* және *«Ол сендерге рақымы мен мейірімін көрсетеді...»* (2-ші Шежіре 30:9) (Заңды қайталау 13:17)

Таураттағы иврит тілі, Құран жазылған араб тіліне өте жақын. Негізі екі тілде, Ыбырайымның балаларынан пайда болған. Жәй мына сөздерге назар аударып көріңіздер.

Иврит тілінде: רַחַם «Рахам» - Жанашыр.

Араб тілінде: الرحمان «Әл Рахмани» - Ізгі ниетті.

Иврит тілінде: רַחֲמִים «Чаннун» - Мейірімді.

Иврит тілінде: רַחֲמֵם «Рачум» - Рахымды.

Араб тілінде: الرحيمي «Әл Рахими» - Рахымды.

Алланы мейірімді және рахымды деп атап жазылған осы аяттар ғана емес, басқа жерлерде де бар. Тауратта және Пайғамбарлар жазбаларында «*Рахум*» деген сөз 47 рет кездеседі, «*Рахам*» деген сөз 44 рет, ал «*Чаннун*» деген сөз 13 рет кездеседі. Бұрынғы пайғамбарлар осы киелі сөздерді қайта-қайта қайталап айта берген. Сонымен қатар, Құранда 123 аятта Алланы мейірімді деп атаған, ал 62 аятта Оны рахымды деп атаған.

Сүре 1-де Алланы мадақтайды әрі Оған мінажат жасайды. «Бізді тура жолмен жетелей гөр». Егер бізге тура жолмен жүру үшін Алланың көмегі қажет болса, онда қисық жолдар қайда болғаны? Қанша қисық жол бар? Қисық жолдар қайдан пайда болды? Қисық жол қайда апарады, Тозаққа ма?

Тура жолды табу өте қиынға соғады. Егер оны табу оңай болса, онда оны табу үшін, Алланың көмегі қажет емес еді. Егер бәрін өзімізге қалдыратын болса, онда құрдымға апаратын даңғыл жолмен жүруімізге біздің үмітіміз қалмас еді. Онда адамдарға үлкен мәселе туындайтын бір нәрсе бар екені рас. Жолдардың бәрі бірдей емес екенін 1-ші Сүре растайды. Біз қалайша Тура жолды таба аламыз? Осы сұрақ, әрқайсымыздың алдымызда тұрған өте маңызды сұрақ болуға тиіс.

## 2-ші тарау.

### 2-ші Сүре: Әл Бақара (Сиыр)

Рамазаннан кейін бірнеше аптадан соң, менің көршім ірі өгізшені үйінің артында *Ид әл-Адха* үшін сойды (Құрбандық әкелетін мейрам). Көкке қарап мінажаттар бағышталды, әрі сан жетпес жануарлардың тамырларынан қан ағызылды.

Сүре 2-нің атауы өте қарапайым: Әл Бақара (Сиыр). Мен 2-ші Сүрені оқып-зерттеп жатып, көршілерімнің өгізшені сойып жатқанын еске аламын. Осы Сүреде 286 аят бар, сондықтан Құрандағы ең ұзын Сүре болып саналады. Бұл Сүре өте ұзын болғандықтан, мен әрбір аятқа тоқталып отыра алмаймын, алайда зейін қойып оқуға тұрарлық Сүре.

#### **Мұхаммедті шақырғандағы пайғамбарлық сөз (Сүре 2:23-24)**

23 және 24-ші аяттарда Мұхаммедті шақырудағы пайғамбарлық сөздің соңғы дәлелі жайлы айтылған: оның Құранды араб тілінде оқығаны, басқалардан өте ерекше деп саналды. Оның таңқаларлық, әрі кереметтей тіл байлығы басқалардан аса зор екені білінеді, сондықтан оның ізбасарлары Алладан келген хабар екеніне толықтай дәлел бар деп қабылдады.

#### **Адамның дамуы және төменге құлдырауы (Сүре 2:30-34)**

Әл Бақара Сүресі адамның жаратылысы туралы 30-34-ші аяттарда түсіндіріп береді. Қызық, осы жерде періштелердің алдын ала көргені жайлы өте үлкен мәселе болғанын айтады. Адамдар бүлік шығарды.

Міне, сенің Қожайының періштелерге былай деді: «Мен жер бетінде көмекші тағайындаймын». Олар: «Сонда Сен жер бетіне зұлымдық пен қан төгетін біреуді жібермекшісің ба?», деді.

Адамдардың бүлік шығарғанына қарамастан, 34-ші аятта Алла адамдарды жаратуға шешім қабылдап қана қоймай, сонымен қатар періштелерді олардың алдында тізе бүктіріп қойды.

Забур жыры Алланың адамзатқа мүдделі болуы, біртүрлі көрінетінімен онымен толқытай келіседі. Дәуіт былай деп жазған:

«Өзің ескеретіндей адам сонша кім, Сен қамқорлайтындай адам баласы кім? Оны көктегілерден сәл төмен қойдың, Құрмет, салтанатты оған тәждей сыйладың. Сен адам баласын билеуші еттің, Қолыңнан шыққан бар жаратылысқа. Бәрін де оған бағындырып бердің»  
(Забур жыры 8:5-7)

Алла Адам ата мен оның әйелі Хауа ананы жаратқаннан кейін, олар бір ағаштан басқа, кез келген ағаштың жемісін жей алатынын біліп, әдемі бақта рахат-ләззат алып өмір сүріп жатты. Бірақ сол кезде сайтан келіп, оларды тыйым салынған жемісті жеуге алдап соқтырады. Құранда былай жазылған: «Содан кейін сайтан оларды жолдан тайдырды... және олар тұрған күйден шығарып жіберді», делінген. Тыйым салынған жемісті жегенге дейін, олардың өмір сүру жағдайы қандай болды? Бұл кінәсіз, ұят дегенді білмейтін немесе айыпсыз күй емес пе еді? Олар өздерінің

кінәсіздіктерін жоғалтқан кезде, Алла оларды енді баққа қайтып келмейтін етіп бақтан қуып шықты.

### **Алла көмек беремін деп уәде етті**

Адам ата мен Хауа ана, олардың барлық ұрпақтары сияқты дұрыс басшылықпен жетелеуге мұқтаж болды. Бірақ тағы бір мәселе бар. Алланың заңын бұзғаны үшін кінәлілік қайда қалады? Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, біреу банктен 100 000 доллар ұрлайды. Ақыры полицейлер ұрыны ұстайды. Ол өзінің «Тура жолды» тапқанын айтады да, сондықтан 50 000 долларды балалар үйіне беріп, қалғанын қайтарғысы келетінін айтады. Ол ендігәрі ешқашан ұрлық жасамаймын деп уәде береді. Оның жақсы істері мен тәубесі оның қарызын толығымен өшіріп, айыбын жоя ма? Банк тонау кезінде, күзетшіні өлтірген болса ше?

Таурат Алланың Адам ата мен Хауа анаға тыйым салынған жеміс туралы ескерткенін суреттейді. Алла оларға, егер жемісті жесеңдер, міндетті түрде өлесіңдер деп айтқан болатын.

Сайтан – ол өтірікші. «Тыйым салынған жемісті жесеңдер өлмейді» деп Хауа анаға өтірік айтты. Бірақта олар өлді. Біріншіден, олар ақырында қартайып, ауырып, физикалық тұрғыдағы өлімге ұшырады. Екіншіден, одан да маңыздысы, олардың Алламен қарым-қатнасы да өлді. Олар өздерінің күнәларынан ұялып, Алладан жасырынып қалуға тырысты.

Дегенмен, таңғажайып нәрсе орын алды. Біріншіден, Алла «Ұрпақ» деп атаған ерекше адамды жіберуге уәде берді. Алла сайтанға ескертіп: «Әйел екеуіңді, сенің ұрпағың мен

оның ұрпағын өзара өштестіріп қоямын. Әйелдің ұрпағы басыңды мыжып, ал сен оның өкшесін шағатын боласың», деді». (Жаратлысытың басталуы 3:15). Сайтанға кім шабуыл жасай алады?

Екіншіден, Алла адамзат тарихындағы алғашқы құрбандықты әкелді. Алла оларды ұятсыз жалаңаш қалдырудың орнына, Адам ата мен Хауа анаға Өзі жануардың терісінен киім кигізді. Осы теріден жасалған былғары киім қайдан пайда болды? Алла өзі өлтіріп, құрбандыққа шалынған малдың терісінен киім жасап, олардың жалаңаштығын, ұяттылығын жасырып қойды. Ол сол кезде тек олардың ұяттарын жабу үшін ғана, қанағаттанарлық құрбандық бере алады.

### **Шындық пен өтірік (Сүре 2:42)**

Римдік басшы бірде Исадан: «Шындық деген не?», деп сұрады. Құран шындықты өтірікпен жауып қоюға қарсы тұрады. Шындықты білу бостандыққа қол жеткізеді. Егер біреудің жүрегіндегі түтікшеге (клапанға) зақым келгенін байқаса, онда аса ауыр ота жасауға тура келеді, бірақ шындықты білу оны бақытты, әрі ұзақ өмір сүруге жетелейтін қабылеті бар. Біз шындықты қайдан білеміз?

Ғылым мен техника кереметтей нәрселерді жасай алады. Ұшақтар санаулы сағаттарда бүкіл әлемді айналып шыға алады. Компьютерлер әртүрлі елдегі адамдарды, бір-біріне байланыстыра алады және бір сәтте әртүрлі тілдерге аударып бере алады. Дәрілер мен вакцина адам өмірін ұзарта алады. Алайда солардың біреуіде Алла жайлы рухани шындықты бізге толықтай ашып беруге қабылеті

жоқ. Ол біздің материалдық дүниелерден мүлдем бөлек тұрады.

Инжілде былай делінген: «Алайда бәрін де тексеріп сынаңдар! Жақсысын ғана қабылдап, берік ұстаныңдар!» (Салоникалықтарға 1-ші хат 5:12). Қазіргі заманның терминімен айтқанда «сыни тұрғыдан ойлау» деп аталады. Демек, бұның мағынасы, сол нәрсе шындық па немесе жоқ па, деген сұрақ пайда болады, сондықтан сол шындық бізге ашылу үшін көмек қажет шығар.

Ол біраз дәлелдерді іздестіреді. Иса әл-Мәсіх «екі немесе үш» деген қағиданы ұстанды. Ол былай деген: «... әрбір сөз екі не үш куәгердің айтқандарымен дәлелденсін» (Матай 18:16). Бұл қағида не физикалық болсын, не рухани жағынан болсын шындықты анықтауға қажет болады.

Ескі бір мақалда былай делінген: «Бір көзге қарағанда, көптеген көздер жақсырақ көреді». Ия, бұл солай, бірақ егер сол адамдар көздерін ашып қарайтын болса ғана, көре алады. Көптеген соқыр көздер болса, олар бір көздің көргенінде көре алмайды. Кімде-кім біреуден сұрап, тыңдап іздейтін болса, сол шындықты таба алады.

### **Ыбырайымның балалары (Сүре 2:40)**

Ыбырайымның балалары – олар кімдер? Мұхаммед тірі кезінде, олар қайда тұрды? Алла олармен қандай келісім жасады? Келісім, яғни өсиет дегенді білдіреді, бұл бір-біріне жүктелетін келісім-шарттан тереңрек түсінік болып табылады. Мысалы, көптеген елдердің мәдениеті бойынша, ер азамат пен әйел бір-бірін, өмір бойы сүйіп өтеміз деп өсиет етеді.

Таураттың «Жаратылыстың басталуы» деп аталатын бірінші кітабында, біз Алланың Ыбырайыммен келісім жасасқанын оқи аламыз. (Жаратылыстың басталуы 12:1-3) Ол Ыбырайымның балаларынан ұлы халық жасап шығаратынына уәде береді, сол халық Алланың жарылқау батасында болатынын, әрі солар арқылы басқа да халықтарды жарылқап бата беретінін айтты.

Ыбырайым өз әкесінің үйін тастап шығып және пұтқа табынушылықтан бас тартқан кезде, ол өз тарапынан алған келісімді орындады.

Ал Алла Өз тарапынан алған келісімді орындады ма? Егер орындаған болса, онда қашан және қалай?

Алла Исраилдіктерді Мысыр еліндегі құлдықтан қалай азат еткенін, әрі Қызыл теңіздің екіге қақ бөлінгенін, сөйтіп перғауынның әскерлері күл-талған болып, шөл дала арқылы оларды қалай алып шыққаны жайлы Құран есімізге салады.

### **Он өсиет (Сүре 2:53)**

Сүре 2:53 аятында былай делінген: «Тура жолға келулерің үшін Мұсаға Тауратты (жақсы-жаманды) айырушы нұсқауды бердік». «Айырушы нұсқауды» деген не? Менің пайымдауынша, бұл - «Он өсиет».

Құран «Он өсиетті» тізіп жазбаған. Бұның толық тізімін біз тек Таураттан таба аламыз.

- 1.Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын!
- 2.Аспанда, жерде не суда бар нәрселердің ешқайсысынан өзіңе тәңір бейнелерін жасама!

- 3.Құдай Иеңнің атын орынсыз аузыңа алма!
- 4.Құдай Иең саған өсиеттегендей, демалыс күнін Оған бағыштауды сақтайтын бол!
- 5.Құдай Иең саған өсиеттегендей, ата-анаңды сыйла!
- 6.Кісі өлтірме!
- 7.Неке адалдығын бұзба!
- 8.Ұрлық жасама!
- 9.Ешкімді бекерге айыптама!
- 10.Басқаның әйеліне, оның үйіне не жеріне, құл-күңіне, өгіз-есегіне не өзге де ешқандай нәрсесіне заңсыз ие болуға сұқтанба!»

Осы Он өсиет бізге не үшін керек? Мата сататын бай саудагерді көз алдыңызға елестетіңіздер. Оның өте әдемі жібектен, жүннен және мақтадан жасалған маталары бәрімізге белгілі. Патшалар мен патшаның ханшайымдары патшаға киім тіктіру үшін, одан мата алып келуге жұмсайды. Алайда уақыт өте келе, ол оларды алдай бастайды. Ол оларға күннің сәулесінің жарығына маталарды шығарып көрсетудің орнына, шамның жарығында көрсетіп жүреді. Ол өзінің әділетсіз ісі үшін, үлкен құн төлеуге тура келді, себебі біркүні ұлы патша маталардағы дақтарды байқап қалып, сол мата сататын саудагерді тұтқынға алып, зінданға тастауға бұйрық береді.

Он өсиет те сол жарық сәуле іспетті. Кімде-кім сол өсиеттердің жарық сәулесіне шығатын болса, ол барлық дақтар мен күнәлі сезімді байқап қалады. Сол саудагер секілді кейбір адамдар өздеріне тек қана қараңғыда

қарағысы келеді, өйткені олардың күнәлары сол кезде көрінбейді.

### **Бұрмалаған (өзгертілген) Жазба ба? (Сүре 2:59)**

«Сіздердің кітаптарыңыз бұрмаланған! Мен оны ешқашан оқымаймын!», деп көршім маған Інжілді асығыстан қайтарып берді. Бұл шағып алатын улы жылан сияқты. «Оны өртеп жіберу керек. Ол бұрмаланған», деді.

Сонда мен одан: «Тұра тұр, сен ондай мәліметті қайдан алдың?», деп сұрадым.

«Таурат, Забур және Інжілдің түп нұсқасы әлдеқашан жоғалып кеткен. Сіздердің қолдарыңыздағы бұрмаланған кітаптар», деп өз ойын нақтылады.

Менің мұсылман достарым, кейде әдептілікпен, кейде тіке, маған әрқашан былай дейді; «мен Құранға дейін жазылған кітаптарға ешқашан сенім арта алмаймын». Олардың пайымдауынша, еврейлер Таурат, Забурды өзгертіп жіберген, міне сондықтан Алла Інжілді түсірді дейді. Содан соң, мәсіхшілер Інжілді де бұрмалап тастаған, сосын Алла Құранды түсіруге тура келді, деп санайды. Бұлардың бәрін олар қайдан алды?

Сүре 2:59 аятты былай делінген: «Сонда залымдар, сөзді өздеріне айтылғаннан басқаға ауыстырды. Сондықтан залымдарға бұзақылықтарының салдарынан аспаннан пәле жаудырдық».

Алланың Сөзін олар ауыстырып, өзгертті дегеннің мағынасы не? Мүмкін, олар Аллаға мойынсұнған жоқ дегенді білдереді ме? Мысалы, Тауратта Исраилдың

балаларына су қажет болғанда, Алла Мұсаға бұйрық беріп, жартаспен сөйлес, сонда ол сендерге су береді деген оқиғаны суреттейді. Алайда, Мұса Алланың сөзіне мойынсұнған жоқ; ол Оның сөзін бұрмалап, ашуға мініп қолындағы таяғымен жартасты соғып жіберді.

Көз алдыңызға келтіріңіздерші, мысалы, мен балама: «Балам, өтініш, ойыншықтарыңды жинап, бөлмеңді тазалап қойшы», десем. Сөйтіп бір сағаттан соң, оның бөлмесіне қайта келсем, ол ойыншықтарымен әлі де ойнап отырса, бөлменің іші астан-кестен болып жатқанын көрсем. Сонда мен оған: «Сен менің сөзімді бұрмаладың. Ойыншықтарды жинаудың орнына, сен әлі де ойнап отырсың», деймін. Ол менің сөздерімнің нәтижесін өзгертіп жіберді ма? Шын мәнінде менің айтқан сөздерім өзгерген жоқ. Сол секілді Алланың айтқан сөздері өзгермейді.

### **Мұсылмандар, яһудилер, мәсіхшілер және басқалар. (Сүре 2:62)**

Осы бөлім өте бейбітшілдік, сабырлылық және барлық халықтар мен діндер туралы айтады.

Бұлар сенетіндер, еврейлердің соңынан еретіндер, сонымен қатар мәсіхшілер мен сабиандар, әрі Аллаға сенетіндер, әрі Соңғы соттың болатынына, әрі әділдікпен өмір сүргендер өздерінің Жаратқан Иелерінен сый алатынына сенетіндер: оларда ешқандай қорқыныш жоқ, олар ешнәрсені уайымдамайды.

Демек, бұл Тауратқа, Пайғамбарлар жазбасына және Інжілге үміт артуға болады дегенді білдіреді ма? Олардың жазған Жазбаларынсыз еврейлер мен мәсіхшілер Алла

туралы және Соңғы күн туралы білмес еді. Шынайы діндердегі адамдардың бәрі Жұмаққа барады ма? Егер олар өздерінің Жазбаларындағы сөздерді сақтап, ұстану арқылы Жұмаққа кіре алатын болса, онда Құран Инжілдің соңынан еру керек дегеннің мәні неде? Осыған байланысты, онда неліктен Таурат пен Забурдан кейін, Инжіл берілді?

Енді не мұсылман, не еврей, не мәсіхші болмаған адамдарға байланысты сұрақ туындайды. Тауратқа, Забурға, Инжілге немесе Құранға қатысы жоқ адам, Аллаға және Соңғы Күнге сене алады ма? Неліктен Алла Өзіне сенген адамдарға Соңғы Күні олардың сенімдері үшін сый береді? Сайтанда Аллаға сенеді, яғни Алланың бар екенін біледі. Сонда қалай, тек атеистер ғана тозаққа барады ма? Ал егер атеист адам шын жүрегінен әділдік істер жасаса, алайда Жаратушыға сенбейтін болса, онда ол Жұмаққа кіре алуы мүмкін бе? Егер атеист адамдар жақсы өмір салтын ұстана алса, онда неліктен Алла Өзінің бар екеніне адамдардың сенуін талап етеді? Алла неліктен біздің бәрімізді Өзінің бар екеніне туғанымыздан сенетін етіп жарата салмаған? Мүмкін, Ол солай жасаған да шығар. Өйткені әлемдегі әртүрлі елдердің зерттеу нәтижесіне сай, көптеген адамзат қоғамында адамдар қандай да бір Ұлы Жаратушының күдіреті бар екеніне сенеді екен. Мүмкін, кейбіреулер Алланың жоқ екеніне көз жеткізу үшін, бар ынта-жігерін салып та жүрген шығар, солай ма?

### **Мұса және сиырды құрбандыққа шалу (Сүре 2:67-73)**

Мүмкін, естеріңізде болса, ең бірінші адам тарихында құрбандықты Алланың Өзі әкелген болатын, сол кезде Адам ата мен Хауа ананың ұятты жерін жануардың терісімен

жабу керек болды. Сол бірінші құрбандықтан кейін, тағы да көптеген құрбандықтар жайлы айтылады. Қабыл мен Әбіл құрбандықтар алып келді. Қабыл өзінің бау-бақшасынан жемістер алып келді, ал Әбіл жануарды құрбандыққа әкелді. Алла Әбілдің әкелген құрбандығына риза болды, алайда Қабылға риза болған жоқ. Мүмкін, Қабылдың жүрегі тәкаппарлыққа толып, сенімі болмаған шығар. Ақыры соңында қызғанышпен, ашу-ызаға толып, Әбілді өлтіріп тастады.

Құрбандық не істей алады? Құранда былай делінген, кейде құрбандықты бір нәрсенің белгісі ретінде пайдаланады. Осы оқиғада, Алла Мұсаға құрбандыққа шалынған жануардың бір бөлігін алып, өліп қалған адамның денесін сонымен ұр деп нұсқау бергені жайлы айтады. Құрбандық мәйітке тиген кезде, ол өмірге қайта оралған. Белгілер бізді бір нәрсеге нұсқайды. Құранның сөзіне сәйкес, Мұсаның құрбандығының белгісі, яғни Алла өлгендерді қайта тірілте алатын қабілеті бар екеніне пайдаланған. Алланың өлілерді қайта тірілте алатын құдіреті бар екенін көрсете алатын басқа да құрбандықтар болды ма?

### **Кітапты білмейді. (Сүре 2:78)**

Надандықта өмір сүру – бұл қараңғы үңгірде өмір сүрумен бірдей. 78-ші аятта былай деп ескертеді: «Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйрететіні және бос ойларды ғана ойлайды».

Үңгір эхо-камераға ұқсайды. Жабық бөлмеде тек есітілетін дауыс, ол біздің өзіміздің дауысымыз ғана. Мынадай мақал бар, кейбір адамдар ауыздан ауызға айтылған барлық сөздерге сене береді, яғни өсек таратқан секілді. Олар

ешқашан өздері үшін шындықты іздеген емес. Егер олардың көршілері, ай ірімшіктен жаратылған деп өсек тарататын болса, олар қуанышпен соған сеніп қалады. Олар бір гүлден, екінші гүлге ұшып келіп қонатын көбелек сияқты, ауыздан ауызға таратылған өсектерге сене береді.

78-ші аяттағы «Кітап» деген сөз қандай мағына беретіні түсініксіз. Алайда адамдар өздері толығырақ сонымен таныспай жатып, сол ойларын, талқылауға шығаруға асықпау керек. Мен Құранның жолымен бара жатырмын, сондықтан Құранның айтқандарына сауыттылықпен қараймын. Мен жәй Құранда жазылғандарға үстіртін қарағым келмейді. Қанша адам Құран оқуға уақыт бөледі? Шын мәнінде біреулердің айтқандарын, жәй дәйексөз ретінде келтіре бермей, өзі үшін отырып, соны оқитын қанша адам бар?

### **Бұрынғы жазылған кітаптарды растайды (Сүре 2:97)**

Адам өсектер мен қауесетке сенбейтін болса, бұл жақсы үлгі. Сүре 2:97 аятта мынадай сөздермен жалғастырады: «айт; Кім Жебрейілге дұшпан болса, (Алланың дұшпаны) Өйткені ол, Алланың бұйрығы бойынша бұрыңғыларды растаушы. Құранды сенушілер үшін туралық әрі қуандырушы түрде жүрегіңе қондырды».

Таурат, Забур және Інжіл өзгертілген, дейді қауесет, бірақ осы аят соларды қолдайды. Егер олардың қолында сенімді көшірмелері болмаса, арабтар Құранды алғаш рет естіген кезде, олар Құранның бұрынғы Кітаптарды растайтынын қайдан білді? Еврейлер, мәсіхшілер және мұсылмандар бірге отырып киелі жазбаларды салыстыра алатынын осы аят болжайды.

## **Жазбаның күші жойылды (Сүре 2:106)**

Құранда қандайда бір қарама-қайшылықтың бар екенін байқаған адам не істеу керек? Бұл күшін жойды дегенді білдіреді. Сүре 2:106 аят былай деген: «Бір аятты ауыстырсақ немесе ұмыттырсақ одан жақсысын, не сол сияқты келтіреміз. Әрине Алланың әр нәрсеге күші жетуші екенін білмедің бе?». Бұл – қарама-қайшылықты көрсетеді. Бір мұсылман жазушы былай деп тұжырымдаған: Бұл алғашында ғалымдардың ойлап тапқан ұғымы (концепциясы), яғни Құранда кейбір аяттар жойылған немесе басқа аяттармен ауыстырылып, жарамсыз болып қалды, сондықтан мойындалған деп қорытындылады!

Жойған аят (Әл Насех) деп аталады, ал жойылған аят (Әл Мансух) деп аталады.

Бұл ұғым басында Құранды жақсы түсіне алмағандықтың нәтижесінен мұсылмандардың ғалымдары тарапынан ұсынылды, соған қарамастан мұсылман емес жазушылар соны пайдаланып, кітаптың кемелдігі мен құдайлық қасиетіне шүбәмен қарауға ықпал етті.

Мен өзім мәсіхші ретінде, бұл айтысқа үшінші жақтан қарай аламын. Бірақ Сүре 2:106 аятқа қарайтын болсақ, меніңше, Құранда айтылғандай, Алланың аянында қарама-қайшылық болуы мүмкін емес. Егер Алла Құранның бір жерінде осылай десе, сол нәрсе басқа жерде де тура солай айтылуы қажет. Алла бір нәрсені басқа сөздермен ашып беруі мүмкін, бірақ келесі аян соған қарама-қайшылық танытпай, керісінше сол аянды толықтыруға тиіс.

Тағы басқа көз-қарас бар, яғни Алла қалаған нәрсесінің күшін жоя алады, тіпті не үшін соны жасағанының себебін біз білмеуіміз де мүмкін. Кейбір адамдар соны жою принципіне пайдалануға болады деп сенеді, сөйтіп кейірек жазылған аян, алғаш жазылғанына қарама-қайшылық танытатын секілді көрінеді.

### **Келімсектер мен дұшпандар үшін мінажат ету (Сүре 2:105)**

Күнделікті таң атқан сайын, бүкіл әлемде жаңа қақтығыстар болып тұрады. Сүре 2:105 аятта былай делінген: «Сондай Кітап иелерінің қарсы болғандары және мүшріктер сендерге Раббыларың жақтан бір игілік түсуін қаламайды. Дегенмен Алла мәрхаметін қалаған кісісіне арнайды. Сондай-ақ Алла зор кеңшілік иесі».

Осы аятты оқып отырып, жүрегім елжіреп кетті! Еврейлер мен мәсіхшілер алғашқы мұсылмандарға дұшпандық көз-қараспен қарады ма? Иса әл-Мәсіх өзінің шәкірттеріне басқалар үшін мінажат етіп, оларды жақсы көруді үйретті, олар тіпті достық қарым-қатнаста болсын немесе қарсы болсада. Егер мен Исаның ізбасары болсам, онда мен өзімнің бүкіл әлемдегі барлық мұсылман достарыма тек қана игілік тілеймін. Мен зұлымдық үшін қуанбаймын. Мен оларды қарғамаймын. Мен бәрі үшін мінажат етемін, индустар, буддисттар, мұсылмандар және басқаларының бәріне шынайы өмір, мәңгі қуаныш асып-тасып келсін деп тілеймін. Егер біреу, мұсылмандарда ешқандай жақсылық болмайды десе, онда ол қалайша Иса әл-Мәсіхтің шынайы ізбасары бола алады?

### **Ұрланған сенім (Сүре 2:109)**

Тарихқа үңілетін болсақ, алғашында көптеген араб мұсылмандары исламды қабылдағанға дейін, пұтқа табынушылықпен айналысқан. Мұхаммед өзінің туған қаласы Меккеде пұтқа табынушыларға уағыз айтты. Олар оны қабылдамаған соң, ол хиджра жасап Мединаға барды, сол қалада пұтқа табынушылардың ортасында жүріп уағыз айтып, көптеген жетістікке жетті. Ол оларды пұтқа табынушылықтан және көпқұдайшылдықтан бет бұрғызып, оларды бір Жаратушыға сенуге шақырды. Осыған байланысты келесі аят терең ойға батырады. Сүре 2:109

«Кітап иелерінің көбі, оларға шындық айқын болғаннан кейін өз күншілдіктерінінен сендерді иманнан кейін қарсылыққа қайтаруды қалайды. Алла бір әмірін келтіргенге дейін, оларды кешіріңдер, елемендер. Күдіксіз Алланың әр нәрсеге күші толық жетеді».

Егер Кітап иелері жаңадан мұсылман болғандарды сенімнен тайдырғысы келсе, онда оларды қайтадан пұтқа табынушылыққа қайтарғысы келгендері болып табылмай ма? Егер оларды қайтадан иудаизмге немесе мәсіхшілікке қайтарғысы келсе, онда олардың сенімділіктері қайда? Осыған дейін Сүре 2:62 аятта, біз Аллаға сенім артқан Кітап иелерін сый құрмет күтіп тұр дегенді оқыған едік.

Бүгінгі таңда көптеген адамдар еврейлермен немесе мәсіхшілермен сөйлесуге қорқады, себебі сол адам оларды сенімсіздікке қайтадан бет бұрғызады деп санайды. Бірақ бұл шындық емес, өйткені Кітап иелері де жалғыз Аллаға сенім артады. Барлық еврейлер, мәсіхшілер және

мұсылмандар көптеген жалған құдайларға табынушылықты жоққа шығарады.

## **Яһудилер мен мәсіхшілердің оқитын Кітаптары бірдей ма? (Сүре 2:113)**

Яһудилер мен мәсіхшілер қандай Кітапты немесе кітаптарды оқиды? Яһудилер мен мәсіхшілерде Алла жайлы екі түрлі көз-қарас қалыптасқан. Бұны әртүрлі атауларға қарап білуге болады. Сүре 2:113 аятта былай делінген:

«Кітапты оқи отырып, Яһудилер: «Христиандар еш нәрсе емес» деді. Христиандар да: «Яһудилер дәнеңе емес» деді. Сондай-ақ білмегендер де олардың айтқанындай айтты. Сонда Алла олардың таласқандарына қиямет күні билік айтады».

Яһудилер мен мәсіхшілер кейбір нәрселерде бір-бірімен келіседі, ал кейбір нәрселерде келіспейді. Яһудилердің Кітабы (Жазбасы) деген не? Яһудилер Таурат пен Пайғамбарлар Жазбасын (Забурды қоса алғанда) оқиды. «Таурат» - бұл Мұсаның бес кітабы, ары қарай Исраил патшаларының тарихын баяндайтын кітаптар бар. Дәуіт патшаның «Забур» деп аталатын мадақтау жырлары жазылған кітап. Содан соң, бір қатар басқа да пайғамбарлардың кітаптары бар, олар Дул-Кифул (Езекиел), Иешая (Ишаия) және Даниял (Даниил). Яһудилердің Жазбаларында барлығы 39 кітаптан тұратын, үлкен бір кітап.

Иса әл-Мәсіхтің уақытынан бастап, осы кезге дейінгі Оның ізбасарлары Алланың Сөзі деп, Тауратта және Пайғамбарлар Жазбасында 39 кітапты қабылдайды.

Мәсіхшілер Алла пайғамбарды рухтандырып, оларға сөйледі, сөйтіп олар Оның Сөзін жазды деп сенеді. Алла оларға тарихты, заңды және өсиеттерді әрі болашақ жайлы пайғамбарлық сөздерді жазуға нұсқау берді.

Инжілді Жаңа өсиет деп атауға болады.

«Инжіл» деген сөз «Ізгі хабар» деген мағынаны білдіреді. Тек қана бір Инжіл бар, ол не екеу, не бесеу немесе он екі емес. Бір Инжілден басқа немесе бір Ізгі хабардан басқа ештеңе ешқашан болған емес. Оны тарихтағы ең жақсы хабар деп те атауға болар еді. Яғни, мен Инжіл деп айтқанда, соның ішіне енген 27 кітапты біріктерген үлкен Кітап жайлы айтқым келеді. Таурат, Пайғамбарлар Жазбасы және Инжілде Сүрелер мен Аяттардан тұрады.

Петір, Жохан, Пауыл және Матай, олар Иса әл-Мәсіхтің соңынан ерген Ыбырайымның балалары болды. Олар Таурат пен Пайғамбарлар Жазбасында жазылғандардың бәрі Иса жайлы айтқанына әрі Оның келетіні жайлы алдын ала айтқанына сенді. Өйткені Иса бұрынғы айтылған пайғамбарлық сөздерді орындады, сондықтан олар Оны шынайы Мәсіх деп қабылдады.

Одан бөлек, Алла Исаның шәкірттерін рухтандырып «Инжілді» жаздырды, әрі Таурат пен Пайғамбарлар Жазбасынан бір қатар дәйексөздер келтіруге ынталандырды. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, Инжілдің 25 проценті бұрынғы Киелі Жазбалардан кейде тікелей, кейде жанама дәйексөздерге сілтеме келтіреді дейді. Инжілдің аяттары Таурат пен Пайғамбарлар Жазбасындағы сөздермен бірге, тура кілем тоқушы өзінің жібек жіптерін тоқитын секілді тоқылады.

Соған қарамастан, Ыбырайымның барлық балалары Исаны қабылдаған жоқ. Исаның алғашқы ізбасарларының көпшілігі Ыбырайымның балаларынан шыққан, ал басқа да көбі Одан бас тартты. Ақыр аяғында Исаның Хабары барлық Жерорта теңізі жағалауы мен Еуропаға тарап кетті, сол жерлерде бұрын пұтқа табынушылар тұратын еді. Көбі Исаға бет бұрды, олар өздерінің пұттарын тас-талқан етіп, Исаның атымен бір жерге жинала бастады. Сол жаңа сенімді қабылдағандармен салыстырғанда, Исаның ізбасары болған яһудилердің саны ақырындап азая бастады. Мұхаммедтің дәуірінде тағы да Ыбырайымның бірнеше балалары болды, олар Арабия мен соған жақын жерлерде тұрып жатты, алайда олар Таурат пен Пайғамбарлар Жазбасына сенетін болса да, олар Иса әл-Мәсіхтен бас тартты.

Өкіншке орай, бүгінгі таңда да осындай жағдай орын алып отыр, яғни кейбір адамдар Алла туралы жазылған барлық кітаптарды оқуға қорқады; олар «Таурат», «Пайғамбарлар Жазбасы», «Інжіл» және «Құран».

### **Алланың ұлы жоқ. (Сүре 2:116-117)**

Әл Бақара Сүресі бірқатар өте маңызды тақырыптарды қозғайды, алайда солардың ішінде 116-117 аяттарды маңызды деуге болады.

«Олар: «Алла, бала иемденді» деді. Ол, баладан пәк. Дегенмен көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар, түгел Оған бой ұсынады. Ол, көктер мен жерді жоқтан бар етуші. Егер бір істің болуын қаласа, сонда тек қана оған «бол» дейді. Ол, бола қалады».

Ешкімге құпия емес, Інжіл көп жерлерде Иса әл-Мәсіхті «Алланың Ұлы» деп атайды. Сонымен қатар, Оны «Адам Ұлы» деп те атайды. Інжілде былай делінген: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16). Мұхаммедтің дәуірінде барлық Африка құрлығында әрі Таяу Шығыста, Исаны Алланың жалғыз Ұлы деп, Інжілдің атағаны белгілі болды. Сол кезде бұл ешкімге құпия болған жоқ.

Бұл аят мәсіхшілер деп тіке айтып тұрған жоқ, жәй «олар» деген сөзді қолданған, мүмкін бұл сөзді мәсіхшілер деп пайымдауға болады. Мен Исаның ізбасары ретінде 116 мен 117 аяттарды аса теріс көз-қараспен оқығым келмейді. Неге? Өйткені Інжіл мен Құран осы жерде бір нәрсе туралы айтып тұрғанына мен сенімді емеспін.

Енді Сүре 5:116 аятты оқиық:

«Сол уақта Алла: «Әй Мәриям ұлы Ғиса! Адамдарға, Алланы қойып, мені әрі анамды екі тәңір етіп алыңдар деп сен айттың ба?»,- дейді. «Әй Алла! Сені пәктеймін. Тиісті болмаған нәрсені айту маған жараспайды. Егер деген болсам, сонда Сен, оны анық білесің. Сондай-ақ менің ішімдегіні Сен білесің, мен Сенікін білмеймін. Сен шынайы түрде көместерді толық білушісің» дейді».

Бұл нағыз пұтқа табынушылықты әшкерелейді. Бір жалғыз шынайы Алладан басқа құдайларға табынушы болма. Яһудилер де, мәсіхшілер де бұл сөздерге «Әумин» деп айтқан болар еді. Сонда қандай проблема болып жатыр?

Мүмкін ежелдегі әдет-ғұрпына сай, кейбір мәсіхші халықтардың Мәриямның сәби Исаны қолына ұстап отырған бейнесінің алдына келіп, шам қойғанына байланысты шығар. Сол адамдар Мәриям мен Исаға құдай ретінде табынып жатыр ма? Кейде солай ойлауға болады, менде солай ойлаймын.

Мен ешқашан бір Жаратушыдан басқа біреудің бейнесіне келіп мінажат еткен емеспін, ешқандай киелі адамға немесе бір нәрсеге де мінажат еткен жоқпын, сондықтан осы әлемдегі барлық әдет-ғұрыптар жайлы айта алмаймын. Алайда менің тәжірбиеме сүйенетін болсам, кімде-кім Мәриямның бейнесінің алдына келіп, шам қойса да, меніңше олар оны құдай деп бәрібір санамайды. Мәриям адам болды. Пайғамбарлар жазбасы, Інжіл және Құранда оның пәк қыз болып, кереметпен Исаға жүкті болғанын үйретеді. Оның күйеуі болған емес, ал Исаның жерде әкесі болған жоқ.

Бәрібір мәсіхшілер Исаны Алланың жалғыз Ұлы болды деп сенеді. Бұл жаман айтылуы мүмкін, өте жаман. Бұл Құдайға тіл тигізгендей болып есітіледі. Яғни, Шірік! Құдайға тіл тигізу! Алланың ұлы бар ма?!

Егер біз «туылған» деген сөзге тереңрек үңілетін болсақ, мүмкін бұған жауап таба алатын шығармыз. Иса шамамен қашан туылды? Осы уақыттың шеңберінде ме немесе мәңгілікте ме? Құранда Алла Исаны жаратқан кезде: «Пайда бол» деп айтылған, деп жазады. Адами көз-қараспен қарайтын болсақ, Иса тәни тұрғыдан Мәриямның құрсағында қазіргі уақыттың шеңберінде пайда болды деуге болады. Бірақ Исаның Рухы қашан пайда болды? Інжіл

ерекше нәрсе туралы үйретеді. Уақыт пен ғарыш пайда болмастан бұрын, Иса мәңгі және рухани туылған немесе Алланың жүрегінен шықты. Сол себептен Оны *Калиматулла және Рухулла* деп атайды. Құран Исаны осы екі сөзбен атады. Інжіл «туылған» деген кезде, адами әкенің сәбиі туылғандай бөлек болды дегенді білдірмейді. Бұның мағынасы Алланың тұлғасы мен бейнесі қосылып, бірлікте шықты дегенді білдіреді. Алланың Өзі адам болып түскен секілді, яғни Иса әл-Мәсіхке айналды. Міне, сол себептен Исаны Алланың Ұлы және Адам Ұлы деп те санайды.

Сонымен қатар, Інжіл Алланы Көктегі Әкеміз деп те атайды, бұл Өзіне әйел алып, ұлды болғаны үшін емес, (Бұндай ешқашан болмайды! Мәсіхшілерде сондай сенімді «шірік» деп санайды), Көктегі Әке дейтін себебі, Ол – Бірінші, Құдіретті, Ол санасындағы нақты мақсатпен іс-әрекет етеді. Мысалы, Түркияда осы кезге дейін Кемал Мустафаны «Ататүрік» деп атайды, себебі ол бірінші болды, ең мәртебелі тұлға болып, Түркияның негізін қалаған. Бірақ оның жеке өзінің ешқашан биологиялық балалары болған емес.

Міне, Құранды оқыған кезде әрқашан пайда болатын ең үлкен сұрақ: Иса әл-Мәсіх деген Кім?

### **Басқалардың қалауына еретін болсақ (Сүре 2:120)**

Адамдардың қалаулары әрқашан жақсы бола бермейді. Біздің жүректеріміз жиі қауіпсіз жолдан тайып кете береді, тура адасқан қой сияқты. Құран адамды адастыратын оның дұрыс емес қалаулары да бар деп ескертеді. Сүре 2:120 аятта былай делінген:

«Олардың діндеріне ермейінше, Яһуди де Христиан да сірә сенен разы болмайды. Оларға: «Әрине Алланың жолы сол тура» де. Өзіңе мәлімет келгеннен кейін егер олардың көңілдері тартқанына еліктесең, Алла тарапынан саған не дос не жәрдемші болмас».

Менің жауабым былай, меніңше, басқалардың да жауабы сөзсіз осындай болады деп санаймын: «Ия, біз өзіміздің қалауларымыздың соңынан ермеуіміз керек, қайта біз Алланың нұсқаған жолымен жүруіміз керек». Көп жағдайда адамның жүрегі сенімсіз компас сияқты болып кетеді. Егер біз шынайы қарайтын болсақ, түсінеміз, жүрек – зұлымдықтың көзі, сол жерден зұлым ойлар, өлім, неке адалдығын бұзу, азғындық, ұрлық, жалған сөйлеу және Құдайға тіл тигізулер шығады (Матай 15:19). Біздің жалғыз үмітіміз – бұл өзіміздің қалауларымызбен емес, қайта Алланың Сөзінде жазылғандай дұрыс берген нұсқауымен жүру.

Сүре 2:62 аятта көргендеріңіздей, Құранда кейбір еврейлер мен мәсіхшілер Алладан ұлы сый алуға мүмкіндігі бар деп жазылған. Олар сол сыйды қалай ала алады? Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжілде ашылған Оның Сөзіне шын пейілдерімен еретін болса. Сондықтан 2:120 аяттағы сөздерге сүйенсек, еврейлер мен мәсіхшілер шындықты жоғалтып алған жоқ, тек Алланың Сөзін тастап кеткен кейбіреулері ғана. Ары қарай Сүре 2:121 аятта сол туралы айтып жатыр: «Біз өздеріне Кітап бергендер, оны шынайы оқиды, міне солар иман келтіргендер. Кім Кітапқа қарсы келсе, сонда олар зиян етушілер».

## Кааба. (Сүре 2:127)

Енді Кааба жайлы тақырыпқа көшейік. Ол Меккенің тура орталығында орналасқан, сол кубтың биіктігі 13,1 метр (43 фут), өлшемі 11,03x12,86 шаршы метр, яғни (36,2x42,2 фут). Ол қара-алтын матамен оралып қойған. Бұл үлкен тас, мүмкін метеорит, тас кубтың шығыс жағындағы бұрышта орналасқан. Жыл сайынғы қажылық сапармен келген, сансыз қажылар Каабаның айналасын сағат тіліне қарсы ақырындап, жеті рет айналып өтеді. Көпшілігі киелі тасқа қолын тигізу үшін немесе оны сүю үшін жақынрақ келуге тырысады.

Сүре 2:127 аятта Ыбырайым Кааба мен Меккеге қандай қатысы бар туралы оқиғаны жазады. «Сол уақта Ыбырайым мен Ысмайыл үйдің (Қағбаның) ірге тасын көтере: «Бізден қабыл айла, күдіксіз Сен тілекті тым естуші, толық білушісің». Мен Құранды оқыған мәсіхші ретінде айтарым, бұл Ыбырайымның өмірінен алынған өте маңызды оқиға деп санаймын. Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжілді зерттей отырып, мен сол оқиғаға сәйкес келетін жерді таба алмадым. Таурат Ыбырайымның Ур жерінен қалай шақырғанын, содан соң оның Харран жеріне сапары, сосын Уәде етілген Філістіліктердің жеріне қалай келгені, сосын Мысырға сапары, ақыры соңында, Уәде етілген жерде оның қайтыс болғаны жайлы толықтай жазады.

Өте қызық, неліктен Тауратта Ыбырайымның Меккеге барғаны жайлы жазбаған. Мүмкін Алла Ыбырайымның оқиғасы жайлы жазуға Мұсаны рухтандырған кезде, Мұса сол бөлігін тастап кеткен шығар. Ыбырайым Мысырға сапар шегіп бара жатқан уақытта, Арабияның оңтүстігіне

барып, Мекке қаласына соғып кетуге мүмкіндігі болды. Мүмкін, ол басқа қаладағы Каабаға барған шығар. Алайда бұл бізді басқа сұраққа бұрады. Ысмағұлдың көмегімен Ыбырайым Меккеде үй салуға не ықпал етті?

Неліктен бұл бізді ойландырады? Біріншіден, Алла Ыбырайымға Жерорта теңізі мен Иордан өзенінің арасындағы жерді беруге уәде етті.

Алланың Ыбырайымға және оның отбасына беремін деген жерінен, Мекке қаласы жүздеген миль жерде орналасқан. Екіншіден, Ыбырайымға мұралыққа уәде етілген жер жайлы Ысмағұл қалай суреттеді? Ыбырайымның әйелі Сарра мысырлық күні Ажар мен оның баласына қызғанышпен қарай бастады, сондықтан Ыбырайымға айтып, оларды қуып шығуға мәжбүрледі. Олар шөл далаға кетіп қалуға мәжбүр болды, ал Алла оларды Өз қамқорына алды. Алайда Ажар Сарраның күні болғандықтан, заң бойынша оның баласы болған Ысқақ сияқты, Ысмағұл оның баласы болған жоқ. Бірақ Ыбырайымда, Аллада Ысмағұлды жақсы көрді, ал Ысқақ уәде етілген ұлы болды, ол оның әйелі Сарраның қартайған шағында кереметпен жүкті болып, дүниеге келген Ыбырайымның мұрагері болатын.

Ыбырайым қайтыс болғаннан соң, жүздеген жылдардан кейін Алла Дәуіттің ұлы Сүлейменге Құдыс қаласында киелі ғибадатхана салуға бұйырады. Сол ғибадатхананың ішінде арнайы бөлмеде Келісім Сандығы сақталатын, сандықта Он Өсиет бар еді. Құдыстағы ғибадатхана жүздеген жылдардай тұрып, ақырында Рим әскерлерінің қолымен, біздің эрамыздың 70-шы жылы толықтай қиратылды. Әл-Мәсіх келгенге дейін ғибадатхана, Алланың

Үйі деп аталып келді. Бірақ Інжіл аяқ асты басқаша тұжырым жасайды. «Құдай — әлемді және ондағының бәрін жаратқан Құдай, көк пен жердің Иесі! Сондықтан Ол адамның қолынан шыққан киелі үйлерде тұрмайды» (Елшілердің істері 17:24). Алла Құдыстағы ғибадатхананы тірі адамдардың жүрегімен ауыстырды, олар оны қуанышпен қабылдады.

### **Ыбырайымның, Ысмағұлдың, Ысқақтың, Дәуіттің және Исаның сенімдері. (Сүре 2:135-136)**

Құран тағы да адамдарды, Алланың ежелдегі Пайғамбарларының сеніміне шақырады.

«Олар: «Яһуди немесе Христиан болындар, тура жолда боласындар» деді. олай емес, Ыбырайымның түп-тура жолындамыз, ол ортақ қосушылардан емес еді» де. Және оларға: «Біз Аллаға, бізге түсірілген Құранға әрі Ыбырайым, Ысмайыл, Ысхақ, Яғқұптарға, ұрпақтарына тағы Мұса, Ғисаға берілген нәрселерге сондай-ақ Раббылары тарапынан өзге пайғамбарларға берілген нәрселерге иман келтіріп әрі олардың араларын айырмаймыз. (Бәріне де сенеміз) және біздер Ол Аллаға ғана бой ұсынушымыз» деңдер».

Қарап отырсаңыздар, Мұхаммедке немесе оның ізбасарларына кейбіреулер келіп яһуди немесе мәсіхші болуға шақырған сияқты. Менің пайымдауымша, бұның мәні, яһудилер мұсылмандарды яһуди болуға шақырған, ал мәсіхшілер оларды мәсіхші болуға шақырған сияқты, керісінше емес. Қандай жағдай болса да, Мұхаммед «Жоқ!» деп жауап беруге мұсылмандарды шақырды. Оның

айтуынша, яһуди және мәсіхші болғаннан гөрі, оның орнына бұрынғы киелі адамдарға ашылған аяндарымен жүрген дұрыс деп санады.

Бұл үлкен проблемаға әкеп соғады. Шынайы яһуди Ыбырайымға, Мұсаға және басқаларына ашылған аянына сенеді. Мәсіхші Тауратқа, Пайғамбарлар жазбасына және Інжілге сенеді. Сондықтан түсіну өте қиын, 135 және 136 аяттар бір-біріне қалайша қарама-қайшы келмей тұр. 135 аят: «Яһуди немесе Мәсіхші болмаңдар» деген сияқты жазады, бірақ содан соң, 136 аят былай дейді: «Яһудилер сенген сенімге сеніңдер және мәсіхшілер секілді Иса әл-Мәсіхке сеніңдер».

Біреу былай қарсы болатын да шығар: «Тоқтай тұр, 135 аятта Ыбырайым Алладан бөлек басқа құдайларға қосылған емес. Мүмкін яһудилер мен мәсіхшілер Мұхаммедтің кезінде Алладан бөлек басқа құдайларға қосылған шығар».

Соған қарамастан, кез келген жақсы яһуди Алладан бөлек басқа құдайға сенеді дегенді есітетін болса, ашудан қолын бір сілтеуі әбден мүмкін. Негізі әрбір еврей «*Шма*» деп айтуға тиіс, яғни: «Тыңда, Израил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай!» (Заңды қайталау 6:4). Тура сол сияқты мәсіхшілерде «*Шма*»ны айтады. Иса былай үйреткен: «Бәрінің ең бастысы мынау: «Тыңда, Израил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Иеміз!» (Марқа 12:29). Бұдан артық не айтуға болады. Яһудилер де, мәсіхшілер де пұтқа табынушылықтың кез келген түрін жоққа шығарып, тыйым салады. Алла біреу.

**Құбладан бас тарту (Сүре 2:142)**

Бір кездері Мұхаммед өмір сүріп жатқан кезеңде, күнделікті мінажат ететін бағыт бұрынғы қаладан Мекке қаласына қарай өзгерді. Сүре 2:142 аятта: «Адамдардың кейбір ақымақтары: «Оларды, қарап тұрған қыбласынан не нәрсе бұрды?»,- дейді. оларға: «Шығыс та батыс та Аллаға тән. Ол, қалағанын тура жолға салады». Ары қарай 144 аятта былай дейді: «Жүзіңнің көкке жөнелгенін көреміз. Сондықтан өзің разы болған қыблаға айналдырамыз. Енді жүзіңді «Месжід Харам» жаққа бұр».

Сонда не болды? Мұхаммед және бұрынғы мұсылмандар бет-жүзін Мекке жаққа қарай бұрып, мінажат етпеген болып тұр ғой. Олар басқа киелі жерге бұрып мінажат еткен. Көптеген адамдардың пайымдауынша, мұсылмандар Арабияда тұрған Ыбырайымның балалары секілді, бұрын Құдыс қаласына қарай беттерін бұрып мінажат еткен. Неліктен Құдысқа қарай беттерін бұрып мінажат еткені жайлы нақты түсініктеме жоқ, алайда мүмкін олар Ыбырайымның балаларын исламға қаратуға тырысып баққандары шығар. Мүмкін яһудилер сол арқылы Мұхаммедті бұрынғы пайғамбарлар секілді, енді жаңадан шыққан пайғамбар ретінде сендіргісі келген болар.

Бірақ яһудилер исламды қабылдаған жоқ, керісінше қарсылық танытты. Ислам жан-жаққа тараған сайын, бір кездері Мұхаммед мұсылмандарға жаңа нұсқау берді, яғни енді мінажат еткен кезде, Құбланың бағытын өзгертіп, Меккедегі мешітке қарай мінажат ету керек деді. Кейбіреулер бұны дұрыс қабылдай алмады, сонда қалай Аллаға нақты шешім қабылдау қиын ба?, десті. Олар Меккеге қараған бағыттың өзгергеніне күман келтіре

бастады, ал Мұхаммед сондай адамдарды ақымақтар деп санады.

Құбланы өзгерткені маған, киелі жер жайлы айтқан бір оқиғаны есіме түсіреді. Иса әл-Мәсіх біркүні ұзақ сапарға шыққан кезде, Құдыстың солтүстігінде орналасқан Самария аймағына келіп, су ішу үшін бір құдықтың басына келіп отырады.

Құдықтың басында отырған кезде, Ол кемінде бес күйеуде болған самариялық бір әйелмен кездеседі.

«Иса оған былай деді: - Айтқаныман илан: көктегі Әкеге не осы таудың басында, не Иерусалимде сиынбайтын замандарың келе жатыр. Сендер өздерің білмейтін Біреуге табынып келесіңдер, ал біз Кімге ғибадат етіп жүргенімізді білеміз, өйткені Құдай яһудилер арқылы адамзатты құтқармақ. Нағыз сиынушылардың Құдайдың Рухына кенеліп, Әкеге шындап мойынсұнып сиынатын уақыты болады, ол тіпті жетіп те қалды: Әке Өзіне осылай мойынсұнып сиынушыларды қалайды» (Жохан 4:21-23)

Барлық жер Аллаға тән. Ал Аспан – Оның тұрағы. Мүмкін тарихи жерлерді құрметтеуге болатын шығар, бұл жақсы, алайда Аллаға адамның жүрегінде болып жатқан нәрсе қызықтырады.

### **Рамазан (Сүре 2:185)**

Сүре 2:185 аят бір айлық оразаға алып келеді. Жақсылап оқып шығайық:

«Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтаңдар».

Рамазан біздің барлық көршілерімізге үлкен мейрам сыйлайды, себебі олар сол кезде ауыр ораза күнінің соңында *Ифтарға* жиналады.

Біркүні менің мұсылман көршім: «Мәсіхшілер ораза ұстайды ма?», деп сұрады. Көзі бақырайып, мен қалай жауап береді екенмін деп, күтіп отырды.

Мен одан: «Сіз ең Ұлы ораза жайлы естідіңіз бе?», деп сұрадым. «Бұл ұлы патша туралы оқиға, Ол сайтанның үстінен Өзінің билігін көрсету үшін, бәрінен бас тартқан Патша». Сонда ол маған: «Жоқ, мен ондай оқиғаны білмеймін», деді.

Инжілде ең ұлы ораза жайлы айтылған. Әл-Мәсіх 40 күн, 40 түн бойы барлық тағамнан бас тартқан. Адамның организмі сусыз 3 немесе 4 күн ғана өмір сүре алады, сондықтан біз білмейміз, Ол бір нәрсе ішті ме немесе жоқ па. Алайда Оның қарны қатты ашыды. Иса қатты әлсіреген кезде, сайтан Оған келіп, тасты нанға айналдырайын ба, деп азғырды. Иса оған: «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді», деді. (Матай 4:4) Тағы да былай жазылған: «Құдай Иенді еркінсіп

сынама!»). Содан кейін әзәзіл шайтан Оны тағы да ертіп алып бір биік таудың басына шығарды. Оған әлемнің барлық мемлекеттері мен олардың сән-салтанатын көрсетіп: Егер аяғыма жығылып маған ғибадат етсең, бұлардың бәрін де Саған беремін, деді. Сонда Иса оған былай деп жауап қайтарды: Кет қасымнан, шайтан! «Құдай Иенді терең қастерлеп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!» деп (Тауратта) жазылған ғой!» (Матай 4:10).

Иса осы күресте жеңіп шықты, сөйтіп сайтан біраз уақытқа дейін қашып кетті.

Мәсіхшілер ораза ұстай ма? Ия, бірақ бір белгіленген уақытта ұстау шарт емес. Біз арнайы мінажатқа мұқтаж болған кезде ғана ұстаймыз. Ораза бізге тамаққа емес, Аллаға толықтай назар аударуға көмектеседі.

Бұл біздің жүрегіміз бен тәнімізді тазалайды, сонда одан сайын Жаратқан Иемізді іздейтін боламыз. Біздің білетініміз, Иса сайтанға қарсы тұрып, күресте талай рет оны жеңді, енді сол жеңістерімен бізбен бөлісе алады. Ораза – бұл жақсы нәрсе, алайда Иса шөл далада жасаған ұлы 40 күндік оразасы, ол одан да жақсы. Ол Өзінің кемелді екенін дәлелдеді.

### **Қажылық (Сүре 2:196-203)**

Құранда Сүре 2:196-203 аяттарда мұсылмандарға Қажылық туралы айтады. Тарихта байқағандарыңыздай, Мұхаммед туылғанға дейін Меккенің тұрғындары шын пейілдерімен, Каабаға қажылыққа барып тұрды. Содан соң, Мұхаммед Меккеге исламды алып келгеннен кейін, мұсылмандар қажылықты сақтап қалды, алайда пұтқа табынушылықтың

әсерін тоқтатып, біраз өзгерістер жасады. Ал метеорит тас Каабада қалды, сонда да адамдар сол жерге келіп мінажат етіп, медитация жасауды жалғастыра берді.

193-ші аят Меккеге жақын жерде тұратын мұсылмандар үшін нақты нұсқау береді. Егер олар Меккеге бара алмайтын болса, онда құрбандықтарын әкеліп, ораза ұстайтын.

Таурат пен Інжілге қарайтын болсақ, Ыбырайымның балалары жыл сайын Күрке мейрамы кезінде, Құдысқа қажылыққа баратынын көре аламыз. Яһудилердің барлық ер азаматтары өздерінің отбасыларымен бірге Құдысқа баратын, сөйтіп сол жаққа ондықтары мен құрбандықтарын әкеліп, Мысырдағы құлдықтан азат болғандарын еске алып мейрамдайтын.

Иса әл-Мәсіхте жасы он екіге толғанда, өзінің ата-анасымен бірге Құдысқа барды, сол жерде ғибадатхананың қызметкерілерімен Тауратты талқылып отырды. Оның берген жауабы қызметкерлерді таңқалдырды. Ата-анасы Назаретке қайтып бара жатқан кезде, жолшыбай Исаның өздерімен бірге жоқ болғанын байқап қалды, содан олар Құдысқа қайтып келіп, сол жерден Оны тауып алды. Көңілдері түскен ата-анасы Одан сұрағанда, Ол: «Мені неге іздедіңіздер? Менің Әкемнің ісімен шұғылдануым қажет, әлде мұны білмедіңіздер ме? - деп жауап берді» (Лұқа 2:49).

### **Тазалық (Сүре 2:222)**

Сүре 2:222 аятта біз тазалық жайлы ой қозғаймыз, әсіресе күйеулерімен әйелдері арасындағы тазалық. Исламда тәни тазалық өте маңызды орын алады. «Шәксіз Алла тәубе

етушілерді жақсы көреді әрі таза болушыларды да жақсы көреді».

Артқа қарайтын болсақ, Мұсаның кезінде біз адамның жеке басы мен әлеуметтік тазалығы жайлы көптеген заңдарды оқи аламыз. Діни басшылар қол жуу рәсімін, сосын ауру адаммен не істеу керек екенін, сосын мәйітті қалай дұрыс жерлеу керектігін үйретті.

Тазалық денсаулық үшін пайдалы, алайда Иса әл-Мәсіхтің кезінде діни басшылар өздерінің заңдарын бұзған адамдардың бәріне тиісе берді. Жәй адамдар қорықсын деген мақсатта «Харам», деп айқайлап жатты. Олар Таурат заңын ғана ұстануды үйретіп қойған жоқ, сонымен қатар өздерінің де заңдары мен сал-дәстүрлерін жасап алды. Егер кімде-кім олардың діни заңдарын ұстанбайтын болса, сонда басшылар оларды ұятқа қалдырып, қорқытатын еді. Діни заңдар адамдарға ауыр жүк іспетті ұятқа қалдырып, қорқынышқа итермелейтін.

Иса діни басшылардың екі жүздігін көрді. Ол былай деген:

«Дін мұғалімдері мен парызшылдар, екі жүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! Әктелген молаларға ұқсайсыңдар: олар сыртынан әдемі болып көрінеді, бірақ іштері өліктердің сүйектері мен түрлі шірікке толы. Солар сияқты сендер де сырттарыңнан әділ болып көрінгенмен іштерің екіжүзділік пен күнәғалық толы!» (Матай 23:27-28).

Діни басшылар өздерінің заңдарына қатысты таза секілді көрінгендерімен, алайда Иса олардың жүректерін көре алды, сондықтан олардың жүректері Алладан алыс екенін

Ол білді. Не нәрсе оңайрақ: тәнімізді кірден таза сақтау ма немесе жүрегімізді күнәдан таза сақтау ма?

### **Ажырасу мен неке (Сүре 2:221-241)**

Сүре 2:221-241 аяттарда ажырасу мен қайта некеге тұру жайлы нақты ережесі жазылған. Мысалы үшін, 230 аятта былай дейді: «(Екіден кейін) ер, әйелін мүлде ажыратса, бұдан кейін оған, ол басқа ерге тимейінше халал болмайды. Егер оны, ол (екінші ер) талақ қылса, екеуі де Алланың шегін орындаймыз деп ойласа, қайта табысуларында күнә жоқ...». Құран ажырасуды құптамайды, бірақ ажырасуға жол береді, алайда ажырасу кезінде бәрін алдын ала ескертеді. Ал 223-ші аятта күйеуі мұсылман болғандықтан отбасын «тамақ пен киім» жағынан қамтамасыз етуге шартты делінген, яғни егер олардың арасында бала туылғаннан кейін, әйелімен ажырасатын болса, онда ол әйелін қамтамасыз етпей, үйден қуып жібере алмайды. Малахи пайғамбар ажырасу жайлы өте қатал айтқан:

«Себебі Мен ерлі-зайыптының ажырасқанын жек көремін! — деп жариялайды Исаилдің Құдайы Жаратқан Ие. — Сол ісі оның әйелін зорлықпен бүркеп тастағанымен бірдей болады. Сондықтан (әйелдеріңе) опасыздық жасамау үшін жан дүниелеріңе қырағы болыңдар!» — деп ескертеді Әлемнің Иесі» (Малахи 2:16).

Исаны сынамақшы болып діни басшылар, «Алла ажырасуға рұқсат береді ме?» деп сұрақ қойды. Иса былай деп жауап берді:

«Сендер Жаратқан Иенің әуел бастан-ақ «адамды бірін еркек, бірін әйел қылып» жаратқанын (Тауратта) оқымап па едіңдер?! Сол кезде Ол былай деген: «Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады». Осылайша олар енді екеу емес, біртұтас. Сонымен Құдай қосқанды адам баласы ажыратпасын!» (Матай 19:4-6).

### **Дінге қысымшылық жоқ (Сүре 2:256)**

«Ислам – бейбітшіліктің діні», деп менің досым бір жымыып қойды. Оның шын пейілмен айтып отырғанына ешқандай қарсылығым жоқ. Ол өзі өте шыншыл адам, әрі бейбітсүйгіш адам. Ол тағыда: «Құранда былай делінген, «Дінде зорлау жоқ. Расында тура апаратын жол, адасушылықтан ажыратылған», деді.

«Бөліскен ойың үшін, рахмет», дедім мен. Сүре 2:256-шы аят, бұл мұсылмандардың Құраннан өте жиі келтіретін үш аяттарының бірі, сондықтан мен оны жүз рет естіген шығармын.

Аллаға сену – бұл шынымен жүрекке қатысты сұрақ. Осы аят мына бір қарапайым оқиғаны еске алады. Біркүні бір ана, өзінің кішкентай баласына, үстелде отырып, кешкі асты күте тұр деп айтады. Кішкентай ұлы тіл алмай, анасын тыңдағысы келмейді. Анасы тағы да оған күте тұр, деп айтады. Ұлы тыңдаудан тағы да бас тартады. Ақырында, анасы, егер айтқанды тыңдап отырмасаң, соғып жіберемін деп, ескертеді. Сонда баласы орнында отырып, анасына; «Сырт көзге отырғандай шығармын, бірақ ішімде бәрібір түрегеліп тұрмын», дейді.

Осы оқиғадағыдай, шын пейілден шыққан рухани сенімді, мәжбүрлеп ұстап отыруға болмайды. Кім өзінің дінін 100 долларға айырбастайды? Кім салық төлеуден жалтару үшін немесе түрмеде отырудан бас тарту үшін, өзінің шынайы сенімін өзгерте алады? Егер сатып алатын немесе сатуға болатын сенім болса, ондай сенім - өтірік. Шынайы сенім, қандай жағдай болса да, өтірікке сенбейді. Бұндай сенім шындықта тұрақты.

Мәсіхші мұсылмандықты қабылдаған кезде, яғни оның шешімі бойынша мәсіхшілік жалған, ал ислам шындық дегенді білдірмейді ме? Сол сияқты индуист атеист бола алады, себебі оның шешімі бойынша индуизм жалған, ал атеизм шындық. Адамдар өз сенімдерін ауыстыруға көз жеткізуге болады, алайда оларды қорқытуға немесе олардың сенімдерін ақшаға сатып алуға болмайды.

«Шындық» деген не? Шынайы ой, болып жатқан шындыққа сай болады. Біз өзіміз үшін шындықты қалай ашамыз? 256-шы аятта шындықты адасушылықтан ажырату өте оңай болу керек, әрі айдай анық, деп жазылған. Кейда ол айдай анық көрінеді, кейде жоқ.

Тағы бір оқиға, соны дұрыстап түсінуге көмектеседі. Әдетте ұшқыштар өздерінің ұшақтағы алдында тұрған көрсеткіш нұсқауларына тәуелді болады. Солардың біреуі кеңістік аймағын анықтайтын көрсеткіш. Ол ұшқышқа ұшақтың жерден қандай жағдайда тұрғанын көрсетеді. Егер ұшақтың бас жағы төмен қарап тұрса, ұшқыштың ойынша нормадағы жағдайда ұшып бара жатқан секілді сезінеді. Оның физикалық сезімі оны алдап тұрады. Алайда көрсеткіш оны алдап тұрған жоқ, ұшақ шынымен басымен төменге қарай

ұшып бара жатыр. Ол өзінің алдындағы көрсеткішіне сенім арту керек. Егер ол солай жасаса, онда ол өліп кетуі мүмкін. Көп жылдар бұрын ұшқыш бағдарын жоғалтып алған кезде, ол тауды аймақтарда ұшып бара жатыр еді. Ұшақтың көрсеткіштері таудың бағдарымен ұшып бара жатқанын көрсетіп тұрды, бірақ ұшқыштың физикалық сезіміне жүгінетін болса, ұшақ жоғары, яғни аспанға қарай ұшып бара жатқандай болып сезілді.

Өкінішке орай, ұшқыш көрсеткішке емес, өзінің сезіміне сенім артты. Сөйтіп ұшақ тауға соғылып, ұшқыш сол сәтте бақилық болды.

Біз жоғарыда айтылған, шындықты адасушылықтан ажырату өте оңай деген түсінікті есімізге алайықшы. Біз өзіміздің жақын достарымызды білеміз, сол секілді басқаларды да бірден танып қоямыз. Алайда ненің шындық екенін, ненің жалған екенін түсіну қиынға соғады. Дінде зорлық болмау керек деген түсінікпен бәріміз келісеміз. Бірақ біз шындықты қалай таба аламыз? Иса былай деген: «Құдайдан сұрандар, сонда ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді; іздендер, сонда табасыңдар; есікті қағыңдар, сонда ол сендерге ашылады» (Матай 7:7).

Соқтығысқа түсіп бақилық болған ұшқыш есіңізде ма? Ол жердегі диспечерлерге хабарласып, оның шындықты білуге мүмкіндігі болып еді. Ол алдындағы көрсеткіштерді тексеріп, шындықты табуға мүмкіндігі бар еді. Бірақ ол сасқалақтағандықтан, ұшу бағдарын жоғалтып алды. Ол көрсеткіштерге қарап тұрсада, өзінің сезіміне сенім артты. Шындықты іздеу дегеннің мағынасы, яғни сұрақтар қою, сұрау, тыңдау және бәрін бақылап отыру дегенді білдіреді.

Құранды басынан бастап, әрбір бетіне тоқталып келе жатқанымның бір себебі осы. Мен шындықты білгім келеді.

### **Қайта тірілу (Сүре 2:259)**

Өлгендердің қайта тірілетіне Алланың құдіреті бар екеніне Құран куәлік етеді.

«Немесе сондай қабырғалары төбесіне құлаған бір кенттен өткенді көрмедің бе? Ол: «Алла бұны өлгеннен кейін қайтып тірілтеді?», - деді. Алла оны жүз жыл өлтіріп, соңсоң тірілтіп: «Қанша жаттың?», - деді....»

Қайта тірілу туралы тақырып Құранның басқа да жерлерінде кездеседі. Сонымен қатар Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжілде де осы тақырып жиі кездеседі. Осы өмірде жалпы алғанда, физикалық тұрғыда өліден қайта тірілу мүмкін емес. Адам өлгеннен соң, бәрі аяқталады. Соған қарамастан, Алла өліден қайта тірілтіп алады деген бізде үміт оты бар. Ол мүмкін емес нәрселерді жасай алады. Адамға мүмкін емес нәрсе, Аллаға мүмкін.

### **Игі істер мен күнә (Сүре 2:271)**

Адамның жағдайы әлсіздік пен күнәға сөзсіз бейім. Кім өзінің кінәлі және ұятты сезімімен күреспейді? Сүре 2:271-ші аятта былай делінген: «Егер садақаларды көрнеу берсеңдер, сонда ол қандай әйбет. (басқаларға жетекшілік болады) Егер оны жасырын беріп әрі оны пақырларға берсеңдер, әрине сендер үшін сондада жақсы. (Алушының абыройы қорғалып, мақтан араласпайды.) Алла сендердің күнәларыңды жарылқайды. Сондай-ақ Алла істегендеріңді толық білуші».

Осы аят, мені екі нәрсеге назар аударуға ықпал етеді. Біріншіден, бұл аят менің жасаған игі істерім, мені қоршаған адамдардан мақтау алуға ескертіп тұрады. Иса осыған ұқсас бір нәрсе айтқан болатын.

«Байқандар, мейірімді істеріңді жұрт алдында көзге түсу үшін істемендер! Әйтпесе сендердің көктегі Әкеден ешқандай сыйларың болмайды. Сондықтан қайыр бергенде оны екі жүзділер секілді жұрт мақтасын деп мәжілісханалар мен көшелерде жариялатпаңдар! Сендерге шындығын айтамын: олар алмақ сыйларын осымен-ақ алып қойды. Ал сендер қайыр бергенде, не істегендеріңді сырлас достарың да білмесін! Осылайша жасаған қайырымдылықтарың құпия болмақ. Сонда құпия істердің бәрін көретін Әкелерің сендерге сыйын бермек» (Матай 6:1-4)

Екіншіден, игі істер күнәнің кейбіреулерін жоя алады деп, Құран уәде береді. Мен мәсіхші болғандықтан, маған бұл өте қызық болып көрінеді. Інжілді толықтай түсінетін болсам, яғни Ізгі Хабардың мағынасы, Алла біздің күнәларымызды жоятын мүмкіндік берді дегенді білдіреді. Ал енді Сүре 2:271-ші аятта игі істер зұлымдықтың бір бөлігін ғана жоя алады дейді, сонда сұрақ туады: ал енді біз қалған күнәларымыз бен зұлымдықтарымызды қалай жоя аламыз? Егер ұры көршісінің фермасын ұрлап алса, ал содан соң, жетімге бір сиырын садақаға бере салса, сонда қалай оның күнәсінің құны әділетті болғаны ма? Біздің зұлымдықтарымызды толықтай жою үшін не қажет етеледі?

**Ашкөздік (Сүре 2:275)**

Құранда ақша туралы көптеген жерлерде жазылған. Ақша туралы ережеге қарайтын болсақ, бұл ислам шариатын ұстану болып табылады. «Алла сауда жасауға рұқсат берген, бірақ өсіммен алуға тыйым салған». Кейбір мұсылмандардың жазушылары, осы заманда пайыздық өсіммен алу халықаралық банк ісінің негізі деп мойындайды. Кредиттік карталар арқылы ақшалардың пайыздық өсімі болады, яғни тұрғын үйдің ссудасы, автокредиттер, мектептегі кредиттер және басқа да кредиттер. Адамдар алған қарызынан әлдеқайда көбірек етіп қарыздарын қайтаруға тура келеді. Бұл жүйе әлем бойынша кеңінен тараған, әрі нақты қойылған жүйе.

Көптеген мұсылмандар Құранға сүйене отырып, банк істерін дұрыс емес деп санайды. Кейбір мұсылман елдерінде басқаша жүйе іске асырылған, яғни үй, көлік, өндірістерді сатып алуға және басқа мұқтаждықтар үшін қаражат банктен қарызға алуға болады, алайда қарыз қайтарған кезде, үстемдік пайызы қарастылмаған. Мысалы үшін, банк бизнес бастаған адаммен бірге сол бизнестің қожайыны бола алады, сондықтан тапқан табысты сақтап қала алады.

Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл үстемдік пайыз жайлы сұрақты өте аз қамтыған. Алла ашкөздікті күнә деп санайды, Ол жомарттықты жақсы көреді.

### **Рухани қарымта сыйы (Сүре 2:281)**

Алла рухани қарымта сыйын береді ме? Сүре 2:281-ші аятта былай делінген: «Аллаға қайтарылатын, сонсоң әркімнің еңбегі өздеріне кемітілмей толық берілетін күннен сақсыныңдар». Рухани қарымта сыйы туралы айтылатын

сұрақ, адамзат арасында кеңінен тараған. Адамдар жалпы өз болмыстарында мейірімді ме немесе зұлым ба, немесе басқа да бір нәрселер бар ма? Неліктен жақсы адамдар зұлым істерді жасайды? Неліктен жаман адамдар жақсы істер жасайды? Адамдар рухани қарымта сыйға лайық болу, өз зұлым істерін жауып қою мақсатында, жақсы істер жасай алады ма? Адамдар жақсылық пен жамандықты араластырып, өздерін қиын жағдайға тіреп қойды.

«Құдай енді: «Біз (рухани жағынан) Өзімізге ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайық. Адамдар теңіздегі балықтар мен аспандағы құстарға, малдар мен аңдарға, бүкіл жер бетіне және онда жорғалап жүрген барлық жануарларға билік жүргізісін», — деді». (Жаратылыстың бастауы 1:26)

Алла игілікті әрі сүйіспеншілікке толы болғандай, адамдар да игілікті әрі сүйіспеншілікке толы бола алады. Алайда Алла зұлымдық жасамайды, онда неліктен адамдар соны жасайды? Інжілде ол туралы былай делінген: «Бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» (Римдіктерге 3:23). Яғни, сым ішектері үзіліп қалған гитара сүйіспеншілік туралы нағыз әнді жеткізе алмайтын секілді.

Біз рухани қарымта сыйды өз басымызға өзіміз тауып алдық: «Күнәнің беретіні — (мәңгілік) өлім...» (Римдіктерге 6:23). Осы өлімнен құтқарыла алатын қандай да бір жол бар ма? Біздің күнәларымызды жауып қоятыны жайлы, Алладан келген бір ғана үміт, Сүре 2:286-шы аятта жазылған: «Раббымыз! Егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді қолға алма. Раббымыз! Бізге бізден бұрынғыларға жүктегеніңдей ауыр

жүк жүктеме. Раббым! Бізге шамамыз келмейтінді артпа! Бізді кешір, бізді жарылқа, бізге мәрхамет ет. Сен иемізсің!...». Егер біздің жақсы істеріміз жеткіліксіз болса, біздің күнәларымызды кешіру үшін Алла не істеуі керек?

### 3-ші тарау.

#### 3-ші Сүре: Әл Имран

##### **Кітаптар және оның мағынасы (Сүре 3:7)**

Біз Құрандағы ең ұзақ Сүре, яғни 2-ші Сүреге жасаған сапарымызды аяқтадық. 3-ші Сүреде сол секілді ұзақ. Мен Тауратты, Пайғамбарлар жазбаларын және Інжілді зерттеп оқыған мәсіхшімін. Мен оларды көптеген тілдерде зерттедім, соның ішінде түп нұсқа болып табылатын иврит, грек және арамей тілдеріде бар. Колледждегі өзімнің бірінші мұсылман досыммен әңгімелесіп болған соң, мен басқа да мыңдаған мұсылмандармен сөйлестім.

Сонымен қатар, мен көп жылдар бойы Құранды зерттедім, алайда бұдан былай өзімнің жауаптарымды жазып жүруге бел будым, себебі аяттан аятқа, рет-ретімен зерттеуге кірістім. Менің араб халқынан айырмашылығым, мен бала кезімнен арабша жазған жоқпын әрі арабша оқуға мүмкіндіктерім болған емес. Соған қарамастан, мен мүмкіндігінше Құранның мағынасын жақынрақ түсінуге тырыстым.

Құрандағы Сүре 3:7 аятында екі түрі берілген. «Ол Алла, саған Құран түсірді. Оның ашық мағыналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі іргетасы. Екінші ұқсас ұғымда

аяттар бар. Ал жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі».

Анық жазылған мен аллегориялық мағынада айтылғандарын да, қандай айырмашылық бар екенін біле аламыз? Шын мәнінде Құран бізге қандай аят – бұл метафора екенін айтып отырады. 7-ші аят былай жалғасқан: «Сондай-ақ ғылымында озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан» дейді. Бұны ақыл иелері ғана түсінеді». Рухани мағынасы қайдан пайда болады? Алланың Өзі соны бермейді ме?

### **Тозақ және жазалау (Сүре 3:10)**

Ислам сенімін жоққа шығаратын адамдар үшін, Құранда жазалау бар екені жайлы нақты жазылған. 10-шы аятта былай жазылған: «Расында сондай қарсы болғандардың балалары, малдары Алладан (келетін) еш нәрсеге төтеп бере алмайды. Міне солар тозақтың отындары». *Ан Наар* немесе Тозақ оты жайлы Құранда 145 рет айтылған. Құран басқа да жерлерде тозақты *Жаханнам*, *Сакар*, *Сайир*, *Латха* және *Әл-Хавия* деп те атайды.

Інжілде *Тозақ* деген – бұл Аллаға қарсы келген адамдар өлген кезде, сол жерге барып азап шегетін орны. Көне еврей тілінде *Тозақ* деп кең алқапты жерді атаған, яғни Құдысқа жақын жердегі қоқыс тастайтын орын болатын. Сол кең алқапты жерде өрт ешқашан бітпейтін болған. Бұл жер нағыз құрып, жоқ болып кететін орын еді.

Неліктен Алла адамдарды тозаққа жібереді? Сол жерге кім барады? Бұл шын мәнінде қалай болады? Таурат,

Пайғамбарлар жазбасы, Інжіл және Құран осы тақырыптарды көтереді. Осы сұрақтардың жауаптары өте маңызды.

### **Рухани байлық па немесе материалдық па? (Сүре 3:14)**

Рухани байлық жақсы ма немесе материалдық байлық жақсы ма, міне осы жайлы Құран ойлануға шақырады?

Сүре 3:14 «Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. Бірақ олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында».

Бұл сұрақ жүрекке байланысты. Шынымен жүрегіміз осы әлемнің рахат-ләззатындағы қуанышты іздейді ме немесе жүрек қуанышты Алладан табады ма?

Ертеде бір өте бай кісінің көп жеміс беретін жері болыпты. Оның жері басқалардың жеріне қарағанда, көбірек жеміс береді екен, сөйтіп жылдан жылға, одан сайын байи түсіпті. Бір күні кешке өзінің биіктегі ауласына шығып тұрып, өзінің жоталарда өскен зәйтүн ағаштарына, жемісті бақшаларына және бидайлы алқаптарына қарап тұрып, өзіне былай депті: «Не істесем екен? Астығымды жинап қоятын жерім жоқ, — деп ойланады. Былай істеймін: қамбаларымды бұзып, үлкейтіп қайтадан саламын. Соларға бүкіл астығым мен мал-мүлкімді жинап қоямын. Сосын өзіме: көп жылға жететін мол қорың бар, енді демалып, ішіп-жеп, көңіліңді көтер деймін».

Бірақ Құдай оған: «Ей, түйсіксіз пенде, бүгін түнде жаның алынады! Сонда сенің жиып-тергенің кімге қалады?» —

дейді. Өзі үшін байлық жинап, ал Құдаймен қарым-қатынасында бай болмаған адамның ақыры осындай». (Лұқа 12:17-21)

Дәуіт былай деген: «Мойынсұна қастерлеу Жаратқанды: Осы таза ниет мәңгі қалады. Жаратқанның шешімдері шынайы, Барлығы мүлтіксіз де әділетті, Тіл үйірген таза балдан да тәтті, Алтыннан, саф алтыннан да бағалы» (Забур 18:10-11)

Алтын жаман ба? Жоқ, одан Алланың Сөзі бағалы. Сонда қалай, бай болған дұрыс емес пе? Жоқ, Аллаға табынған жақсы. Кейде Алла Өзінің киелі балаларын материалды жағынан бай етеді, бірақ олар сол өздерінің байлықтарымен мұқтаж адамдармен бөлісу мақсатында ғана. Алайда кімде-кім жүрегінде байлыққа байланатын болса, сол мәңгілікте қатты өкінетін болады.

### **Дін және достық (Сүре 3:28)**

Кітап адамдары – бұл Құрандағы таныс тақырып. Мұхаммед көп рет яһудилер мен мәсіхшілер исламға бет бұрсын деп қалады. Оның қалауы Ыбырайым, Мұса және Дәуіт секілді оларда арнайы елшілердің қатарында болғанын қалады. Бұрынғы пайғамбарлардың кітаптары шындық екенін Құран растайды. Құран Тауратты, Пайғамбарлар жазбаларын және Інжілді аса құрметтейді. Бұрынғы Кітаптардың өзгертілгені жайлы, Құранда айтылған ешқандай сөздер таба алған жоқпын. Мүмкін, мағынасын бұрмалап дұрыс емес түсіндіргендер болған шығар, алайда сол кітаптар шынымен өзгертіліп, бұрмаланған ба? Жоқ.

Арабтар өз сенімдерінде сенімді болып қалған яһудилер мен мәсіхшілерді білді. Бұл олар үшін жақсы ма немесе жаман ба? Аллаға шын жүректерімен сеніп, мойынсұнған яһуди немесе мәсіхші сый алады ма? Мұсылмандардың мұсылман еместермен қарым-қатнасы қандай болу керек?

Сүре 3:28-ші аятта былай делінген: «Мүміндер, мүміндерден өзге кәпірлерді дос тұтпасын. Әлдекім осыны істесе, Аллаға еш нәрседе байланысы жоқ. Бірақ олардан сақтану үшін болса басқа. Алла сендерді өзі қорқытады. Және барар орын Алла жақ».

Содан кейін 5-ші Сүреде соған ұқсас аятты көре аламыз, яғни мұсылмандар яһудилер және мәсіхшілермен қарым-қатнаста тұрудан аулақ болуы керек деп тіке айтылғанын оқимыз.

Достықтың әртүрі болады: олар – күнделікті, жұмыс бабымен, көңіл көтеру үшін, мықты қарым-қатнас және жақын достық. Сүре 3:28-ші аятта осы түрлі достықтарда ешқандай айырмашылық қарастырмайды. Кейбір мұсылмандардың пайымдауынша, олардың нағыз әрі шынайы досы тек қана басқа мұсылмандармен болу керек дейді. Бұл жерде бір мағына бар. Ескі бір мақалда былай дейді: «Өзіне ұқсасты, өзіне ұқсастар тартады». Адамдар өздерімен ортақ ісі бар адамдарды ғана тартады.

Иса әл-Мәсіхтің уақытында Ыбырайымның ұрпақтары самариялықтармен ешқашан дос болмаған, себебі олар басқа діннен әрі басқа ұлт болғандықтан, оларды *кәпірлер* деп санады. Оларға жоғарыдан қарады. Ал Алланың халықтар арасындағы достығы туралы басқа жоспары болды.

«Бір адам Иерусалимнен Иерихон қаласына кетіп бара жатып, қарақшылардың қолына түсіпті. Қарақшылар оның киімдерін сыпырып алып, өзін жарақаттап, шала-жансар етіп тастап кетіпті. Бір діни қызметкер сол жолмен кездейсоқ келе жатып, оны көре тұра қасынан өтіп кетеді. Дәл солай жаңағы жерге келген ғибадатхана қызметшісі р де оған қарап, қасынан өтіп кетеді. Содан кейін бұл жерге жолаушылап бара жатқан бір самариялық с келеді. Әлгі адамды көргенде оған жаны ашып, қасына барады да, жараларын маймен және шараппен жуып-шайып, таңады. Оны есегіне мінгізіп алып, қонақүйге апарып, күтеді. Самариялық адам ертеңінде жолға шығарда, қонақүйдің иесіне екі күміс теңге беріп: «Мына кісіге қамқорлық жасай гөр. Егер артық шығын шығарсаң, мен қайтып оралған кезде төлеймін», — дейді». (Лұқа 10:30-36)

Осы жайлы ойланып көріңіздер. Иса осы оқиғаны Ыбырайымның ұрпағына айтты. Олар өздерін әділ санап, самариялық кәпірлерден жоғары тұтты. Алайды осы оқиғаның жұлдызы, сол өздері мазақ еткен самариялық болды.

Иса қалың жұртқа бұрылып, былай деді: «Ал енді, қарақшылардың қолына түскен кісіге бұл үшеуінің қайсысы «маңайындағы адам» болды деп ойлайсың?, деп Иса сол ғұламаға сұрақ қойды». Сонда Таурат мұғалімі: Әрине, оған қайырымдылық көрсеткені, деді. Сонда Иса оған: Сен де солай істейтін бол!, деп тапсырды.

## Зұлымдықтың мекені (Сүре 3:30)

Құран тағыда адамдар арасында жүрген аса күрделі әрі бәріне ортақ сұрақты көтереді. Зұлымдықтың мекені. Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжілдегі сияқты Құранда Соңғы Сот болатын күні жайлы үйретеді. «Сол күні әркім істеген игілігін әзір табады да істеген жамандығының арасымен өз арасының ұзақ қашықтықта болуын қалайды. Алла сендерді өзі сақсындырады. Алла құлдарына тым жұмсақ».

Бұл жердегі негізгі сөз *«әркім»*. Бірде бір жан толықтай кінәсіз бола алмайды. Алайда барлық жан Алланың бейнесіне ұқсас етіп жаратылған, сондықтан мейірімді бола алады, әрі мінажат етіп, Аллаға, періштелерге, пайғамбарларға және Соңғы Сот күні болатына сене алады, бірақ бәрібір ішкі жан-дүниесінде зұлымдыққа берілген. Адам жаны зұлымдықтан арылу үшін, ауыртпалыққа салынып, күреседі. Бірақ оны қалай жасай алады? Бұл киелі Жазбаларда көтеріліп жүрген өте үлкен сұрақ. Зұлымдықтан құтылу үшін, қаншалықты күшті болу керек?

Құран келесі аятта осы сұраққа жауап ретінде ұсынады. «Оларға: «Егер Алланы сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Алла сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді».

Мен өзіме екі сұрақ қоямын: Менің күнәларымды кешіре алатындай, мен Алланы сүйе аламын ба? Екіншіден, егер менің күнәларым өлім жазасына лайықты болса, онда Алла менің орныма кімді жазалайды? Егер Ол менің күнәларымды кешіретін болса, онда Ол менің рухани және

моралды қарызымды, Өзі қандайда бір жолмен жұтып қояды ма?

Осы сұрақты мына бір қарапайым оқиғамен суреттеуге болады. Бірде бір ұлы патша өзінің әскерін соғыс майданына аттандырады. Сол күні кешке патшаның күзетшілері жергілікті бір сарбаздың соғыс майданынан қашып кеткенін байқап қалады. Ол қалқан ұстаушы ханзаданы күзету орнынан кетіп қалған екен. Сарбазды ұстап алғаннан соң, ауыл тұрғындары жиналып көз жасын төгіп, жалынып-жалбарынып оны мейірімді патшадан кешіруді өтінеді. Патша мейірім танытып, бишара сарбазды кешіреді. Алайда сол күні шайқаста патшаның баласы дұшпандарының оғынан мерт болады. Егер сол күні қалқан ұстаушы ханзаданы қорғайтын сарбаз шайқасқа барғанында, оның өмірін сақтап қалуға болатын еді. Патша сол адамды кешірді, алайда бір жағынан бар жазаны өзі көтерді. Ол өз баласынан айырылып қалды. Егер сол құнды басқа біреу төлейтін болса, кешірім жасауға болады.

### **Құрандағы Иса (Сүре 3:33-59)**

Құрандағы Иса Мәсіх жайлы көптеген жазушылар өз ойларын кітап етіп жазған. Менің мұсылман достарым әрқашан былай дейтін: «Біз Исаны жақсы көреміз, әрі құрметтейміз. Әйтпесе біз жақсы мұсылман бола алмас едік». Көптеген сүрелерде Оның шежіресі туралы, Оның туылуы, Оның өмірі, тіпті Оның өлімі жайлы да айтады. 33-59-шы аяттарда адамзат тарихындағы жалғыз адам жайлы суреттейді. Ол - адам тарихында жер бетіндегі әкесіз дүниеге келген жалғыз адам.

Яһудилер, мәсіхшілер және мұсылмандар Иса әл-Мәсіхті тұлға ретінде 1400 жылдай бойы әңгіме етіп келеді. Көптеген дәстүрлі яһудилер Оны әл-Мәсіх ретінде қабылдамайды. Олар Исаның жасаған кереметтерін, Ол әзәзілдің күшінің көмегімен жасады деп айыптады. Олар Оған жалған пайғамбар ретінде айып тақты. Оны өтірікші, әрі Құдайға тіл тигізетін деп те санады. Діни басшылар халықты Исаға қарсы қойып, Рим басшылығынан Оны айғышқа керіп өлтіруді талап етті. Олар римдіктерден Исаны айғышқа керіп өлтіруді талап еткен себебі, Рим заңы бойынша Ыбырайымның ұрпақтары біреуді жазалауға тыйым салған болатын. Естеріңізде болса, Исраил халқы жүздеген жылдар бойы, Ұлы Рим империясының қол астында болды.

Ыбырайымның ұрпақтарының ішінен, Исаны әл-Мәсіх ретінде бәрі итеріп тастаған жоқ. Оның жанында жақын жүрген ізбасарлары Ыбырайымның руынан шыққан қарапайым ер азаматтары мен әйелдер болды. Оның анасы Мәриям мен туған бауырларының бәрі еврейлер болды. Інжілде Құдыс қаласынан шыққан мыңдаған еврейлер ақыры соңында Оның сенімді ізбасарлары бола білді деп айтылған.

3-ші Сүрені жақсы түсіну үшін бес маңызды нәрселерді қарап шығайық.

1. Мәриямды шақыруы
2. Оның кереметпен жүкті болуы
3. Иса әл-Мәсіхтің есейген шағындағы қызметі
4. Иса әл-Мәсіхке жасалған қастандық
5. Адам ата мен Иса әл-Мәсіх

Мәриямды шақыруы – бұл біздің мінажатымызға жауап беретіні, бағыт-бағдар көрсететіні, қамқор болатыны және қорғайтыны жайлы айтылған Алланың ғажап оқиғасы. Мәриям қаншалықты ерекше болды? Сүре 3:42-ші аятта былай делінген: «Сол уақытта періштелер: «Әй Мәриям! Шәксіз, Алла сені таңдады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты қылды» деді». Қандай ұлы құрмет! Ол алғаш жаратылған әйел Хауа анадан да жоғары болды. Ол Ыбырайымның анасы Амаатлыдан да жоғары болды. Ол Ыбырайымның әйелі, қартайған шақтағы Ысқақтың анасы Саррадан да жоғары болды. Ол Ысмағұлдың анасы Ажардан да жоғары болды. Ол Дәуіт патшаның анасы мен барлық халықтардың әйелдерінен жоғары болды. Неліктен Мәриямды соншалықты жоғары бағалады? Ол тарихтағы ең әділ әйел немесе Аллаға ең жақын болған әйел болды ма? Жоқ. Мәриям Адам ата мен Хауа ананың барлық балалары секілді адам болды. Мәриям бар құрметке ие болды, өйткені оны ең үлкен сый-құрмет көрсететін тапсырма үшін таңдап алды. Сүре 3:45-ші аятта былай дейді:

«Сол уақытта періштелер: «Әй Мәриям! Расында Алла сені өз тарапынан бір сөзбен қуантады; оның аты Мәсих Ғиса Мәриям ұлы, дүние ақиретте беделді сондай-ақ Аллаға жақындардан болады», деді».

Мәриямға жүктелген тапсырма – яғни әл-Мәсіхті осы әлемге алып келу ең үлкен құрмет болды ма? Әйелден туылу ұлы ғажап болды, сонымен қатар Көктен келген Адамға жер бетіндегі есік бола алды.

Мына біздің физикалық әлемімізде көптеген кереметтей нәрсені көре аламыз. Жер, су, жел және от. Оттан от шығады. Жерден топырақ шығады. Желден жел пайда болады. Судан су пайда болады.

«Алла – Ол рух. Оның рухани тұлға. Алладан бір нәрсе шықты ма? Әрине, бұлардың бәрі терең құпия. Алла сол құпия терең болғандықтан, енді қарағыда қала береді ма? Жарықтың қандай екенін түсіндіру өте қиын, бірақ біз оны жол табу үшін түнде кез келген жерде пайдаланамыз. Әрине, Алла бәрін түсінеді әрі Өзін көре алады. Ол Өзін біледі, әрі Алладан ешнәрсе жасырын емес. «Шын мәнінде Аллаға жердегі, көктегі еш нәрсе жасырын емес» (Сүре 3:5)

Алла – Ол ғалам емес, сол сияқты ғаламда Алла бола алмайды. Сүре 3:2-ші аятта былай дейді: «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеруші». Мен соған толық келісемін, оған яһудилер мен мәсіхшілерде келіседі. Алланың бастауыда жоқ, аяқталуы да жоқ. Уақыт пен ғарыштың бастауы бар, егер Алла қаласа, оларда бір күні бітетін болады. Жер, су, жел және отты Алла жаратқан. Інжілде былай делінген: «Солай ойлағанда олар мыналарды әдейі ескермейді: Құдайдың бұйрығымен көк баяғыдан бері бар болған, ал жер судан шығып, сумен қалыпқа келтірілді» (Петірдің 2ші хаты 3:5). Алайда олар соны түсінгісі келмейді, себебі әлем Алланың Сөзімен жаратылған, содан соң суды бір жерге жинады, кейін құрғақ жер пайда болды. Таураттың алғашқы сөздері былай дейді: «Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты». (Жаратылыстың басталуы 1:1)

Ғалам Алланың қасиетінен ғана тұрады. Ғаламды Алла жаратқан, сондықтан оның бастауы жоқ. Ғалам өздігінен толықтай Аллаға тәуелді, ал Алла оған тәуелді емес.

Сүре 3:45-ші аятта Исаны Алланың сөзі деп атаған (Калиматулла). Алланың Сөзі жаратылған ба немесе өздігінен рухани табиғаттан пайда болған ба? Бұл сұраққа келгенде, көп жағдайда сенімге деген жол екіге айырылады. Кейбіреулер «Калиматулла» деген сөзді, Алла Иса әл-Мәсіхті белгі ретінде жіберді, одан артық емес деп пайымдайды. Ал басқалары Исаны «Калиматулла» деп атайды, өйткені Исаны Алла жіберді деп пайымдайды.

Сүре 3:45-ші аятта Иса әл-Мәсіхті Алланың Сөзі деп бірінші рет атаған жоқ. Арабтарға Құран түспес бұрын 500 жылдан кейін Исаның сүйікті досы әрі шәкірті Жоханға Алла мынаны жаз деп жігерлендірген болатын:

«Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді. Сөз әуелден-ақ Құдайда болатын. Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған. Сөз өмірдің бастауы болған. Сол өмір адамзат үшін Нұр еді. Нұр түнекте жарқырайды, ал түнек Нұрды жеңе алған емес». (Жохан 1:1-5)

Алғашында Жохан Иса туралы грек тілінде жазды. Грек тіліндегі түпнұсқада Исаны «*Логос*» деп атады. Ары қарай 14-ші аятта Жохан былай деп жалғастырады: «Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді».

Сіз, менің мұсылман досым, егер сіз осы кітапты әлі де оқып отырған болсаңыз, онда біз ары қарай абайлап,

даналықпен қарауымыз керек. Сөз деген Кім – яғни Логос, Калима ма? Бұл – ең терең құпия болып табылады. Алладан жеке Сөз шығады. Сөз Оған өте жақын, тіпті жақын болғаны сонша, Оны Алладан ажырату мүмкін емес. Алланың Сөзі өздігінен мәңгі, кемелді, сүйіспеншілікке толы; Сөз – ол Жарық (Нұр), Өмір және түнек Оны жеңе алмайды.

Кейірек Сүре 3:59-шы аятта Исаны Адам атамен салыстырады. Алла «Бол» деді, сонда Иса Мәриямның құрсағында ғажаппен пайда болды. Әлем жаратылыс кезінде Алла «Бол» деді, сонда Адам ата ғажаппен топырақтан адамға айналып, алғаш рет өзі тыныс ала бастады.

Адам ата мен Иса өте ұқсас екеніне мәсіхшілер толықтай келіседі. Шын мәнінде Інжіл Исаны екінші Адам ата деп те атайды. Алайда ұқсайды дегенде, олар бірдей дегенді білдірмейді. Мысалы, Адам ата топырақтан жаратылды, ал Иса барлық миллиардтаған балалар секілді туылды. Адам атаның балалық шағы болды ма, оған біз сенімді емеспіз, ал Иса барлық қарапайым адамдардың балалары сияқты Мәриямның сүтін ішті. Балалық шағында ойнады, сөйтіп өсе келе жас жігітке айналды. Адам ата Хауа анаға үйленді, содан олардың көптеген балалары болды. Иса ешқашан үйленген емес, Ол ешқандай балаға әке болған жоқ, себебі Оның алдында өте ауыр, азапты тапсырма күтіп тұрды.

Сонымен Адам ата мен Иса тағы несімен ұқсас? Исаның тәні кәдімгі адамдардың тәнінен өзгеше болды дегенге мәсіхшілер сенбейді, Олда кәдімгі қан мен тәннен тұрды, кез келген Адам атаның ұрпағы сияқты, Оның да

тамырларынан қан жүгіріп тұрды. Иса мен Адам ата физикалық жағынан толықтай кәдімгі табиғи адамдар болды.

Осы жерде пікір екіге бөлінеді. Адамның физикалық тәнінен ұлы тағы бір нәрсе бар ма? Чарльз Дарвинның дәуірінен бері екі пікір бар екені бәрімізге белгілі, яғни барлық тіршілік иелері, соның ішінде ер адам мен әйелдер эволюциялық жолмен ақырындап бір организмнен екінші организмге айналады. Мысалы, маймылдар мен адамдар, өрмекшілер мен сүт қоректілер – бұлардың бәрі бірдей ежелгі ата-бабаларынан пайда болған. Қазіргі замануи қоғам мынадай тұжырымға келіп отыр, яғни адамдар жалпы кәдімгі медузалар немесе жаңбыр құртынан ешқандай айырмашылығы жоқ, себебі адам өлген соң, біз жоқ болып кетеміз, содан соң біздің тәніміз топыраққа айналып кетеді, сосын бәрі ұмытылады деп пайымдайды.

Яһудилер, мәсіхшілер және мұсылмандар Аллаға сенеді, әрі Соңғы сотқа, Жұмаққа және Тозақтың бар екеніне сенеді. Біздің сенетініміз мынау, яғни біздің тәніміз өлсе, шіріп кетеді, алайда адамның рухы өмір сүруді жалғастыра береді. Тәніміз өлімнен қайта тірілген соң не болатыны біз үшін әлі де үлкен сұрақ, бірақ біздің түсінігімізше, адам бойында химиялық заттардан басқа да маңызды нәрселер бар. Бізде Алланың жаратқан жаны бар, ол біздің физикалық тәнімізде өмір сүреді немесе өздігінен де өмір сүре алады.

Тән және рух. Міне, Исаның құпиясы, Оны Адам Ұлы және Алланың Ұлы деп те атайды. Алла «Бол» деген кезде, Иса Мәриямның құрсағында ғажаппен пайда болды, Оның рухы қайдан пайда болды? Оның жаны Адам атаның жаны

секілді жаратылды ма, немесе олай жаратылған жоқ па? Иса Калиматулла сияқты Алладан табиғи тұлға ретінде жерге келді ма?

Мұсылмандардың атақты сәулетшісі Мимар Синан өзінің ерекше мешіт тұрғызуымен әйгілі. Оның мешіттері ол өлгеннен соң, жүздеген жылдар бойы тұрды. Құрметті Синан Мимар өзінің қолынан шыққан туындыларымен өмір сүріп жатыр десек те болады. Мимар Синанның әрбір жауһарлары оның санасы мен рухынан пайда болды. Оның аузынан сөзі шықпай жатып немесе сызбаларын жасамай жатып, оның санасындағы ойымен ойлаған жұмыстары, оның табиғатында жұмыс істеп жатты. Кез келген оқиғаны әңгімелеп беру және болашаққа жоспар құру қабилеті болса, міне, осылар бізді адам ететін негізгі нәрселер болып табылады.

Мимар Синан тек қана адам болды, әрине ерекше, жарқыраған тұлға ретінде болды. Ол өзінің жасаған ғимараттарының логотипын жасай алған жоқ. Бүгінгі таңда замануи технологияның дамыған кезінде, ғалымдар адамның ойы мен идеяларын компьютерге салып эксперименттер жасап жатыр немесе одан асып, адам санасын роботтарға ауыстырып жатыр немесе басқа адамның тәніне ауыстыра алады. Идеалист-ғалымдар адамдарды өлмейтін етіп жасауға дейін, ойларын іске асыруға тырысып жатыр. Көз алдыңызға келтіріп көріңіздерші, егер адамдар адам санасын (*калима*) машинаға немесе тіпті басқа адамға сала алатын болса, онда былай ойлағанымыз абзал емес пе, яғни адамзатты сүйетін әрі ізгі

ниетке толы Алла сол мақсатқа жетуге, соны Өзі жасай алмайды ма?

«Мүмкін емес», деді менің досым қолындағы шәй құйылған кесесін үстелдің үстіне қойып, - «Аллаға соны қалап, соны жасап жүрудың не қажеті бар?» Адамды өлмейтін етіп жасау үшін, Оған жаңа адамның тәнін жасаудың қажеті жоқ, себебі Алла мәңгі. Адамды күштірек ету үшін де, Оған басқа бейне жасауда қажет емес, өйткені Ол Құдіретті. Бұны тіпті ойлаудың өзі жиеркенішті. Мен соны тіпті жасайтын болсам, өзімді кір секілді сезінетін боламын. Алла ешнәрсеге мұқтаж емес, Алла – Ол жалғыз», деді.

Жұмбаққа толы осы қызық сұрақтың жауабы Інжілде бар.

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады».  
(Жохан 3:16).

Сүйіспеншілік қызықты және таңқаларлық нәрселерді жасауға қабылетті. Өз елін сүю, адамдарды соғыстарда немесе шайқас майдандарында өлуге итермелейді. Өз әйелін және балаларын сүю, әкелерге қиын жағдайда еңбек етіп, олардың жылы жерде тұрып, тамақтандыруына ықпал етеді. Ал ер адамның әйелдерге деген сүйіспеншілігі, өздерін көрсету үшін, олар мұхиттарды жүзіп өтіп, әрі тауды асып өтуге ықпал еткізеді.

Иса сүйіспеншілікпен өмір сүрді. Иса жер бетінде өмір сүрген кезде, не істеді? Сүре 3:49-шы аятта біз Исаның зағиптарға көз бергенін, алапес ауруларды сауықтырғанын

және өлгендерді тірілткендерін көре аламыз. Ол бұлардың бәрін Алланың күдіретімен жасады. Ол тағы да оларды қалай жасады? Мүмкін емес нәрселерді тек Алла ғана жасай алады, ал Иса Алланың Сөзі. Алланың Сөзі келген жерге ғажаптар мен өмір келеді.

54-ші аятта Құран Алланың дұшпандары Исаға қарсы шықты деп растайды. Інжілде сол дұшпандары Оны Римдіктердің айғыш-ағашында керіп өлтірткісі келгенін растайды. Алайда олар соны жасай алды ма? Қалайша олар Аллаға қарсы шығып, жеңе алады ма? Сүре 3:55-ші аятта: «Сол уақытта Алла: «Әй Іса! Сені Мен алушымын! Сондай-ақ өз тарапыма көтерушімін әрі қарсы болғандардан тазартушымын да саған ілескендерді қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын. Сонсоң қайтар жерлерің Мен жақ! Сонда таласқан нәрселеріңе үкім беремін» деді», деп жазылған.

Ол үндеген жоқ. Мен сонда жалғастырып; «Менің білетінім Сүре 4:157-ші аятта Алла Исаны өлімнен құтқарып алды делінбеген, бұл жерде яһудилер Оны өлтірген жоқ, делінген», дедім.

Осыған дейін айтқанымыздай, Құран Исаның туылғаны туралы ғана айтып қоймай, сонымен қатар Оның өлімі жайлы да айтады. Кейбір жерлерде Алла соңғы минуттарда Исаны айғыштағы өлімнен құтқарып алып, орнына басқа біреуді өлтіргізді деп те оқылатын жерлер бар. Бірақ Алла Исаны өлімге шақырады да, содан соң, көтеріп алды деп неліктен жазылған? Неліктен Алла өлтіріп алды да, содан кейін өлімнен қайта тірілтті?

Тағы да басқа бір досым менен былай деп сұрады: «Інжілде Иса әл-Мәсіх шынымен өлгені туралы жазылған ба?».

Мен «ия», деп жауап бердім, сосын жалғастырып: «көптеген жерлерде Оның өлімі жайлы толықтай суреттеп береді», дедім. Біріншіден, Исаның Өзі айғыш-ағашта өлетіні жайлы алдын ала айтып жүрді. Біркүні кешке Өзінің шәкірттеріне былай деген:

«...Көктен келген Билеушіні адамдардың қолына ұстап береді! Оны өлтіреді, бірақ содан кейінгі үшінші күні Ол қайта тіріледі!» (Марқа 9:31).

Римдік губернатор Пилаттың қатыгездігімен Исаны айғышта өлтіргеннен соң, ол өз офицерлеріне бұйрық беріп, Исаның өлгенін растаңдар деді.

«Пилат Исаның сонша тез өліп қалғанына таңданды; жүзбасын шақырып алып, одан: «Ол өлгелі көп болды ма?» — деп сұрады. Жүзбасынан солай екенін біліп алған соң, Пилат мәйітті Жүсіпке бергізді. Жүсіп бәтес кебін сатып алып келіп, Исаның мәйітін айқыштан түсіріп, кебінге орады. Содан оны жартастан үңгіп жасалған бір қабірге апарып қойды. Мұнан кейін қақпақ тасын домалатып әкеліп, қабірдің кіреберіс аузын сонымен жауып тастады» (Марқа 15:44-46)

Исаның өлімі жайлы Жохан былай деп жазған: «Алайда Исаның қасына келіп, Оның өліп қалғанын көрген соң, олар Оның аяқтарын сындырған жоқ» (Жохан 19:33). Айғыш-ағашқа шегелеп, қайта тірілгеннен кейін бірнеше аптадан

соң, Петір және басқа да шәкірттері Ыбырайымның ұрпақтары жиналған тобырға былай деп куәлік етті:

«Қасиетті және әділ Кісіден бас тартып, бір қанішердің босатылуын талап еттіңдер; ал шынайы өмірдің Бастауын өлтірттіңдер! Бірақ та Құдай Оны өлімнен қайта тірілтіп алды, бұған біз куәміз!» (Елшілер 3:14-15)

Тағы да Інжілде былай делінген: «Біз әлсіз болған кезде, әл-Мәсіх бір уақытта әділетсіздер үшін өлді» немесе «Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді» (Римдіктерге 5:8). «Алайда Құдай Өзінің сүйіспеншілігін бізге көрсетті, себебі біз күнәкар болған кезде әл-Мәсіх біз үшін өлді». Сүре 3:55-ші аятты дұрыс түсіну үшін, әдеттегі киелі жазбаларға сүйенгендей, бізде қазір түпнұсқадағы тілге қарауымыз керек. Әрине, аудармалар пайдалы, бірақ олар кейде бір-бірімен келісе бермейді. Ғаламтордың көмегімен араб сөзін қалаған кез келген тілге аудар аламыз. Мен қазақша, өзбекше, орысша, түрікше және басқа тілдерде қарап шығып, мынадай қорытындыға келдім, яғни осы сөздің мағынасы «мен өлдім» немесе «мені өлдірді» дегенді білдіреді. Алла Исаны қабірде қалдырмаймын деп уәде еткен болатын. «Сен жанымды о дүниеге қимайсың, Қасиетті адамыңның тәнін шірітпейсің» (Забур 15:10). Исаның кейбір ізбасарлары Оның денесіне өздерінің иіс майларын жағу үшін қабірге келгенде, қабірдің іші бос екенін көрді. Сонда оларға періште келіп: «Тіріні өлілердің арасынан неге іздейсіңдер?», деді. (Лұқа 24:5)

55-ші аяттағы араб сөзі *көтеру* деген мағына білдіреді. Ежелгі дәстүр бойынша кебінге орап, қабірге қозғалмайтын етіп жатқызып қойған болатын, әдетте мәйіттерді осылай қояды, сол сияқты Исаның да мәйітін үш күн ішінде Алланың ғажабы болады деп күтті. Шешілмейтін түйін, Алла үшін бәрі мүмкін болды, себебі Алла сайтанның, күнәның және өлімнің үстінен Өз билігін мәңгіге көрсете алды.

### **Ыбырайым не яһуди, не мәсіхші болған емес**

Халықтардың тамырына үңілетін болсақ, біз Ыбырайым деп аталатын кісіні көре аламыз. Оның есімінің мағынасы «Көп халықтың әкесі» дегенді білдіреді. Баласы болмайды деген адамды Алла оны таңдап алып, кереметпен оны миллиондаған адамдардың әкесі етті, сөйтіп Өз уәдесін орындады. Яһуди болу адамға не береді? Қарапайым сөзбен айтқанда, яһудилер – Яһуда руының ұрпақтары. Яһуда Ыбырайымның ұрпағы болған, оның руынан ақыр-соңында патшалар мен әл-Мәсіхтің ұрпақтары туылды. Кейінірек Інжілде «яһуди» деген сөз шынымен Аллаға мойынсұнып, күнәдан азат болу үшін іздегендерді атап кеткен. Олар туралы былай делінген: «Сырт бейнесінде емес, жан дүниесінде Құдайдың адамы болған ғана Оның таңдаулы халқына жатады. Сондай адамның сүндеттелуі сырттай, яғни тәнінде, ғана емес, жан дүниесінде болу керек. Бұл рухани жаңартылу жазылған заңнан емес, Киелі Рухтан пайда болады. Ондай кісіні адам баласы емес, Құдайдың Өзі мадақтайды» (Римдіктерге 2:28-29). Бұл Исаның айтқан іліміне толықтай сәйкес келеді, Ол, екіжүзділер әк жағылған қабірлерге ұқсайды, олар сырт көзге жақсы көрінгенмен, іші

өлікке толы. Нағыз өмір ішкі дүниесінен басталып, сол сыртына шығады, деген болатын. Сондықтан Ыбырайым яһуди болған емес, өйткені ол яһудилер мен басқада көптеген халықтардың әкесі болды. Яғни мағынасы, оның жүрегін Алла тазалап қойған, сондықтан өз есімінің мағынасын толықтай көрсете алды. Иса діни басшылармен әңгімелесеп отырған кезде былай айтқан еді: «Түп аталарың Ыбырайым Менің дүниеге келетін күнімді көретініне шаттанды; ол сол күнді көріп, қуанды да». (Жохан 8:56)

Ыбырайым Исаның келетінін алдын ала көрді ме?! Ия, өйткені ол Алланың арнайы таңдап алған пайғамбары болды. Иса келмес бұрын мыңдаған жылдар алдын, Алла Ыбырайымға біркүні әл-Мәсіхті сенің ұрпағынан жіберетін боламын деп уәде еткен еді. Әрине, Исаның жер бетінде әкесі болған жоқ, алайда Мәриям Ыбырайымның ұрпағынан болды. Ыбырайым Исаның қалай келетінін толықтай білген жоқ, бірақ сол күн үшін қатты қуанды.

### **Пұтқа табыну күнә (Сүре 3:80)**

Құран пұтқа табынушылық туралы көп рет ескертеді. Сүре 3:80-шы аятта былай дейді: «Сондай-ақ олар сендерге: «Періштелерді, пайғамбарларды тәңір жасап алындар!», - деп бұйырмайды. Сендерді Мұсылман болғаннан кейін қарсылыққа бұйыра ма?»»

«Тауратта» және «Пайғамбарлар» жазбаларында айтылғандай Ыбырайымның балалары жалғыз шынайы Аллаға табынудан қайта-қайта бас тартып, өздеріне пұт жасап алып, соларға табына бастады. Кейде көрші елдерден алып келген пұттарға да табынып жүрді. Олар арасында Ваалам деп аталатын жалған құдайға да табынды. Ильяс

пайғамбар Вааламның діниқызметшілерін шақырып алып, оларға Ваалам шындық па немесе Алла шындық па, соны дәлелдейтін шақырулар тастады. Ол оларға бұқаны құрбандыққа шалып, құрбандық үстеліне қойып, мінажат еткен кезде, Ваалам аспаннан от жаудырсын, деді.

Вааламның діниқызметкерлері тура Ильяс айтқандай жасап, мінажат етті. Олардың бәрі күтті, алайда аспаннан от шыққан жоқ. Олар айқайлап, қайта-қайта шақыра берді, тіпті Ваалам мінажаттарына жауап берсін деп өздерінің тамырларын кесіп, қандарын ағызды. Бірақ от болған жоқ.

Сол күні кешке Ильяс он екі тастан тұратын құрбандық үстелін жасап қойды. Ол үстелдің түп жағынан айналдырып ор қазды, содан соң, ор толғанша бұқаға су құйды. Сөйтіп Ильяс дауысын көтеріп, мінажат етті: «Уа, Жаратқан Ие, жауап берші! О, Ием, мына халық Сенің Құдай екенінді және олардың жүректерін қайтадан Өзіңе бұрып жатқаныңды біле алулары үшін маған жауап бере гөр!» (3-ші Патшалық 18:37). Алла оның мінажатына жауап берді. Құрбандыққа аспаннан от жауып, түгелдей өртеп жіберді, сонымен қатар ордадағы суда жанып кетті. Бәрінің де күманы сейілді. Шынайы Алла сөйтіп Өзін көрсетті, сонда халық пұтқа табынғаны үшін, өкініп тәубе етті.

### **Жалған жолмен жүру (Сүре 3:100)**

Сенімнен тайып кету – өте жаман нәрсе. Қазіргі таңда әлемде көптеген адамдар Жаратушыға сенеді.

Ыбырайымның ұрпақтары Жаратушы Иені *Яхве* деген ерекше есіммен атады. Гректер Оны *Теос* деген сөзбен атаған. Ал араб мәсіхшілері Оны осы кезге дейін Жаратушы *Алла* деп атайды. Парсы тілдес халықтар Оны Жаратушы

*Құдай* деп атайды. Осыған дейін айтқанымыздай, Құран жалғыз Аллаға, Жаратушыға және Барлығының Иесіне сенетіндерді сый күтіп тұр деп айтқан.

Аспандағы сыйды алу үшін Жалғыз және Шынайы Аллаға сену жеткілікті ме? Аллаға сеніп және Одан қорқу қаншалықты маңызды? Сүре 3:100-ші аятта былай дейді: «Әй мүміндер! Кітап берілгендердің бір бөліміне бой ұсынсаңдар, сендерді иман келтіргеннен кейін қарсылыққа қайтарады».

Кітап иелері дегендердің ішінде кімдер бар? Олар жақсы мұсылмандарды сенімнен бас тартуға қалайша мәжбүрледі? Неліктен олар Аллаға сенім артқандарға қарсылық білдірді?

Қалайша олар мұсылмандарды адастыруға түсірді, осыны түсіну мен үшін өте қиын. Алдында айтқанымыздай, яһудилер жалғыз Жаратушы Аллаға сенді. Алла аспан мен жерді қалай жаратқанын, содан соң Адам ата мен Хауа ананы Өзіне ұқсас етіп қалай жаратқанын, Мұса толықтай жазып кеткен.

Яһудилер шын ниеттерімен *Шемені* айтты: «Исраил, тыңда, Мәңгі болушы, сенің Аллаң, жалғыз». Мәсіхшілерде жалғыз Аллаға сенеді. Мәсіхшілер Иса екінші құдай, ал Мәриям үшінші құдай деп сенбейді. Мұсылмандар сияқты, мәсіхшілерде ондайларды *ширк* деп санайды.

Сүре 3:100-ші аятта, кейбір Кітап иелері пұтқа табынып, сонымен қатар жаңа мұсылмандықты қабылдағандарды өздеріне тартып, оларды пұтқа табынуға шақырып жатыр дегенді білдіреді ме? Бізге ол беймәлім. Алайда біздің білетініміз, Он өсиет тікелей пұтқа табынушылыққа тыйым

салады. Иса шөл далада 40 күн бойы ораза тұтқан кезде, пұтқа табынушылыққа қарсы болды.

«Кейбір Кітап иелеріне, толып жатқан нәрсе аманат қойсаң да, саған өтейтіндері бар». Сүре 3:75-ші аятта олардың ішіненде кейбіреулері жақсы адамдар болған секілді: «Тіпті бір динар аманат берсең де, ұдайы басында қақшыйып тұрсаң, әрең беретіндері де бар».

Біз білеміз, Құран сол кейбір Кітап иелерін құрметтейді. Сүре 3:110-шы аятта былай дейді: «Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ Аллаға сенетін қайырлы бір үммет болып шығарылдыңдар. Ал егер кітап иелері иман келтірсе еді, әлбетте олар үшін жақсы болар еді. Олардан иман келтіргендер де бар. Олардың көбірегі бұзақылар». Сүре 3:75-ші аят солардың кейбіреулері жақсы адам болғанымен келіседі: «Кітап иелерінің ішінде, егер оларға алтын жина десең, соған дайын екендігін білдіреді».

Мүмкін кейбір Кітап иелері шынымен Бұрынғы Кітаптардың ілімінен бас тартқан шығар. Алайда сол адамдар Алла көрсеткен жолға сенімді бола алмады. Қандай да бір яһуди немесе мәсіхші, сол кезде де, қазір де Тауратқа, Пайғамбарлар жазбасына немесе Інжілге сенімді бола тұра, қалай басқаларды пұтқа табынушылыққа шақырады?

### **Қауіпті дұшпандар (Сүре 3:111)**

Егер Кітап иелері сенімнен бас тартып немесе Мұхаммедпен жасасқан келісімін бұзатын болса, Құран оларға аса ауыр жаза күтіп тұрғанын ескертеді. Алайда олар қаншалықты қауіпті болды? Олар тарапынан шынымен

үлкен қауіп төнді ме? Сүре 3:111-ші аятта соншалықты қауіп төнбегенін немесе төнседе кейбір уақыттары болғанын ғана айтады. «Олар сендерге реніштен басқа зиян бере алмайды. Ал егер сендермен соғысса, сырт айналып қашады. Сонсоң оларға жәрдем етілмейді».

Бұл пікір меніңше, қазіргі уақыттағы танымал пікірге қарама-қайшы келіп тұр. Кейбір діни топтарға жасалатын қарсылықтар жетіп жатады. Гитлердің кезінде ұлтшылдар еврейлерге, мәсіхшілерге және аз халық болып саналатындарға, бүкіл Еуропа бойынша өркениеттеріне балта шауып, барынша оларға қауіп төндірді. Оның империясы құлдырамастан бұрын, орыс патшасы да жүйелі түрде еврей шаруларын өз жерінен қуып шықты. Міне осы аятта еврейлердің еш зияны жоқ екенін, тек қана жағымсыз жағы бар екені туралы айтады, алайда одан қорқу қажет емес дейді.

### **Кім Ізгі? (Сүре 3:133-134)**

Біз қандайда бір ұлы адаммен әрқашан мақтанамыз. Футболды жақсы көретін баланың өзінің жақсы көретін командасы, әрі ерекше жақсы көретін футболшысы болады. Олардың футболшысы – ерекше жұлдыз болып саналады. Сол ойыншы футболды қалай ойнау керек болатын стандартын анықтайды. Ал қыздар өздерінің әнші жұлдыздарын экран алдында тапжылмай отырып тамашалайды. Әнші би билеп, әнін нағышына келітіріп, махаббат және романтика жайлы жырлайды. Сол жас қыз соны қайталауға тырысады, ал әнші болса, ең жоғарғы стандартты алып, өзін тартымды, әрі сексуалды көрсетеді.

Сүре 3:133-134-ші аяттарда соңғы сый және соған жетудің стандарты жайлы айтады. Сол жерде ең жақсы ер азамат немесе ең жақсы әйел, идеалды мұсылмандар жайлы сөз етеді.

«Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей жаннатқа жарысыңдар. Олар кеңшілікте, таршылықта Алла жолында мал сарып қылғандар. Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Алла жақсылық істеушілерді сүйеді».

Болашақтағы әлемді ғаламшардан да үлкен бау-бақша секілді суреттеуге болады. Ол шынымен өте үлкен, себебі біздің білетініміз ғаламшар соншалықты үлкен, тіпті бір шетінен екінші шетіне бару үшін миллиардтаған жыл керек болады. Әділдер сол баққа барады деп Құранда айтылған. Адамзат өз тарихында Эдем бағындағы жоғалтып алған тыныштықты табатын әлемді қалпына келтіруге бар күшін салып бақты.

Бүгінгі әлемге қарайтын болсақ, мынадай сұрақ пайда болады. Кім? Кім жұмаққа лайықты? Кінәратсыз сол жұлдыз кім? Мен өзімнің жан-дүниеме үңілетін болсам, жақсылық жасағым келеді, бірақ соны жасауға күшім жетпейді.

Айналамызға қарасам тек қана әскерлер жайлы, соғыс, сатқындық, сенімсіздік, ашкөздік және эгоизм туралы есітіп жатамын. Мен біреуді жұлдыз ретінде жоғарлатып, көтергім келгенде, сол адам ерте ме, кеш пе құлап жатқанын көріп жатамын.

Інжіл жақсы дәрігер сияқты адамның жүрегіне шынайы диагностика жасап бере алады.

Өйткені біз білеміз, барлық ұлттар, соның ішінде барлық еврейлер, барлық гректер күнәнің билігінде өмір сүріп жатыр, себебі былай жазылған: «Сонымен қалай болды? Басқалардың алдында (яһуди халқынан шыққан) біздердің артықшылығымыз бар ма? Жоқ, ешқандай! Яһудилер де, басқа ұлттың адамдары да бірі қалмай күнәнің билігінде екенін жоғарыда дәлелдедік. Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер бар: Бірде-бір әділ кісі жоқ, ақылды ешкім де жоқ, Құдайға бет бұратын да жоқ». (Римдіктерге 3:9-11)

«Құдіретті Құдай, ал мен ше? Менде Сенің идеалыңа сәйкес келмеймін бе?» Айнаға қарап тұрып, мен: «Тура солай, басқа жол жоқ», деп жауап беремін.

Бұл үлкен проблема. Ия, келісемін, Алла менің жомарт болғанымды, өз-өзімде тәртіп болғанын және мейірімді болғанымды көргісі келеді. Алайда мен бәрібір мойындауға тиіспін, мен өзімшіл, ешкімге мойынсұнбайтын және аяушылықты білмейтін жанмын. Жанымдағы бауырыммен салыстырғанда, ия, мен мүмкін жұлдыз да шығармын. Бірақ Алламен салыстырғанда, мен апатқа ұшырап, аспаннан жерге құлаған жұлдыз сияқтымын.

### **Жәй Елші (Сүре 3:144)**

«*Наби*» деп аталатын пайғамбармен «*Расул*» деп аталатын елшінің арасында қандай айырмашылық бар? Яһудилер, мәсіхшілер және мұсылмандар «*Наби*» пайғамбарды қалай түсінеді? Сол топтар «*Расул*» елші дегенді қалай

түсіндіреді? Жалғыз Жаратушы Алла Өзі адамзатқа қандайда бір нәрсені кейде жариялау үшін жерге жіберетініне бәріде бір ауыздан келіседі, сол үшін Алла адамдарды пайдаланады. Тауратта пайғамбардың ең маңызды міндеті туралы айтылған – яғни болашақта болатын оқиғаларды нақты жеткізу. Сол жерде былай делінген:

«Сендер іштей: «Жаратқан Ие айтпаған сөзді қалай білеміз?» деулерің мүмкін. (Мынаны ұмытпаңдар): егер осы пайғамбардың Жаратқан Иенің атымен айтқаны рас болмай жүзеге аспаса, онда бұл хабар Жаратқан Иеден емес. Қайта, бұл пайғамбардың асқақтықпен айтқан өз сөзі. Ондайдан қорықпаңдар». (Заңды қайталау 18:21-22)

Бұдан бөлек, Таурат жалған пайғамбарлар жайында да өте қатаң ескертеді. Егер сіздің жаныңызға пайғамбарлық ролы бар бір адам келіп, «Ал, кәне, басқа тәңірлерге табынып құлшылық етейік!» — деп сендерді өздеріңе бейтаныс тәңірлерге мойынсұнуға еліктіріп азғырса, онда сендер сондай пайғамбардың не көріпкелдің айтқан сөздерін тыңдамаңдар! Осы жайт арқылы Құдайларың Жаратқан Ие сендерді, Өзін шын жүректен және бүкіл жан дүниелеріңмен сүйетін не сүймейтіндерінді білу үшін сынайды». (Заңды қайталау 13:2-3).

Бұрынғы пайғамбарлар алдын ала көптеген оқиғаларды болжаған. Олар болашақта болатын соғыстарды, аштықты, қиын-қыстау жағдайларды, патшалардың көтеріліп, құлайтындарын, әрі әл-Мәсіхтің өмірін де болжаған болатын. Мысалы үшін, Даниил пайғамбар Ескендір

Зұлқарнайының империясы мен Рим империясының өркендейтіні жайлы алдын ала айтты. Бұл туралы Даниил пайғамбардың кітабы 2-ші тарауында бар. Ол кейінірек Соңғы Сот күні жақындағанда алапат соғыс болатынын және өлілердің қайта тірілетінін де болжап айтқан.

Михей пайғамбар Иса әл-Мәсіх кішігірім Бетлехем деген қаласында дүниеге келетінін алдын ала айтты. Ал Ишаия пайғамбар әл-Мәсіхті ұстап, тұтқынға алатыны жайлы алдын ала болжады, «Ол зорлық көріп қиналды, алайда аузын ашпады. Оны тоқты сияқты сойылатын жерге алып барды. Ол қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді тіс жармады». (Ишаия 53:7).

Мұса өз халқына бір кездері Ұлы пайғамбардың келетіні жайлы пайғамбарлық сөз айтты. «Құдай Иелерің сендерге мен сияқты бір пайғамбарды бауырларыңның арасынан шығарады. Соның айтқандарын тыңдаңдар!» (Заңды қайталау 18:15). Шамамен мың жылдан соң, Исаның шәкірті Петір діни жетекшілердің алдында тұрып, Мұсаның Иса әл-Мәсіх жайлы айтқан пайғамбарлық сөзі орындалды деп жария етті. (Елшілердің істері 3:22).

Құранда Сүре 3:144-ші аятта былай дейді: «Мұхаммед бір елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, сендер сонда өкше (із) леріңе айналасыңдар ма? (Қайта кәпір боласыңдар ма?)...». Елшілердің бәрі өлді. Адам ата өлді, Мұсада өлді. Құран мұсылмандарға сұрақ қойып жатыр, ал егер Мұхаммед өлсе не болады: «...Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, сендер сонда өкше (із) леріңе айналасыңдар ма? (Қайта кәпір боласыңдар ма?...)».

Тарихқа үңілетін болсақ Мұхаммед 632 жылы, 8 маусым

күні қайтыс болды, сөйтіп барлық адамдар жүріп өткен жолмен жүрді. Оның ізбасарлары, оны Сауд Арабияның Медина қаласындағы, Әл-Масжид-ан-Набави деген жерге жерледі.

Құран елшілерге (Расул) немесе пайғамбарларға (Наби) құдайлық немесе адамдық қасиеттен жоғары дәреже ешқашан бермейді. Олар ерекше маңызы бар тапсырманы орындауға шақырылды, алайда олар барлық адамдар секілді туылды, өздеріне бөлінген уақытта өмір сүрді, сосын өліп, жерленді, енді қайта тірілетін уақыт келгенше сол жерде қала береді. Көптеген елшілер жер бетінде өмір сүріп, өлді, бірақ жалғыз Мәсіх ғана жер бетіне келіп, өлімнен қайта тіріліп, Аспанға көтеріліп кетті.

### **Ухудтағы шайқас (Сүре 3:130-180)**

Келесі үзінді Сүре 3:130-180-ші аяттар арасында жазылған Ухудтағы шайқасқа қатысты болады. Аңызға сүйенетін болсақ, Мұхаммед сол шайқаста жарақат алды, алайда оның әскері ауызбірлікте тұрды. Бірақ мұсылмандардың бәрі шайқаста сенімді болған жоқ. Сүре 3:167-ші аятта солардың ішінде кейбіреулері екіжүзділік танытып, шайқасудан бас тартты делінген.

«Сондай-ақ мұнапықтарды да байқау үшін... Ал оларға: «Келіңдер, Алла жолында соғысыңдар, не қорғанысқа тұрыңдар» делінсе, олар: «Егер соғысуды білсек, әрине арттарыңнан ерер едік» деді. Олар ол күні иманнан көрі қарсылыққа жақынырақ еді. Олар жүректерінде болмағанды ауыздарымен айта береді. Негізінде Алла, олардың жасырын нәрселерін жақсы біледі».

Неліктен олар Алланың жолында шайқаспады? Қорқыныш, жалқаулық немесе сенімсіздік болды ма?

Егер жарақат алып немесе қайтыс болып кеткен жағдайда, оларды сый-құрмет күтіп тұр деп кейбір сарбаздарға үміт отын жандырды. Сүре 3:172-ші аятта былай дейді: «Өздері соққы жегеннен кейін де Алла және Елшісінің нұсқауларын қабылдағандар сондай-ақ олардың жақсылық істеп, тақуа болғандары үшін зор сыйлық бар». Ал Сүре 3:169-шы аятта: «Алла жолында өлтіргендерді өлі деп ойлама, әрине олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөлендіріледі», делінген.

Ухудтағы шайқастың мақсаты қандай болды? Әрине, мұсылман еместер мен мұсылмандардың арасындағы шайқас болды, яғни Арабия жеріне кім билік құрады, соны анықтағылары келді. Әдетте, физикалық тұрғыда жеңіс солардікі болса, онда Алла мұсылмандардың әскерін жарылқады деген белгі болар еді. Сүре 3:160-шы аятта былай дейді: «Егер Алла сендерге нұсрат берсе, сонда сендерге үстем келуші болмайды. Ал егер Алла сендерді тастаса, (жәрдем қылмаса,) одан кейін сендерге кім жәрдем етеді? Сондай-ақ мүміндер Аллаға тәуекел етсін».

Сондықтан физикалық тұрғыдағы кез келген жеңісті, шынымен Алла жолындағы шайқас болды деп растауға болады. Соған қарамастан, Ухудтағы шайқаста көптеген мұсылмандар шейіт болды, ал кейінірек болған шайқастарда олар ұзақ уақытқа дейін, Арабия аймағындағы, Солтүстік Африкадағы және Еуропадағы шайқастарда жеңіске жетіп отырды.

**Семсеріңді қынабына салып қой.**

Ежелде Ыбырайымның ұрпақтары Ханаан жері үшін шайқасты. Алла Ыбырайымға жаңа жер беремін деп уәде етті. «Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап былай деп бұйырған еді: Сен еліңді, туған-туысқандарыңды Және әкеңнің үйін тастап, Мен өзіңе көрсететін елге көш!» (Жаратылыстың басталуы 12:1) Ыбырайым өз халқымен бірге өте ұзақ, әрі қиын жолды жүріп өтті. Алла оларды Ханаан жеріне алып келді, алайда сол жердегі аштық Жақыптың балаларын Мысыр жеріне айдап алып кетті. Оның ұлы Жүсіп сол жердің көсемі болды, бірақ ол қайтыс болғаннан соң, перғауын қатыгездік танытып, Ыбырайымның балаларын құлдыққа айналдырды. 400 жыл бойы азапты қиналыста жүрген олар, бір күні Алла оларға құтқарушыны жібереді деп күтті. «Бұдан кейін Мұса мен Харон перғауынның алдына барып, оған былай деді: — Израилдің сиынған Құдайы — Жаратқан Ие мынаны айтады: «Менің халқымды жібер! Олар айдалаға барып, Маған арнап мейрам өткізсін» (Мысырдан шығу 5:1). Перғауын өз басы үшін қорқып, тәуекелге барғысы келмей, қарсылық танытты: ал Алла Перғауын қарсылығынан бас тартқанша, Мысырға 10 жаза жіберді.

Ыбырайымның балалары Қызыл теңіз арқылы шөл далаға қарай қашып кетті. Олар күнкілдеумен, бас көтере бастады, сондықтан бірден Ыбырайымға уәде етілген жерге бара алмады. Сол жер қайда еді? Таурат нақты соның орнын көрсетеді. «Қамысты теңізден бастап, філістірлер жағалай мекендеген Жерорта теңізіне дейін, Негев даласынан Евфрат өзеніне дейін шекараларыңды орнатамын. Сол жердің тұрғындарының билігін саған беремін, оларды қуып шығатын боласың» (Мысырдан шығу 23:30-31).

Мұса қайтыс болғаннан кейін, Ешуа Ыбырайымның балаларын Уәде етілген жерді басып алып, сол жерде тұрақтану үшін келді. Олар Иерихон қаласындағы қамалға жақындады. Әскер қамалға қарай шабуыл жасаған жоқ, оның орнына Алла Өзі сол қамалды қиратты. Содан кейін де көптеген шайқастар болды, сөйтіп Алла Өзі Уәде еткен жерін ақырындап халыққа беріп отырды. Содан кейінгі ұрпақтан Алла пайғамбарлар мен билерді шығарып отырды, олар Самауил және Самсон болды. Тауратқа сүйенетін болсақ, олар Ыбырайымның балаларын өздерінің артынан ерітіп жүрді. Біраздан соң, Исраилдіктер патша сұрай бастады. Алайда Алла, егер патша келетін болса, олардың өмірлері қиынға соғатынын ескертті, бірақ олар бәрібір патшаны қалады. Бірінші патша Саул болды, сосын Дәуіт, сосын Сүлеймен болды. Олардан соң да көптеген патшалар келді.

Иса әл-Мәсіх келгенге дейін, Ыбырайымның балалары Уәде етілген жерде көптеген соғыстарға қатысты. Кейде Алла оларды қылышпен соғысуға шақырса, кейде Алла жауларын кереметпен жеңіп шығуға жол беріп отырды.

Сүлеймен патшалық құрып отырған мерзімде Алланың уәдесі орындалды, сонда Ыбырайымның балалары бейбіт өмірден ләззат алып, Алланың берген шекарасын сақтап, өркениетті өмір сүре алды. Осы шекараның ішінде шайқас мүлдем болған емес.

Иса әл-Мәсіх келгеннен соң, Алланың уәдесі тәни Ыбырайымның ұрпақтарынан бөлек, басқаларға да жарылқау бата болып келді. Алла енді тек Ыбырайымның тәни балаларына ғана назар аудармайды. Оның ең басты

мақсаты, енді күнәға кешірім беру барлық ұлттағы адамдарға, тілдерге және халықтарға ұсынылды.

Алланың Патшалығы – бұл рухани патшалық. Иса былай деген: «Менің Патшалығым осы дүниелік емес. Егер де Патшалығым осы дүниелік болса, онда Менің қасымда сақшыларым жүріп, олар Мені яһуди басшыларының қолына түсірмеу үшін күрескен болар еді. Бірақ Менің Патшалығым осы дүниелік емес, — деп жауап берді» (Жохан 18:36).

Інжілді оқитын болсақ, Алланың Патшалығында саяси немесе географиялық шекара жоқ. Оның не әскері, не қару-жарағы болған жоқ. Оның жер бетінде Уәде еткен жері де жоқ. Иса оны былай түсіндірді: «Сондай-ақ оны «Міне, мұнда!» не «Әне, анда!» деуге болмайды. Себебі Құдайдың Патшалығы сендердің жан дүниелеріңде, — деді» (Лұқа 17:21).

Исаның айтқан радикалды ойлары діни жетекшілерді таңқалдырды. Жүздеген жылдар бойы олар өздері, Жерорта теңізінен шөл далаға дейінгі жерді, Уәде етілген жер деп санап келген болатын. Кейбіреулері өздерінің жерлерін қылыштың ұшында қорғап қалуға дайын болған. Ал кейбіреулері римдіктерді қалай болсада қуып шығудың жолын іздестірді, тіпті ланкестіктік жасауға да дайын болды.

Иса еврейлердің немесе римдіктердің билігін құлатуға тырысқаны жайлы Інжілде бірде-бір дәлел жоқ. Керісінше. Исадан, яһудилер салық төлеу керек пе?, деген сұрағына, Ол былай деп жауап қатты: «Маған салыққа төлейтін бір күміс теңгені көрсетіңдерші! — деді. Олар Оған бір күміс

теңге әкеліп берді. Иса: — Мына сурет пен жазу кімдікі? — деп сұрады. Олар: — Рим патшасынікі, — деп жауап берді. Сонда Иса: — Олай болса, патшаға тиістісін патшаға, ал Құдайға тиістісін Құдайға беріңдер! — деп тұжырымдады» (Матай 22:19-21).

Иса ұсталып берілер түні, досы Петір Оны қылышпен қорғап қалуға тырысып, аяусыз бір малайының құлағын шауып түсірді. Ал Иса кереметпен сол кісінің құлағын сауықтырып, Петірге былай деді: «Семсеріңді қынабына сал!...» (Жохан 18:11). Сөйтіп нақты нүктесін қойды. Исаның осы сөзінен кейін достарының ішінен ешқайсысы, зорлық-зомбылықпен сенімді қорғап қалуға тырысқан емес.

### **Ал айғыш-ағаш жоруы жайлы не дейсіз?**

Иса әл-Мәсіх жер бетіне келіп кеткеннен кейін мың жылдан соң, Римде діни саяси жүйе қолға алынып, «Папалық» деп аталатын жүйе басталды. Римдік Католик папасы Халықаралық топтың басшысы болып саналды.

Інжілдік ілімнің шекарасынан шығып кетіп, олардың жүйелері адами саясат пен әдет-ғұрыпқа айналды. Ислам Солтүстік Африка, Палестина және Таяу Шығысқа тараған сайын еуропалықтар арасында уайым пайда бола бастады. Егер мұсылмандардың әскерлері Таяу Шығыстағы халифтың жетекшілігімен, рим католиктерінің елінің жүрегіне қауіп төндіретін болса, онда не болар еді? Одан бөлек, Папа және оның өкілдері, Құдыс олардың қажылары үшін ашық болғанын қалады. Сол уақыттары діни және саяси күштері күшейіп, алдынан шыққандарды қырып-жоятын дауыл секілді, қиратуға дайын тұрды.

Мен Папаның немесе діни биліктің қолшоқпары ретінде емес, өзім Исаның және Інжілдің ізбасары ретінде бұны жазып отырмын. Біздің эрамыздың 1095-1291 жылдары католиктер мен мұсылмандардың арасында болған соғыстың себептері мен олардың іс-әрекеттерін әшкерелегім келмейді, менің айтпағым бір шындыққа тоқталып кеткім келеді. Інжілдің ешбір жерінде мәсіхшілерге физикалық тұрғыда қолдарыңа қару-жарақтарыңда алып, айғыш-ағаштың туының астында басқа біреулермен соғысыңдар деп шақырмайды. Әдетте, билік иелері өздерінің азаматтарын зұлым күштерден қорғау мақсатында бір-біріне қарсы шығуға міндетті, әрі құқы бар, ал Алланың Патшалығында ұлттық шекара деген жоқ. Исаның жер бетінде әскері болған емес. Иса туралы Ізгі хабар, адамдардан адамдарға сөз және сүйіспеншілік арқылы беріледі.

Екіншіден, сол кездегі римдік айғыш-ағашын арқалаушылар Құдыс қаласын, киелі қала ретінде өздері барып тұру үшін, қорғау маңызды деп санады, ал Иса бұндай ойды жоққа шығарады. Осыған дейін оқығанымыздай, шынайы рухани табыну үшін, арнайы қалаға немесе тауларларға тәуелді болмауымыз керек деп Иса айтқан болатын.

Өкіншке орай, Айғыш-ағаш жоруы қаншама өмірлер мен қалаларды жойып қана қоймай, сонымен қатар Исаның беделін мұсылмандардың арасында аяққа таптап, қауымға үлкен масқара-ұят алып келді.

Мәсіхшілердің бәрі сол кезде адасқан жоқ. Франциск Ассизский Мысырға аттанып, сол жерде халифпен кездесіп,

шайқас майданындағы ашу-ызаның орнына, бейбіт жолмен, келісім жасасып шешуге үміттенді.

16-шы ғасырда Мартин Лютер былай деп жазған: «Егер мен сарбаз болып, шайқас майданында туды немесе діни қызметкердің айғыш-ағашын көретін болсам, тіпті егер ол айғыш-ағашқа керілуге бара жатқанның өзі болса да, мен қашып құтылар едім, тіпті сайтанның өзі менің артымнан қуып келе жатқандай қашар едім».

Ол Айғыш-ағаш жоруы Аллаға қарсы шығу, әрі Құдайға тіл тигізу деп санады. Оның пікірінше, сарбаздар айғыш-ағаш жоруында шайқаспауға құқықтары бар деп санады, өйткені бұл рухани және осы дүниеліктің жалған қоспасы деп білді.

Әділдік үшін айта кететін бір нәрсе бар, жақында, яғни 21-ші ғасырда Иоанн Пауыл 2-ші папа қауымның атынан, сол жасаған барлық зорлық-зомбылықтары үшін кешірім сұрады.

«Біз кешіреміз және бәрінен кешірім сұраймыз. Біз мәсіхшілер арасында болған қарама-қайшылықтар үшін, зорлық-зомбылық танытқанымыз үшін де кешірім сұраймыз, әрі сенімсіздік көрсетіп, басқа дін өкілдеріне дұшпандық көз-қараспен қарап шынайы қызмет ете алмадық».

Осы кешірім сұрауды оқи отырып, мен рим-католиктерінің жасаған зұлымдықтарын шынымен мойындағанын бағалауға болады деп санаймын. Сонымен қатар, олардың кешірім алғысы келгенін де бағалауға болады. Соған қарамастан, мен рим-католиктері Інжілдік ілімнен алыстап кеткендерін мойындағанын қалар едім, олар соның орнына

өздерінің әдет-ғұрыптарын Киелі Жазбамен қатар қойуын жалғастырып келеді.

## 4-ші тарау.

### 4-ші Сүре: Әл Ниса

#### **Жетімдер мен әйелдер (Сүре 4:3)**

Сарбаздар – соғыстың жалғыз құрбандары емес. Соғыс майданында шейіт болған әкелер мен күйеулер, олар балалары мен әйелдерін жетім етеді. Одан бөлек, кейде жеңіске жеткен жақ тұтқынға алынған немесе өлген жауларының әйелдері мен балаларын өздерімен бірге алып кетті. Құран сондай адамдар үшін қамқор болуға шақырады.

«Егер (үйленгенде) жетім әйелдер жайында әділетсіздік істеуден қорықсаңдар, өздеріне жаққан басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіңдер. Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсаңдар, онда біреу алыңдар немесе қолдарыңдағы күң де болады. Әділетсіздік болмауға жақынырағы осы».

Құрандағы көп әйел алу жайындағы шарттары (екі адамнан көп болған неке), демек, төрт әйелден артық некеде болмау, соның өзінде бәріне бірдей қарым-қатнаста тұру керек.

Мұсылман ер азаматтарының күңдері болу керек пе?, деген сұрақ бар екені рас. Сонымен қатар, құлдық жайлы да сұрақ туындайды.

Ер азаматтар мен әйелдердің арасында бір-біріне тартатын туа біткен қасиеттері бар. Бұл алғашқы уақыттан бастау алады. Сонымен бірге, Алла бірінші некені Эдем бағында ойлап қойған, соған байланысты «дұрыс қолдану жетекшілігі» жайлы да қосымша айтып кетті.

«Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне берік қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады. Адам мен оның әйелі жалаңаш еді, ал олар бұған ұялған жоқ» (Жаратылыстың бастауы 2:24-25).

Сол замандағы шынымен ең бір керемет нәрсе, Адам ата мен Хауа ана бір-біріне көз тоймастай қарай алатын, әрі сол үшін ешқандай ұяттық сезімі деген болған емес. Ұят емес!

Адам ата мен Хауа ана бір-бірімен ғана некеде болды. Олардың көптеген балалары болды, алайда Таураттың ешбір жерінде Адам ата басқа да әйелдерді немесе күндерді алды деп жазылмаған. Себебі жанында жалғыз әйел болды, қалғандары оның қыздары болды деп, мүмкін кейбіреулер менімен келіспейтін шығар. Алайда Алланың Адам ата мен Хауа анаға берген нұсқауында, бір күйеуі және бір әйелі жайлы айтты.

Адам ата мен Хауа ана болашақтағы некелердің үлгісі болды. Нұқ пайғамбар өзімен бірге кемеге бір әйелді алды. Ыбырайым қартайып, өле-өлгенше өзі әйелі, Сарраны жақсы көрді. Осы үрдіс Ыбырайымның ұрпағынан бастап ақырындап өзгере бастады. Жақыпты алдап, Лия есімді басқа әйелге үйленуге мәжбүрледі. Ол онымен бақытты бола алмады, сосын кейінірек өзінің шынымен жақсы көрген оның әпкесі Рахилаға үйленді, ол оған басында үйленгісі келген. Оның ұлы Жүсіпті, бауырлары Мысыр жеріне

күлдыққа сатып жіберді. Алла Жүсіпті жарылқап, ол перғауынның жоғарғы үкімет басындағы шенеуліктерінің бірі болып алды. Жүсіп мысырлықтардың ішінен бір әйелді өзіне әйелдікке алды деп Таурат жазады.

Бір әйелдіктен көп әйел алу үрдісі, Сүлеймен патшаның дәуірінде ақырындап ауыса бастады. Ол жеті жүз әйел және өз халқының ішінен әрі көрші елден үш жүз күнді алды. (3-ші Патшалықтар 11:3). Мүмкін ол өз өмір салтынан көзді ашып жұмар рахат-ләззат алған да шығар, алайда ол оған қымбатқа түсті, өйткені сол әйелдері оның жүрегі Иемізден алыстап кетуге жол берді.

Сүлейменнен кейін исаилдік патшалардың ішінен көпшілігі бір әйелден көп әйел ала бастады. Ақыры соңында, жат-жерліктер олардың жерлеріне шабуыл жасап, оларды жаулап алды. Иса Бетлехем қаласында туылған кезде, римдіктер Жерорта теңізінің барлық жағалауын өз қол астыларына алған болатын. Ұлы патшалардың династия мерзімі келмеске кетті, ал оның орнына көп әйел алу заманы да келді.

Иса неке жайлы не айтар екен деген қызығушылықпен яһуди басшылары Оған сұрақпен келді. «Күйеуінің кез келген себептен әйелімен ажырасуына бола ма? — деген сұрақ қойды» (Матай 19:3). Сол діни жетекшілер Исаны сөзінен ұстап алғылары келді. Егер Иса «заңды» деп жауап беретін болса, онда олар ажырасуды қолдап отыр деп, Оған айып тағар еді. Ал егер Иса «заңсыз» деп жауап бергенде, онда олар Мұсаның айтқан сөзіне қарсы келіп тұр деп айып таққан болар еді. Олар шындықты білгілері де келген жоқ,

оларға маңыздысы Исаны халық алдында ұятқа қалдыру болды.

Иса олардың құрған тұзағынан құтылып, былай деп жауап берді:

«Сендер Жаратқан Иенің әуел бастан-ақ «адамды бірін еркек, бірін әйел қылып» жаратқанын (Тауратта) оқымап па едіңдер?! Сол кезде Ол былай деген: «Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады». Осылайша олар енді екеу емес, біртұтас. Сонымен Құдай қосқанды адам баласы ажыратпасын!» (Матай 19:4-6)

Егер байқаған болсаңыздар, Иса Алланың неке жайлы Адам ата мен Хауа анаға берген нұсқауын сөзбе-сөз айтып берді. Бір еркек, бір әйелге үйленеді. Бұзылып қалған компьютерді қайта қосқан секілді, Иса неке жайлы сұрақты қайта жаңғыртты. Ажырасу ше? Жақсы емес. Ал көп әйел алу ше? Түпнұсқада ол туралы мүлдем жоқ. Екі адам бір тұтас болу үшін, бір-бірімен қосылады. Қандай керемет, суреттеме десеңізші. Жыл сайын махаббат жайлы ән, романтикалық фильмдер және кітаптар шығару үшін миллиардтаған доллар жұмсалады, әрине соның ішінде ер азамттар мен олардың қалыңдықтары туралы да әндер шығып жатыр.

### **Мұқтаж адамдарға әділдікпен қарау (Сүре 4:9-10)**

Құран жетім балалардың мұқтаждығы жайлы ерекше назар аударады. Сүре 4:9-10 былай дейді:

«Арттарында нашар (жас) балалар қалдырса, оларға не болар екен деп уайым жесін. Алладан

қорықсын да, дұрысын айтсын. Негізінен сондай жетімдердің малдарын зұлымдықпен жегендер, олар қарындарын от пен толтырған болады. Сондай-ақ жалындаған тозаққа кіреді».

Алғашқы мұсылмандардың дәуірінде Мединанда көптеген әйелдер мен балалар қамқорсыз қалды, өйткені олардың ер азаматтары соғыста қайтыс болып кетті. Сол мұқтаж әйелдер мен балалардың жағдайы не болады? Құран соларға қарауға арналған ереже жасады. Оларды аш қалдырудың орнына (Умма) оларға әділдікпен қамқор болуға шақырды, сөйтіп олардың биологиялық әкелерінің қазынасынан мұрагер болсын деді. Бірақ ислам жетімдерді асырап алуға тыйым салған. Тіпті бір отбасы жетім баланы асырап алса да, бала оларға қонақ іспетті болады, сондықтан ешқашан олардың биологиялық баласы бола алмайды.

### **Неке адалдығын бұзғаны үшін жаза (Сүре 4:15-16)**

Құрандағы көптеген үзінділер қоғамда Шариат заңына ұстануға бағытталған. Сүре 4:15-16-шы аяттарда нақты (зинақорлыққа) сексуалды азғындыққа түскендерге қарсы күресуге арналған нұсқаулар берілген.

«Сондай әйелдеріңнен зина қылғандар, оларға өздеріңнен төрт айғақ келтіріңдер, егер олар айғақ болса. Онда оларды өлгенге дейін не Алла бір жол қойғанға шейін үйлерде қамаңдар... Сендерден арсыздық істеген екеуіне де жапа беріңдер. Егер екеуі де тәубе етіп, түзелсе, олардан бет бұрыңдар. (тиіспеңдер.) Негізінен Алла, тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді».

Мен Азияда тұрған жылдарымда, байқаным, көптеген адамдар батыстық өмір-салтын еліктіргіш, сексуалды азғындыққа душар болғандар және аморалды өмір сүретіндер деп санайды. Әрине, мен неліктен екенін түсінемін. Батыстық сексуалды көтеріліс барлық моралдық шекараны бұзып, жарып өткен, себебі адамдарға не ұнаса, соны жасауға рұқсат береді. Тууға бақылау жасап, жүктілікке қауіп төнгізіп, түсік жасатады. Теледидар, кино және музыка арқылы ең төменгі актілерді мақтап, оларды жарнамалайды. Көптеген Голливуд фильмдері гомосексуализмді, ажырасуды, зинақорлықты, некеге дейінгі жыныстық қатнасты, сексуалды азғындықты және нашақорлықты ашық жариялайды. Сонымен, адамдар жыныстық азғындықтарды көріп жүретін болса, онда Батыс жайлы адамдар не ойлауына болады? Менің мұсылман достарым сондай сексуалды мәдениеттің жоғалғанын айыптап, солар тарихта «мәсіхшілердің» іс-әрекеті болған деп санайды.

Қаншалықты батыс киімдері, ойын-сауық орындары мен өмір салты ақырындап, мұсылман әлемінде еніп бара жатқан болса, «Құдай» деп жүрген адамдарды одан сайын көбірек уайымға салады. Меніңше, жыныстық азғындық – бұл ісік ауруы іспетті, барлық жерге тарап, барлығына жұғып адамдарды одан сайын Алладан алыстатқан сайын, алыстатып жатыр.

Осы Құрандағы екі аятта жыныстық азғындыққа түскендерге жаза бар екенін айтады, алайда қандай жаза екенін анықтап айтпайды. Тауратқа оралатын болсақ, біз ежелде жазылған жазалар туралы таба аламыз.

«Егер ер адам басқа біреудің әйелімен жақындасса, сол еркек те, әйел де өлтірілсін» (Леуіліктер 20:10).

Алланың көз қарасымен қарайтын болсақ, зинақорлықтың арты өлім. Кез келген жыныстық азғындықтар үлкен зиянды күнәлар категориясына жатады. Бұл отбасыларын құртып, болашақ ұрпақты жойып жіберу мүмкін. Соған қарамастан, көптеген адамдар құмарлықтарын тия алмай, бір сәттік рахат-ләззаттың артынан еріп, ондаған жылдарын жоғалтып алып жатады.

Үміт бар ма? Таурат немесе Құран дәуірінен бері адамзаттың табиғаты өзгерген жоқ. 21-ші ғасырда да адамдар сәтсіздікке душар болып келе жатыр.

Бұл туралы Інжіл не дейді? Бұл жерде біз өте ерекше бір оқиғаны таба аламыз. Біркүні таңертең Иса әдеттегідей ғибадатханаға тәлім беруге келеді. Сол таңда діни жетекшілер тағы да Исаға жақындап келіп, Оны сөзінен ұстап алғылары келеді. Ғибадатхананың ауласына бәрінің көзінше, неке адалдығын бұзып жатқанда ұстап алған бір әйелді алып келеді.

Осы оқиғаны көз алдыларыңызға келтіру оңай. Айналасын қоршаған сақалды қарттар, өздерін әділміз деп санаған, әрі ашу-ызаға толы, қан төккісі келіп тұрған адамдар. Әйел тізесімен жерге құлап, басын көтеруге шамасы келмей, аяқ астындағы шаңнан көзін ала алмай жатты. Сонда бір топ адам, Иса не айтар екен деп құлақтарын тосып, тып-тыныш болып қалды.

«Ұстаз, мына әйел неке адалдығын бұзған қылмысы үстінде ұсталды! Таурат заңында Мұса

бізге мұндайларды тас лақтырып өлтіруді бұйырған. Сіз бұған не айтасыз? — деді. Сол діндарлар Исаны сынап, айыптайтын сылтау табу үшін осыны айтқан еді. Бірақ Ол еңкейіп, саусағымен жерге жазып, оларға көңіл бөлмеді. Әлгілер сұрай берген соң, Иса басын көтеріп: — Араларыңда кімде-кім күнәсіз болса, сол әйелге бірінші болып тас лақтырсын, — деп, тағы да еңкейіп, саусағымен жерге жазып отыра берді. Олар Оның сөзін естігеннен кейін ұялып, алдымен үлкендері, содан кейін басқалары бірінен соң бірі шығып кетті. Ал Иса ортада тұрған әйелмен оңаша қалды. Басын көтеріп, әйелден: — Әлгі айыптаушыларың қайда кетті? Саған ешкім үкім шығарған жоқ па? — деп сұрады. Ол: — Ешқайсысы да, Мырза, — деп жауап берді. Ал Иса:— Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма! — деді.» (Жохан 8:5-11).

Міне, біз жолдың маңызды қиылыстарының біріне де жетіп келдік. Осы жерде Иса жыныстық азғындықты қолдап отырғандай көрінді ме? Жоқ, олай емес. Басқа жерде Иса былай деген, тіпті басқаларға құмарлы көзбен қарайтын болсаң, жүрегінде күнә жасап тұрсың, бұлда зинақорлықпен бірдей. Басқаша айтқанда, Киелі Жаратушының көз алдында ісіміз секілді, құпия ойларымызда күнә болып саналады. Иса басқаларға қарағанда тарихта тазалық жайында өте үлкен стандартын орнатты.

Онда неге Ол сол әйелді жазасыз жібере салды? Ол Өзі күнәсіз болғандықтан, сол әйелді таспен атқылап тастауға құқығы болмады ма? Ишайя пайғамбар күнәні жазалауда Алланың радикалды шешімі бар екенін айтады.

«Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық» (Ишаия 53:5)

Иса әл-Мәсіх, Алланың Тоқтысы ретінде аморалды әйелдің өмірін қиюға дайын тұрған тасты аяғымен басып тұрғандай болды. Әйелдің жаралары, Оның жараларына айналды. Әйелдің жазасы Оның иығына салынды.

Осы жол жыныстық азғындыққа түсе беруге болады дегенді білдіреді ме? Бұл сексуалды сақтандыру полисын сатып алғанмен бірдей сияқты болып тұр ғой, шексіз жыныстық азғындыққа түссеңде, ешқандай азап шекпейсің бе? Бұл кішкентай балаға отпен қанша ойнағың келсе ойнай бер, бірақ күйіп қалып, жанып кетпе?, дегенмен бірдей. Сондықтан шығар «Батыс мәсіхшілері» соншалықты азғындыққа түсіп кеткені, солай ма?

Жоқ. Сексуалды күнә бәрібірде осы өмірде өз салдарын береді. Оның салдары тері ауруларына, түсік тастаған балаларға, жақсы көрмейтін балаларға, сенімділікті жоғалтуға және беделінді аяқ асты етуге душар еткізеді. Одан бөлек, Інжіл адамдарға сүйіспеншілікпен ескертеді, сексуалды күнә – шын мәнінде кез келген күнә ақыры соңында мәңгілікте Алладан ажырап кетуге ықпал етеді. Біз

Алла бергісі келетін бостандыққа жетелейтін үмітті іздеуіміз керек.

### **Күйеулер әйелдерімен қандай қарым-қатнаста болу керек (Сүре 4:34)**

Некені қалай анықтауға болады? Бұл – іскерлік серіктестік пе, бала жасап шығаратын фабрика ма, адамдардың бірге тұратын қонақ үйі ме? Некеге кім жауап береді? Сүре 4:34-ші аят былай дейді:

«Еркектер; әйелдерді билеуші. Өйткені Алла, бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар; малдарынан да пайдаландырады. (Әйелдерге мәһер, нафақа береді.) Ал енді жақсы әйелдер; бой ұсынушылар, Алла қоруға бұйырған көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар. Ал сондай-ақ әйелдердің бас тартуларынан сезіктенсеңдер, сонда оларды насихаттаңдар және оларды төсектеріңде тастап қойыңдар. (Одан болмаса) оларды сабаңдар. Ал егер олар сендерге бой ұсынса, онда олардың зиянына бір жол іздемеңдер. Расында Алла өте жоғары, тым ірі».

Осы аят үйдегі күйеудің ролін нақты анығырақ етіп көрсетіп береді. Күйеуге өз әйеліне қамқор болу тапсырылған, тіпті кейде күйеуіне мойынсұнбағаны үшін оны жазалап та алады, жұбайлық қарым-қатнастан қашса, ұрып алуға да болды. Әлемдегі әр елдің некелеріне қарайтын болсам, менде сұрақ туады, жалпы махаббаттың некеге қандай да бір қатысы бар ма? Қазір ғана Исаның аузынан шыққан бір-бірін сүйетін күйеу мен әйелдің қарым-қатнасы жайлы керемет сөздерді оқыдық. Алла күйеулер

мен әйелдер бір-біріне Иса әл-Мәсіхтің алдында тұрып мойынсұнғандай, мойынсұну керек дейді. Ол күйеулерді өзін құрбандыққа беруге дайын болған сарбаз секілді болуға шақырады. Шексіз махаббаттың жетелуімен күйеулер өз әйелдері үшін өмір қиюға дайын болуы керек. Үймен және азық-түлікпен қамтамасыз етуден бөлек, күйеулер әйелдерінің қалауын, өздерінің қалауларынан да жоғары тұту керек. (Ефестіктерге 5:22-23).

Керемет емес пе? Мүмкін емес ғой? Бірде мен фильм көрдім, фильмде бір күйеу жігіт өзіне спорттық катер сатып алу үшін 20000 доллар үнемдеген екен. Оның пікірінше, ол өзін қуанту керек, себебі көп жұмыс істеген, өрт сөндіруші болғандықтан, талай рет қауіпті сәттерге душар болған. Сол уақытта, оның кәрі шақтағы әйелінің әкесіне үйде емделу үшін оған жаңа медициналық керует қажет еді. Керуеттің де құны 20000 доллар тұратын. Ол көп айлар бойы эгоистік оймен өзіне жаңа катер алғысы келіп армандап жүрді, алайда оның ойына жинаған қаражатына жаңа керует сатып алу деген басына кіріп те шықпаған. Ол өзін бірінші орынға қойып жүрген кезде, оның әйелі әбден жалықты. Ақыр соңында әйелі жұмысындағы бір еркекпен ойнастық жасай бастады, сөйтіп эгоист күйеуінен кетіп қалуды армандады. Күйеуі некесінің соншалықты төмен дәрежеге түсіп кеткенін мойындап, тәубешілікке келді. Біріншіден ол не істеді, 20000 долларды алып, ешкімге білдірмей, қайын атасы үшін жаңа керуетті сатып алды. Әйелі күйеуінің жасаған құрбандығы жайлы білген кезде, оның жүрегінде қайтадан үміт оты бұрық ете қалды.

**Адасушылық (Сүре 4:44)**

Сол уақытта Мұхаммед Арабияда тұрып жатты, ал индуисттер мен буддисттер шығыс жағында мыңдаған километр қашықтықта тұратын еді. 6-шы ғасырда олардың арабтармен мүлдем қарым-қатнасы болған емес. Алайда көптеген Жазба адамдары (соның ішінде еврейлер мен мәсіхшілер) Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада тұрып жатты. Олардың арасында жиі қарым-қатнас болатын, себебі олар әрқашан керуенмен сол жерден өтетін. Олар ауылдарда тұратын, әрі шөлдала мен өзен жағалауларында қоныстанған еді. Құранның айтуынша, солардың кейбіреулері қате пікірді таратып жүрді. Сүре 4:44-ші аятта: «Өздеріне Кітаптан бір үлес берілгендерге қарамайсың ба? Олар, адасуды сатып алды. Сендерді де жолдан аздыруды қалайды».

Шынымен, кейбіреулері сөзсіз сондай болған! Тауратта, Пайғамбарлар жазбасында және Інжілде жазылғандарға қарамастан, тарихтан біз білеміз, адам санасына кірмейтін көптеген ойларды айтып, адасушылыққа барғандар болған. Мысалы, кейбіреулер Иса әл-Мәсіх үйленген, Оның балалары болған деп үйретеді. Ал тағы біреулері Мәриямды тым жоғары көтеріп, оны киелі санап, тіпті оған және өлген киелі адамдарға мінажат етеді.

Шындық болған жағдайда, біз қателікті анықтауға мүмкіндік аламыз. Егер нағыз шын ақшалар болмаса, онда біз қолдан жасалған ақшаны білмес едік. Математикада мынадай қателіктер болмас еді, мысалы  $2+2=5$  десек, егер  $2+2=4$  деген қалыптасқан шындық болмаса, анықтау мүмкін емес еді. Қателік табылса, демек шындықтың бар екенін дәлелдейді. Негізі яһудилер мен мәсіхшілерде әртүрлі

адасушылыққа барды, яғни бұл Таурат, Пайғамбар Жазбасы және Інжілдің шындық екенін жоққа шығара алмайды. Солай болмаса, онда Құран не үшін Жазба иелеріне, олар өздерінің кітаптарына сенім арта алады ма?, деп айтты.

### **Кешірім болмайтын күнә (Сүре 4:48)**

Кешірім болмайтын күнә деген не? Кісі өлтіру емес. Зинақорлық емес. Ұрлық жасау емес. Басқа бір адамның құқығын бұзу емес. Құрандағы осы аятқа байланысты, кешірім болмайтын күнә деген, ол – пұтқа табынушылық немесе Аллаға серік қосу (яғни басқа құдайларды Онымен тең дәрежеге қою).

Шынымен, Аллаға серік қосатын болса, Ол оны кешірмейді, алайда басқа барлық күнәларды кешіреді (немесе өте ауыр болмаса), кімді кешіргісі келсе, кешіреді. Кім Аллаға серік қосатын болса, сол үлкен күнә жайлы ойлағаны.

Мәсіхшілер мен еврейлер пұтқа табынушылық – бұл үлкен күнә екеніне келіседі. Осы қорқынышты күнәға кім кінәлі?

Меккенің тұрғындары Алланы Мұхаммед туылмай жатып білгендерін, біз білеміз. Мұхаммедтің әкесінің аты Абдулла болған. «Алла» деген сөз Мұхаммед келместен бұрын, жүздеген жылдар алдын жазылған құжаттардан табылған. Алла деген «Құдіретті» деген мағынаны білдіреді. Пұтқа табынған арабтар, Алла, Алладан да жоғары деп санаған.

Меккенің жүрегінің ортасында орналасқан Каабаны, яғни арабтардың жүрегін салған Ыбырайым мен Ысмағұл деп Мұхаммедтің өзі үйреткен. Егер солай болатын болса, онда арабтар Алланы ежелгі уақыттан бері білетін еді. Соған қарамастан, олар Каабаны пұттармен толтырып тастады.

Егер олар Алла туралы білген болса, онда неге пұтқа табынушылықты жалғастыра берді, олар сонда кешірілмейтін күнәға кінәлі болғаны ма?

Келіңіздер, сол туралы ойланып көрейік. Егер сол меккеліктер Аллаға табына отырып, қасына басқа құдайларды жасап алса, онда қалай Алла оларды кешіреді?

Мүмкін, осы аяттың мағынасы, егер Мұхаммедтің нұсқауын есіте тұра, кімде-кім өзіне пұт жасап алатын болса, сондай адамды Алла кешірмейді, сондай шығар. Алайда солай болды делік, егер олар Мұхаммедтің ескертуін есіте тұра, кешірімейтін күнә жасап қойса, онда неге Құран пұтқа табынушыларды тәубе етуге шақыруын жалғастырып жатыр?

Иса Алланың жанында екінші құдай болды деп, онда мәсіхшілерді неге айыптайды? Егер кейбір мәсіхшілер екі, үш немесе одан көп құдайларға шынымен табынатын болса, енді оларға ешқашан кешірім жоқ дегенді білдіреді ме? Егер солай болатын болса, онда неліктен оларды бірнеше рет тәубеге шақырады?

Осы аятқа қарайтын болсақ, кім кешірім ала алатыны түсініксіз. Егер кімде-кім қандайда бір жалған құдай жасап алып, оны басқалардан бір деңгей жоғары немесе Алладан жоғары тұтатын болса, олар қанша жерден тәубе етсе де, бәрібір тіке тозаққа барады дегені ғой.

Кешірілмейтін күнә бар екеніне мәсіхшілер толығыман келіседі. Иса сол туралы айтты. «Сондықтан сендерге айтамын: адамдардың жасаған бүкіл күнәлары мен Құдайды қорлауларына кешірім беруге болады; бірақ Құдайдың

Киелі Рухын қорлайтынға кешірім болмайды» (Матай 12:31). Иса қазір ғана бір адамның жынын қуған болатын, сонда діни басшылар Ол сайтанның күшімен жынды қуып шықты деп айыптады. Иса арқылы Алланың Рухы ғажап іс жасағанын олар көре алмады. Олар Исаға сенім артуға шақырса да, Алланың Рухына қарсы тұрды. Сонымен Иса, Оның Рухына қарсы шыққандарға Алла Өзінің мейірімін көрсете алмайды, деді. Қатайып кеткен жүрек кешірімді қажет етпейді. Ал кішіпейіл жүрек ешқашан Аллаға «Жоқ» деп айтпайды, керісінше, әрқашан Оған «Ия» деп тұрады.

### **Дәнекершілер (Сүре 4:64)**

Біреу Алладан, басқа бір адамның атынан кешірім сұрауға болады ма? Құранда көптеген жерлерде дәнекершілерден сақ болуға шақырады. Алайда бәрібір Сүре 4:64-ші аятта мүмкіндік бар екенін ашық күйде қалдырады.

«Пайғамбар атаулыны Алланың нұсқауымен бой ұсынылуы үшін ғана жібердік. Егер олар өздеріне бір кесір істеген заман, саған келіп, Алладан жарылқану тілесе, әрі Пайғамбар да олар үшін жарылқау тілесе, әрине олар Алланы; тәубені өте қабылдаушы, ерекше мейірімді түрде табар еді».

Жаратқан Киелі Құдіретті Құдайдың алдына қандай адам келе алады? Аспандағы Оның тағына қандай адам кіре алады? Мүлдем айыпсыз адам басқа біреу үшін дәнекер бола алады ма? Егер дәнекер болатын адам өзінің жеке ауыртпалығын арқалап жүрсе, ол өзі дәнекерге мұқтаж емес пе? Мысалы үшін, егер Адам ата Аллаға жақындағысы келіп, ағасы Әбілді өлтірген баласы, Қабыл үшін дәнекер болғысы келсе, Алла оған не дер еді? «Адам сен Менің

тыйым салған жемісім жайлы есінде ме? Сендер одан дәм таттыңдар ма?» Адам ата ұяттан безіп кетсе де, Киелі Алланың Өзіне ешқашан жақындай алмас еді. Ұяттың көлеңкесі басқа адамдарға түсе алады, алайда өзіне осы дәуірде ешқашан түспейді. Бұл – басқа адамдар үшін Алланы шақырып кешірім сұрағысы келген кез келген адамның проблемасы.

### **Күрескісі келмейді (Сүре 4:74-78)**

Егер адам бар күшімен темекі тастағысы келсе, ол қиналып, ауыртпалық көретін болады, себебі оның тәні тынышталу үшін тағыда темекіден бір тартқысы келіп тұрады. Бұл адам өз-өзімен күресіп жатыр.

Ислам пайда болған алғашқы күндері мұсылмандар басқа нәрсемен күресті. Арабияның жайма-шуақ күн түскен құмының үстінде, олар сайтанды дос деп санап, Алланың жолына қарсы шыққан адамдармен күресті. Бәрібір кейбір алғашқы сенушілер, адамдардың тәніне зақым келтірмей немесе оларды өлтірмеуге тырысты. Кейбіреулері «тіпті адамдардан қатты қорықты немесе олар Алладан гөрі адамдардан қаттырақ қорықты». Құран сондай қорқақтарды әшкерелейді. Ол жерде былай делінген, олар шайқас майданынан өздерінің мұнараларында жасырынып қала алмайды, себебі Алла сол жерде де олардың өмірін алатын болады.

Ары қарай 95-ші аятта былай дейді, Алланың жолында күресіп жүрген сенуші, үйінде отырған сенушіден артық. Күрескен адам ерекше сыйлық алатын болады. Тіпті ауыр болса да, сенуші адамға күресті жалғастыра беруге кеңес береді. 104-ші аятта: «Ол қауымды іздеуде селқостанбаңдар.

Егер сендер күйзелген болсаңдар, расында олар да сендер күйзелгендей күйзелуде. Негізінен сендер Алладан олардың үміт етпеген нәрсесін үміт етесіңдер. Алла толық білуші, хикмет иесі». Мен осы аяттарда, бұл адамдардың күресі деп қабылдаймын, соның ішінде темекі тастағысы келген кісі секілді, алайда алғашқы ойы әскерилермен болатын тәни шайқас болған еді.

### **Ыбырайым – Алланың досы (Сүре 4:125)**

Ыбырайым ерекше не істеді? Құран оны «Алланың досы» деп атады. Алла оны Өзі жеке шақырып, оған ерекше сыйлық беремін деп уәде етті. Інжілде былай дейді, «...Ыбырайым Жаратқан Иеге сенді, сондықтан Жаратқан Ие оны Өзінің алдында ақтады...» (Римдіктерге 4:3). Қандай да бір игі іс жасар алдында, әрі өзінің алғашқы құрбандығын әкелер алдында, әрі Уәде еткен Жерге кірер алдында ол Аллаға сенім артты. Соның нәтижесінде Алла Ыбырайымға Өзінің әділдігін салды. Неге? Өйткені Алланың беретін уәдесі болашақта орындалады деп қарады. Ол болашақта әл-Мәсіхтің келетінін көрді. Ол әл-Мәсіхке сенім артып, сол үшін қуанды.

### **Яһудилер Исаны өлтірген жоқ (Сүре 4:153-161)**

Бұл үзіндіде Ыбырайымның балалары өте үлкен жағымсыз жағдайға түсіп қалады. Ол жерде, олар Келісімді бұзып, Аятты жоққа шығарып, Алланың жібергендерін өлтірді делінген. Осының алдындағы кітаптарда Ыбырайымның балалары кейде бас тартып, әрі пайғамбарларды өлтірді деп жазылғанын білеміз. Иса Өзін өлтіргісі келген діни басшыларды әшкерелеп, сендердің ата-бабаларыңда

бұрынғы пайғамбарларды осылай өлтіргісі келді айыптады.  
(Лұқа 11:47)

Сүре 4:157-158-ші аяттар мәсіхшілер үшін Құрандағы ең қызық жер болып табылады. «Тағы да; Алланың елшісі, Мәриям ұлы Ғиса Мәсіхты өлтірдік!,- дегендіктері негізінде олар оны өлтірмеді де, аспады. Бірақ оларға ұқсатылды (Олар Ғисаға ұқсатылған біреуді өлтірді.) Расында, ол жайында қайшылықтағылар, әрине одан күдіктенуде. Олардың оған байланысты мәліметтері жоқ. Бірақ күмәннің ғана соңында. Олар оны анық өлтірмеді. Олай емес, Алла оны өз тарапына көтерді. Алла өте үстем, хикмет иесі».

Айталық, мен ешқандай пікірлер мен түсініктемелерді естімей жатып, осы аятты алғаш рет оқып отырмын делік. Егер кәнісіз нәрестенің көзімен оқыған болсам, онда мен не ойлар едім?

Біраз кідіріп қарайықшы, Інжіл Ыбырайымның балалары Исаны айғыш-ағашқа керген жоқ немесе өздері өлтірген жоқ деп үйрететінін байқаймыз. Айғыш-ағашқа шегелеп керіп өлтіру, римдіктердің қылмыскерлерді өлтіру үшін ойлап тапқан әдісі. Яһудилер адамдарды таспен атқылап жазалайтын болған. Дәуіт алдын ала айтқандай, әл-Мәсіхті өлтірген кезде, Оның бірде бір сүйегі сынбайды деген. (Забур 33:21). Егер таспен атқылап өлтірген болса, Исаның сүйегі сынған болар еді, сонда пайғамбарлық сөздің заң жүзінде күші болмағаны.

Петір өзінің алғашқы уағызында Ыбырайымның балаларына былай деді:

«Ал Иса Құдайдың еркімен және алдын ала білуімен құрбан етілді: сендер Оны Құдайға мойынсұнбаған шетелдіктердің қолымен айқышқа шегелетіп өлтірттіңдер! Бірақ Құдай Исаны өлім тұзағынан босатып, тірілтіп алды. Өйткені Оның өлім құрсауында қалуы мүмкін емес болатын»  
(Елшілердің істері 2:23-24)

Діни басшылардың өздері Исаны өлтірген жоқ, алайда Оны өлтіруді талап етті. Римдіктер пұтқа табынушылар болғандықтан, олар Исаны айғыш-ағашға керіп өлтірді. Ақырында Алла Исаны, Алланың пәк-таза, ешбір ақаусыз құрбандық ретінде, құрбандық үстеліне алып келді.

Құрандағы ең қиын мәтіннің бірін былай түсінуге болады: «...бізге солай болып көрінді». Демек, Алла оларды алдап, Исаның айғыштағы орнына басқа біреуді жібере салды, мағынасы сондай ма? Бұл Алланы өтірікші етіп көрсетпей ме? Исаның орнын кім баса алады? Сатқын Яһуда Ысқариот па? Немесе басқа адам ба? Періште ме? Жындар ма? Бұлар адамдардың ойлары. Құран бұл туралы үн қатпайды.

Құран үндемеген жерде, Інжіл сөйлейді. Ол жерде былай делінген, Иса Өзі өлді, ал Оның достары, Оның денесін үш күнге жерледі. Сол уақыттың ішінде яһудилердің діни басшылары Исадан ақырында құтылды деп санады. Иса өлді, сосын үш күнге қабірге қойылды, алайда сол жерде қалып қойған жоқ. Ұлы қиналыстан кейін, Ұлы күдірет келді. Үшінші күні Ол өліден қайта тіріліп кетті. Ол тірі!

Біз сол оқиғаны мынадай қарапайым тәртіппен қарайық:

1. Яһудилердің басшылары Исаны өлтіргілері келді

2. Адамдар Исаның айғыш-ағашта өлгенін көрді
3. Яһудилер өздерінің ойлаған істерін жүзеге асты деп санады
4. Алла Исаны өлімнен қайта тірілтіп алды

Құранның Сүре 3:55 және 4:156-157 аяттарын зерттей отырып, біз Құран Тауратпен, Пайғамбарлар Жазбаларымен және Інжілмен Исаның жер бетіндегі соңғы күндері жайлы бір көз-қарасқа келетінін көреміз.

1. Яһудилердің ата-бабалары бұрынғы елшілерді өлтіргілері келген сияқты, яһудилердің көсемдері қызғанышпен Исаны да өлтіргілері келді.
2. Айғыш-ағашқа керіп өлтіру яһудилердің емес, римдіктердің әдісі болатын.
3. Кімнің өмір сүретіні, кімнің өлетіні адамның емес, Алланың құзырында, адамдар емес, Алла бәрін қадағалап тұр.
4. Үш күн бойы олардың жоспарлары орындалған секілді көрінді, алайда Алла Исаны өлімнен қайта тірілтіп алды.
5. Қырық күннен соң, Иса әл-Мәсіх аспанға көтеріліп кетті.

Инжілде немесе Құранда шын мәнінде жоқ нәрселерді, мен растауға талпынып жатырғаным жоқ. Інжілге келетін болсақ, мен ешқандай тәуекел көріп тұрған жоқпын, себебі ол Исаның айғыштағы өлімі, жерленуі және қайта тірілуі жайлы анықтап куәлік етеді.

Сүре 4:157-158-ші аяттар ақырында ашып береді. Олар кейбір сұрақтарға жауап бермесе де, алайда біздің Інжілде оқыған жерлерімізді есімізге салады. Адамзат қаншалықты

Исаның көзін құртқысы келсе де, бәрібір құрта алмады. Мұң басқан үш күн бойы тағы да бір пайғамбардың өлімі жүзеге асты деп санауға аз-ақ қалды. Шірімейтін, салтанатты тәнде Иса Өзінің қайта тірілуімен шәкірттеріне дәлелдеді, сосын Өз үйіне қайтып кетті. Аспанға оралды. Енді қайтып келгенше, сонда болады.

### **«Үш» деп айтпаңыздар! (Сүре 4:171)**

Мәсіхшілерге ескертпе! «Үш» деп айтпаңыздар. Мәсіхшілерді *монотеизмнен* (бір шынайы Аллаға табынудан) алыстап, *тритеизмге* (үш құдайға табынушылыққа) кетіп қалды деп айыптайды.

Алайда 171-ші аятты оқып отырып, мен былай деймін: «Әумин». Мен Исаны жібергеніне сенемін, Оның адами тәні Мәриям арқылы туылды, Ол – Алланың Сөзі (Калиматулла), Оның Рухы мәңгі Алладан келген, (Рухалла).

Мен, әрі кез келген Інжілге сенетін сенуші адам, Алланы біреу деп қана санайды. Алла Жалғыз.

«Тұра тұр, досым», деді, ол маған, «сенің көп рет «үш» (Үшбірлік) деп айтқаныңды естідім».

«Ия, меніңше, мен сені түсінемін», дедім мен, «бірақ мен үш құдай жайлы айтқан жоқпын».

«Онда сол «Үш» деген сөзде қандай құпия бар? Сол пұтқа табынушылық емес пе (ширк)?»

Алланың ұлы болды дегеннің мағынасы, демек ер адам мен әйелден туылған бала дегенді білдірмейді, мәсіхшілер соған сенбейді. Бұл – үш түрлі тұлға. Мен өзімнің ойымды

тықпалап түсінуге мәжбүрлегім келмейді, сөйтіп оның мағынасын Құранның аятымен айтпаймын. Исаны Алланың Сөзі деп атады. (Жохан 1:1). Иса керемет жолмен Алланың Рухынан пайда болды, солай бола тұра Ол адами әкесінсіз тәни туылды. (Лұқа 1:35). Сонымен қатар, біздің білетініміз, Інжілде Исаға ерекше есім берді, яғни «Иммануил», мағынасы «Құдай бізбен бірге» дегенді білдіреді. (Матай 1:23).

«Үш құдай» деп айтпаңыздар!, мәсіхшілер бұнымен толықтай келіседі. Харам! Сонда біз оның орнына не дейміз? Біздің сенетініміз, Алла-Жаратушы әрі толық құдайлық қасиетке ие, алайда бұл Алланың толық тұлғасын анықтамайды. Алла - Сөз әрі толықтай құдайлық қасиетке ие, алайда бұлда Алланың толық тұлғасын анықтамайды. Алла - Рух әрі толықтай Алла болып табылады, алайда бұл да Оның толық тұлғасы емес. Алла - Жаратушы, Сөз және Рух, бұлар ажырамастай қарым-қатнаста тұрады, сонда барлық жағынан біртұтас, толықтырылған тұлға ретінде болады. Мәңгі әрі Кемелді Алла сүйіспеншілікке толып өмір сүрді және Оның басталуы да, аяқталуы да Өз ішінде, бірлікте тұрды. Міне, мен Алланың Таухидасының мәнін (Бірлік) қалай түсінемін. Оған мәңгілікте мадақ болсын.

«Жоқ, жоқ, жоқ» деді менің досым, сонда сезімге беріліп былай деді, «сендер  $1+1+1=1$  деп түсіндіргілерің келеді ма? Мәсіхшілердің математикасы сондай ма?».

Бұл математикалық мысал, үш түрлі нәрсе туралы айтады, мәселен алма, апельсин және банан. Мәсіхшілер үш түрлі құдайға сенбейді, сонда оларды біріктіріп, біреу жасап отырған жоқ.

Мынадай мысалды көз алдарыңызға келтіріңіздер. Күн сәулесін кесіп өтіңіз. Сіз жарықты көріп тұрсыз, жылуды сездіңіз және сіздің теріңіз көзге көрінбейтін күн сәулесінен күйе бастайды. Осы үш толқында бірлікте біртұтас болып тұр.

Тағы басқа бір мұсылман маған қарсы болып: «Неге Сүре 4:172-ші аятта, әл-Мәсіх Аллаға табынуда Өзін төмен тұтқан жоқ па?», деп айтылған ғой. Демек, Ол жаратылыстан үлкен емеспін деген мағына бермейді ме?» Мүмкін. Егер солай болғанның өзінде, барлық пікірді құрметтей отыра, сізбен келіспеуге мәжбүрбін. Алайда Інжіл Исаның Алланы қалай жақсы көргенін түсіндіреді, сонымен қатар Алланың Өзінен келгенін де мойындайды. Сонда қалай болғаны?

Алла Өзін жоғарылатып және Өзіне мадақ бергісі келетін шығар, мүмкін жауап осы шындықта жатқан шығар. Забур жырында былай деген: «Келіңдер, бірге Жаратқанды мадақтайықшы, Бірігіп Оның есімін марапаттайықшы!» (Забур 33:4). Алла періштелерді немесе адамдарды жаратпай тұрғанда-ақ, әрі аспан пен жерді де жаратпай тұрып, Алланың Өзі мәңгі болған. Ол Өз Еркімен, Өз Сөзімен, әрі Алланың Рухымен Өзін толықтай қабылдады. Оған ешнәрсе қажет емес. Оның Өзі мәңгі әрі сүйіспеншілікке толы. Ол Өзінің Еркімен, Өз Сөзінде әрі Алланың Рухында өмір сүріп, сүйіспеншіліктегі бірлікте тұрады.

Досым қолын бір сілтеп, «Бұл мүмкін емес!», деп жауап қатты.

Бұның мүмкін еместігіне, мен сенімді емеспін. Тіпті өзіме қарайтын болсам, менің санам (ойым) менің жүрегіммен (сезімім, эмоция) бірге, бірақ кейде болады, олар әртүрлі жолдармен жұмыс жасайды, соған қарамастан олар бір-біріне қызмет етеді. Менің санам, менің эмоцияларымды бағалайды, ал менің эмоцияларым менің санама қызмет етеді. Кейде адамдар туралы, адам сана, тән және рухтан тұрады деп жатады. Сонда мен өзімді үш түрлі адамға бөліп тастаймын ба? Әрине, жоқ. Алайда, ол мен үшін өте қиынға соғады, мысалы, ағашты бөлуге болады.

Бұл жерде маңызды не нәрсе? Егер Иса әл-Мәсіхтен мықтап ұстап алмаса, Алланың мейірімі мен рахымдылығынан қалай мықтап ұстап тұра аласың, міне, мәсіхшілер бұларсыз өздерін көре алмайды. Біздің Аллаға және Исаға деген сүйіспеншілігіміз, Жалғыз Аллаға деген сүйіспеншілігімізде бірлікте тұрады.

### **5-ші тарау.**

#### **Харам және Халал (Сүре 5:1-5)**

Тауратта, Інжілде және Құранда ішіп-жеуге арналған қатал тәртіптерді табуға болады. Мысалы үшін, Таурат шошқа етін жеуге тыйым салған. Құран да көптеген нәрселерге тыйым салған, мысалы, «өлген малдың еті, қан, шошқаның еті, соның ішінде Алланың аты шақырылған болса, мүлдем тыйым салады». Інжіл жаңа келген мәсіхшілерге мынадай нұсқау береді, «...олар жалған тәңірлерге арналған құрбандықтардан, қаннан, арам өлген малдың етінен және неке адалдығын бұзудан аулақ жүруге тиіс» (Елшілердің істері 21:25).

Иса аспанға көтеріліп кеткеннен кейін, Оның досы Петірді бір керемет үлкен тосын сый күтіп тұрды. Петір мінажат етіп отырған кезде, ерекше күйге еніп, аян көрді. Аспаннан әртүрлі жан-жануарларға толы үлкен дастархан түсе келді. «Мә, мынаны же», деді Алла оған.

Петір бәрінен бас тартты. «Жоқ, Ием! Мен ешқашан да арам тамақ жеген емеспін», деді Петір. Осы нәрсе үш рет қайталанды.

Аспаннан шыққан дауыс тағы да қайталап: «Құдай адал еткенді сен арам деп айтпа!», деді. (Елшілердің істері 11:5-10).

Инжіл ішіп-жеуге байланысты негізгі қағидаларды нақты анықтап береді. Барлық нәрсе Аллаға және жанымыздағы бауырларымызға деген сүйіспеншілікке байланысты болу керек. (Римдіктерге 14:21)

Инжілдегі Қорынт қаласындағы сенушілерге арналған хаттың 10:31 аятында былай дейді: «Басты қағида мынау: не ішіп-жесеңдер де, не істесеңдер де, бәрін Құдайды дәріптеу үшін істеңдер!».

Аллаға деген сүйіспеншілігіміз, өзіміздің тәнімізге көрсеткен қамқорымызға байланысты. (Қорынттықтарға 2-ші хат 3:16). Иса алдын ала айтқандай біздің эрамыздың 70-ші жылы рим сарбаздары Құдыстағы Ғибадатхананы толықтай қиратып тастады. Алла енді адам қолымен жасалған ғибадатханада тұрмайды. Оның ғибадатханасы, енді біздің денеміз. Біздің денеміз енді киелі. Алланың сүйгендіктен, енді өз денемізді арамдап, қиратпайтын боламыз. Біз ашқорлықтан, маскүнемдіктен, жалқаулықтан,

әрі темекі және есірткі сияқты зиянды және қауіпті нәрселерден аулақ боламыз. Алланың ғибадатханасына адамға зиян келтіретіндердің бәрі, күнә болып саналады.

Жанымыздағы бауырларымызға деген сүйіспеншіліктің белгісі, олардың мұқтаждықтары мен сезімдеріне қандай сезіммен қараймыз. Егер менің көршім шарап ішпейтін болса, соған деген сүйіспеншілігіме бола, менде шарап ішпеуге шешім қабылдаймын.

Біркүні мен кешке әйелімді азиялықтардың жаңадан ашылған мейрамханасына алып бардым. Көрші үстелдегі, үлкен табақтағы түтіні бұрқыраған ет пен жемістерді жеп отырған адамдарды көрмеу мүмкін емес еді. Біз әлі тапсырыс бермеген болатынбыз, бізге сол табақтағы ас кереметтей болып көрінді, сондықтан даяшыдан: «Мынау не?», деп сұрадық.

«Иттің еті», деп күліп жауап берді.

Иттің етін жеу дегенде, соған жеке мен өзімді ыңғайсыз сезінемін, алайда Інжіл оны күнә деп санамайды. Менің кәріс мәсіхші достарым, менің иттің етіне деген ыңғайсыздығымды біліп, мен отырған жерде, маған деген сүйіспеншілігіне бола, олар соны жемеуге шешім қабылдады. Басқаларға деген сүйіспеншілігіміз, біздің шешімімізге ықпал ету керек.

### **Жуыну (дәрет алу) (Сүре 5:6)**

Су – адам өміріндегі ең ұлы сыйлардың бірі. Таудағы орман шатқалдарындағы тастардың арасынан мұздай су атқылап шығады. Тап-таза, тіпті әлем жаратылған кездегі таңғы

шықтай, су тазалайды, су сергітеді және су жараларды қатайтады.

Таурат, Пайғамбарлар жазбасы, Інжіл және Құран жуынудың бірнеше түрлері жайлы айтады. Таяу шығыс пен Үндістанға сапар шегетін болсақ, біз жүз миллиондаған индустардың киелі Ганг өзенінде жуыну рәсімдерін өткізіп жатқандарын көре аламыз, олар сол арқылы күнәдан және өлім мен қайта туылу циклінен арыламыз деп үміттенеді. Басқа көптеген діндер жуыну рәсімі арқылы киелілікті іздеп, соның арқасында зұлымдықтан арыламыз деп сенеді.

Сүре 5:6-шы аятта мұсылмандарға мынадай нұсқаулар береді:

«Әй мүміндер! Қашан намазға тұрсаңдар, (тұрарда,) жүздеріңді және шынтақтарға дейін қолдарыңды жуыңдар. Бастарыңа мәсих тартыңдар. (сипаңдар.) Және екі тобықтарға дейін аяқтарыңды жуыңдар. Егер де жүніп болсаңдар, (бой дәретсіз болсаңдар,) толық тазалаңыңдар. (Шомылыңдар) Егер науқас не сапар да болсаңдар немесе сендерден біреу түзге отырып келсе не әйелге жақындассаңдар, сонда су таба алмасаңдар таза жерге тәяммүм соғыңдар; онымен беті-қолдарыңды сипаңдар...»

Сумен жуыну физикалық денсаулығымыз үшін үлкен пайда алып келеді. Соңғы 200 жыл ішінде дәрігерлердің байқағаны, сумен жуыну ота жасар алдында жараға зақым келу мен өлімнен қорғап қалады екен. Қазіргі замануи медицина пайда болғанға дейін, ауруханалардың іші жер бетінде ең лас, кір әрі ең қауіпті жерлердің бірі деп саналған. Жуыну өмірді сақтап қалады.

Жуыну адамдардың өмірін сақтап қала алады, алайда оның рухани құндылығы неде? Діни жуыну рәсімдері бізді осы әлемдік күнәдан арылтып, Аллаға жақындата алады ма?

Бірде діни жетекшілер Исаға келді. Олар шағымданып: «Шәкірттеріңіз неге ата-бабаларымыздан қалған дәстүрлерді бұзады? Олар қол жуу рәсімін орындамай-ақ тамақтана береді екен!» деді.

Иса мән жайды бірден түсіне қойып, оларға: «Құлақ салып, жақсылап ұғып алыңдар: адамның аузынан енген нәрселер оны арамдай алмайды. Керісінше, аузынан шыққандары адамды арамдайды». (Матай 15:2,11)

Адамның жүрегінде не бар? Иса бұны бәрінен жақсы біледі: «Себебі жүректен шығатындар мыналар: жаман ойлар, кісі өлтіру, неке адалдығын бұзу, азғындық, ұрлық, өтірік, жамандау. Осылар адамды арамдайды. Ал қол жуу рәсімін орындамастан тамақ ішу ешкімді арам қылмайды» (Матай 15:19-20)

Осы жерде екі нәрсені еске алу керек. Біріншіден, адам жүрегiнiң рухани таза еместiгi бар, бұны ешқандай сумен немесе рәсімдермен жуып тазалау мүмкін емес. Екіншіден, бұл жәй діни рәсімдерді орындамауға қарағанда, тамыры терең жайылған өте ауыр күнә болып саналады.

Иса не айтқысы келді, яғни діни рәсімдерді орындамау күнә емес, ал сонда оларды орындап жүрсеңіз, күнәларыңыз бәрібір жойылмайды ма?

Инжіл киелі жуыну жайлы үйретеді ме?

Ия, шомылдыру рәсімі бар. Бұл – өліп, жерленіп, содан кейін Исамен бірге қайта тірілудің бейнесін көрсетеді.

Шомылдыру рәсімінен өту арқылы жаңадан келген сенушілер өздерінің Исаға деген сүйіспеншіліктерін паш етеді. Бұл адам өмірінде бір-ақ рет болатын нәрсе, ол әл-Мәсіхке келген кезінде жаңа өмірді қабылдағанда орындалады. Бұл кәдімгі некеге тұрған немесе сүндетке отырған секілді, әл-Мәсіхтегі шомылдыру рәсімі, ұлы қуаныш пен үмітті айғақтайтын сәт.

### **Алла – Әл-Мәсіх па? (Сүре 5:17-18)**

Біз әл-Мәсіхтің тұлғасы жайлы маңызды сұраққа қайта оралатын боламыз. Әл-Мәсіх пен Алланың арасында қандай байланыс бар?

«Алланы, Мәриям ұлы Мәсіх» дегендер кәпір болды. «Егер Алла, Мәриям ұлы Мәсіхты және оның шешесін де, тіпті жер жүзіндегі біртұтас жан иесін жоқ етуді қаласа, Алладан құтқаруға кім ие?», - де. Көктер мен жердің және екеуінің арасындағылардың иелігі Аллаға тән. Ол қалағанын жаратады әрі Алланың әр нәрсеге толық күші жетуші».

Мен өз зерттеулерімде адал бола аламын ба? Біріншіден, Інжіл Исаның анасы Мәриямды адам, одан артық емес деп үйретеді. Әрине, Алла оның денесі мен рухын жоқ қылып жібере алар еді. Мәриям өмірінің соңында барлық адамдар сияқты өліп, сосын жерленді.

Екіншіден, Інжілдің ешбір жерінде «әл-Мәсіх – Ол Алла» деп нақты жазылмаған, жәй Алла толығымен Иса әл-

Мәсіхтің адам денесіне кіріп алған секілді. Ол Өзі жайлы айтқан кезде, таң қаларлық ғажаптар мен кереметтерді айтты.

Көз алдарыңызға әсем алмазты келтіріңіздер. Зергер оны бір жағы тегіс, айнадай болсын деп екіге бөледі. Тағы да бір алмазды көз алдарыңызға келтіріңіздер. Зергер оның үш жақ қыры да сәуледей жарқырасын деп өңдейді. Жалпақ алмаздың бір жағын ғана аударып көре аламыз. Ал екінші алмаздың үш жағынан қарай аламыз. Сонда адам бір қырымен мақтана алатын болса, ал басқа адам екінші қырынан ләззат алатын болады.

Бұл қарапайым мысал ғана. Алайда сол үш қырлы алмаз, бізге Алланы түсінуге көмектеседі, Алла Өзінің үш қырымен сүйіспеншіліктің сәулесін шашып тұрады, кейде Оны Әке, Ұлы және Киелі Рух деп атаймыз.

Нақтырақ айтатын болсақ, мәсіхшілердің пайымдауынша, Иса сол алмаздың бір қырын еске түсіреді. Бриллиант біреу, алайда оның бір қыры ғана, сол бриллиантты толығымен бриллиант ете алмайды. Сол сияқты алмаздың да бір қырына қарап: «Алмаздың мына қыры ғана алмаз», деп айта алмаймын, Исамен де тура солай, Оған қарап: «Алла – әл-Мәсіх ғана, қалғандары Одан артық емес», деп те айта алмаймын.

Алла әл-Мәсіхты құртып (немесе өлтіріп) тастай алар ма еді? Інжілдің айтуынша, тура солай болды да. Алланың жоспары солай болды, Иса өлім жазасына кесіліп, Алланың құрбандық Тоқтысы болды деп жазылған. Не римдіктер, не еврейлер Алланың жоспарынсыз және Оның рұқсатынсыз Исаны өлтіре алмас еді. Ол өлді, бірақ уақытша ғана.

## Алланың ұлдары (Сүре 5:18)

Сүре 5:18-ші аятта Құран былай дейді:

«Яһудилер мен Христиандар: «Біздер Алланың ұлдары және сүйгендеріміз» деді... Көктердің және жердің әрі екі арасындағылардың барлығы Алланың иелігінде және барар жер де Оның алды».

Мына үмітшіл адамдар кімдер болды? Олар нағыз Кітап иелері болу керек қой. Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл бүкіл адамзат топырақтан жаратылған және топыраққа қайтып оралады деп үйретеді. (Жаратылыстың басталуы 3:19). Кейбір яһудилер немесе мәсіхшілер өздерін Құдай жаратқан адамдарының ішінен, яғни басқа адамдардан жоғары тұтты ма? Олар Адам ата мен Хауа анадан бөлек, өздерін басқа ата-анадан тарадық деп санады ма?

Мүмкін солай да шығар!

Алламен басқа жаратылыстың арасындағы рухани қарым-қатнас жайлы Інжіл ашып береді. Алла – Ол Рух, Оның физикалық тұрғыдан ұлдары жоқ. Інжілде былай делінген: «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті. Бұлар табиғи жолмен, пенденің қалауы бойынша бұл дүниеге келгендіктен емес, Құдай оларға шынайы өмір бергендіктен ғана Оның рухани балалары болды» (Жохан 1:12-13)

Алла адамдарды рухани мағынада Өзіне бала етуге шешім шығара алады. Аллада физикалық пішін жоқ, сондықтан Ол адамның балаларын туа алмайды. Кім Иса әл-Мәсіхті қабылдайтын болса, Ол соларға бала болуға құқық бере

алады. Олар бәрібір кәдімгі Адам ата секілді адам болып, сосын топыраққа оралады. Алайда Алладан ажырап кеткен үзіліс бір бүтінге айналады, сөйтіп қорқыныш үрейден өтіп, енді қауіпсіз сүйіспеншілікке ауысады. Солай болғанның өзінде, ол ешкімнің мақтануына себеп емес.

### **Басқалардың күнәлары үшін өлу (Сүре 5:29)**

Осы аят мені таңқалдырғандықтан, орнымнан тұруға мәжбүрлейді. Бір адам басқа адамның күнәсі үшін жазаға тартыла алады ма? Сүре 5:28-29-шы аяттарда қандай жауап оқи аламыз? Қабыл Әбілді өлтірмекші болды, өйткені оның әкелген құрбандығын көре алмады. Әбіл қарсылық танытқан жоқ, алайда Қабылға былай деді: «Сен мені шын өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Күдіксіз мен әлемдердің Раббы Алладан қорқамын!». «Сөзсіз мен, сенің өз күнәңмен менің күнәмді жүктеп, тозақтық болуды қаламаймын. Осы, залымдардың жазасы».

Шын мәнінде ол былай деді: «Сен менің кінәм үшін төлем төлейсің». Қабыл мойындаған сияқты, Әбілде өзінде күнәлі табиғатың бар екенін мойындап тұр. Олардың екеуінде Алладағы пәктікті сақтап қала алмады, бірақ осы үзіндіде екеуінің ішінен біреуі ғана тозақтың отын көретін болады деп айтылған.

Күнәкар адам басқа адамның күнәсінің жазасын тарта алады деп Інжіл үйретпейді. Егер Әбіл тозаққа кетпеген болса, оның себебі Қабыл өзінің күнәсінің жазасын тартқандықтан емес. Алайда Інжіл бізді мынаған үйретеді, яғни күнәсіз адам басқа адамның күнәсінің жазасын тарта алады. Бұны біз сүйіспеншіліктегі құрбандық деп атаймыз. Алланың

қаһарына түсіп құрбандық болып, өлген тоқты секілді, демек күнәсіз адам басқа адамның күнәсі үшін өле алады.

### **Кісі өлтіру қай кезде рұқсат етілген? (Сүре 5:32-33)**

2001 жылы 11-ші қыркүйекте ланкестер төрт жолаушылар ұшағын бұрып әкетті. Екі ұшақ Нью-Йорктің орталығындағы Бүкіл әлемдің сауда мұнарасына бағыт алды. Мыңдаған адам қайтыс болды, соның ішінде кінәсіз балаларда бар. Әл-Каиданың пайымдауынша, олар исламның атынан шабуыл жасадық деді. Осы нәрсе көптеген мұсылмандардың ашуын қоздырды. Менің досым, басын қайта-қайта шайқап, маған былай деді: «Бұл ислам емес! Мұсылмандар ешқашан кінәсіз адамдарды өлтірмейді. Құран айтады, егер бір адамды өлтіретін болсаң, онда бүкіл адамзатты өлтіргенмен бірдей, дейді».

Маған бұл қызық болып көрінді. Көптеген мұсылман достарым Сүре 5:32-33-ші аяттарды жиі келтіреді, сондықтан мағанда өзім үшін сол жерді оқу қызықты болды.

«Соның салдарынан Израил ұрпақтарына: Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе (өлімнен құтқарса), барлық адамды тірілткенмен тең деп жаздық. Расында оларға елшілеріміз ашық дәлелдермен келді. Бірақ содан кейін де олардың көбірегі жер жүзінде шектен шығушылар болды.

Алла және Елшісімен жағаласқандардың және жер жүзінде бұзақылық жасап жүргендердің жазасы: Өлтірілулері, не асылулары, яки, қол-аяқтарының

қиғашталып кесілулері немесе жерден айдалулары. Бұл олардың дүниедегі жапасы. Және олар үшін ақыретте ірі азап бар».

Көпшілігі 32-ші аятты біледі, бірақ сол жер Ыбырайымның балалары, еврейлерге арналғанын олар түсіне бермейді.

Бұл жерде кінәсіз бір адамды өлтіру, бүкіл адамзатты өлтіргенмен пара-пар деп айтылған. Сонда бұл шындық, тура керісінше де солай емес пе? Бір кінәсіз адамның өлімі, бүкіл адамдарды құтқара алады ма?

Осы сәтте маған Інжілдегі бір оқиға есіме түсіп отыр. Діни жетекшілер Иса әл-Мәсіхке қарап қатты ашуға мініп, Оны өлтіру жолдарын іздестіре бастады. Біркүні ерекше бір кездесу үстінде олардың ең бірінші басшылары тұрып, тіпті өзі де шындыққа сүйеніп айтқанын білмей, Иса құрбандық секілді өледі деді. «Бүкіл ұлтымыздың құрып кетуінен гөрі, бізге халық үшін бір Адамның өлгенінің жақсы екенін ойламайсыңдар ма? — деді». (Жохан 11:50) Әл-Мәсіхтің өлімімен бүкіл адамзат өлді. Енді Оның қайта тірілуімен бәріде құтқарылуға мүмкіндік алды.

Сүре 5:32-ші аят адам өмірі бағалы екенін мойындайды, бірақ тек кінәсіз адамдар ғана жазадан аулақ бола алады деп айтады. Ал кісі өлтіргендер немесе әділетсіздікті жариялайтындармен не болады? Аллаға немесе Оның елшісіне қарсы соғыс ашқандармен не болмақ?

33-ші аятта Құран оларға жаза тағайындалған деп жазады: яғни өлім, айғыш-ағашқа керіп өлтіру, аяқ-қолдарын шабу немесе жер аудару. Егер олар орындалғанға дейін, тәубешілікке келетін болса, олар кешірім ала алады.

«Әділетсіздікті жариялайтындармен және Аллаға немесе Оның елшісіне қарсы соғыс ашқандар» дегеннің мағынасын толығырақ ашып бермесе, біз оны түсіне алмаймыз. Сонда мағынасы, 7-ші ғасырда Мұхаммедке және оның әскеріне қарсы соғысқан дұшпандары жайлы ма? Бұл туралы келесі Сүрелерде көбірек біле аламыз.

### **Қорлау немесе сенімділік (Сүре 5:47-48)**

Құран мәсіхшілерге Інжілді оқып, әрі соны оқу арқылы шындықты табуға шақырады. Егер Інжіл Мұхаммедтің дәуіріне дейін өзгертілген болса, онда Құран мәсіхшілерге оны оқуға шақырмаған болар еді. Егер Інжіл өзгертілген болса, онда Құран мәсіхшілерге былай айтар еді: «Сіздердің кітаптарыңыз өзгертілген, сондықтан Мұхаммедтің хабарларын айыптау үшін оларды қолданбаңыздар». Алайда Құран солай айтпаған. Ол мәсіхшілерге айтқан, басқа аятта яһудилер шындықты табу үшін осыған дейін Түскен Кітаптарды пайдаланыңдар деп шақырады.

Бұл аятта Інжілде Алланың ашып бергені жайлы үйретеді:

«Инжіл иелері ондағы Алланың нұсқауымен үкім етпесе, міне солар бұзақылар».

Бұл аят Сүре 5:68-ші аятқа сәйкес келеді:

«Әй Кітап иелері! Інжіл, Тәуратты және Раббыларың тарапынан сендерге түсірілгенді толық орындағанға дейін дәнеңе емессіңдер!...»

Осыдан басқа айғақтайтын қатал сөз табу мүмкін емес. Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл ешқандай өзгертілмеген негіз болып табылады. Кім Тауратты,

Пайғамбарлар жазбасын және Інжілді өзгерте алады? 48-ші аятта, Бұрынғы Түскен Кітаптар өзгертілуі мүмкін емес, себебі оларды Алланың Өзі қорғап тұр.

«Саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіне түсіргенімен үкім қыл...»

48-ші аятқа, Сүре 2:59-шы аят қалай қарар екен, ол жерде Алланың Сөзін өзгертетіндер жайлы айтқан ба? Енді анықталғандай, әңгіме сөздерді өзгертілгенге қатысты болып тұрған жоқ, оның дұрыс емес түсіндірілгенінде. Мысалы, әрине мен бәрінде құрметтеймін, алайда сунниттер мен шииттердің арасындағы айырмашылық, сол интерпретацияға (талқылауға) байланысты болып тұр.

Екі топта сол бір Құранды пайдаланады, бірақ әртүрлі талқылауды ұсынады. Мысалы, мәсіхшілердің арасында да солай, бір Інжілді оқи тұра, әртүрлі талқылауларды табуға болады. Сонда келген хабарды біреу өзгерткен болып табылады ма? Жоқ, жазылмаған сөз бар. Алайда дәстүрлер мен түсіндіру әрқашан сәйкес келе бермейді.

**Яһудилер және мәсіхшілермен дос болуға болады ма?  
(Сүре 5:51)**

Міне, тағы да бір мұсылман еместермен болатын достығы жайлы ескерту.

«Әй мүміндер! Яһудилер мен Христиандарды дос тұтпаңдар! Олар бір-біреулерінің достары...»

Әртүрлі діндерді ұстанатын адамдардың арасындағы қарым-қатнас кейде оңай болмайды. Осы аятта, яһудилер мен мәсіхшілер бір-бірімен дос деп айтылған. Бірақта тарихқа үңілетін болсақ, шын мәнінде солай болған емес. 1492 жылы Альгамбрлік эдикт тарапынан испандық католик монархтары өз корольтіктерінен еврейлерді қуып шыққан. Олардың көпшілігі өмірлерін сақтап қалу үшін, Баязида-II сұлтанның шақыруымен Стамбулға қашып келді. Басқа кезде де Еуропада мәсіхшілер деп аталған көшбасшылар еврейлерді қудалап, қысымшылық көрсетті. Екінші әлемдік соғыс кезінде де ұлтшылдар миллиондаған еврейлердің ер азаматтары мен әйелдерін және балаларын қырып тастады.

Ыбырайымның балаларына келетін болсақ, олар ғасырлар бойы басқалармен қарым-қатнаста тұрудан қашқан, себебі еврей еместермен қарым-қатнаста болатын болса, солар секілді таза болмай қалудан қорыққан. Қазіргі таңда да кейбір дәрежесі жоғары еврейлер өздерінің орындарын пайдаланып, мәсіхшілерге және Иса әл-Мәсіхке күле қарайды.

Кейбір адамдар осы аятты бірінші кезекте, мұсылман көшбасшылары басқа мұсылман еместермен келісім шарт жасамау үшін ескерту деп түсінеді. Сол сияқты кейбіреулер осы аятты мұсылман еместерді көшбасшы ретінде қабылдамауға ескерту деп те түсінеді. Көптеген мұсылмандар мынаған да толықтай келіседі, яғни мұсылман емес адам билік құратын болса, оның қол астында мұсылмандардың өмір сүруі мүмкін емес деп санайды. Ал басқалары бұл аятты жеке өздеріне қолданып, сенімде таза қалу үшін, мұсылман еместермен дос болудан қашады.

Кейде достық қарым-қатнас адамдарды жағымсыз жағдайға түсіреді, егер әрине, олар екіжүзділікпен бетпе-бет келген болса. Біз Інжілде, еврейлердің жетекшілері Исаның жанында отырған достарын көріп, қалай Оны мазақтағанын оқи аламыз. «Бірақ парызшылдар мен дін мұғалімдері мұны көріп: Мына кісі күнәкарларды қабылдап, солармен тіпті дастарқандас болады! — деп күңкілдесті» (Лұқа 15:2). Ал басқа жерде біз Исаның жезөкше әйелге кешірім мен жаңа өмір бергенін де көре аламыз. Бұл адам ойынан асқан әлеуметтік нормаға сыймасада, әрі соған ылайықты болмасада, Иса оған сүйіспеншілігін берді.

### **Екі ұқсас аят (Сүре 5:69)**

Араб тіліндегі түпнұсқада 5:69-шы аят пен 2:62-ші аят сөзбе-сөз қайталанады. Бұл жәй қайталанып қана қоймайды, сонымен қатар мұсылман еместерге үрейден және уайым-қайғыдан азат етуге уәде етілген аят.

«Негізінен Аллаға сенгендер, Яһудилер, Сабилер, және Христиандардан кім Аллаға, ақырет күніне иман келтіріп, ізгі іс істесе, сонда оларға қорқу да жоқ әрі қайғырмайды».

Айырмашылығы тек қана 5:69-шы аятта «сый» деген сөз жоқ. Соған қарамастан, осы екі аятта еврейлерге, мәсіхшілерге және тағы басқа сенуші адамдарға ешнәрседен қорықпай сотта тұруға сенім білдіреді.

Немесе басқа бірдеңе бар ма? Құранды есітіп, олар мұсылман болып кетпейді ме? Бұл аят ислам жайлы әліде естімеген, тек қана ізгілікті мұсылман еместерге арналған болса, онда неліктен солай емес? Ізгілікті мұсылман емес

адамдар ислам жайлы естісе, алайда олар исламды қабылдамаса, онда олар сотқа тартылады ма? Осы сұрақ ашық күйінде қала береді.

### **Өмір наны (Сүре 5:68-120)**

5-ші Сүренің қалған бөлімдері, негізі Иса әл-Мәсіх жайлы айтады. Ол ауруларды сауықтырып, өлгендерді тірілткен, топырақтан құс жасап, оған өмір берді әрі аспаннан нан жаудырып, ғажаптар жасады. Сүре 5:111-ші аятта Оның шәкірттері өздерін мұсылмандармыз деп атаған.

Аспандағы дастархан бізді қызықтырады. Иса бірнеше рет адамдарды тамақтандырды, бұл оларға деген көрсеткен сүйіспеншілігі мен қызметі болды. Біркүні Ол кереметпен бес күлше нанды көбейтіп, сонымен бес мың адамды тамақтандырды. Ал басқа уақытта Ол жеті нанды көбейтіп, сонымен төрт мың адамды тамақтандырды. Өзі аспанға көтеріліп кетпестен бұрын, Ол теңіздің жағасында шәкірттеріне балық қуырып берді. (Марқа 8:19-20). Осы істерге адамдар лайықты болмаса да, Алла сүйіспеншілікпен жомарттық танытып оларға көрсетті. Алайда Сүре 5:112-ші аятта жазылған дастархан, басқа дастарханға сәйкес келеді.

Жыл сайын Ыбырайымның балалары Мысыр құлдығынан азат болғандарын еске алу үшін, үлкен мейрам жасап, Пасхаға (Құтқарылу мейрамы) арналған дастархан жасаған. (Мысырдан шығу 12 тарау). Сол құтқарылатын түні әрбір отбасы пәк тоқтыны құрбандыққа шалып, оның қанын өз үйлерінің есік жақтауларына жағып қойды. Олар қуырылған тоқтының етін ащы шөппен және ашымаған нанмен қосып жеді. Періште келіп, есік жақтаудағы қанды көрген кезде,

сол үйдің жанынан өтіп кетіп, тұнғыштарын өлтірген жоқ. Ал кімнің үйінің жақтауында қан болмаса, сол үй Алланың әділ жазасын тартты.

Иса Пасха (Құтқарылу мейрамы) мейрамы болған түнде, шәкірттерімен бірге тоқтыны, ашымаған нанды және сусындарды дайындап қойды. Осыған дейін бәрі дәстүр бойынша жүріп жатты. Содан соң, Иса ерекше бір нәрсені жасады. Ол нанды қолына алып, былай деді; «...Бұл — сендер үшін құрбандыққа берілмек денем... Сондай-ақ, кешкі астан кейін тостағанды да алып: — Мына тостаған — сендер үшін төгілмек қаныммен бекітілген Жаңа Келісім, — деді» (Лұқа 22:19-20). Сол кездегі шәкірттерінің бет-жүздерін көрсеңіздер ғой! Иса бұрынғы мейрамдардағыдай малды құрбандыққа шалған жоқ. Ол Өзін құрбандыққа әкелді. Алланың Тоқтысы болды.

## **6-ші тарау.**

### **6-шы Сүре: Әл Анам**

#### **Сенбегені үшін соттау (Сүре 6:1-15)**

Өлім, сот және жазалау. Құран сенімсіздіктің салдары туралы адамдарды ескертеді. Сенімсіздіктің жазасынан құтқарылатын жалғыз жол – бұл Алланың мейірімі. Бұл жерде адамды жұмақта бақытты ету немесе мәңгі қиыншылықта қалуға тозаққа тастау, тек қана Алла шешеді деп айтылған.

Інжілде бұл мәңгі өлім деп айтылған. (Салоникалықтарға 2-ші хат 1:9). Егер адам Алламен, әл-Мәсіх арқылы татуласпаған болса, Соңғы сотқа келген кезде, ол мәңгі түнекке өтіп кетуге мәжбүр. Адам соттан соң Алладан

ажырағаннан кейін, ол үшін енді құтқарылуға ешқандай үміт жоқ. Інжіл Жұмаққа аттанар алдында адамдар өздерінің күнәлары үшін құн төлейді, яғни «Тазартатын орын» деген ұғым жайлы үйретпейді. Адамдар Сот күні Алланың алдында тұрмастан бұрын, Ол сүйіспеншілікпен барлық адамдарға әл-Мәсіхтегі құтқарылу жолын ұсынады.

### **Қуәлік келтіру маңызды ма? (Сүре 6:19)**

Мына оқиғаны көз алдарыңызға елестетіңіздер, бір адам көршісі ұрлық жасады деп сотқа арыз түсіреді. Сот одан: «Ұрлық жасалғаны жайлы дәлел бар ма?», деп сұрайды. Сонда ол: «Менің алтыным жоғалып кетті, мен ешқашан көршіме сенім артқан емеспін», дейді. Сот одан: «Сіздің сенім артпайтын сезіміңіз сол адамның кінәлі екеніне дәлел бола алмайды, сол секілді жоғалған алтын да дәлел ретінде бола алмайды. Мүмкін сіз оны басқа жерде жоғалтып алған шығарсыз, мүмкін оны басқа біреу алған шығар, мүмкін сізде мүлдем алтын болмаған да шығар, сіз жәй кінәсіз адамға проблема әкелу үшін өтірік айтып тұрған да шығарсыз», дейді.

Сот және ғылым дәлелдерге сүйенеді. Күнделікті өмірде де әрбір нәрсе дәлелдемеге байланысты болып келеді. Егер теңізге салынған көпірден өту үшін, опырылып түспейтініне нақты дәлелдемелер болсама, ешкімде сол көпірден өтпейді.

Алланың әрбір жолдамасы дәлелдемемен нақтыланады.

Сүре 6:19-шы аятта былай делінген: «Қуәлік тұрғысынан қай нәрсе үлкен?» «Мені мен сендердің араларында Алла қуә және маған осы Құран...»

Дәлелдемені іздеу – бұл жақсы нәрсе. Ал бірнеше куәгерлердің болғаны, олда жақсы. Адамдар арасында тарап кеткен қателікті жөніне келтіру үшін, бізге бір нәрсені жақсы түсінуіміз керек. Көптеген адамдар мәсіхшілерде бірнеше Інжіл бар деп қателеседі. Біз дұрыс түсінуіміз керек: мәсіхшілерде тек бір ғана Інжіл бар.

Айталық, біреу ислам дінінің ұлы құдай-танушысы әл-Газали туралы кітап жазғысы келеді делік. Оның туылғаннан, өлгенге дейінгі биографиясындағы ойлары мен істерінің әсері жайлы айтады. Мысалы, бірнеше автор ол туралы өз білген-түйген пікірлерін жазады. Егер оның өмірі жайлы бір адамның жазғанын емес, бірнеше жазылған әңгімелерді оқитын болсақ, онда біз толық суретті көре аламыз.

Бір куәгерге қарағанда, бірнеше куәгерлер жақсырақ болады. Неліктен Алла бірнеше куәгерлерді пайдалана отырып, Иса әл-Мәсіх жайлы жазғанының бір себебі, осы. Біз Матайдың, Марқаның, Лұқаның Жоханның және Пауылдың куәліктерін оқи аламыз. Олар куәгер ретінде, не Исамен бірге уақыт өткізгендер, не Исаның жақын достарымен қарым-қатнаста болғандар. Мысалы, Жохан былай деп жазады: «Сендер бізбен байланыста болсын деп, өзіміз көріп, естігеніміз туралы хабар беріп отырмыз...» (Жоханның 1-ші хаты 1:3)

Ал Лұқа былай дейді: «...Көптеген адамдар арамызда әбден белгілі болған оқиғаларды баяндауға кірісіп кетті. Бұл үшін олар Ізгі хабарды уағыздаушылардың әуел бастан-ақ өз көздерімен көріп, бізге айтып жеткізгендеріне сүйенді» (Лұқа 1:1-2)

Көріп отырғандарыңыздай, Құран Исаның жасаған біраз ғажаптарын растайды, Сүре 3:55-ші аятта Алла Оны өлтіріп, қайта тірілтті деп жазған. Исаның өліден қайта тірілгені жайлы басқада дәлелдемелер бар ма? Иса өлді, сосын өліден қайта тірілді, содан соң, Ол Өзінің жақын достарына және бес жүздей шәкірттеріне бір уақытта көрінді деп Тарстық Пауыл да жазған. (Қорынттықтарға 1-ші хат 15:3-7).

Жүздеген адам римдіктердің Исаны тұтқынға алғанын көрді. Олар Исаның Құдыс қаласының көшелерімен Өзінің айғыш-ағашын арқалап бара жатқанын көрді. Олар қала қабырғасының шетіндегі төбеге шығарып, Оны римдіктердің айғыш-ағашына шегелегенін көрді. Олар рим сарбазы Исаның бүйіріне қанжарды қалай сұғып алғанын да көрді. Олар Оның өлі денесін айғыш-ағаштан түсіріп, мәйітін шүберекке қалай орағанын көрді. Олар Оның қабірін көрді. Олар Оны қалай жерлегенін де көрді.

Үшінші күні, бәрі күткендей, кейбір әйел-ізбасарлары, содан соң кейбір ер адамдар Исаның тірі әрі дені сау екеніне куә болды. Ол қырық күн бойы жер бетінде жүрді, сол уақыттары бес жүзден астам адамдарға көрінді.

Исаның өміріне жүздеген адамдардың куәліктері нағыз бірден-бір дәлелі бола алады. Сол адамдардың өтірік айтуына ешқандай себеп жоқ. Олар Исаның артынан ергені үшін, оларды түрмеге басып немесе қатаң жазалайтындарын білді. Алғашқы он екі шәкірттерінің біреуінен басқасының бәрі, ақыры соңында Исаның артынан ергені үшін қатаң жазаланды. Олар Исаны азаптап өлтіргеннен соң, қайта тірілгенін көріп, өз қолдарымен Исаның қолындағы шегенің орынын ұстап көрді, сосын теңіз жағалауында оларға отқа

қақтап, дайындаған балықты бірге жеді. Осыдан кейін қандай күман болуы мүмкін?

Куәліктің маңызы өте зор.

«Қалай ойлайсыздар, Құран қайдан пайда болды? Алла берді ма?» Маған осы сұрақта жиі қояды. Адамдар – білгісі келіп тұратын қызық жаратылыс. Асханадағы біздің шкафты ақтарғысы келіп тұратын жақын досым секілді, адамдар бәрін білгісі келеді: «Мынаны қайдан алдың, ал мынаны ше, мынау не?».

Кәдімгі заттардың, кәдімгідей бастамасы бар. Қызанақтар әуелі басында Америкада өскен, ал кофе Африкадан келді. Таурат, Пайғамбарлар жазбасы, Інжіл және Құран ерекше бастама жайлы мәлімдейді. Осылардың бәрі Алланың аяны болғанын олар растайды.

Осы жерде біз бір түйінді шешіп алайық. Тауратта, Пайғамбарлар жазбасында және Інжілде Алла тікелей адамдармен сөйлескені жайлы көреміз, оларды пайғамбарлар деп атаған. Олар Оның хабарын жариялаған. Мысалы, Алла перғауынға Мұса арқылы хабар жіберді: «Мұнан соң Жаратқан Ие Мұсаға былай деп бұйырды: — Перғауынға барып, сөзімді жеткіз: «Жаратқан Ие мынаны айтады: Маған ғибадат ету үшін халқымды жібер!» (Мысырдан шығу 8:1). Мұса пайғамбармен періште арқылы сөйлесудің орнына, Алла Мұсамен тікелей өзімен сөйлесті немесе мен өзімнің жақсы достарыммен қалай сөйлесемін, тура сол сияқты.

Інжіл айтады, Алла пайғамбарлар арқылы сөйлеспей, енді адамдармен әл-Мәсіх арқылы тікелей қарым-қатнаста

тұруға шешім қабылдады. «Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өзінің рухани Ұлын жіберіп жеткізді. Құдай Сол арқылы әлемді жаратып, Оны барлығының иесі етіп тағайындады» (Еврейлерге 1:1-2). Иса әл-Мәсіх жәй Алланың Сөзі (*Калима*) айтып ғана болып қоймай, Ол Калиматулланың Өзі болды. Исаның барлық айтқан және жасаған істері Ізгі хабар туралы Алланың хабары болды.

Сүре 16:102-ші аятта Құранның қалай бастау алғаны жайлы түсіндіріп береді: «Жебірейіл, Құранды шынайы түрде иман келтіргендерді бекемдеу әм Мұсылмандар үшін туралық әрі қуаныш түрінде Раббың тарапынан түсірді». Мұсылмандар «киелі рух» - бұл Жебірейіл періште деп санайды. Мысалы, Жебірейіл періште, ол Киелі Рух болған, Сол Иса әл-Мәсіхке аян берді деп сенеді.

Осы тұста менің таңқалатын нәрсем бар. Біздің алдымызда екі ерекше әрі армандаған жолды көре аламыз. Мәсіхшілер өз сенімдерінде Алланың адам болып келген Калиматулласы болған Иса әл-Мәсіхтен жол тапты. Ал ислам жолы біз білетіндей, Жебірейіл арқылы келген хабардың артынан еріп жүр. Осы екі жаққа бөлінген жолдар қайда алып барады? Иса-Калиматулланың жолына қарайтын болсақ, біздің көріп тұрғанымыз рақымдылық пен шындыққа толы Бір Сөз. Ал екінші жолға қарасақ, Жебірейіл періштенің Ширктерге қарсы айтылған ескертпе хабарын көріп тұрмыз. Ширктің салдары жаман екеніне біз

бәріміз келісеміз. Рақымдылық пен шындыққа толы  
Калиматулла жайлы біз не ойлаймыз?

### **Теңіздегі өлім деген не? (Сүре 6:63-64)**

Теңізшілер үшін дауыл көтеріліп, биік толқындар  
шайқалып, қатты жел соғу деген үйреншікті нәрсе, сөйте  
тұра оның қорқынышты тұстары да бар. Дауыл соққан  
кезде, корабльдің корпусы алда күтіп тұрған өлімді ескертіп  
тұрғандай көрінеді. 63-ші аятта мынайдай сұрақ бар:  
«Құрлықта, теңіздің қараңғылықтарынан сендерді кім  
құтқарады? Осыдан бізді, құтқарсаң, әлбетте шүкір  
етушілерден болар едік деп, оған жасырын жалынып,  
тілейсіңдер».

Осы оқиға бірінші ғасырдағы Ғалелия теңізіндегі кіп-  
кішкентай қайықты есіме түсіреді. Исаның балықшы  
достары жағадан алысқа кетіп қалған еді. Оның он екі досы  
үреймен әрі Исаға сый-құрметпен қарап, адамдар жабайы  
аңды енді көргендей теңізге үніле қадалып қарап калды.  
Сол күні түнде оларды шеге басып кеткендей қатты үрей  
басты.

Бәрі де жел көтерілгеннен және шайқалған толқыннан  
басталды. Ғалелия теңізі мұхит деңгейінен жүздеген метр  
төменде орналасқан. Сол түні қалың түнек басқан бұлттар  
қаптап, жайылған аймақты өзінің ауыр салмағымен басып  
тұрғандай болды. Аспаннан судың көзі ашылды. Кішкентай  
қайық суға тола бастады. Үлкен теңізде кіп-кішкентай нүкте  
сияқты болып жатқан жер ерекше құбылысқа оралап кетті.  
Ересек адамдар үрейден бар дауыстарымен айқайлап:  
«Көмектесіңдер!», деді.

Қызық, сол кезде Иса қайықтың ішінде ұйықтап жатыр еді, алайда айналада болып жатқан қатты дауылға мән де берген жоқ. Сол кезде айқайлаған достарының дауыстары, Оны оятып жіберді.

Иса орнынан тұрып, дауылдың тынышталуына бұйрық берді. Ол теңізге қарап: «Тыныштал, тоқта!», деді.

Сол мезетте жан-жағы тып-тыныш болып қалды. Шәкірттері толқынға қарап тұрды. Сосын өздерінің қайықтарына және суға қарады. Сөйтіп Исаға көз тікті. Кейін бір-біріне қарап, таңқалысып: «Тіпті жел мен көл де бағынатын Бұл кім Өзі?» — деп таңғалысты» (Марқа 4:41)

Иса теңіздегі өлімнен аман алып қалды. Бұл Исаның өміріндегі ең негізгі мақсаты. Ол өлімнен құтқарып алды. Ол адамдарды құрып кету мен өлімнен сақтап қала алады. Иса жаныңыздан жүзіп өтіп бара жатып, артынан тыныштықты қалдырып кетеді.

### **Өз балаларыңызды өлтірмеңіздер (Сүре 6:151)**

Көптеген қоғамда балаларды құрбандыққа әкелу немесе балаларды өлтіру деген нәрсе біздің санамызға сыймайтын өте жаман нәрсе. Мұхаммед келгенге дейін, арабтарда өзінің туылған қыз балаларын тірідей құмға көміп тастау іс-жүзінде орын алған еді. Ал басқа қоғамдарда ұл балаларында және қыз балаларында, жәй әшейін өліп қала берсін деп, далаға тастай салатын. Бұрынғы уақытта Таяу Шығыста, соның ішінде еврейлер өз балаларын жалған тәңірлерге арнап құрбандыққа шалатын.

21-ші ғасырда ғылым балаларды өлтірудің жаңа әдісін ойлап тапты. Бүкіл әлемдегі ауруханаларда медицина

қызметкерлері адамдардың өмірін сақтап қалудың орнына, керісінше болашақ аналардың жатырынан дүние есігін ашпаған балаларды өлтіріп тастайды. Түсік жасаудың неше түрлерімен туылмаған адамды өлтіреді, сөйтіп кіп-кішкентай адамның денесін бөлшек-бөлшек етіп лақтырады.

Құранда былай делінген: «...Әке-шешеге жақсылық істесендер, жарлылықтан балаларыңды өлтірмендер». Бұл аят он өсиетпен сәйкес келеді. Алғашқы Адам ата мен Хауа ананың отбасынан бастап, қазіргі заманға дейін ата-аналары мен балаларының арасындағы қарым-қатнас одан әрі жақсы болып, балалардың өмірін сақтап қалуға бар күштерін салу керек. Арабтар 6-шы ғасырда өз балаларын өлтіруге тыйым салып, содан бастап осы нәрсені тоқтатты.

### **Құран не үшін берілді? (Сүре 6:155-156)**

«Алла Құранды түсіруге мәжбүр болды», деді менің досым. «Не себептен», деп сұрадым. «Себебі адамдар Тауратты, Пайғамбарлар жазбасын және Інжілді бұрмалап жіберді. Бәрі жоғалып кетті», деді ол.

Ия, айтқан сөзінде логикаға жағынан жаны бар, алайда Құранда ол туралы ештеңе жоқ.

«Осы (Құран) біз түсірген мұбарак Кітап. Енді соған еріндер әрі сақсыныңдар. Мәрхаметке бөленерсіңдер. «Шынайы түрде бізден бұрынғы (Яһуди, Христиан) екі топқа Кітап түсірілді де біз олардың оқығандарынан мүлде хабарсызбыз» дерсіңдер (деп.)»

Бұл үзінді де Бұрынғы Кітаптар өзгертілген деп жазылмаған. Керісінше, сол уақытта арабтар Бұрынғы

Кітаптармен таныс болмаған, бірақ еврейлер мен мәсіхшілер зейін қойып оларды зерттеген деп айтылған. Егер Бұрынғы Кітаптар өзгертілген болса, онда сол арабтарға рухани жағынан заңды негіз ретінде болып, олар былай айтар еді: «Бізді Бұрынғы Кітаптар адастырып жіберді», деп. Одан бөлек, еврейлер мен мәсіхшілердің кітаптары өзгерген болса, онда неге оларды зерттеп, оқыды? Олар өздерін Кітапты оқып-зерттеуге толықтай арнады, сөйтіп Алла жайлы сұрақтармен жан-жақты таныс болды. Еврейлер мен мәсіхшілер өздерінің кітаптарын жоғары бағалап, әрі оларға сенім артқандары осы арқылы дәлелденіп-ақ тұр.

Мүмкін, арабтар Тауратқа, Пайғамбарлар жазбасына және Інжілге қол жеткізе алмаған шығар немесе мүмкін, олар сол кітаптарды қалай оқу керектігін білмеген де шығар. Құранда, еврейлер мен мәсіхшілердің өздерінің кітаптары бар секілді, арабтардың да өздерінің кітаптары болу үшін, Құранды берді делінген.

## 7-ші тарау.

### 7-ші Сүре: Әл Араф (Кедергілер)

#### **Жақсылық пен жамандықтың таразысы (Сүре 7:8-9)**

Сот болатын күні не болады?

«Ол күнгі таразылау шындық. Сонда кімнің таразысы (жақсылықта) ауыр тартса, міне солар құтылушылар. Және кімнің таразысы жеңіл тартса,

аяттарымызға орынсыздық еткендіктері себепті зиян қылды.»»

Көптеген жылдар бұрын Азияның бір қаласында мұсылмандар мен мәсіхшілер жиналып, Сот болатын күн жайлы талқылады. Сонда мұсылман досымыз тұрып: «Алла менің барлық жасаған жақсылықтарымды алып бір ыдысқа салып таразының бір жағына қояды, сосын менің күнәларымды алып, басқа ыдыспен таразының екінші жағына қояды. Сол кезде қай жағы ауыр болса, менің Жұмаққа немесе Жаханамға баратыным, Иншалла шешілетін болады», деді.

Оның мәсіхші досы кішкентай таразына алып, олардың орталарында тұрған үстелдің үстіне қойды. «Меніңше міне, мынау сияқты ма? Алайда бұл жерде бір проблема бар», деді. Содан соң ол бір жағын таспен толтырды. «Біздің күнәларымыз – киелі Жаратқан Иені қорлағандай тым ауыр», деп қосты. Сосын таразының екінші жағына құстың қауырсынын қойды. «Алланың стандартымен салыстарытын болсақ, біздің жасаған жақсылықтарымыз құстың қауырсынындай жеп-жеңілді», деді. Ал таразы орнына қозғалған да жоқ.

Мұсылман досы сол сәтте таразыны зерттей бастады. «Сонда бізде қандай үміт бар?», деп сұрады.

Мәсіхші досы сөмкесінен бір үлкен кірпішті шығарып, оны құстың қауырсынының үстіне қойды. Сол кезде таразы үстелдің құлап түсті. «Көрдің бе? Мына кірпіш, Иса әл-Мәсіхтің толықтай әділдігін көрсетеді және Оның Жарық (Нұр) екенін анықтайды. Ол Өзінің әділдігін

сүйіспеншілікпен басқа Өзінің сенімді достарымен бөліседі».

«Міне, осылар жайлы ойланып көрші», деді де, сөзін жалғастырып: «Ишаия пайғамбар былай деген: «Бәріміз де күнәға батып рухани ластанып кеттік! Күллі әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиренішті! Солып қалған жапыраққа ұқсаймыз, күнәларымыз бізді желдей ұшырып әкетеді» (Ишаия 64:6)

«Мынау дұрыс айтылмаған ба? Алла қалай бізбен Өзінің әділдігімен бөлісуі мүмкін?»

Соған қарамастан, Құранда 7:26-шы аятта, Алла Өзінің әділдігімен бөліседі деп айтылған.

«Әй адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік-бұйым түсірдік. Негізінде тақуалық киімі жақсы. Солар Алланың белгілері. Әрине түсінерсіңдер».

Інжілде, таза адамдар Аллаға жақындай алады, өйткені олар «өздерінің киімдерін жуып, Тоқтының қанымен оларды ағартып алды», делінген. Алланың сүйіспеншілігі біздің күнәларымызды кешіреді. Ал Алланың рақымдылығы Өзінің әділдігімен бізбен бөліседі.

### **Иненің көзіндей (Сүре 7:40)**

Иненің көзінен түйенің өтуі мүмкін емес болғандай, күнәкарлардың да мүмкіндігі шектеулі.

«Күдіксіз аяттарымызды жасынға айналдырып, одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды.. Және олар түйе иненің көзінен

өткенге дейін жұмаққа кірмейді. Күнәкарларды өстіп жазаландырамыз.»

Бірде Исаға өте бай адам келіп, мәңгілік өмір жайлы сұрақ қойды. Иса сол жас жігітке, бар байлығыңды сатып, соңымнан ер, деді. Жас жігіт «жөк», деп жауап қайырды. Себебі Иса оған қолыңда барының бәрінен бас тарт деген болатын, жәй солардың бір бөлігінен емес, алайда ол байлықты жақсырақ көрді.

«Содан Иса шәкірттеріне қарап былай деді: «Сендерге шындығын айтамын: байлардың Құдай Патшалығына кіруі тым қиын! Тағы да айтамын: байдың Құдай Патшалығына кіруінен гөрі түйенің ине көзінен өтуі оңай». Мұны естіген шәкірттері қатты таңғалып: «Ендеше кім (Құдайдың қаһарынан) құтқарыла алады?! деген сауал қойды».

Иса сол кезде олардың назарын Аллаға аударып: «Бұл, адамның қолынан келмейді, бірақ Құдайдың қолынан бәрі де келеді, деп жауап берді» (Матай 19:24-26)

Күнәкарлардың жазасына деген Алланың көз-қарасы қандай? Ол былай дейді: «Оларға былай деп жауап бер: Мәңгі тірі Жаратушы Тәңір Ие өз атымен ант етіп мынаны айтады: Мен зұлымның өлімін емес, оның теріс жолынан қайтып, өмір сүре бергенін қалаймын...» (Езекиел 33:11)

Иса былай деген, Алла Оны адамзатты соттауға емес, керісінше Ол арқылы осы әлемді құтқаруға жіберді. (Жохан 3:17)

**Алла жерге келді (Сүре 7:143)**

Нұх өз халқына барды. Хад Аадпен сөйлесті. Салих Тамудқа аттанды. Лұт өзінің адамдарына барды, себебі олар азғындыққа салынып, күнәға батып кеткен болатын. Шуайб мадияндықтарға барды. Әрбір жағдайда Пайғамбарды Алла жіберген кезде, ескерту үшін жібереді деп Құран айтады, алайда көптеген адамдар сенген жоқ, сондықтан олар ұтылысқа душар болды. Мынадай тәртіп қалыптасқан: бас көтергіш адамдар, елші жібереді, елшіні құртып тастайды, содан соң Алладан жаза келеді.

103-ші аят Мұсаны көрсетеді. Ол Алланың тапсырмасымен яһудилерді азат ету үшін перғауынға барады.

Мысырлықтарға қанша рет қорқынышты жазаларды жіберседе, Мұсаға қарсы тұрып алды, яғни солардың ішінде суды қанға айналдырды, аспаннан от пен бұршақ жаудырды және қалаларын құрбақамен толтырып тастады. Содан кейін аяқ астынан 143-ші аятта біз Алламен және осы әлемнің арасындағы бір-бірімен қақтығысқандарын оқи аламыз.

Бұл жерде таңқалардық не болды? Алланы танудағы мұсылмандар мен мәсіхшілердің ең маңызды айырмашылығы, яғни Алланың уақытқа және кеңістікке деген қарым-қатнасында олардың пікірлері екі басқа.

Көптеген достарым маған мынадай сұрақтарды қояды: «Егер Алла Иса әл-Мәсіхте айғыш-ағашта болған болса, сол кезде Аспанда кім болды? Егер Алла аспанды тастап кеткен болса, онда кім әлемге патшалық етуды жалғастырды? Алла Өз тағынан түсіп, тәртіпсіздіктің орын алуына жол бергені ме?»

Мен осыған дейін Толыққанды Сүйіспеншіліктің не екенін суреттеп бердім, сонда үш жолмен ашып берген

болатынмын. Біріншіден Толыққанды Сүйіспеншілік Иса әл-Мәсіхте тәнге айналып, уақыт пен кеңістікте өмір сүрді. Тура сол уақытта Толыққанды Сүйіспеншілік Аспандағы тағында отырып патшалық ете берді. Алла жалғыз.

Бұл абсурд емес пе? Алла жерде және Алла аспанда, қалайша? Міне Құрандағы ең үлкен тосынсый. Сүре 7:143-ші аят:

«Мұса, белгілі уәдемiзде келiп, Раббы оған сөйлегенде: «Раббым маған өзiңдi көрсет, Сенi көрейiн» дедi. (Алла): «Менi, әсте көре алмайсың; бiрақ тауға қара, сонда егер ол орнында тұра алса, сен де Менi көресiң» дедi. Сонда Раббы тауға елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұсада талып түстi. Есi кiре сала: «Сен пәксiң, Саған тәубе еттiм, әрi мен сенушiлердiң алғашқысымын» дедi.»

Осы оқиға Тауратта да жазылған. Мұса мiнажат еттi: «Ендеше маған Сенiң нұрлы салтанатыңды көрсете гөр, — деп өтiндi». (Мысырдан шығу 33:18) Алла оған былай деп жауап қайтарды:

«Бiрақ бет-жүзiмдi көруiңе болмайды, өйткенi оны көрген пенде тiрi қалмайды. Бұдан кейiн Жаратқан Ие сөзiн жалғастырып былай дедi: — Алайда, мiне, қасымда бiр орын бар: мына жартаста тұр. Менiң нұрлы салтанатым жаныңнан өтiп бара жатқан кезде сенi жартастың жарығына тұрғызып, Өзiм қасыңнан өтiп кеткенше алақаныммен көлегейлеймiн. Содан кейiн қолымды аламын, сонда Менi ту сыртымнан көре аласың. Ал бет-

жүзімді ешкімнің көруіне болмайды» (Мысырдан шығу 33:20-23)

Алла Өзін уақыт пен кеңістікте пайда болуына мүмкіндік бере алатынын Құранда, Тауратта растап отыр. Алла тауда Мұсамен бірге болған кезде, аспанда кім болды? Құдіретті Құдайдың тағы бос қалды ма? Олай болуы мүмкін емес!

Аллаға бәрі мүмкін деп айту оңай. Көптеген адамдардың пайымдауынша, адам санасына сиятын нәрселердің бәрі мүмкін деп санайды. Алла кез келген нәрсені адам көтере алмайтындай тым ауыр ете алады ма? Алла квадратты шеңбер жасай алады ма? Логикаға сүйенетін болсақ, бұлар мүмкін емес. Алла Мұсамен тауда бірге бола тұра, бір уақытта Ол Өзінің Аспандағы тағында да бола алады дегенді логикаға сүйенетін болсақ, бұл мүмкін бе?

Бұл сұрақтардың жауабын, Таураттың бірінші тарауынан таба аламыз. «Құдай Өзінің жаратқандарының бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді. Тағы да кеш түсіп, таң атты; бұл алтыншы күн еді.» (Жаратылыстың басталуы 1:31)

Физикалық тұрғыдан әлем өте жақсы болды, өйткені оны Алла жаратты. Таулар, гүлдер, теректер, жан-жануарлар мен адамдар, бәрінің де физикалық пішіні жақсы болды. Адам ата мен Хауа ана Жаратқан Иеге қарсы шығып, күнә жасаған кезде, олардың рухани өмірлеріне үлкен залал келді. Алайда бұл нәрсе жұлдыздардың, аспанның, өзендердің және шөл далалардың ізгіліктерін құрта алған жоқ. Алла өзі қалағанынша, физикалық әлемге келе алуға мүмкін болды, себебі Ол жаратылыстың ізгілігі мен даңқының бейнесіне залал келтірген жоқ.

Бірақ Алла бір уақытта екі түрлі жерде бола алады ма? Алла кеңістікке шектеулі емес. Басқаша айтқанда, Ол кеңістікті толтырып тұр. Дәуіт былай деген:

«Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын? Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын? Көкке көтерілсем, сол орындасың, Тұңғиыққа түссем де, Сен сондасың.» (Забур 138:7-8)

Алайда бұдан басқа тағы да толығырақ жауап бар шығар. Алланың Сөзі сүйіспеншіліктің белгісі ретінде Алладан шығады. Біз «Сөз» деген кезде, жәй әңгіменің үстінде айтылған сөзден бөлек, аса зор құнды нәрсе деп білеміз. Сөз – бұл Алланың санасы болып табылады. Сондықтан Алла Өз беделімен Өз тағында қала береді, сонымен қатар, Алла Өзінің сүйетін Сөзімен, Оның ерекше бейнесімен жерге де келе алады. Алла тауда Мұсаға келді, ал оған дейін бірнеше жыл бұрын Ол, Мұсаға жанып тұрған бұтақтардың арасымен келген болатын, ал бұтақтар жанып тұрсада, толықтай жанып кеткен жоқ. (Мысырдан шығу 3 тарау және Сүре 20:11). Содом мен Гомораны құртып жіберместен бұрын, Ол Ыбырайымға «үш адам» болып келген еді. (Жаратылыстың басталуы 18:2). Інжілге сәйкес соңғы рет, Ол әл-Мәсіхте келді. Бұл Алланың жер бетіне келуінің ең жоғарғы нүктесі, яғни бір уақытта және кеңістікте болуы. Ол бұндайды осыған дейін де жасаған, алайда олар қысқа мерзімде, жәй жанынан өтіп кеткен секілді болды. Алла әл-Мәсіхте болып, шындық пен рақымдылыққа толып өз халқының арасында жүрді. (Жохан 1:14)

### **Он өсиеттің мәні (Сүре 7:145)**

145-ші аятта Он өсиет жайлы айтылады.

«Мұсаға (Тәурат) тақтайларында әр нәрсені үгіт түрінде ашалап жазған едік: «Сонда оны мықты ұста және еліңе әмір ет. Оның көркем нұсқауларын алсын. Саған, бұзақылардың жұртын көрсетемін?»».

Алла не үшін осы өсиеттерді берді? Алланың алдында адамдарды әділетті жасау үшін бе? Өкінішке орай, жоқ. Кез келген адам қаншалықты заңды ұстанамын деп тырысса да, ұстана алмайды.

Инжілде былай жазылған: «Ендеше Таурат заңы қасиетті, өсиет те қасиетті, әділ және игі.» (Римдіктерге 7:12). Алайда «Мұса арқылы берілген сол заң еш нәрсені де кемелділікке жеткізе алған жоқ.» (Еврейлерге 7:19). Инжілде тағы да былай делінген: «Ендеше Таурат заңын орындаған ешкімнің сол арқылы Құдай алдында ақтала алмайтыны анық. Өйткені «сенімі арқылы ақталған адам шынайы өмірге ие болады» (Ғалаттықтарға 3:11). Біздің арамыздан ешкім де Алланың заңын орындай алмайды. «...Бірақ Таурат заңын орындау арқылы ақталуға тырысқан Исраил халқы бұл мақсатқа жете алмады.» (Римдіктерге 9:31)

Неліктен біз Алланың заңын орындауға қауқарымыз жетпейді? «Ескі күнәкар болмысымыздың ниеті Құдайға қас, ол Құдайдың заңына бағынбайды, әрі бағына алмайды да» (Римдіктерге 8:7)

Бұл бізді қиын жағдайға әкеп соғады. Алла әділдіктің заңын Мұса арқылы жіберді. Ол жалғыз Өзіне ғана табынуға бұйрық берді. Ол бізге ата-аналарымызды құрметтеуге бұйырды. Ол ұрлықты, өтірікті және сатқындықты айыптайды. Кемелді адам – бұл Алланың барлық заңын бұлжытпай орындайтын адам.

Алайда соны кім орындай алады? Кез келген адам бір рет болса да, қателік жібереді. Тіпті жүрегіміздің құпия-сырын бұған қоспай-ақ қояйық.

Інжілде былай дейді: «Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты» (Жақып 2:10). Заң арқылы ақталу дегеніміз – бәрін орындау немесе ешнәрсе. Адам Алланың заңын кемелді түрде әр күннің әр минутында орындап жүрсе ғана, сонда Аллаға нағыз ұнамды өмір сүріп, айыпталудан аулақ бола алады. Кішкентай ғана мойынсұнушылық болмаса, онда бәріне кінәлісіз. Басқаша айтқанда, адам 100% әділ болу керек немесе 0%. Біз өзіміздің алғашқы Едем бағындағы ата-аналарымыздан мұрагерлікпен келген бұзылған жүрек болғандықтан, қай уақытта болса да, біз заңды бұзып жүрміз, сондықтан біздің әділдігіміз 0%-ке тең. Жердің тартылыс күшін 99% сақтауға болады, алайда бір күні оны бұзатын болсақ, жартастан секірген кездегідей, міндетті түрде өлеміз.

Алланың заңы, жәй адамдар ақтала салу үшін ғана берілмеген, оның мақсаты басқа жағынан қызмет ету. Бұл жол ешкімге мүмкін емес. Бұл – көшеде ары қарай «жол жоқ» деп жазылып тұрғанға ұқсайды. «Шығуға болмайды». Ол түнектен басқа, ешқайда сізді апармайды. Заңының шынайы мақсатын біз толығырақ кейін қарайтын боламыз.

### **Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл Мұхаммедтің келетінін болжаған ба? (Сүре 7:157)**

Достарым маған жиі былай дейді: «Сенің кітаптарың Мұхаммедтің келетінін алын ала айтқан ғой. Мұса, өзі сияқты пайғамбар келеді деген. Иса, Өзінен кейін басқасы

келеді деген». Олардың пайымдауынша, Сүре 7:157-ші аят солай айтқан, деп ойлайды: «Олар, сондай жандарындағы Тәуратта және Інжілде жазулы жіберілген, сауатсыз Пайғамбарға ергендер...»

Мен Құранды оқымас бұрын, көп жыл алдын, «Бұрынғы Кітаптар» дегенді оқып-зерттедім. Сол жерде оқиға Адам ата мен Хауа анадан, Нұхтан, Ыбырайымнан, Мұсадан басталады, сосын оқиға Дәуіт пен Сүлеймен патшаларға ауысады. Жақия пайғамбар келіп, әл-Мәсіхке жол дайындайды. Қарап отырсаңыздар, барлық жағдайда Иса әл-Мәсіх ондаған пайғамбарлық сөздерді орындады, олардың кейбіреулері Ол туылмастан бұрын мыңдаған жылдар бұрын айтылған.

Иса көкке көтеріліп кеткеннен кейін, Оның шәкірті Петір Мұсаның алдын ала айтқан Пайғамбары, Иса болғанын нақтылап берді.

Сіздерге алдын ала уағыздалған Иса әл-Мәсіхті Алла жіберетін болады: сонда аспан толықтай өз қалпына келгенге дейін Сол болады, бұның бәрін Алла әлемнің басында өзінің киелі пайғамбарларының ауыздары арқылы айтқан болатын. Өйткені Мұса шынымен ата-бабаларымызға былай деген: «Құдай Иелерің сендерге мен сияқты бір пайғамбарды бауырларыңның арасынан шығарады. Соның айтқандарын тыңдаңдар!» (Занды қайталау 18:15).

Мәсіхшілер Иса әл-Мәсіхті Пайғамбар деп қабылдайды, себебі Иса кейін келеді деген пайғамбарлық сөзіне сәйкес болды. (Занды қайталау 18:15).

Ал, Иса Көкке көтеріліп кеткен соң, Ол келеді деп уәде еткен Көмекші жайлы не болмақ? Кейбір мұсылмандар, Інжіл Мұхаммедтің келетінін алдын ала айтқан деп ойлайды. Бұл сұрақтың мәні мына грек сөздеріне байланысты болып тұр, *параклетос* (παράκλητος) немесе *периклутос* (περικλυτος). (Жохан 14 тарау).

Иса біздің білуімізше, өз достарымен арамей тілінде сөйлескен, кейінірек Інжіл негізінен грек тілінде жазылды (*Койне*). Жерорта теңізі аймағында грек тілі халықаралық және өте маңызды тіл болып саналды.

Бірде Иса Өзінің шәкірттеріне болашақ жайлы айтты. Ол оларға Өзі физикалық тұрғыда араларынан кететінін түсіндірді. Ол 33 жыл өмір сүрді. Оның жердегі өмірі аяғына жеткен кезде, Ол әлі де жас болатын. Әрине, сөзсіз оның достарында үрей мен алаңдаушылық болды. Неліктен Ол ерте бізді қалдырып бара жатыр, алдымызда әлі де қанша жұмыс бар емес пе? Ол оларды Рим басқыншылығынан азат етпей ме? Ол қайда бара жатыр? Енді қалай Оның жетекшілігінсіз ісін жалғастыра аламыз? Сонда Иса мынадай сөздермен жұбатты: «Мен көктегі Әкемнен сендермен мәңгі бірге болатын Қамқоршыны (Көмекшіні) жіберуін өтінемін...» (Жохан 14:16).

Иса тағы да бір *параклетосаны* (παράκλητος) уәде етті, яғни қамқоршы немесе көмекші, «көмекшілікке шақырылған» деген мағына. Немесе жақсы дос, ата-ана немесе тәлімгер секілді болады, ол өз кеңестерімен жұбаныш береді, ол қолдау болып, шынайы тыныштық беретін болады.

Исадан кейін жүздеген жылдар өтті. Мұхаммед таныла басталды, ал мұсылман ғалымдарының арасында мынадай

сұрақ пайда болды: Сонда Інжіл оның келетіні жайлы айтқаны ма? Олар «Інжілді» оқып, Иса уәде еткен Ахмад есімді (Даңқты) адам, рухтың орнына сол болғаны ғой, деп пайымдады. Інжілдің айтқанын өз-ара былайша растады: «Ол сендерге басқа Ахмадты жібереді», бұл Інжілдегі түпнұсқада «*периклутос*» (*περικλυτος*) деген сөзді пайдаланды, яғни оның мағынасы «даңқты» дегенді білдіреді. (Жохан 14:15)

Бұндай талап, үлкен проблема алып келді. Біріншіден, Інжілдің ежелгі немесе қазіргі замануи көшірмелерде «Ахмад» (*периклутос*, *περικλυτος*) деген сөз қолданылмаған. Бұндай аят еш жерде жоқ. Ең ежелгі болып табылатын Інжілдің көшірмесі Папирус 66 деп аталады. Біз басқа да ертедегі Інжілдің көшірмелерімен салыстырып көрдік, алайда ешқандай айырмашылық таба алмадық. Бұлардың бәрінде «Көмекші» (*параклетос*, *παράκλητος*) деп жазылған. Бұған ешқандай күманымыз жоқ.

Екіншіден, Иса Көмекші деген кезде, адамды емес, Рух жайлы айтты. Көмекші, Исаның жұбатудағы және күнәкарларды құтқарудағы ісін жалғастырады. Ол көзге көрінбейді және әлемге танымал болмайды, бірақ Исаның ізбасарларының арасында танымал (көрінбейтін танымал). Ол Исаның ізбасарларымен шексіз бірге болады, сөйтіп оларды барлық шындық жолымен жетелеп жүретін болады. Алланың қасиетіне сүйенетін болсақ, Ол Көмекші – алайда періште немесе адам емес. (Жохан 14:16-26)

Інжіл басқа жерлерде Көмекшіні, Киелі Рух деп атайды. Шын мәнінде, Інжілдің әр жерде жазылған жиырма үш аятында Оны әл-Мәсіхтің Рухы деп те атайды.

Иса әл-Мәсіх өзінің достарына былай деген: «...Естеріңде болсын: Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» (Матай 28:20). Физикалық тұрғыдан Ол оларды уақытша қалдырып кетті, алайда Көмекші ретінде, Ол рухани олардың жанында әрі олардың ішінде өмір сүреді.

Инжілдегі осы аяттар, Мұсаның берген уәдесін Иса орындағанын айтады, яғни одан кейін басқа Пайғамбар келеді, сонда ол өзінің шәкірттерін жалғыз қалдырмайды, алайда рухани олармен Көмекші ретінде қалады (параkletos, παράκλητος).

Кейде менің мұсылман достарым ашық қарсылық танытып: «Жоқ! Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Инжіл ешбір шүбәсіз Мұхаммедтің келетінін болжаған», дейді. Әңгіме бірде, алдыға шығады, бірде артқа қайтады.

Мен оларға: «Сұрақ қоюға рұқсат етіңдер», деймін. «Сендер Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Инжіл өзгертілмеген дегенге сенетін болсаңдар, онда Мұхаммедтің келетін жайлы алдын ала жазылған аяттарды іздеудің қажеті қанша?».

Өйткені Құран «Бұрынғы Кітаптар» оның келетінін айтқан дейді. Олар сол жерде болуға тиіс.

Не үшін біреуге сенеміз, бізде Таурат, Пайғамбар жазбасы және Инжіл бар емес пе? Егер олар өзгертілген болса, онда Мұхаммед жайлы айтқандарының бәрі жоғалып кеткен болу керек. Сендердің қолдарыңда Құран болса, онда Бұрынғы кітаптардың не қажеті бар?

Осылар жайлы ойланып көруге болады.

«Сіздікі дұрыс», деді біреуі. «Маған Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл қажет емес, бірақ мүмкін олардың кейбір бөліктері толығымен өзгертілмеген шығар», деді.

Өте қызық. Сонымен, кейбір мұсылмандар Бұрынғы Кітаптардың кейбір бөліктері өзгертілмеген деп санайтынын түсінуге болады. Біздің де байқағанымыз, Құран да оларды құрметтейді, сондықтан қайта қарап шығуға мүмкіндігіміз болып тұр, яғни не Таурат, не Пайғамбарлар жазбасы, не Інжіл өзгертілмеген, солай ма?

Егер біз шынымен шындықты білгіміз келсе, онда біз өз ізденістерімізде адал болайық.

### **Алланың керемет есімдері (Сүре 7:180)**

Көптеген мұсылмандар Алланың 99 кереметтей есімі бар деп санайды, міне соларды жаттап алсаңыз ерекше жарылқау батаға ие боласыз немесе Жұмаққа жол ашылады деп ойлайды. Ал кейбіреулері, құпия жүзінші есімі бар деп те санайды. Ескі бір оқиғада былай делінген, Алла Өзінің жүзінші есімін түйеге айтқан, сондықтан түйе өзіне риза болып, адамдарға жоғарыдан қарайды екен, ол біледі, ал адамдар сол есімді білмейді.

Осы есімге байланысты Алланың әртүрлі қасиетін түсінуге болады, мысалы мейірімді, құдіретті, кешірімді және тағы басқалар.

Енді сол жүзінші есімді іздеуге кірісейік пе? Тағы басқа не біле аламыз?

Міне, мына оқиғаға назар аударайық.

Біркүні құдайшыл бір мұсылман әйел белгілі бір ислам уағыздаушысын тыңдайды. Соңында ол мынадай сұрақ қойды: «Ұстаз, мен Алланың киелі нұрында тұрған кезімде, өзімді күнәлі әрі мойынсұнбайтын адам ретінде көремін. Сіз маған айтыңызшы: Алла күнәкарларды сүйеді ме? Алла мендей күнәкарды сүйе алады ма?»

Ұстаз әйелдің бет-жүзіне ұзақ қарап тұрды да, бірақ жауап бере алған жоқ. Өйткені оның түсінігі бойынша, Алла тек қана әділдік жасаған адамдарды сүйеді, ал күнәкарларды сүймейді. (Сүре 7:55).

Алланың алдына қараңғыда келіп, адам жүрегінің ең түкпіріндегі құпия-сырын ақтарып, ашылған адамға Ол қалай қарайды? Ең қызығы, біз соны ашық жасаймыз. «Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді» (Римдіктерге 5:8). Біз бірінші болып сүю керекпіз деген шарт қоятын болсақ, Алла бізді сүйе алмайды. «Біз сүйеміз, себебі Ол бізді алдымен сүйді» (Жоханның 1-ші хаты 4:19). Егер Алла тек қана жақсы адамдарды сүйетін болса, онда ешбір адам Оның сүйіспеншілігіне лайықты бола алмайды. Ол онда ешкімді сүймес еді, себебі Оның сүйіспеншілігіне ешкімде лайықта емес. Ол Өзінің рақымдылығының арқасында сүйеді. Егер Ол бір күнәкарды сүйетін болса, онда Ол бәрінде сүйеді. Оның сүйіспеншілігінде айырмашылық жоқ. Мүмкін Алланың жүзінші есімі «Сүйіспеншілік» шығар.

## 8-ші тарау.

## 8-ші Сүре: Әл Анфал (Олжа)

### **Қандай соғыс? (Сүре 8)**

Алланың жолындағы соғыстың қазіргі таңдағы өмірге қандай да бір қатысы бар ма? Мұхаммед және оның алғашқы ізбасарларының уақытында физикалық тұрғыдағы соғыс әрі әскери шабуылдар адам өмірінің бір бөлігі болды. Көптеген адамдар қылышпен өмір сүрді, әрі қылыштың ұшынан қаза тапты. Біз бұны бірінші кезекте түсінуіміз керек. Сүре 8, мұсылмандар мен мұсылман еместердің арасындағы физикалық тұрғыдағы соғыс жайлы айтады. Сүре 8:12-ші аят: «Расында Мен сендермен біргемін. Мүміндерге тоқтау беріңдер» деп нұсқау беруде еді. «Кәпірлердің жүректеріне қорқу саламын. Сонда мойындарының үстіне әрі қол-аяқтарына қылышпен шабыңдар».

Олар не үшін күресті? Көп құдайға сенетіндер (политеист), мұсылмандарға «киелі Мешітке» кіруге тыйым салды. (Сүре 8:34). Одан бөлек, олар бар күштерін мұсылмандарға қарсы жұмсады. Сүре 8:5-ші аятта, мұсылмандар үйлерінен шығып сенбеушілермен соғысыңдар деп шақырған кезде, кейбір сенушілерге ол ұнаған жоқ, деп жазылған.

Әскери шабуылдар қанша уақытқа созылу керек болды? Таураттың айтуынша, Ыбырайымның балалары тек өздерінің Уәде етілген Жерін ғана қорғап қалу үшін соғысқан. Соғыс кеңістікпен, әрі уақытпен шектеулі болды. Олар өз жерлеріне қоныстанған соң, соғыс тоқтады. Алла Ыбырайымның халқына барлық жерді беремін деп уәде еткен жоқ. Ол тек кішкентай жерді ғана беремін деп уәде етті. Жердегі адамдар Исадан соны күтсе де, Ол өз

ізбасарларына қару-жарақты тастап, сенбеуші билік иелеріне мойынсұнындар деп үйретті.

Әлемдегі елдердің, билік иелерінің, соның ішінде Қытай немесе Италия елдері концепциясы бар-жоғы жүз шақты жылдар бұрын ғана пайда болды. Мұхаммедтің кезінде патшалар мен билер өз жерлерін басқарған. Солардың ішінде кейбіреулерінің билік жүйелерін басқару қиынға соқты, мысалы, ежелгі Қытай империясының жүйесі өте қиын болды, ал басқаларынікі оңайрақ болды. 6-шы ғасырда Рим империясы құлдырады. Ыбырайымның халқында одан ары билік жүйесі немесе патшасы болған жоқ. Гректер Жерорта теңізінің барлық жеріне шашырап кетті. Араб рулары барлық араб шығанағына шашылып кетті, тіпті бір-бірімен соғысқан кездері де болды.

Осы әлемдік тағдарыс кезінде, ислам жаңа Шариат пен қоғамды (Умма) орнықтырды. Олар тек араб немесе қытай мұсылмандары жайлы ойлап қоймай, олар енді жәй мұсылмандар жайлы ойлады. Олардан күтетін бір нәрсе, тек Мұхаммедтің соңынан еріп, Шариатқа мойынсұнса болғаны. Ақырындап, ислам дінін қабылдаған рулар саны өсе бастады, сөйтіп әртүрлі жерлер мен тілдерден адамдар мұсылман болып жатты.

Кейде мұсылмандар, мұсылман емес халықтар тарапынан қауіп төнгенін сезе бастады, сондықтан олар қолдарына қаруларын алып, соғысқа шықты. Мысалы, 8-ші ғасырдың басында Солтүстік Африка мұсылмандары, Испан готтары тарапынан Испанияда тұратын адамдарға қысымшылық көрсетіп, қауіп төнді деп санады. Сонда олар теңіз арқылы әскери кампанияны жіберіп, Испанияға шабуыл жасады,

ақырында жерін басып алып, сол жерге ислам билігін орнатты. Олар 734 жылы оңтүстік Францияға қарсы көтерілді, себебі Франциядағы сенбеушілер оларға қауіп төндірді деп негізге алды. Туралық Чарльз Мартелді жеңе алмаған соң, арттарына қайтып, Испанияға орнықты, сол жерде жүздеген жылдар бойы қалды.

Шығыс майданында ислам Арабия жерінен шығып, басқа жерлерге тарап кетті, соның салдарынан үлкен территория Умма мен халифаның қол астына енді. 1071 жылы Византия империясы Манцикерт түрік-селжуктеріннен жеңіліс тапты. Содан соң, екі жүз жылдан кейін Осман империясы пайда болды. Біздің эрамыздың 1453 жылы византиялықтар тарапынан сатқындық пен қауіптің төнгенін сезген Сұлтан Мехмет, соңғы күшімен Византияның Константиноліне соққы жасады. Ұлы қорғалған, биік қалалардың қабырғалары құлап, Исламның туы мен Исламның билік күштері барлық Солтүстік Африкаға, Арабияға, Орта Азияға және Қиыр Шығыстың басым бір бөлігіне орнап, сонымен қатар Еуропаға жол ашты.

«Жихад әрқашан қорғану мақсатында», деп бірде мұсылман ғалымы, қобалжып айтып қалды. «Мәсіхшілер, ислам қылыштың ұшымен таратылды деп қатты қателеседі», деді ол. Мен оны зейін қойып тындап отырдым, себебі тарихқа деген оның пікірін білгім келді.

Әділдік үшін жасалатын физикалық жихад жайлы айтқан әңгіменің үстінде, мен түсінгенім, мұсылмандар ешқашан агрессор ретінде бірінші болып шабуылдамайды. Егер өз-өзін қорқау мақсатында болса, күресті ақтауға болады. Сүре 8:39-шы аятта былай делінген: «Олармен ешбір фитна

қалмағанға дейін және дін бүтіндей Алланикі болғанға дейін соғысындар. Егер олар тыйылса, расында Алла олардың істегендерін толық көруші»

Мұсылмандардың ғалымдары бейтіншілікті екі негізбен қарайды: *Дар-әл-Харб* (Соғыс үйі) және *Дар-әл-Ислам* (Ислам үйі). Исламның Испанияны, содан соң Стамбулды жаулап алғанына қарағанда, маған өте қызық болып тұр, мұсылман жетекшілері солардың ішінде қайсысы, қандай жолмен исламға қауіп төндірді деп анықтаған екен? Сүре 8:39-шы аятқа сүйене отырып, адамдармен физикалық күрес әділдік орнап, исламға сену барлығына тән болғанға дейін, көп жерлерде *Дар-әл-Харб* (Соғыс үйі) тоқтамауға тиіс сияқты. Онда оның мағынасы, яғни қазіргі заманда сенбеушілердің өркениеті немесе кез келген билік иелері ислам үшін қауіп төндіреді деп түсінуге болады ма? Басқаша айтқанда, сенбеушілер әрқашан исламға қауіп төндіріп тұр ма, тіпті олар мұсылмандарға қарсы агрессия көрсетпесе де, солай ма? Сонда олардың жәй сенбегендігіне бола мұсылмандар оларға қарсы көтеріліп, өздерінің Аллаға деген сенімдеріне мойынсұндырып, тұрақты түрде намаз оқытып, шариатты жерде ұстану керек пе? Шабуыл жасау, қорғанудың жақсы әдісі емес пе?

Бұлардың бәрі ыңғайсыз сұрақтар екенін, түсінемін. Меніңше, кейбір адамдар жихад жайлы ойды миларына сіндіріп алып, жақсы мұсылман болуым үшін жасалған жеке өзімнің қадамым деп қалыптасқан түсінігі бар. Сүре 8, қазіргі заманға қолдануға келмейтінін растайтын адамдар да бар, мен оны білемін. Алайда оның мағынасы қандай? Егер Сүре 8 қазіргі заманға қолдануға келмейтін болса, онда

Құранның қай бөліктері бүгінгі күні қолдануға болады, ал қай бөліктері қолдануға болмайтынын адам қалай түсіне алады?

Біреу маған әділетті түрде өзінің сол жайында жәй түсіне алмайтынын ашық айта алады деп сенемін. Ия, ол мүмкін, себебі менінде түсінігім шектеулі екенін мойындаймын. Алайда осы Сүрені оқу тіптен қиын емес. Бұл жерде күрес уақытпен немесе жермен шектелетіні жайлы айтылмаған. Адамдар қай кезде өмір сүрсе де, адам өмірінде қойылатын негізгі сұрақ, сенбеушілер билік ететін жерге мұсылмандардың көз-қарасы қандай болу керек?

## **9-шы тарау.**

### **9-шы Сүре: Әл Тауба (Тәубе) немесе Бар (Бас тарту)**

**Сенбеушілермен жасасатын келісім-шарттың ережесі (Сүре 9:1-29)**

Тарихқа үңілетін болсақ, Мұхаммед өз өмірінде кем дегенде 27 әскери кампанияларға қатысқанын білеміз. Солардың ішінде белгілісі – Бадра, Ухуда және Тренче шайқастары бар. Бір рет ол жарақат алып, сосын жазылып кеткен.

Кей уақыттары мұсылмандар мұсылман еместермен бейбіт келісімге отырған. Осы үзіндіде, байқасаңыздар, келісім-шарт тұрақты бола алмайды, себебі әрқайсысының өзінің орындайтын шарттары бар. Сүре 9:5-ші аят:

«Ал қашан құрметті айлар шықса, сонда мүшріктерді қайдан тапсаңдар да өлтіріңдер. Оларды ұстандар, қамаңдар және олардың бүкіл

жолдарын аңдып отырыңдар. Сонда егер олар, тәубе қылса, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олардың жолын бос қойыңдар. Расында Алла жарылқаушы, ерекше мейірімді.»

Осыған дейін болғандай, біз Сүре 9 мұсылмандар үшін, Умма кез келген уақытта және кез келген жерде орындауға өсиет еткен бе, соны сұрауымыз керек. Ислам Уммасы – бұл ел немесе ұлт емес. Мұхаммедтің жетекшілігімен, ал содан соң мұсылман халифтері мұсылман еместермен бейбіт тыныштықта тұрамыз деп келісім-шарт жасасқан.

5-ші аят осы үзіндіге тікелей айтылған бұйрық. Көп құдайға сенетіндермен, еврейлермен және мәсіхшілермен (Кітап иелері) күресу керек дегенді білдіреді ма, немесе тек қана көп құдайға сенетіндер ме, өйткені оларды айыптайтын себебі, олар өздерінікін Алламен бір қатарға қойғандықтан ба? Соған қарамастан, Сүре 9:29-шы аят шайқас майданын ұлғайтып отыр.

«Кітап берілгендерден, Аллаға, ақырет күніне иман келтірмегендер және Алланың әрі Елшісінің арам еткен нәрселерін арам деп білмегендер және де хақ дінді (Исламды) дін деп мойындамағандарменен сүмірейіп, өз қолдарынан салық бергенге дейін соғысыңдар»

Бұл аяттар бізді негізгі сұраққа алып келеді. Егер бұл аяттар бүгінгі күнге қолдануға болатын болса, онда Құран қорғану үшін бе немесе шабуыл жасау үшін шақырады ма, немесе анаған да, мынағанда шақырады ма?

Біз Испания және Анатолий жайлы мысалдар келтірдік. Ислам көршілес жатқан аудандарға тараған кезде, ол барлық сенбеушілермен бетпе-бет келеді. Сол сенбеушілердің кейбіреулері ислам жайлы хабарды есітіп, алайда исламды қабылдаудан бас тартса, онда олар қауіп төндіргені болып саналады ма? Егер сенбеушілер мұсылмандардың өздері оқитын намаздарына немесе мешіт салуларына кедергі жасаса, онда сол қауіп төнгені болып саналады ма?

4-ші аятта кейбір сенбеушілер мұсылмандармен жасасқан келісімдерін ұстанды деп жазған. Бірақ 4 пен 5-ші аяттың арасында бір түсініксіз нәрсе бар, яғни келісім-шарттың мерзімі өткеннен кейін не болатыны түсініксіз. Сонда мұсылмандар тағыда өз сенімдерін тарату үшін, күреседі дегенді білдіреді ме?

Біреу былай деп жауап беруі мүмкін: «Бұлардың бәрі жақсы, бәрі де дұрыс, алайда әрине, 7-ші ғасыр мен 21-ші ғасырдың арасында үлкен айырмашылық бар. Бәрі ғасырдан ғасырға қиын болып бара жатыр. Ешкімде қазір шөл далада түйемен жүріп, ұзын киім киіп алып, құмнан және шаңнан қорғанып, бір жұтым су іздеп жүрген адам жоқ. Бізде 4G интернет бар, біз адам органдарын, жүректі де ауыстыруды үйрендік және басқа планеталарға сапар шеге аламыз. Біз осы ежелгі хаттарға қазіргі замануи көз-қараспен қарауымыз керек».

Бір жағынан бұл да дұрыс. Технология мен ғылым үлкен жетістіктерге жетті. Көптеген адамдар тарихта болған адамдармен салыстырғанда көбірек өмір сүретін болды. Соған қарамастан, осы әлемде әлі де көптеген адамдар

мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ата-бабалары секілді шөл далада тұрып, әрең күндерін көріп жүргендер бар.

Технология өзгерді. Көпшілік үшін осы әлем өзгерді. Алайда Құран өзгерді ме? 7-ші ғасырда өмір сүрген адамдарға маңызды болғандай, бүгінгі күнге де маңызды ма?

Мен бірде мұсылмандардың сайтына кіріп, еврейлер, мәсіхшілер және басқа сенбеушілер Сүре 9-ды және сол секілді үзінділерді пайдаланып, Исламнан алып кетіп жатыр дегенді оқығанмын. «Ислам – бейбітшіліктің діні, ешқашан зорлық-зомбылық жасамайды. Тек қана исламның жаулары өтірікті таратып, мұсылмандар зорлық-зомбылықпен айналасады деп жатыр. Адамдар мұсылман болмасын деп, бар күшін салып жатыр», делінген.

Бірде Азияда жүріп, исламның бір көсемімен бірге отырып қалдым, ол ислам жайлы өзінің пікірін қалай түсіндіріп бергенін естідім. Кофесін ішіп отырып, ол былай деді: «Егер Американың бұқаралық ақпарат құралдары исламның шын мәнінде, шынайы қандай екенін еліне көрсететін болса, онда бүкіл елі бір күннің ішінде Мұхаммед пайғамбардың дінін қабылдаған болар еді».

Әрине, мен жоққа шығармаймын, алайда адамдар басқа діндер жайлы өсек таратып, өздерінің сенімдерінен өзгеше болғанын айтып, басқалар жалған ілімді таратып жатыр деп сенеді. Меніңше, неліктен көптеген адамдар «Бұрынғы Кітаптарда» және Құранда жазылған соғыстың шынайы мәнін білгілері келіп, соған мүмкіндіктер табуға талпынып жатыр деп іштей өзім сеземін.

Кейбір адамдар сол үшін уайымға салынып жүрген шығар? Мүмкін кейбіреулер қорқатын да шығар? Әділ адам былай жасай алады ма, мысалы, канадалық адам Суданда, Сирияда немесе Ауғанстанда болып жатқан проблемларды көріп, өзіне сұрақ қояды, сол жерде тұрып жатқан мұсылмандардың уайымы мен қайғысын сезе тұра, еврейлер және мәсіхшілер оларға қысымшылық көрсетіп немесе оларға шабуыл жасай алады ма? Ол еврей досын тауып алып, одан: «Сендердің Киелі Кітаптарыңда еврей еместерге шабуыл жасап, оларды мойынсұндырыңдар деп жазылған ба?», деп сұрады. 21-ші ғасырдың ең атақты атеисті Ричард Докинз былай деп жазған:

«Көне Өсиеттің Құдайы, барлық көркем әдебиеттің ең жағымсыз кейіпкері болған шығар: себебі Ол қызғаншақтардың ішіндегі ең қызғаншағы болғаны үшін мақтанады: ұсақ-түйікке мән береді, әділетсіз, бәрін есіне сақтап отырады; кек алғыш, қан ішер, кісі өлтіргіш; гомосексуалдарды көре алмайды, әйелдерді жек көретін, ұлтшыл, балаларды, халықтарды, бауырластарды өлтіргіш, қатыгез, ашушаң, ренжіп қалатын».

Еврейлер немесе мәсіхшілер Докинзге қалай жауап берер еді? Дін зорлық-зомбылыққа шақырады ма? Мен былай айтар едім: «Мен сіздің уайымыңызды түсінемін, бірақта мен сіздің пікіріңізбен мүлдем келіспеймін. Сіздің Тауратта, Пайғамбарлар жазбаларында көріп отырған зорлық-зомбылықтарыңыз, Алла тарапынан зұлым адамдарға жасалған әділетті қаһары болатын. Оқиға Оның қаһарымен бітіп қалмайды. Ол Иса әл-Мәсіхке қарай ауысады. Ол

Өзінің азап шегіп, айғыш-ағашта өлуге дайын болғаны, демек Алланың бізді сүйетінін дәлелдеді. Ол біздің қайғы-қасіреттерімізді Өзіне алып, содан соң өлімді жеңіп шықты. Інжілдегі Исаның жолын ашып беруі, толықтай мәсіхшіліктің империализміне тыйым салады. Исаның алғашқы шәкірттерінің бәрі бейбітшіл адамдар болды. Барлығыда сенімдері үшін өз жандарын қиды, алайда олар өздерінің жауларын кешіріп, зұлымдыққа жақсылықпен жауап берді».

Таурат, Пайғамбарлар жазбалары және Інжіл сонда мәсіхші еместермен жаман қарым-қатнаста тұрындар деп айтады ма? Інжіл мәсіхшілерге «Исаның жолында күресіңдер» деп бұйырады ма? Жоқ, Иса өзінің ізбасарларына қаруларыңды тастаңдар деп бұйырды, өйткені Оның патшалығы – рухани патшалық. Ричард Докинзбен оның сенбеуші достары қорқатындай негіз жоқ, себебі Исаның ізбасарлары оларға ешқашан шабуыл жасамайды.

Сүре 9:29-шы аяттағы үзіндіні оқып отырған мұсылман емес адамдар не ойлау керек? «Мен қорқуым керек пе? *Джизья* (салық) төлеуге мені біреу мәжбүрлей алады ма? Өзімді қорланған адам секілді сезімде жүруге мені олар мәжбүрлей алады ма?»

«Мұсылман-осман замандағыдай діни еркіндікті осы әлем ешқашан көрген емес», деді менің досым, сөйтті де, саусағының ұшымен жақын жерде орналасқан үлкен мешіттер мен қауымдарды (шіркеулерді) көрсетіп.

«Еврейлер, мәсіхшілер және мұсылмандар кемелді әлемде бірге өмір сүріп жатты, әрқайсысы өздерінің дінін ұстанып, ешқандай қорқыныш болған емес. Заманның дамуы ислам

билігінің астында да өсіп-өнген жоқ па, сол кезде Еуропа ұзақ мұңды Ортағасырлық заманды бастан кешіп жатқан жоқ па еді? Ислам – әлемдегі ең шыдамды-сабырлы дін болып табылады».

Кейде Ислам билігі қалай жұмыс істегенін бізге тарих анық көрсете алады. Еврейлер мен мәсіхшілер мұсылман билігінің астында *дхимми* ретінде өмір сүріп жатты, солардың ішінде мұсылман емес аз халықтарда бар. Міне, шамамен сол кездегі мұсылман еместерге талап етілген тізім:

- Мұсылман емес ер азаматтар мұсылман еліне, мұсылман билігіне мойынсұнғанының белгісі ретінде, әрбір жан үшін салық (*джизья*) төлеу керек болды. (Көптеген құжаттарды ақтаратын болсаңыздар, олар төлем жасаған кезде, өздерін қорлау деп сезінді, мысалы үшін, оларды мойындарынан ұрып-соқты, деп жазылғанын көре аласыздар). Егер олардың жеке меншік жерлері болса, сол үшін жер салығын (*харадж*) төлеуге мәжбүрледі.
- Мұсылман еместер әскери қызметке бара алмады, өйткені бұл оларды жихадқа, яғни Киелі соғысқа шақырады деп санады.
- Еврейлер мен мәсіхшілерге жаңа қауымдар мен синагогалар салуға рұхсат берілмеді, немесе мұсылмандар тұратын аудандардағы ғимараттарды жөндеу жұмыстарын да жасауға тыйым салынды.
- Оларға қауымнан тыс жерде айғыш-ағаштарды іліп қоюға рұхсат берген жоқ немесе көшеде діни іс-шараларды өткізуге де тыйым салды.

- Олардың үйлері мұсылмандардың үйлерінен биік салынбау керек болды.
- Олардың киімдері мұсылмандар киетін киімнен басқаша болу керек болды. Олар көп жағдайда мұсылмандардан айрықша етіп тұратын белгілерді омырауына тағып алуға мәжбүр болды, тіпті кейде шашын тақыр етіп алып тастауға мәжбүрледі.
- Оларға аттармен жүруге тыйым салды, олар есектермен жүруге мәжбүр болды.
- Олар мұсылмандарға сый-құрметпен қарау керек болды, мысалы, оларға өздерінің отырған орнын беру керек.

Тастан қаланған қауымдарды қиратып, қоғамда көрген қорлау мен мемлекеттік басқаруда орны жоқ еврейлер мен мәсіхшілердің қауымдастығы әлсіремеуге қай шара, тіпті олар солып та қалған болмас па еді?

Арабиядағы жағдай әрқашан қатал болды. Мұсылман еместерге Меккеге кіруге мүлдем тыйым салынды. Халиф Умар Мұхаммедтің бұйрығын бұлжытпай орындады, яғни арабия шығанағында екі дін қалмау керек болды, сөйтіп мұсылман еместердің бәрін қуып шығуға қаулы шығарды. Сауд Арабияның Ислам Үйі осы кезге дейін сол жерге қатал бақылау жасап келеді, сөйтіп бүгінгі күні де, болашақта да сол өңірде ресми түрде тек қана бір дін қалу керек.

Осылардың бәрін ескере отырып, мәсіхшілер Сүре 9-ды оқыған кезде қандай сезімде болу керек? Кез келген адам қиын екі таңдаудың ортасында қалған кезде, қалай өзін сезінеді? Егер адам дхимми ретінде өмір сүргісі келсе, демек өзін кемсітіп және басқаратын классқа мойынсұнып

жүру керек. Егер біреу, ол әйел, не ер азамат болсын дхимми дәрежесінен аулақ болу үшін ғана, мұсылман болуға шешім қабылдаған болса, онда бұл қолдан жасалған дін, сонда осы әлемдік нәрселерге бола сенімін ауыстырғаны ғой.

Қазіргі замануи мұсылман былай деуі мүмкін: «Бұның бәрі бекершілік, сіздер қараңғы ғасырдағы жағдайларды айтып отырсыздар. 21-ші ғасырда біз білімдіміз, біз демократияға сенеміз. Адам болып қалу ғана жеткілікті. Біз дінді негізге ала отырып, адамдарды бөліп-жармаймыз». Ия, мүмкін бұның бәрі өркениетті түрде айтылғандай көрінеді, алайда желде ұшқан құстың қауырсыны сияқты пікір бар, ал бұрынғы кітаптарда жазылғандар, ауыр тастарға ұқсас.

### **Құранның ең ескі көшірмелері**

Мұхаммедтің өзінің жазған түпнұсқалы Құраны ешкімде де жоқ. Шын мәнінде, тарихқа қарасаңыздар, Мұхаммед не оқуды, не жазуды білмеген дейді. Мұхаммедке Құранды Жебірейіл періште айтып берді деп санайды, содан кейін өз ізбасарларына аятты айтып берді. Ал олар өз кезегінде сол сөздерді жаттап алған. Ақырында олар Аятты әртүрлі материалдарға жазған, яғни ағашқа және пергаментке. Тарихқа үңілетін болсақ, Осман Құранның барлық көшірмелерін өртеп жіберуге бұйрық берген, тек өзі ресми түрде қолдаған нұсқасын ғана алып қалған. Османның алып қалған нұсқасы стандартты деп саналды. Ал қалған барлық нұсқаларын құртып жіберді.

Осыдан кейін не болды? Мұсылмандардың кітапшылдары Құранның көптеген көшірмелерін жасап шығарды. Ежелгі көшірмелерді араб хаттарының стилімен жазылғанынан

анықтауға болады. Сол стилдерге *Маккан*, *Машик*, *Хиджази* және *Куфик* кіреді. Осы стилдердің көмегімен ғалымдар көшірмелер қай ғасырда жазылғанын анықтай алады.

Құранның ең ескі көшірмелерінің бірі Стамбулдағы Топкан сарайында сақталған, ал тағы басқа ескі көшірмесі Өзбекстанның Ташкент қаласында сақталып тұр. Бұл көшірмелер веллум парақшаларына жазылған, шамамен 8 немесе 9-шы ғасырда деп белгіленген. 2015 жылы тағы да Құранның одан да ескі көшірмесі табылған, ол исламның алғашқы күндерінен қалған делінеді.

Құранның ескі көшірмелерінің ондаған данасы біздің уақытымызға дейін жеткен. Оларды мұқият сақтап, қазір зерттеліп жатыр. Ғалымдар көшірмелердің арасында айырмашылық бар екенін анықтаған. Олардың ішінде бірде-бір түпнұсдағы Құран жоқ болып шыққан. 1924 жылы мысырлық баспахана Құранның *Хафса* деген стандарттық нұсқасын басып шығарды.

Қызық, көптеген ескі Құранның көшірмелерін бір-бірімен салыстыра отырып, мұсылман ғалымдары мынадай қорытындыға келген, яғни көптеген мәсіхшілер Інжіл жайлы мынадай мәлімет алған: ескі тексттер арасында айырмашылық болса да, хабардың негізгі мәні еш өзгермеген.

### **Яһудилермен және мәсіхшілермен не үшін күреседі? (Сүре 9:30-31)**

Мен осы кезге дейін Құраннан мұсылмандарды соғысуға шақыратын ешнәрсе таба алмадым, тек қана соған себеп тауып отырғандар Шариаттың заңына сүйенеді. Осы сенімді

ұстанатындардың пайымдауынша, тек Ислам ғана қоғамдағы әділеттікті және дұрыс дінді қамтамасыз ете алады деп ойлайды. Құранның үйретуі бойынша, Ислам зұлымдық пен әділетсіздікке нүкте қояды (соның ішінде жаңа туылған қыздарды өлтіру бар), сонымен қатар жалған діндерге, әрі пұтқа табынушылыққа да.

Алайда неліктен яһудилер мен мәсіхшілерді пұтқа табынады деп айыптайды? Сүре 9:30-шы аятта былай түсіндіреді: «Яһудилер: «Ғұзайыр Алланың ұлы» деді. Және Христиандар да: «Ғиса Алланың ұлы» деді. Бұл, бұрынғы кәпірлердің сөзіне ұқсатып, ауыздарымен айтқандары. Құдай атқырлар, қайтып алданып отыр»

Мен осы жерді алғаш рет оқыған кезімде, қатты таң қалдым. Өйткені мен Таурат пен Пайғамбарлар жазбасын бала кезімнен оқып-зерттегенімде, бір білгенім, яһудилер қатал монотеисттер екенін білемін. Олар дауыстап былай деп жариялайды: «Израил тыңда, Мәңгі сенің Жаратқан Иең, жалғыз, Біреу» (Матай 22 тарау). Олар Алланың ұлы деп ешкімге табынбас еді, олар үшін ондайды көз алдына келтіруде қиын. Керісінше, олар құдайға тіл тигіздіңдер деп, ондай адамдарды таспен атқылап өлтірер еді.

Інжілде соған бірнеше дәлелдер келтіреді. Біркүні Иса Өзі туралы діни жетекшілерге айтты. Ол батылдықпен былай деген болатын: «Әкем Екеуіміз біртұтаспыз.» (Жохан 10:30). Сонда діни басшылар ашуға мініп, Оны жазалау үшін жерден тас жинай бастады. Иса олардан: «Көз алдарыңда Әкем тапсырған көп игі істер істедім. Солардың қайсысына бола Мені тас лақтырып өлтірмексіңдер?», деп сұрады. Сонда олар, «біз сені ешқандай игі істерің үшін

таспен лақтырмаймыз, сенің құдайға тіл тигізгенің үшін өлтірмекшіміз, ал сен өзіңді Алламен біргемін дедің», деді. Басқаша айтқанда, олар Оған: «Сенің істерің жақсы, ал сөздерің жаман», деді.

Исадан кейін бес жүз жыл өткеннен соң, Құранның айтуынша кейбір яһудилер Узайраны (Езра) Алланың ұлы деп санаған. 6-шы ғасырда бүкіл Арабияға тарап кеткен еврейлердің қауымдастығы жайлы бізге көп нәрсе беймәлім. Кім Узайраға табынған? Бұны біз білмейміз. Алайда егер басқа бір яһудилер Узайра деген біреуге табынып жүргенін біле қалса, онда олар Исаға жасағанын міндетті түрде оларға да жасайтын еді. Олар таспен атқылап өлтіруге, жерден тастарын көтерер еді. Діншіл еврейлер құдайға тіл тигізу дегенге келгенде, ешкімнің бет-жүзіне қарамайды. Олар Алла жалғыз деп қана сенуге тиіс болды.

Еврейлерде және Құранда құдайға тіл тигізу дегенге, айыппен қарайды. Алайда бұл Иса жайлы сұрақты алып тастай алмайды. Мәсіхшілерді құдайға тіл тигізді деп кінәлады ма? Өздеріңіз көріп отырғандай, бұл шынымен Исаның кім болғанына байланысты, жәй Ол жайлы айтылған пікірге байланысы жоқ. Егер Иса басқа адамдардан ерекше болмаса, Олда рух пен топырақтан тұрып, Алла жаратқан болса, онда мәсіхшілерді құдайға тіл тигізді деп кінәлаған болар еді. Бұл мынау секілді, мысалы мәсіхшілер теректі Алланың ұлы десе немесе тауларды Алланың қызы деп атағанға ұқсас. Егер кімде-кім Алланың жаратылысына табынатын болса, соны Аллаға теңейтін болса немесе Оның бір бөлігі десе, онда оны әйел болсын, еркек болсын құдайға тіл тигізді деп кінәлауға тұрарлық.

Мәңгі Алла мен уақытша жаратылыстың арасында үлкен айырмашылық бар, олардың табиғаты мен болмысы екі түрлі.

### **Жалған сенушілер (Сүре 9:56)**

Исламның алғашқы ғасырында, Құран көптеген мұсылмандарды, мұсылман еместерге қарсы соғысқа шақырды. Алайда шайқас қиын, әрі қауіпті болды, сондықтан кейбір адамдар өздерінің қауіпсіз үйлерінде жасырынып жатты. Құран ондайларды қолдамайтынын айтады. Сүре 9:56-шы аятта ондайларға ескертіп, кейбір мұсылмандарда шынайылық болмағанын жазады. «Олар: «Рас біз де сендерденбіз» деп Алланың атымен ант ішеді. Негізінде олар, сендерден емес. Бірақ олар қорқақ халық» Ғасырлар бойы жиі мынадай сұрақ қоятын: «Нағыз мұсылман деген кім? Нағыз мұсылманды қалай анықтайды? Шахада ма? Мұсылманның есімі қойылғандықтан ба? Сүре 9:56-шы аятта, тіпті Аллаға берген анты да шынайы сенімде тұрғанына дәлел болмайды деп көрсетеді. Егер жауап «жоқ» болса, онда қазіргі күннің проблемасы, кейбір адамдар өздерін мұсылманмын деп санап жүріп, шын мәнінде өздерін алдап жүрген жоқ па?

### **Жаңа жаумен танысу (Сүре 9:73)**

Құран кейбір еврейлер мен мәсіхшілерді, олардың әділетсіздігі мен сенімсіздіктері үшін жау ретінде қарап, оларды көпқұдайшылдар деп санайды. Сүре 9:73-ші аят жаңа жауларды көрсетеді. «Әй Пайғамбар! Кәпірлер және мұнафықтармен күрес. Оларға қатаң бол. Олардың орны тозақ, қайтып барар орны қандай жаман»

Сол екіжүзділер (Мунафикун) дегендер кімдер? Сүре 9:7ші аят, олар исламды қабылдағаннан соң құдайға тіл тигізді, әрі Мұхаммедке қарсы тұрып, сол туралы өтірік айтты деп жазады. Олар бұның бәрін Мұхаммедтен сый алып алғаннан кейін барып жасады. Содан бөлек, олар уәде еткендеріндей, қайырымдылыққа сонша қаражат берген жоқ.

Құранның сөзіне сүйенетін болсақ, екі жүзділермен не болады? Сүре 9:74-ші аят: «...Алла оларды дүние, ақыретте азапқа ұшыратады. Сондай-ақ оларға жер жүзінде не дос, не жәрдемші жоқ»

### **Жетекшінің соңынан еру (Сүре 9:86-88)**

Бұл аяттар, Мұхаммедтің қолбасшы болғанын көрсетеді. Оның ізбасарларына күресте және шайқаста оның жанында бірге болуға бұйрық береді. Жарақат алып немесе шайқаста опат болып қалатын болғандықтан, кейбір әйгілі адамдар өздерін ақтап, қиындықтан қашты. Олар үйлерінде қала берді.

Аллаға сеніп, Оның Елшісімен шайқаста бірге болу керек деген бұйрықпен Сүре түскен кезде, байлығы бар адамдардың ішінен біразы сұранып, үйлерінде қалу үшін былай деп өтінді: «Бізді қалдыршы, біз үйінде отыруға қалған адамдардың санында боламыз». Олар үйлерінде қалған адамдардың ішінде болғаны үшін, өздеріне риза болды. Олардың жүректері жабылып қалған, олар шындықты түсіне алмайды.

Жарақат алғандар, аурулар немесе кедейлер үйлерінде қалып, шайқасқа бармауға құқықтары бар. Кейде соғысу үшін бәріне мінетін аттар жетпей жатты, сондықтан кейбір

сарбаздар қалуға тура келді, бірақ олардың әскерилермен бірге шайқасқа түсе алмағанына қатты көңілдері түсті.

### **Жалған мешіттер (Сүре 9:107-110)**

Кейбір екі жүзділердің өтірік айтқаны, құдайға тіл тигізгені және ислам үшін күресуден бас тартқаны былай тұрсын, осы жерде біз көріп отырмыз, кейбір ұятсыздар, салынған мешіттердегілерді «сенушілерді бөліп-жарып» жатты. 97-ші аятта былай дейді: «Бәдәуилер, қарсылық және екі жүзділік тұрғысынан қаттырақ...»

Осы жерде көріп отырмыз, өздерін мұсылманбыз дегендердің бәрі бірдей емес екен, әрі мешіттердің бәрі бірдей болу міндетті емес.

Мен мәсіхші болғандықтан осы Сүрені оқи отырып, әрине, мұсылмандардың қай тобы ең тазасы деп айтуға да құқым жоқ. Менің суннит достарым, шиит достарым, алевит достарым және суфи достарым да бар.

Біркүні менің суннит досым маған, солтүстік Нигериядағы Боко Харам деп аталатындар, шынайы мұсылмандар емес, деді. Мен оның не айтқысы келіп тұрғанын білдім, олар Алланың және Оның елшісінің жолында соғыспайды, әрі жүрмейді дегісі келді. Сонда мен одан, ал шынайы мұсылманды қайдан табуға болады, деп сұрадым, ол, менің ойымша, олардың кейбіреулері анатолий тауларында өмір сүреді, деп жауап берді.

Сүре 9-дың үйретуіне қарағанда, мұсылман еместер бар дейді, солардың ішінде көп құдайға табынатындар, еврейлер, мәсіхшілер және жалқау мұсылмандар бар, яғни шайқасқа барғысы келмейтіндер, себебі олар үшін бұл

ыңғайсыз, сонымен қатар екі жүзділер, олар ант беріп, өздерін мұсылманмын деп санайды, алайда шын мәнінде ешкімге сенбейді. Меніңше, мәсіхшілерді немесе көп құдайға табынатындарды анықтау оңайрақ, ал нағыз мұсылман деген кім, екі жүзді деген кім, соны шешу қиынырақ болар анық. Әрине, мен емес оны шешетін.

Бір қызық нәрсені байқауға болады, мұсылмандардың бәрі бірдей емес, тура сол сияқты мәсіхшімін дегендерменде солай. Мен Еуропада тұратын «мәсіхшіні» кездестірдім, ол ешқашан Інжілді оқымаған, тіпті Жаратушыға сенетінінде өзі сенімсіз. Жәй олар дінді өздерінің ата-бабаларынан мұра етіп қалдырған. Олардың діни ғимараттары және діни мейрамдары бар, алайда жеке өздерінде сенім жоқ.

Кейбіреулері мойындарына алтыннан жасалған айғыш-ағаш тағып алған. Кейбіреулері аспанға қарап тұрып «Аллаға шүкір» деп қояды, ал егер олардан Иса қай жерде туылды деп сұрасан, олар бетіңізге қарап, үндемей тұра береді. Сондай адамдар үшін мәсіхші болу дегеннің мағынасы, яғни олар шошқаның етін жей береді, шарап ішеді және өздерінің күнәларын діни қызметкерлерге ақтарып айта салады. Исаның сөзіне қарайтын болсақ, ондай нәрселердің өліден адамды қайта тірілтуге қауқары жоқ, ешкімге мәңгілік өмір сыйлай алмайды.

Біркүні Исаның шәкірттері келіп, соңынан ерушілердің көпшілігі екі жүзділер деп шағымданды. Иса сонда оларға, шынайы сенушілер мен екі жүзділер, біреулері арам шөп, ал басқалары бидай секілді бірге егіндікте өсе береді. Оларға, екі жүзділерді өз еркіне қалдырыңдар, әйтпесе байқамай арам шөпті жұламыз деп, бидайды жұлып аласыңдар.

Соңғы күні Алланың Өзі арам шөп пен бидайды ажырататын болады, деді. (Матай 13:30)

### **Қаншалықты Алланың мейірімі ұлы? (Сүре 9:113)**

Ары қарай біздің сапарымыз мына бір кереметтей сұраққа алып келеді. Алланың мейірімі мен ізгілігінің шегі бар ма? «Пайғамбарға және мүміндерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін егер жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды»

114-ші аятта біз Ыбырайым өзінің көп құдайға табынатын әкесі үшін Аллаға мінажат етіп, оны кешіруін сұрағанын оқимыз. Алайда ол өкініп, тәубе етпеген соң, Алланың досы бола алмады, ал Ыбырайым кетіп қалды.

Алланың күнәкарларға деген қарым-қатнасындағы ізгілігінің шегі жайлы айтпастан бұрын, мінажат тақырыбы туралы ойланайық. Адамдар мінажат еткен кезде, не болады? Мінажат дегенде біз Алланың алдына келіп, жаттанды сөздерді қайталай беру деп түсінеміз. Тұрақты мінажаттың (салат) өзіндік қалыптасқан регламенті бар. Ыбырайымның жаттап алған мінажатты қайталай бергенін біз көре алмаймыз, алайда ол Алламен шын жүрегін ашып сөйлескенін көре аламыз.

Енді маңызды сұрақ. Алла күнәкар адамдарға деген ізгілігін көрсетуді қашан тоқтады? 113-114-ші аяттарда былай деген, «адамның тозақта мекендеп қалатынын анықталғаннан соң» Алланың ізгілігі тоқтайды деп жазылған. Кейбір адамдардың айтуынша, бұл нәрсе Исламды қабылдамай адамдар шейіт болып кеткеннен соң болады деп ойлайды.

Мүмкін, бірақ бұл аят, Ыбырайым әкесі әлі де тірі тұрған кезінде-ақ ол үшін мінажат етуді тоқтатқанын көрсетеді.

Сүре 9:80-ші аят, бізге жарықты көбірек түсіреді. Ол жерде былай делінген: «Мұнафықтар үшін жарылқануларын тілесен де, тілемесен де тіпті олар үшін жетпіс қайта жарылқануын тілесен де, Алла, оларды әсте жарылқамады. Бұл олардың Аллаға, Елшісіне қарсы болғандықтарынан. Алла бұзақы халықты тура жолға салмайды». Тозақ отында жатырғандар үшін Алладан мінажат етіп, сұрау керектігі туралы осы аятта айтылған ба? Мұсылман еместер өздерінің сенімсіздіктерінен арылып, сосын олар исламды қабылдауға қаншалықты ізгілік пен мейірімділікті шақыру керек болады? 80-ші аятта, 70 рет мінажат етсеңде, бос бекершілік дейді, өйткені Алла сол сенбеушілерге мейірімін көрсетпейді.

Кейде адамдар Иса әл-Мәсіх қайта келеді деп үміттерін үзбей жүреді. Исаның алғашқы ізбасарлары да сол кезде сондай сенімде болған. Алайда Алланың күттіріп қоюға өз себептері бар. Інжілде былай делінген: «Кейбіреулер «Ол кешігіп, келмей қалды» деп санағанмен, Иеміз уәдесін орындауын кешіктірмейді! Керісінше, Ол бізге төзімділік танытуда: ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, солардан арылуын қалайды!» (Петірдің 2-ші хаты 3:9)

Римдіктер Исаны айғыш-ағашқа керіп өлтіргенде, онымен бірге тағыда басқа екі ұрыны шегеледі, біреуін Оның оң жағына, ал екіншісін сол жағына ілді. Басында екеуіде өздерінің азабы мен қиналысына қарамастан, Исаны мазақтап, қарғыс атқыр деп жатты. Әрине, сөзсіз олар Иса

жайлы естіген болатын, сол кезде Исаның даңқы Құдыс пен басқада аймақтарға таралып кеткен еді. Тоқты секілді момын, арыстан секілді күшті Иса, ешқашан зұлымдыққа зұлымдықпен жауап қайтармаған. Ол Өзінің ізбасарлары мен кісі өлтіргіштерді кешірді. Иса қатты азап шегіп, әділетсіздік үшін тартқан азабына қарамастан, Оның құдайлық сүйіспеншілігін паш еткенін көрген ұрылардың бірі өз-өзіне келіп, сөзін жұмсарта бастады. Ол өзінің ешкім емес екенін мойындады. Ақырында, көп қан жоғалтып, әлсіреген ол: «...Иса, Патшалығыңызға кіргенде мені есіңізге ала көріңіз, деп өтінді. Иса оған: Саған шындығын айтамын: бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың!, деді» (Лұқа 23:42-43)

Исадағы үлгіден үйренетініміз, Алланың ізгілігі мен мейірімін соңғы деміміз шыққанша, соңғы секундтарға дейін күту керекпіз. Ол қайта-қайта күнәкарға қарап, үйге қайтуын сұрап, шақырады. Осыларға қарамастан, күнәкардың өзіне қатып қалған жүрегін, Алла қайтарып беретін уақыты келеді.

## **10-шы тарау.**

### **10-шы Сүре: Юнус**

#### **Тура жол (Сүре 10:25)**

Сүре 10 тағы да бізге көбірек ескертулер мен уәделерді береді. Кейбір адамдар әділдікке сеніп, әділ істер жасап жатады, ал басқалар ешнәрсеге сенбей, тек осы әлем үшін ғана өмір сүреді. Сүре 10:8-ші аятта олардың соты

қорқынышты болады дейді, «Осылардың істеген күнәлары себепті орындары тозақ»

Жақсы адам болсын немесе жаман адам болсын, адамдардың бәрі бір нәрсе іздеп жүргендей. Мүмкін, біреу жәй заттарды іздеп жүрген шығар, мысалы нан және су. Біреу махаббат пен біреуге жақын болуды іздеп жүрген шығар. Біреу байлық пен билікті іздейді. Ал кейбіреулер тозақ отынан қашып, Жұмаққа кіру үшін шын жүрегімен Аллаға ұнау жолдарын іздейді.

Осы ортақ ізденіс, адамдарды көптеген жолдарға нұсқаулар береді. Жолдардың бәрі де бір жерге алып бара бермейді. 25-ші аятта тура жол туралы айтады: «Алла есендік жұртына (жәннәтқа) шақырады да, қалаған құлын түп-тура жолға салады».

Тура сызық не оңға, не солға майыспайды. Оның мәні, әділдік пен рақымдылықты білдіреді. Оған ешқандай қиындық немесе салтанаттылық әсер етпейді. Тура жолмен жүріп келе жатқан адамда бейімділік пен эгоизм деген болмау керек.

Жолдар, әйтеуір бірге жерге алып барады. Олардың баратын жері бар. Біркүні кешке Исаның кейбір шәкірттері, Оның о дүние туралы айтып отырғанын тыңдап отырды. Ол, оларды физикалық тұрғыдан қалдырып кетеді де, олар үшін Аспаннан тұратын жер дайындап қояды, содан соң келіп оларды өз үйлеріне қайтып алып кетеді, деді. Інжіл, Аспан – Алланың үйі деп үйретеді. Бұл ертегідегідей қала, ол жерде Алланың бар болғанымен толып тұратын болады. Алланың болған жерінде, Оның халқы мәңгі Оны мадақтап, Оған табынып, ләззат алатын болады.

Исаның досы Тома, Оны көргісі келгендігімен әйгілі болған еді, бірде ол:

«...Ием, қайда бара жатқаныңызды білмейміз. Онда біз жолды қалай білеміз?, деп сұрады. Иса оған: Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды. Мені жақыннан танысаңдар, Әкемді де білер едіңдер. Оны қазірден бастап білесіңдер және көрдіңдер де, деп түсіндірді» (Жохан 14:5-7)

Иса басқа жерлерде тағы да Өзі жайлы ерекше нәрселер айтты: «Мен осы әлем үшін Нұрмын». «Мен есікпін». «Мен Ізгі Бағушымын». «Мен қайта тірілу мен өмірмін». «Мен жүзім бұтасымын». «Мен жолмын».

Сүре 10:25-ші аятта Тура Жол жайлы айтылғаны үшін бағалаймын. Әрбір адамның өзінің «өмірлік жолы» бар. Сол өмірлік жолдардың бәрі бірдей емес. Қазіргі таңда әлемде екі негізгі жол бар. Бірінші жол – даңғыл жол, кіре-берісі де кең. Көптеген адамдар сол жолмен кетіп жатыр, оның аяғы адамзатты құртады. Екінші жолдың кіре-берісі кішкентай, жолы да тар. Тек бұны аз адамдар ғана таба алады, алайда ол мәңгілік өмірге алып барады.

### **Пайғамбарлық сөз айтылған кітаптар (Сүре 10:37-40)**

Мұхаммед өзін өтірікші етіп айыптағандарға шақыру тастады. 38-ші аятта: «Олар: «Оны, Мұхаммед өзі сәйкестірді» дей ме? «Ондай шыншыл болсаңдар, Алладан өзге кімге шамаларың келсе шақырып, осы тәрізді бір сүре жасап әкеліңдер». Мұхаммед ешбір адам Құранға тіпті бірде-бір аят жаза алмайтындай етіп, өзіне қорған қойды. Ол Құранның табиғаттан тыс, ерекше жолмен түскенін

растады. 37-ші аятта: «Осы Құран, Алладан өзгенікі деп жала жапсыруға болмайды...»

Бұл жерде мен, Құран табиғаттан тыс, ерекше жолмен түскені жайлы айтысқым келмейді. Басында мен Құранды зейін қойып толықтай оқып шыққым келеді, сөйтіп оның ішінде не айтылғанын тыңдағым келеді.

Мен өз өмірімде көптеген елдерде тұрып, басқа да кейбір діндермен және кітаптармен таныстым, оларда Алладан келді деп өздерін растайды. Орталық Азиядағы менің мұсылман достарым бір әйгілі *таюпты* (тәуіп) қатты құрметтейді екен. Ол футбол ойнайтын стадионда 20000 адамды еркін жинай алады. Оның ізбасарлары, оның адамдарды сауықтырып, тірілтетін сөздер айтатынына сенетіндерін білдірді. Олар оны пайғамбар деп айтқан жоқ, бірақ Алладан келген ерекше елші ретінде оған сенеді екен.

1830 жылы Джозеф Смит атты Нью-Йорктік адам *Мормондардың Кітабы* деген атаумен кітап басып шығарды. Ол өзінің ізбасарларын Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл өзгертілген деп үйретті, сөйтіп қайта тірілген Мормоний атты пайғамбар, оған Алладан жаңа аян алдым деп, алтын кестеге жазылған құпия хабарды алып келді. Көптеген адамдар оның хабарын жоққа шығарды, алайда бәрібір оның ізбасарлары көбейе берді, олар Америкадағы Үлкен Тұзды көлдің жанындағы жаңа жерге қажылық хиджра жасап бастады. Бүгінгі күні бүкіл әлем бойынша, Джозеф Смиттің ілімі мен *Мормондардың Кітабын* ұстанатындардың саны миллиондап табылады.

Мен университетті бітірген бойда, бір ұйымнан хат алдым, олар маған *Урантии Кітабының* көшірмесін тегін алуды

ұсынды. Олардың веб-сайттарында былай жазылған екен: «Урантии Кітабы алғаш рет 1955 жылы Урантия Қоры арқылы басылып шығарылған, ол жерде жаратылыстың басталуы, тарихы және адамзаттың тағдыры жайлы әңгімелейді».

Соларды түсіну үшін маған олардың кітабының не қажеті бар?, деп мен ойландым. «Таурат, Пайғамбар жазбасы және Інжіл бізге сол нәрселер жайлы көрсетіп берген жоқ па?»

1879 жылы Солтүстік Америкада бір құпия діни топ пайда болды, оның аты Иегова Куәгерлері. 21-ші ғасырға дейін олардың саны бүкіл әлем бойынша бірнеше миллион адамға дейін өсті. Олар Джозеф Смит сияқты өздерінің жаңа киелі кітаптарын басып шығарған жоқ, алайда олардың бір топ авторлары мен редакторлары отырып «Тауратқа», «Пайғамбарлар жазбасына» және «Інжілге» бір қатар өзгерістер ендірді. Олар өздерінің «Бұрынғы кітап» деген нұсқасын өзгертіп, оны «Жаңа әлемдік аударма» деп атады. Менің мұсылман достарым маған, «Бұрынғы кітаптар» өзгертілген десе, шынымен олар дұрыс айтады, әрине егер Иегова Куәгерлерінің нұсқасына қарайтын болса. Мәсіхшіні көз алдыңызға келтіріңіздерші, егер ол өз жеке Құранды аударып, кітап етіп шығарса, ішінде аздап өзгертілген, алайда аса маңызды емес өзгерістер орын алды делік. Кез келген адам, егер компьютері мен басып шығаратын құралы болса, жалған кітаптарды шығара салады, бұл жалған ақша жасаудан оңайрақ.

Бүкіл әлем бойынша біз білеміз, индустардың өз киелі кітаптары бар, оның аты *Ведами* деп аталады. Буддистер *Трипитақты* оқиды, сөйтіп өздерінің иелері Будданың

соңынан ереді, олар оны *Ағартылған* немесе *Оятылған* деп санайды.

Құран түскеннен кейін жүздеген жылдардан соң, Гуру Нанак Үндістанда жаңа сикхтердің дінінің негізін қалады. Олар *Гуру Грантх Сахибаны* құрметтейді, бұл ислам мен индуизмнің қоспасы. Содан бір шама уақыт өткен соң, сикхтер барлығын бақытты етуге тырысты, бахаилар Алла көптеген нәрселерден көрінеді деп сенеді. Олар Баб пен Бахаулла Мұхаммедтен кейін келді деп сенеді. Баб былай деген: «О, сен, кім Маған бірінші болып сенді! Шынымен саған айтамын, мен Бабпын, Құдайдың Қақпасымын». Бабты мұсылмандардың жалған ілім таратушысы деп санап, оны 1850 жылы, 9 шілдеде өлтіріп тастады. Сол сияқты оның көптеген ізбасарларын кейін тұтқынға алып, түрмеге басты, кейбіреулерін өлтірді.

Жалғастыра берсем, маған мына жерден орын жетпейтін шығар. Әрбір континентте, кез келген ғасырда, өздері жазған кітаптарында пайғамбарлыққа шақырылдым, дейтін адамдар табылады. Шынын айтсақ, бұл бізді шатастырып жібереді. Не болса соған, сене берудің не қажеті бар?

Біркүні біз әйеліміз екеуіміз Құдыс қаласына бардық, ол Ыбырайымның балалары мен әл-Мәсіхтің өмір сүрген жері. Бүгінгі таңда Құдыс қаласы, ескі және замануи аудандарға толған көп халық тұратын қала. Кофе ішіп алған соң, біз тар көшелерімен мұсылмандардың тұратын ауданында қыдырып жүрдік. Көзге әсем көрінетін аркалар мен әдемі қабырғаларда өсіп тұрған гүлдермен безендірілген кішкентай көшелерге қарай бет алдық. Бізге қарама-қарсы жүгіріп, ойнап жүрген бірнеше арабтардың балаларын көріп

қалдық. Олар біздің басқаша көрінгенімізді тез байқап қалып, бізге қарай жақындап келді. Біз оларға күліп қарадық та, мен оларға араб тілінде: «*Асаламу аллейкум*», дедім. Олар бірден тұра қалып, бізге қарай жымыып қойды. Төбеден түсіп келе жатып, біз Әл-Акса мешітінің іргетасына келдік, сол жерде ғибадатхананың іргетасын зерттедік, ғибадатхана Сүлеймен патшаның басқарып тұрған уақытында салынған болатын.

Біз сосын Яффа қақпасының жанындағы кішкентай қонақ үйге қайтып келдік, алайда оның алдында біз Исаның жерленген жеріне келіп тоқтадық. Тастан салынған сарайдың жанында әртүрлі түстегі, әртүрлі пішіндегі және әртүрлі көлемдегі адамдар тұр екен. Бұл жер, қараңғы жер болды.

Исаның достары Оның денесін қойған қабір сол жер ма немесе олар Оны басқа жерге жерледі ма? Мен білмеймін. Бірақ мен бір нәрсені білемін. Оның денесін ешкім де таба алған жоқ. Үшінші күні таңертең періште келіп Оның достарынан: «Тіріні неге өлгендердің арасынан іздеп жүрсіндер?», деп сұрады». (Лұқа 24:5)

«Бізге дәлелдеме көрсетіңзші!» Бәрі де дәлелдемені жақсы көреді. Ешкім өзінің сенімділігін жәй тарата салмайды. Бізге сенімділік керек. Исаны сынақтың астына алған еврейлердің басшылары, басқалардан ерекше болған жоқ. Олар талап етіп: «Бізге белгі көрсет», деді. Сонда Иса: «Жүністің үш күн, үш түн дәу балықтың ішінде жатқаны сияқты, көктен келген Билеуші де жер қойнында үш күн, үш түн жататын болады», деп жауап берді. (Матай 12:40)

Біз басқа дәлелдеме таба аламыз ба? Мен интернеттен таң қаларлық фокустарды көрдім. Кейбір иллюзионисттер соншалықты шеберліктерін баптап алған, тіпті физикалық заңдарға қарсы шақырулар тастайтын сияқты, мен олардан қорқамын. Менің миым ол тек қана иллюзия деп растайды, алайда менің көзім, бұл кереметтер деп айтатын сияқты. Соған қарамастан, бұның бәрі жәй ғана фокус. Олар ғылыми зерттеулерге төтеп бере алмайды.

Кейбір адамдар Исаны фокус көрсетті деп айыптайды. Алайда Ол, ең маңызды әрі жалғыз белгісі, шын мәнінде дәлелдеме ретінде болатын нәрсе, ол – Оның өлімнен қайта тірілуі деп айтты. Егер біреу толықтай өлім иллюзиясын жасап, содан соң үшінші күні қайта тірілетін болса, онда сол адам басқалардан ең ұлы магиясы болып табылар еді. Дөңгелек тасты қабірден алып тастағаннан соң, шәкірттері Оны тірідей көрді. Яһуди басшылары сасқынынан Оның жоғалып кеткен денесін іздей бастады. Егер олар Исаның денесін тауып алғанда, онда бүгін біз Ол туралы айтпаған болар едік. Екі мың жылдай адамдар Оның сүйегін іздеп табуға тырысты, сөйтіп Інжілдің аузын жауып тастаймыз деп үміттенді. Соған қарамастан, Исаның қайта тірілу кереметі, Оның хабарының дәлелі ретінде әрқашан бола алады.

Шын мәнінде Мұхаммед алғашқы сөздерді айтқан кезде, Құранның сөздері қалай айтылғанын біз білмейміз. Алғашқы Құранның көшірмесін жазған кезде дауысты дыбыстар болмаған. Дауысты дыбыстарсыз сөздер әртүрлі болып айтылады. Ал басқаша айтылса, онда сөздің мағынасы өзгеріп кетеді. Мұхаммедтен кейін бірнеше жүз

жылдық өткен соң, ғалымдар Құранға дауысты дыбыстар қосты, бірақ олар шамамен қосты, себебі 7-ші ғасырда Мұхаммедтің дауысы жазылған таспа болған жоқ.

Мұхаммед Құранның сөздерін қалай айтқанын ешкім білмегендіктен, мұсылмандар әдетте *Тафсираға* толықтай тәуелді болды.

Құранның кейбір бөліктері Тафсирасыз ешқашан түсінуге мүмкіндік болмас еді. Бұл Құранның қалай айтылу керектігінің сапасы мен түпнұсқадағы мағынасын қиындатып жіберді.

Бұл енді бізді мынадай терең сұраққа әкеп соғады: Сүре 10:38-ші аят, араб жырларының айтылуы табиғаттан тыс әрі басқалармен салыстыруға келмейтін тіл деген мағынада ма (поэзия сияқты, рифмасы мен ритмі өте әдемі келеді) немесе хабардың кереметілігі ме немесе анау да, мынау да бар деген мағынаны білдіреді ма? Меніңше, көптеген адамдардың пайымдауынша, кереметтілігі мен табиғаттан тыс ерекшелігі, әрі дыбысы, әрі Құранның хабары деп ойлайды. Бұл бізді тағы бір маңызды сұраққа әкеледі, яғни миллиардтаған мұсылмандар Құранды тыңдайды, бірақ не тыңдап отырғандарын түсінбейді. Сондықтан, дыбыс пен хабар көптеген мұсылмандар үшін бір-бірімен байланыс жоқ екенін айқындайды.

Бір кездері мен Кипрде тұрдым, біздің көшемізде грек православия шіркеуі болды. Менің таң қалғаным, біркүні жергілікті діни қызметкердің ескі грек тілінде дауыс көтергішпен ән айтып отырғанын естідім. Менің түсінгенім, ол Інжілдің бір бөлігінен ән айтқан сияқты болды, бірақ нақты білмеймін. Соған қарамастан, менің грек көршілерім,

кейін маған айтқандай, сол діни қызметкерді меннен жақсы түсінетіндерін мойындады. Олар сол әннің сөздерін тыңдап көрді, өте әдемі сөздер болатын, алайда олардың мағынасын түсіне алмады.

Сондай жағдай жүздеген жылдар бойы рим католиктерінің арасында жалғасын тапты. Діни қызметкерлер латын тілінде сөйледі. Оларды кім түсіне алатын еді? Қарапайым адамдар түсінбесі анық. Бұлардың бәрі жоғары тонды, жоғары алынған әрі мистикаға толы, алайда күнделікті өмірде қолдануға келмейтін тіл еді.

Алла Өзінің сүйіспеншілігін басқаларға жеткізу үшін, ешқашан түсінбейтін тілді пайдалануды жоспарлаған емес. Бұл қарым-қатнас емес. Алланың Рухы Исаның шәкірттеріне түскен кезде, тілдер от секілді келді, сонда олар кереметпен өздері ешқашан оқып үйренбеген басқа тілдерде сөйлеп кетті. Құдыста қажылықта жүрген адамдар, оларды есітіп, айқайлап: «Бұл қалайша болып тұр: біз әрқайсымыз бұлардың өз тілдерімізде сөйлегенін естіп тұрмыз?!» (Елшілердің істері 2:8). Бүгінгі таңда әлемде 20000-нан астам адамдар сөйлейтін тілдер бар. Алла олардың бәрін біледі.

### **Нұқтың кемесі (Сүре 10:73)**

Адам атадан кейін жер бетінде зұлымдық кеңінен етек жайды, ауру секілді тарап, аш күнәнің тұқымы себілгендей, адамдардың жүрегінен терең орын алды. Алла бәрін құртып жіберуге құқы болды, алайда Ол адамзатқа мейірімін түсіріп, Нұқтың отбасын сақтап қалды. Сүре 10:73-ші аят:

«Сонда олар, оны жасынға шығарды. Сондықтан Нұхты әрі онымен бірге кемеде болғандарды құтқарып, олардың орындарын бастырдық. Аяттарымызды жасынға шығарғандарды суға батырдық. Ескерту берілгендердің соңының не болғанын көр!»

Шынымен, бұл адамзат тарихындағы ең қараңғы сәт болды, бірақ Алла Өзінің сәулесін түсірді.

Нұхтың кемесі жайында және басқа көптеген оқиғаларды Таураттан табуға болады, бұл – Алланың әл-Мәсіх арқылы құтқаруға уәде еткенінің бейнесі. Кемеден балалар ғана ләззат алады. Олар сағаттап ойыншық кемемен ойнап отыра береді. Балалар кемеге кішкентай экзотикалық арыстандарды, пілдерді, бегемоттарды және маймылдарды жұп-жұбымен кіргізіп, есігін сыртынан жауып қояды. Кеме – бұл қираған жерде күтетін үміттің символы.

Кеме сегіз адамды топан судан қауіпсіз жерге алып шыққан сияқты, әл-Мәсіх те Өзінің ізбасарларын өлімі арқылы қауіпсіз жерге алып шығуға уәде етеді. Нұх және оның отбасы Кемеге өздерінің өмірлерін сеніп тапсырғандай, Исаның шәкірттері де Исаның қайта тірілуіне сенді. Кеме топан судан аман қалды, онымен бірге Нұх және оның отбасы аман қалды. Иса өлім мен қабірден аман шықты, ал Онымен бірге енді Оған сенген барлық ізбасарлары аман қалады. Қайта тірілу – бұл соның белгісі.

### **Кітап иелерінен сұра (Сүре 10:94)**

Міне тағы да Құран Бұрынғы Кітаптарды растайды.

Құранда былай делінген, кімде-кім Аллаға күман келтіретін

болса, онда еврейлер мен мәсіхшілер оқитын Бұрынғы Кітаптарға жүгініп, солардан көмек сұрасын, дейді. Сүре 10:94 аят:

«Егер саған түсіргенімізден күдіктенсең, сенен бұрынғы Кітап оқығандардан сұра. Расында саған Раббыңнан ақиқат келді. Сондықтан күдіктенушілерден болма».

## **11-ші тарау.**

### **11-ші Сүре: Худ (Худ пайғамбар)**

Егер сіз, менің мұсылман досым, әлі де менімен бірге менің кітабымды оқып отырған болсаңыз – мен солай екеніне үміттенемін, - біз үлкен жолды артта қалдырдық. Ары қарай Сүрелер ақырындап, 114-ші Сүренің аяғына дейін қысқара береді. Мен оқығандарымның бәріне комментария бере алмаймын, себебі осы кітаптың тым ұзақ болып кеткенін де қаламаймын, алайда өзім оқып отырған кездегі, байқаған кейбір негізгі ойлармен сөйлескім келеді.

### **Рақымдылық деген не? (Сүре 11:3)**

Біз бірнеше рет рақымдылық деген түсінікпен жолығып қалдық. Арабтың мына сөзі кейде *фазилет* деп аударылады. 3-ші аятта, біз фазилет тек қана соны көрсеткен адамдарға беріледі деп жазылғанын оқи аламыз. Ал Інжілде рақымдылық деген ойды түсіндіру үшін *харис* және *агапе* деген сөзді пайдаланады.

Шынайы рақымдылық, сый-сияпат немесе төлем деген сөздерге қарағанда айырмашылығы бар. Шынайы рақымдылық – бұл жазалаудан бас тартып, жәй мейірімділік

көрсете салу да емес. Шынайы рақымдылық, мүлдем ылайықсыз адамға шексіз сүйіспеншілік пен жарылқау батаны жаудыру.

Баяғы заманда жүзім бағына иелік ететін бір адам, таңертең ерте қалаға барады, сөйтіп бірнеше жұмысшыларды жалға алады. Олар онымен кәдімгі бір күндік жалақыға жұмыс істеуге келіседі. Сол күні тағы да біраздан соң, басқа жұмысшыларды алып келеді. Тағы да жұмысшылар саны жетпегендіктен түс мезгілінде сол жерге барады, содан соң сағат үште, сосын сағат бесте тағы да барады. Кешке күн батқан соң, барлық жұмысшылар жалақыларын алуға оған келеді. Жүзім бағының иесі бәріне бірдей соммадағы қаражатты таратып береді.

Бірінші келген жұмысшылар қарсы шығып: «Сіз не істеп жатырсыз? Біз ыстық кезде, бәрінен көп жұмыс істедік. Ал мына кісілердің келгеніне бар-жоғы бірнеше сағат қана болды», деп күнкілдеді.

Қожайыны былай деп жауап берді: «Достым, саған әділетсіздік жасаған жоқпын ғой. Әуел баста бір күміс теңгеге келіспеп пе едік?! Ендеше ақыңды ал да кете бер. Соңынан жалданған мыналарға саған бергендей ақы төлеуді өзім қалап тұрмын. Әлде менің меншігімді өз қалауымша жұмсауға еркім жоқ па?! Яки оларға жомарттық жасағанымды көре алмайсың ба? — дейді.» (Матай 20:1-16)

Бір күні менің әпкем маған осы оқиғаны айтып берген болатын. «Бұрын мен, осы нәрсе меніңше әділетсіз деп шағым айтатынмын. Қалайша қожайыны бәріне бірдей соммадағы қаражат берді? Алайда содан кейін барып түсіндім, сөйтсем бұл - Алланың мейірімі жайлы оқиға

екен. Бұл біреу беретін, ал басқа біреу қабылдайтын сыйлық».

Жүзім бақ Алланыкі. Барлық жер – бұл Оның егіндігі. Ол сол жерге адамдарды еңбек ету үшін орналастырған.

Кейбіреулері басқаларға қарағанда, көбірек жақсылық жасауға тырысып жатыр, алайда жүзім бағының иесі жақсы жасағандай, басқа ешкім жақсы жұмыс жасай алмайды.

Алланың не нәрсе берсе де, қанша берсе де, біз соны соған ғана лайықтымыз.

### **Сарраның күлкісі (Сүре 11:71)**

Ыбырайымның өміріне келген келіспеушіліктің себебі, өзінің дұрыс емес қабылдаған шешімінің салдары. Алла оған ұл уәде еткен болатын, сол арқылы барлық халықтарға құрқару келу керек болды.

Ажар оның құлы болатын. Ал Сарра Ыбырайымның бәйбішесі әрі заңды әйелі болды. 71-ші аят Тауратта жазылған оқиғаға сәйкес келеді, Ыбырайымның шатырының астына киелі қонақтар келіп, оның отбасымен бірге ас ішеді.

Мәңгі Жаратушы Ыбырайымнан: «Сарра қайда?», деп сұрады.

«Шатырдың ішінде», деп Ыбырайым жауап берді.

Сонда Алла, Сарра жүкті болып, ұл туады деп уәде берді. Шатырдың ішінде тұрған Сарра күліп жіберді. Бұл мүмкін емес? Олар Ыбырайым екеуіде егде жасқа келіп қалған, беттері әжім-әжім болатын.

Кейінірек қонақтар одан, «Сарра, не үшін күлдің?», деп сұрады. Ол қорыққанынан, «күлген жоқпын», деп жауап қайырды. Алайда Алла былай деді: «Сен, күлдің ғой». Біраз айлар өткен соң, олардың ұлы туылды. Алла бұйрық еткендей, олар оның атын Ысқақ деп қойды, яғни мағынасы күлкі дегенді білдіреді. Ысқақ Келісімнің ұлы болды, сол арқылы болашақта Құтқарылудың тұқымы келеді. (Жаратылыстың басталуы 17:19)

Таурат пен Інжіл Адам ата, Ыбырайым, Ысқақ, Ысмағұл, Жақып, Жүсіп, Мұса және Дәуіттің бірнеше шежіресін Исаға дейін рет-ретімін тізбектеп береді. Тізімі өте ұзақ және толықтай берілген. (Матай 1 тарау, Лұқа 3 тарау)

Не үшін? Бұның бәрін не үшін қиындатып жіберген? Осы шежірелер Иса шынымен Құтқарылудың Тұқымы болғанын растайды. Олар бізге із қалдырып отыр, сол арқылы біз Исадан Дәуітке, Ысқаққа және Ыбырайымға дейінгі жолды қадам-қадамымен қадағалай аламыз.

Сарра ұл туралы айтылған ойға күліп жіберген кезде, ол қаншалықты Алла адамдарға қуаныштың күлкісін, Иса әл-Мәсіх арқылы Өзінің рақымдылығын сыйлайтынын көз алдына да келтіре алмады.

## **12-ші тарау.**

### **12-ші Сүре: Жүсіп**

#### **Нұсқау берудің тарихы (Сүре 12)**

Менің байқағаным, Таурат пен Інжілде жазылған ортақ оқиғалар Құранда өте көп екен. 111-ші аятта, осы оқиғалар

– «санасы бар адамдарға жігер бола алады», деп айтылған. Мен соған келісемін.

Сүре 12-де Құрандағы ең ұзақ оқиғалардың бірі жазылған. Жүсіптің бауырлары, оны Мысыр жеріне құлдыққа сатып жібереді, оның қожайының әйелі азғырмақшы болады, содан соң оған жала жауып, қожайыны оны түрмеге лақтырады, сосын Алла Жүсіпті шақырып, перғауын сарайының ең жоғарғы лауазымына тағайындайды. Бірнеше жылдан соң, Жерорта теңізінің аймағын аштық басады, сол кезде оның аш қалған бауырлары Мысыр еліне азық-түлік іздеп жетіп келеді. Алла Жүсіпті жоғарғы билік лауазымына көтергенін олар білген жоқ еді. Жүсіп өзінің бауырларымен келісімге келіп, Жақыппен бірге бәрі Мысырға көшіп келеді.

Тағы да Жүсіп жайлы болған оқиғаны толығырақ Таураттан табуға болады. (Жаратылыстың басталуы 27-39 тараулар). Жақып Жүсіпке әртүрлі түсті шапан сыйлаған болатын. Оның бауырлары сол киім үшін және оның көрген түсі үшін қызғана бастады, түсінде ол бір уақыттары барлық бауырлары оған табынатын болады деп жорыған еді. Біркүні Жақып Жүсіпті шөл далаға барып, оның бауырлары мен отары қалай екенін біліп келуге жұмсайды. Бауырлары сол мүмкіндікті пайдаланып оны өлтірмекші болады, сол кезде ең үлкен ағасы Рувим араша түсіп, әкесін жақсы көргендіктен Жүсіпті құтқарып қалғысы келеді. Ал басқа ағасы Яһуда, Жүсіпті күміс ақшаға сатып жіберуді ұсынады. Сондықтан Жүсіпті өлтіріп тастаудың орнына, оны шұңқырға тастап, күтіп отырады.

Рувим шұңқырға кешігіп келді. Ал қалған бауырлары Жүсіпті ысмағұлдық саудагерлердің керуеніне сатып жіберген болатын.

Біркүні Жүсіп Мысырда жоғары лауазымды шенеулік Потифар деген кісінің қолына түседі. Жүсіптің даналықпен басқарған ісінің салдарынан Потифардың отбасы жаңғырып, өркендей бастайды. Оның икемі мен даналығын көрген Потифардың әйелі оған қызыға қарайды. Жүсіп сол азғыруға қарсы болады, алайда Потифар өз әйелінің айтқан шағымына сеніп, Жүсіпті абақтыға лақтырып тастайды.

Көптеген жылдар бойы ол қараңғы түнекте уақыт өткізеді. Біркүні ол патшаға шарап құюшы мен нан тарататын кісінің түсін дұрыс жориды, ал ол түрмеде онымен бірге отырған еді. Өкіншіке орай, шарап құюшыны түрмеден шығарып жіберген кезде, ол Жүсіпті ұмытып та кеткен болатын.

Бірде перғауын көрген түсінен абыржып, соны жоритын адам табуды талап етеді. Шарап құюшы сол сәтте абақтыда отырған Жүсіпті есіне алып, билік басына оның көмегін сұрауға кеңес береді.

Жүсіп үлкен сарайда отырып перғауынға былай дейді, оның көрген семіз және арық сиырлары туралы түсі, болашақта келе жатқан аштық туралы екенін ескертеді. Оның табиғаттан тыс ерекше даналығы перғауынды қатты таңқалдырады, сондықтан оны еліндегі ең жоғарғы лауазымға тағайындап қояды.

Аштық сол аймақтағы барлық адамдарды құртып жіберген кезде, тек Мысырда ғана аман қалулары үшін, артық

астықтары болады. Жүсіптің бауырлары өліп қалмас үшін, көмек сұрап келеді.

Жүсіп өз бауырларымен татуласқан кезде, жылап жіберді. Ол оларды қатаң жазалайды деп қатты қорықты. Алайда ол оларға рақымдылық танытып, былай деді: «Сендер маған жамандық ойладыңдар, бірақ Құдай мұның бәрін жақсылыққа соқсын деп, осы арқылы көп адамдарды аштан өлуден аман сақтап қалуға ниет етті. Ол солай болды да» (Жаратылыстың басталуы 50:20)

Нұқтың Кемесі секілді, Жүсіптің өмірі де үлкен нәрсенің бейнесі. Бұл – адамның сипаттамасы мынадай, ерекше әкесі сүйген адам, ерекше сыйлы киім киген, өзінің бауырларына берілген, күміс ақшаға сатылған, күнә жасады деп әділетсіз айыпталған, абақтыға лақтырылған, өмірде жолы болып, әлемдегі ең жоғарғы лауазымға ие болған, жауларымен татуласқан және көптеген адамдарға құтқарылу әкелген адам. Керемет адам.

### **13-ші тарау.**

#### **13-ші Сүре: Әл Раад (Найзағай)**

##### **Басталуы (Сүре 13:16)**

Альберт Эйнштейн, ұлы физик, өз құлағына өзі сене алған жоқ. Тағы басқа Хаббал есімді ғалым, ол телескопқа үңілген кезде, ғаламның соншалықты үлкен екенін дәлелдеп тапқанын айтты. Эйнштейн және тағы басқалар 20-сыншы ғасырдың басында, ғаламның мәңгі бар екенін және оның басы да, аяғы да жоқ екеніне сенген. Бір кезде аяқ асты Хаббл Ғаламның басталуы бар екенін көрсетті. Егер оның басталуы болған болса, онда оған дейін не болды?

Уақыт өте келе алып құралдар пайда болғаннан кейін, ғалымдар Ғаламда 100 миллиард галактика мен 70 триллион жұлдыз бар екенін білді. Сол сансыз жұлдыздардың арасында миллиардтаған жарық жылдары кеңістігі бар. Біреулердің айтуынша, егер біз 13 миллиард жылға артқа айналдыра алатын болсақ, онда барлық жұлдыздар бір-біріне жақын орналасқан болар еді деген. Бұрын бір кездері бәрі бір жерде жинақталып тұрған екен. Алау сияқты, олар жалындап, әр жерге тарап кетті, сосын ақырындап ғалам пайда болды, міне біз қазір соны көріп отырмыз.

Алау қайдан пайда болды? Оған отын болатын ағаштар қайда өсті? Осы сұрақтар адамзат басталғалы бері өздеріне қойып келе жатқан сұрақтар. Бос жер болды ма? Немесе басқа бірдеңе болды ма? Кездейсоқ па? Немесе біреу болған шығар?

Таурат осы сұрақтарды көтереді. «Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты.» (Жаратылыстың басталуы 1:1) Сүлеймен былай деген: «Жердің негізін Жаратқан Ие салды даналықпен, Аспанды мықтап орнатты ақыл-парасатпен.» (Нақыл сөздер 3:19) «...Жаратқан Ие аспанды шымылдықтай жайып жібереді, оны шатырдай тігіп, Өзіне мекен етеді.» (Ишаия 40:22)

Құранда, Сүре 13:16-шы аятта былай дейді: «Алланы қойып, тіпті өздеріне де пайда, зиян келтіре алмайтындарды ие қылып алдыңдар ма?». «Көрмейтін мен көретін немесе жарық пен қараңғылықтар тең бе?». Я болмаса, олар Аллаға, Оның жаратқанындай жарататын жаратулары, Алланың жаратуына ұқсас ортақтар қоса ма? (Оларға) айт: «Әр нәрсені жаратушы Алла. Ол жалғыз, аса өктем».

Таурат пен Құран тек қана Бір Жаратушының бар екеніне келіседі. Жалған құдайдар жоқ, сондықтан олар ештеңе жарата алмайды.

Алла – ол Рух, Оның денесі жоқ. Пайғамбар Жаратушы Ие «даналығымен» және «қолымен» жаратты деген де не айтқысы келді? Немесе мынаны ойланып көріңіздерші, Інжіл Алла ғаламды Өзінің Сөзімен жаратты деп не үшін айтты? (Петірдің 2ші хаты 3:5)

Міне, жұмақтың кілті мынада. Суретші скульптураны қалай жасайды? Басында идея санасында туады, сосын өнерін қолымен іске асырады. Ұлы Суретші, Құдіретті-Жаратушы Өзінің Сөзін іске асырды, сонда «аспандағы және жердегінің бәрін Ол жаратты» (Колостықтарға 1:16)

*Таухид* – бұл Исламдағы ең негізгі идея болып табылады. Оның мағынасы, Алла Жалғыз (Әл-Ахад) және Біреу (Әл-Уаид) дегенді білдіреді. Адамдар Таухид жайлы көптеген әртүрлі ойларды айтады.

Осыған байланысты адамдар көптеген сұрақтарды өздеріне қояды: Құран мәңгі ма немесе ол жаратылған ба? Егер мәңгі болса, онда оның Алладан қандай айырмашылығы бар? Ол Таухидты қайталай ма? Алладан басқа тағы да бір нәрсе қалайша жаратылмаған болуы мүмкін? Таухид туралы ойлап тұрып, сосын Құран жаратылмаған дейтін болсақ, бір түрлі сияқты көрінеді.

Қалай қарасаңызда, шынайы дін басында Жалғыз Алла бәрін Өзінің Сөзімен жаратты деп үйретеді. Сөз Аллада және Сөздің өзі Алла болып табылады. Басқа ойды ұсынатын болсақ – онда адам өзі жансыз өмір сүре алады

деп айтқанмен пара-пар. Жан адаммен бірге, жанның өзі адам болып табылады. «Біреу» деген сөздің өзі, абсолюттік кемелді Бірлік дегенді айғақтап тұр.

Міне сондықтан Інжілде: «Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған», деп айтылады. (Жохан 1:3) Сөз Алланың серіктесі немесе жолдасы емес. Сөз ғаламға ұқсас нәрсені жаратпайды. Сөз Аллаға конкурент бола алмайды. Мәңгі Сөз жаратылыс арқылы Жаратушыға даңқ береді. Мәсіхшілер мынаған толығымен келіседі, егер біреу Алладан басқа қандай да бір құдайдың жаратуға қабылеті бар десе, онда сол адам түнекте жүр.

### **Үлкен сот (Сүре 13)**

Әл-Раад сүресінің басым бөлігі, Мұхаммедтің артынан ергендерге сый беріледі, ал оған ермегендерді Тозақ отында жаза күтіп тұр деп айтады. Басқа аяттарда жазылғандай, Мұхаммед өзінің пайғамбарлыққа шақырғанына дәлел ретінде әрқашан Құранды меңзейді. Сол үшін сенбеушілер күман келтіре бастағанда немесе оның хабарын сынға сала бастағанда, ол өзінің айтқан сөздері кез келген нәрседен жоғары тұр деп растағысы келеді. Сенбеушілерге арнап қарғыс жайлы немесе жаза жайлы ескерту дегенде, бұлар бірдей емес. Осы аятқа сүйенетін болсақ, сенбеушілер осы өмірде немесе Тозақта немесе анда немесе мынада жазаға тартылады ма? Осы сөздер сенбеушілерге үрей шақырады ма? Сонда кейбер адамдар суы қайнап жатқан, бітпейтін отта азап шегетін Тозақтан қашу үшін ғана мұсылман болып кетті ма?

### **14-ші тарау.**

## 14-ші Сүре: Ыбырайым

### **Араб тіліндегі Елші (Сүре 14:4)**

«Әр пайғамбарды ашық түсіндірсін деп; елінің тілінде ғана жібердік. Алла кімді қаласа, адастырады да, кімді қаласа, тура жолға салады. Ол, өте үстем, аса дана»

Мұхаммед арабтың курайшит руында туылған, ол араб тілінде сөйледі, бұл тіл, ол дүниеге келгенге дейін мыңдаған жылдардан бері бар болатын. Арабтар Арабия шығанағына орналасқан, сөйтіп олар көшпенділік пен саудагерлікті өмір салтына айналдырды. Шөлдаладағы өмірлері өте қатал, қиындыққа әкеп соқты. Жаңбыр өте сирек жауатын, ал шөп – алтынмен тең болды.

4-ші аят бізді Құранның пайда болуына байланысты сұраққа қайта алып келеді. Егер Мұхаммед 7-ші ғасырда Құранды араб тілінде сөйлеткен болса, яғни «өз халқының тілінде», онда қалайша ол Аспанның тілі бола алады? Араб тілі жүздеген жылдар бойы өте баяу дамыды. Одан бөлек, Құран 100% араб тілінде жазылған жоқ. Оның ішінде шет тілдері бар, олар эфиопиялықтардан, гректерден, арамейліктерден, сириялықтардан және басқа да тілдерден кірген.

Осы аятта, арабтарға түсінікті болу үшін, Құран арабтарға араб тілінде берілген деп айтады. Сонда қалай, себебі олар Таурат иврит тілінде, ал Інжіл грек тілінде жазылғандықтан, оны оқи алмады ма? Алайда араб еместермен қалай болады? Олар Құранды қалай түсінеді? Сонда бүкіл адамзат емін-еркін түсіну үшін, араб тілін жаттап алу керек пе? Алайда, егер араб тілін бәрі жаттап алғанның өзінде, Құранда арабтың ежелгі тілінің формасын пайдаланған. Араб тілінің

қай диалектің біз үйрену керекпіз? Қазіргі таңда араб тілінің 30-дан астам диалекті бар, ал әртүрлі жергілікті диалектінің ішінде тағы да ондаған сөйлеу ережелері бар. 7-ші ғасырдағы арабтар, Мұхаммед Құранды оқығанын тыңдаған кезде, оның не айтып тұрғанын толықтай түсінген. Бірақ егер қазіргі арабтар сол заманға сапар шегетін болса, сонда Мұхаммедтің сөздерін тыңдаса, оны түсіне алар ма еді?

4-ші аятта, Құран араб тілінде берілді, яғни Мекке мен Медина халқына «оларға түсіндіру үшін» берілді деп айтады. Сол кездегі адамдарға қаншалықты түсінікті болса да, соған қарамастан 1400 жыл өткен соң, ол мағынасын жоғалтатыны рас. Міне, сондықтан адамдар *Тафсирге* жүгінеді, демек шейхтер мен имамдар соны түсіндіріп береді.

Менің мұсылман достарым, маған: «ия, бұл рас, бірақ мәсіхшілер сіздерде де сол проблема бар ғой. Інжіл ескі грек тілінде жазылған. Сіздер де түсіндірмелер мен аудармаларға жүгінесіздер ғой, солай емес пе?», дейді. Ия десек те болады, жоқ десек те болады. Інжіл жер бетіндегі басқа кітаптарға қарағанда, ең көп тілдерге аударылған кітап. Біздің пайымдауымызша, әрбір аударма, егер ол түпнұсқадағы тілге сәйкес нақты аударылған болса, онда Алланың Сөзін оқырмандарға кез келген тілде жеткізе алады деп санаймыз. Сонымен қатар біз, Алланың Рухы түсіндіріп, нақтылап берудің көмегінсіз адамдарды жетелеп, жігерлендіріп, ашып беретініне сенеміз. (Жоханның 1-ші хаты 2:27)

**Адамзаттың шынайы мәні неде? (Сүре 14:34)**

Адамдар шын мәнінде жақсы ма немесе жаман ба, немесе адамдар екеуіне де жатады ма? «...Расында адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз». 22-ші аятта сайтан адамның кінәсін бетіне басып: «...Ендеше, мені сөкпеңдер де өздеріңді сөгіңдер». Эдем бағында Адам ата мен Хауа ана Аллаға қарсы күнә жасады. Алла сол сәтте бірден бәрін тоқтатып, күнәсіз жаңа адамдарды жаратты ма? Жоқ. Ал егер жаңа адамдарды жарата салғанда, не болар еді? Адамның өз еркі болғандықтан, ерте ме, кеш пе, бәрібір біреуі күнә жасап қояр еді. Күнә генетикалық ауру сияқты әкеден балаға ауысып отырады. Барлық адамдар әділетсіздік пен риза болмаушылыққа тез берілетіні таң қалатын жағдай емес пе?

Аллаға ұнау үшін жақсылық жасап жүргеннің өзі әрқашан қиындықпен келеді. Шынайы табынып жүргендердің өздері эгоизм мен өркөкректікке бетпе-бет жиі келеді. Алланың алдында тұрып, мінажат етіп, сосын тізеңнен тұра салысымен көршіңнің құқығын бұзасың. Ақыры соңында, сіздің барлық әділетсіздігіңіз бен риза болмаушылығыңыз, Алланың алдында, Оған қарсы шығу болып табылады.

Біз Оның заңын бұзғанымыз үшін айыптымыз. «Бәріміз де күнәға батып рухани ластанып кеттік! Күллі әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиренішті! Солып қалған жапыраққа ұқсаймыз, күнәларымыз бізді желдей ұшырып әкетеді» (Ишаия 64:6). Тіпті біздің орамамыз да Алланың алдында ластанған. «Оразаларыңның аяғы ұрыс-талас, зұлым төбелеспен бітеді. Мұндай оразаларың мінажаттарыңды көкке жеткізбейді» (Ишаия 68:4)

Әрине, бұлар мен туралы емес қой, солай ма? Сонда мен адамзаттың бір бөлігі емеспін бе? Адам ата мен Хауа ана менің ата-бабаларым емес пе? Мен солармен бірге жұмақтан қуылып шыққан жоқпын ба?

Егер осылардың бәрі солай болса, онда кім зұлымдықтан гөрі, жақсылық жасай алады? Соңғы Сот күні Ұлы таразының үстінде, тіпті менің ең жақсы деген істерім, жеткіліксіз болатыны рас. Күнәнің көлеңкесі, уақытқа келіп тіреледі. Уақыт соғады. Уақыт өтіп жатыр. Бірақ бәрібір менің барлық ұмтылысым жеткіліксіз болады.

### **15-ші тарау.**

#### **15-ші Сүре: Әл Хиджр**

##### **Алла Өзінің хабарын қорғайды (Сүре 15:9)**

Қысқа сүрелер біздің жүрісімізді жылдамдатып жатыр. Осы аятта Алла Өзінің хабарын қорғайтыны жайлы тіке айтады. «Расында Құранды Біз қорғаушымыз». Ешкімде (Зикра) Хабарын жоққа шығара алмайды. «Хабар» деген сөз тек қана Құранға тәне емес. Ол сөз Тауратқа, Пайғамбар жазбасына және Інжілге де тән.

Өте абай болайық. Алла Мұсаға, Дәуітке және Калиматулла болып табылатын, әрі Аспаннан Ізгі Хабар болып түскен Иса әл-Мәсіхке берген Сөздерін қорғауға уәде еткен. Алланың қорғап тұрғанын қалайша адамдар өзгерте алады?

##### **Құранға қарсы жасалған шабуыл (Сүре 15:91)**

Сексуалды азғындық күнәлар мен ұятсыз істер Содом мен Ғоморра халқына Алланың сотын шақырды. Содан тек Лұттың отбасы ғана қашып құтыла алды. Яғни, бұның

мағынасы, егер адам Алланың хабарынан бас тартатын болса, сол халықты бәрібір сот күтіп тұрғанын білдіреді.

Мені 91-ші аяттағы сөздер назарымды аудартты. Көптеген мұсылман достарым маған, Алла Құранның ыдырап кетуінен қорғап тұр деп айтады. Бұнда, енді адамдар Құранға өздерінің зұлым ойларымен шаубыл жасай алмайды дегенді білдірмейді ғой. Бұл аят, кейбір сенбеушілер «Құранды әртүрлі бөлімдерге бөліп тастағанын» айтады. Яғни, олар физикалық тұрғыда Құранды бөліп тастады ма? Немесе олар Құраннан аяттарды контексттен жұлып алып, оған жаңа интерпретация беруге тырысты ма? Немесе олар Мұхаммедтің сөзі жайлы жалған ой бергісі келді ме? Бұл жерде ол туралы айтылмаған. Алайда осы аятты оқи отырып, мәсіхшілер былай айтқан болар еді, егер сенбеушілер Құранға залал келтермей, Оны бөлшектерге бөліп тастай алатын болса, онда олар Бұрынғы Кітаптарға да ешбір өзгеріс әкелмей-ақ, оларды құртып жібере алар еді деп айта алады.

### **16-шы тарау.**

#### **16-шы Сүре: Нахль (Аралар)**

**Алланың бейнесіне ұқсап жаратылды ма? (Сүре 16:17)**

Адамзаттың пайда болуы жайлы тарихта көптеген қарама-қайшылықтар бар. Эволюция теориясы былай, яғни адамдар мен маймылдар бір ата-бабадан пайда болған дейді. Олардың пайымдауынша, егер біз көптеген жылдарға арт жағымызға уақытты қайтара алсақ, онда біз барлық жануарлардың бір түп атасы болғанын көре аламыз,

олардың түрлері быт-шыт құртқа ұқсап, ауыздары дәу болғанын біле аламыз.

Адамдардың пайда болғаны жайлы көптеген сүрелерде айтады.

«Ол, адам баласын ұйыған қаннан жаратқан» (Сүре 96:2)

«Расында адамды бейнеленген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық» (Сүре 15:26)

«Шын мәнінде Алла қасында Ғисаның жағдайы: Өзін топырақтан жаратып, сонсоң «бол» дегенде бола қалған Адамның жағдайы сияқты» (Сүре 3:59)

«Ал адам баласы, өзін алғаш жаратқанымызда, дәнеңе емес екенін ойламай ма?» (Сүре 19:67 және 52:35)

«Адам баласын бір тамшы судан жаратты. Сонда да ол ашық жанжалшыл» (Сүре 16:4)

Осы аяттардан, біз Алла адамды жаратқан кезде, қандай әдісті қолданғанын нақты айта алмаймыз. Шаңнан ба, жоқ нәрседен бе, қоюлатынған қаннан ба немесе тағы басқа да бір нәрседен бе?

Соған қарамастан, егер біз Тауратқа жүгінетін болсақ, сол жерден жаратылыстың басынан бастап, барлық тарихын оқи аламыз. Біріншіден, ол жерде былай делінген: «Әуелі баста Алла аспан пен жерді жаратты». Содан соң, аптаның алты күнінде жұмыс жасап, қалғандарын, яғни Алла күн мен жұлдыздарды, мұхит пен жерді, құстарды, балықтарды және

басқа жан-жануарларды жаратты. Содан кейін барып, жаратылыстың тәжі ретінде Алла адамдарды жаратты.

«Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты» (Жаратылыстың басталуы 1:27)

Бұның мағынасы не, сонда Алла адамдарды Өз бейнесіне ұқсас етіп жаратты ма? Бұны адамдар ғана ажырата алады. Не сиырлар, не жылқылар сондай қасиетке ие емес. Мысықтар да немесе маймылдар да соған ие емес.

Сүре 16:17-ші аят, шынымен осы сұраққа түсінік береді. Сол жерде былай сұрақ қойылған: «Жаратушы біреу, жарата алмайтын біреумен тең бе? Енді де түсінбейсіңдер ме?». Басқаша айтқанда, бәрін жаратқан Алланың Тұлғасы емес пе? Біз бір нәрсе жасай аламыз, яғни, айналадағы ормандарға және гүлдерге, жұлдыздар мен өзендерге қараңдаршы, Алла сөз жетпес шығармашылыққа ие Тұлға екенін түсінуге болады ғой. Ол – Өз табиғатында Жаратушы. Оның жаратуға құдіреті бар.

Енді, келіңіздер, адамдарды талдап көрейік. Кейбір жануарлардың үй сала алатыны рас. Құндыздар өзендерге дамбалар сала алады, ал құстар таулы қыраттарға ұялар сала алады. Олар Алланың оларға салып берген инстинктің деңгейінде жасай алады. Алайда, адамдар шығармашылыққа толы жаратылыс. Алла жоқ нәрседен физикалық материяны жарата алатыны рас. Алайда Алланың бейнесіне ұқсас етіп жаратылған адамдар да, басқа нәрселерді жарата алады.

Мысырдаға пирамидалар мыңдаған жылдар бұрын салынған, олар өз күдіретімен осы кезге дейін тұр. Қытайдың музыкасы адам эмоциясын қалықтап ұшырып, көзге көрінбейтін адамға қанат бітіреді. Соның ішіндегі ең таң қаларлық кереметі, бұл – күйеуі мен әйелі өздерінің махаббаттарын біріктіріп, жаңа ұл немесе қызды жарата алады, бұл да толық шығармашылық. Шығармашылық Алланың бейнесінен пайда болады.

Адамдардың бәрі Алланың бейнесінен жаратылған, алайда Адам ата мен Хауа ана күнә жасаған кезде, сол бейне өзгеріп кетті. Кемелді сүйіспеншілік, қорқынышқа айналды. Батылдық – қатыгездікке. Жанашарлық, қысымшылыққа айналды. Табынушылық, пұтқа табынуға айналды, сөйтіп өз-өзінен өркөкректік пайда болды. Әділ үкім шығарушылық, кісі өлтірушілік пен соғысқа алып келді. Күнә бәріне жұғып кетті. Сұлулық, ұсқынсыз бен менсінбеушілікке айналды. Әрине, адам бұрмаланған әрі бұзылған болса да, әрбір адам әлі де Алланың бейнесін арқалап жүр. Ұлы істерді ойлап табу қасиеті мен жетістікке жете алса да, алайда жиі эгоизмге түсе беретіні рас, барлық адамдар оңалуға мұқтаж. Немесе нақтырақ айтқанда, барлық адамдар рухани жаңаруға мұқтаж. Жаңадан бастау. Жаңа бейнеде болу керек.

### **Соңғы қайта тірілу (Сүре 16:38)**

Көптеген адамдар өздерінің жақсы көретін адамдарынан айырылғанда, қатты киналады. Ерте ме, кеш пе барлық адам қайтыс болады. Ми, тыныс алу және жүрек өз қозғалысын тоқтатқанда, адам денесі суып кетеді де, қозғалыссыз қалады, сөйтіп шіри бастайды.

Қазіргі ғалымдардың пайымдауынша, дененің кейбір бөліктері бір-бірімен қосыла алмай, қайта тірілу болмайды дейді. Мыңдаған жылдар бойы барлық адамдар сонымен келісті. Сүре 16:38-ші аятта былай делінген:

«Алла, өлген біреуді тірілтпейді» деп, Алланың атымен қатты ант ішті. Олай емес. (Өлікті тірілту) Алланың шын уәдесі. Бірақ адамдардың көбі білмейді.»

Исаның кезінде де кейбір еврейлердің басшылары және гректер қайта тірілуге үміт жоқ деп айтып жүрді. Адамдар: «Бұның бәрі бос сөз. Дәлел қайда?», деп сұрақ қойды.

Бірде бір дәрігер немесе кез келген аппарат өлі адамды тірілте алмайды. Адамзаттың пікірінше, қайта тірілуге үміт жоқ. Дәлел бар ма? Егер өлі адам тірілмейтін болса, онда жәй неге «ішіп-жей бермейміз, өйткені ертең бәріміз өлмейміз бе?» (Қорынттықтарға 1ші хат 15:32)

Алла қайта тірілу мүмкін деп сөз беріп қана қойған жоқ. Ол бізге Өзінің соңғы белгісін берді. Иса әл-Мәсіхтің үшінші күні қайта тірілуі, ежелде айтылған пайғамбарлық сөздерге сәйкес болды, сондықтан өліден қайта тірілу, Алланың еркі мен Оның уәдесі болғанын көрсетеді.

Кейбір адамдар сұрақ қоюуы мүмкін: «Соңғы қайта тірілу қалай болады?» Пауыл былай деген:

«Өлгендердің қайта тірілуі де осындай болады: топыраққа көмілген дене шіріп кетеді, ал қайта тірілгені мәңгі шірімейді. Жерленіп, дене қор болады, ал кейін салтанатпен тіріледі. Әлсіз тән жерленеді, күшті болып қайта тіріледі. Жерленгені

— табиғи, тәндік дене болса, тірілгені —  
табиғаттан тыс, «рухани» дене. Тәндік дененің бар  
екендігі сияқты, «рухани» дене де болуға тиіс.»  
(Қорынттықтарға 1ші хат 15:42-44)

Бидайдың тұқымы сияқты, өлген дене де жерге жерленеді.  
Уақыт келген кезде, ол жаңа өмір үшін жерді жарып, жердің  
бетіне шығады. Бидайдың өсіп шыққан түрі, тұқымға  
қарағанда көбірек болады. Жаңа жемісі және өмірімен ол  
күннің жарығына толықтай шығады. Иса да қайта тірілген  
кезде, тура солай болды, сондықтан Оның ізбасарларымен  
де тура солай болады.

### **Мәсіхшіден сұраңыз (Сүре 16:43)**

Мұсылман кісі, Інжілді түсіндіріп бер деп мәсіхшіден  
сұрауға болады ма?

«Сенен бұрын да өздеріне уахи етіп, еркектерді  
ғана өзіне елші етіп, жібердік. Егер білмесеңдер,  
кітап иелерінен сұраңдар.»

Тоқтай тұрыңыз! Мұсылман кісі мәсіхшіге келіп, былай  
сұрау керек пе: «Сіз маған Мұса, Дәуіт және басқа елшілер  
жайлы айтып бере аласыз ба?». Адамдар Інжіл өзгертілген  
деп айтып, ақталып кетуі де мүмкін, Алайда бұл шындық  
емес. Біздің 21-ші ғасырда қолымызға ұстап отырған Інжіл,  
сол 7-ші ғасырда және 1-ші ғасырда мәсіхшілер қолданған  
Інжіл болып табылады. Ол өзгерген жоқ.

Осы аятта, хабаршылар «тек ер адамдар» болған деп айтып  
отырған жоқ па? Бұл мәсіхшілер Исаға байланысты  
ойларында қателік жіберді дегенді білдірмей ме?  
Мәсіхшілерге сенім артуға болады ма?

Біз Иса жайлы оқығанымызды ұмытып кеттік пе? Иса ғана әл-Мәсіх болып табылады, пәк қыздан туылған пайғамбар ғана емес, Ол жаңа Адам ата, Калиматулла, *Иммануил*, яғни мағынасы *Алла бізбен бірге* дегенді білдіреді. Біз Мұса, Дәуіт және Жүніс туралы айтқанда, олар қарапайым адам болғандарын айта аламыз. Алайда, шынын айтсақ, біз Иса әл-Мәсіхті де солардың қатарына қоса аламыз. Иса жәй хабаршы ғана болған жоқ. Егер осы аят Исаны хабаршылардың бірі болған десе, онда мен ондай пікірмен келісе алмаймын. Алайда Інжілге қоса, Құран Исаның адамдардың арасында ерекше адам болып, ісінде де, жеке тұлғасында да басқаша болғанын мойындайды.

Отыз жыл бойы мен өзімнің мұсылман достарыммен Құран және Інжіл жайында әңгіме еттім. Мұсылман досым Сүре 16:43-ші аятты бұрын-соңды оқыған ба, әрі меннен Інжілді түсіндіріп бер деп сұрады ма? Аянышпен сіздерге жауап берейін, жоқ, ешқашан оқымаған. Қызық, көптеген менің мұсылман достарым Құранның аяттарын түгелдей оқып шықпаған.

Мүмкін, кейбіреулері Сүре 16:43-ші аятты оқыған шығар, бірақ егер меннен көмек сұрағысы келіп, талпынатын болса, іштей қорқа бастайды. Олардың ойынша, «басқа мұсылмандар мен туралы не ойлайды?», дейді. «Інжіл өзгеріп кеткен емес пе? Алла сол үшін мені жазалап жібермей ме?».

Алла не үшін, Сүре 16:43-ші аятта жазылған нәрсені орындағаны үшін, адамды жазалау керек?

Сол жерде нақты жазылған: «Сұраңдар». Бұл жерде «айтысыңдар» делінбеген. Немесе «немқұрайлы қараңдар» деп те айтылмаған. Немесе «айыптаңдар» деген де жоқ.

Бұл тәуекелге баратын іс. Мүмкін, мәсіхшілер адамдарды алдап жүрген шығар? Олар шындықты айтатынына сенім артуға болады ма? Олар сонда Құранды білмейді ме? Мүмкін, кейбіреулері білмейтін шығар. Бірақ мен сол үшін де, Құранның барлық аяттарын рет-ретімен оқып келе жатырмын: яғни, әділ болу үшін, дұрыс ақпаратқа ие болу үшін және шындықты айту үшін.

### **Екі құдайға табынбаңыздар (Сүре 16:51)**

Мен осыған дейін айтқан болатынмын, бірақ тағы да қайталап кетемін. 51-ші аят: «Алла: «Екі тәңір жасап алмаңдар... деді». Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл көпқұдайшылдықты *қолдамайды (мушириун)*. Бірінші және ең ұлы өсиет – Алланы бар жүрегіңмен, ақыл-санаңмен және бар күшіңмен сүй. Қалайша біз Жалғыз Шынайы Аллаға өзімізді 100% береміз де, сонымен қатар басқа бір нәрсені тауып алып, соны құдай деп табынамыз?

### **Ешкім де соншалықты жақсы адам емес (Сүре 16:61)**

61-ші аят Інжілмен келіседі, ешкім де соншалықта жақсы әрі мейірімді емес. «Алла, адам баласын, олардың кесірлері себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жәндік қалмас еді...» Адамзат жүрегінің диагнозының қорытындысын жасайтын болсақ, бір нәрсе дұрыс емес. Кез келген адам жазаға лайықты. Інжіл мен Құранның осы түйіскен жолында тұрып, менің байқағаным, олар зұлымдықтың проблемасын әрқайсысы өзінше шешеді.

Інжіл, мені сүйіспеншілікпен әл-Мәсіх ұсынған, аспаннан келген кешірім сыйына қарай жетелейді. Ал Құран, мені жақсы және жаман істерімді құдайшылдық таразыға салып өлшеуге қарай жетелейді. Алайда 61-ші аят барлық адам бірдей жазаға лайықты деп айтады. Әділдіктің үйін салуға тырысқан адамды, күнәнің дауылы соққан кезде, ұшырып алып кетеді. Кім бізді осы әділ соттан құтқара алады?

### **Құлдық (Сүре 16:71-76)**

Батыс елдері толықтай құлдыққа тыйым салған. 1860 жылдары Құрама Штаттарында үлкен азаматтық соғыс болды, соның салдарынан құлдыққа тыйым салынып, миллиондаған афро-американдықтар бостандық алды.

75-76-ші аяттар адам теңдігі жайлы айтысқа шақырады. Сол жерде, құл өзінің жомарт әрі асыл қожайынына тең келмейді, ал мүмкіндігі шектеулі және көмекке мұқтаж адам, күшті адамға тең келмейді деп жазылған. Құран былай деп сұрақ қояды: «Міне осы, әділетті әмір етіп, тура жолмен жүрген кісімен тең бе?»

Құранның шариаты мен батыстық зайырлы құқықтық жүйенің арасында айырмашылық бар. Осы сәтте батыстық зайырлы заңдар адамдардың ұлттарының арасында, діндерде және басқа да әдет-ғұрыптарда теңдік бар екенін мойындайды, ал классикалық шариат бұларды жасамайды. Шариат бойынша кейде мұсылман емес адамдар *дхимми* секілді өмір сүруге тура келді, ал кейбір басқа кластағы адамдар құл сияқты еңбек етті. 21-ші ғасырда да кейбір жерлерде осы аятқа сүйене отырып, құлдықты әрі осыған ұқсас нәрселерді іс-жүзінде қолданып жатыр. Яғни, кейде мұсылмандар осы кезге дейін әскери жихадты қазіргі

уақытта қолдану керек деп айтысып келгендей, құлдық жайлы да әлі де талқылап келе жатыр.

### **Әрбір халықтың өз куәгері бар (Сүре 16:89)**

Сүре 14:4-ші аятта біз көргендей, Мұхаммед арабша сөйлеп, арабтарға барды. 89-шы аят былай дейді:

«Қиямет күні әр үмметтің ішінде, өздерінен бір айғақ әкелеміз. Сені осы үмметке айғақ қылып келтіреміз. Сондай-ақ саған әр нәрсені ашықтайтын және Мұсылмандар үшін тура жол, игілік әм қуаныш түрінде Құранды түсірдік.»

Бірнеше жыл бұрын мен өзімнің досыммен жүзім бұтағының көлеңкесінде шәй ішіп отырдық. Ол маған: «Сен білесің бе, Алла Мұса мен Исаны еврейлерге жіберді? Сонда әр халыққа өз пайғамбарын жіберді ме?», деп сұрады.

Мен, «жоқ», деп жауап қаттым да, «мен бұрын бұндайды естімеппін», дедім. Маған көз алдыма келтіру қиын болды, мысалы, қандай пайғамбарлар викингтерге барды немесе американың жергілікті халықтарына барды.

Құранда жазылған, Мұхаммед арабтарға жіберілді. Егер әрбір ру мен топтарға өздерінің куәгерлерін жіберетін болса, онда олар түсіне алмайтын, Мұхаммедтің хабарын араб тілінде жеткізудің қандай мәні бар? Олардың өз ана тілінде сөйлейтін куәгерді, оларға әлдеқашан жіберген жоқ па?

Одан бөлек, 89-шы аятта Алла Мұхаммедті арабтарға қарсы куәгер ретінде жіберді деп анық жазылған ғой. Шын

мәнінде, бұл аятта Мұхаммед барлық халықтарға арналған куәгер болды деп айтылмаған.

### **Санамыздың өзгеруі (Сүре 16:106-107)**

Құран мұсылман кісі өзін қорғау мақсатында, өзін сенбеушімін деп айтуға рұқсат береді, әрине, егер ол өз жүрегінде ары қарай шынымен сенетін болса. Бірақ, егер адам шынымен жүрегінде өз пікірін өзгертіп, Исламды қалдырып кетсе, онда оны қатал жаза күтіп тұрғанын ескертеді.

«Жүрегі иманнан орныққаннан кейін зорлық көрген біреуден басқа біреу; иман келтіргеннен кейін Аллаға қарсы келсе, сондай-ақ біреу көңілін имансыздыққа берсе, оған Алланың ашуы және оларға зор азап бар».

1844 жылы Абдулмеджид сұлтан, Түрік Османының империясында бірінші болып бас тартушылық жайлы заңның күшін жойды, сөйтіп мұсылмандар ешбір жазасыз, исламды қалдырып кетуге мүмкіндік алды. Оның бұйрығы әрқашан орындалып отырған жоқ. Классикалық шариат бас тартқандарға жаза кесуді талап ете берді.

Неліктен мұсылман адам исламды қалдырып кетеді? 107-ші аятта былай делінген: «Бұл жағдай, олардың дүниені ақыретке балап жақсы көрулерінің салдарынан». Біз көргендей, Құран кейбір екі жүзді мұсылмандарды айыптайды, себебі олар өз үйлерінде комфортты жақсы көріп, әрі Алланың жолында әскери сапарға шығудың орнына, байлықты бағалады. 7-ші ғасырда Аллаға өмірді арнау, өте қауіпті болды.

Кейбір мұсылмандар жарақат алудан, шайқаста өліп қалудан және басқа себептермен исламды қалдыруға болады ма? Менің бір досым бар, ол исламнан бас тартқан, себебі ол Жаратушы жоқ деген тұжырымға келген екен. Оның пайымдауынша, ғалам өз-өзін жаратқан. Ол өзін ғылыми атеистпін деп санайды. Тағы басқа да менің таныстарым бар, оларда өз пікірлерін өзгерткен, себебі сұрақтарды терең зерттеп, басқа идеяларға сенуге шешім қабылдаған.

Егер қазіргі замандағы мұсылман адам өз отбасы және достарының тарапынан қабылданбай қалатын болса, тіпті кейбір жерлерде сенімін сатқаны үшін өлім жазасына кесетін болса, онда исламнан кеткеннен кейін оның өмірі қалайша жақсарады? Егер соғыс басталып кетпесе, мұсылман адам үшін, Алланың ісіне бола өте қорқынышты, әрі қауіпті болар еді, ең қарапайымы қай күйде болса, сол күйде қалдыру керек.

### **Исламның таралуы (Сүре 16:125)**

Бір күні кешке, біздің достарымыздың кішігірім тобы, ескі тастан жасалған сарайда отырып, Аллаға деген сенім жайлы әңгімелестік. Олардың ішінен біреуі: «Менің пікірімше, елшілік (миссионерлік) қызмет – бұл дұрыс емес. Исламда елшілік қызмет деген жоқ», деді.

«Қызық», дедім мен, - «өйткені мен ондай мұсылмандарды кездестірдім, мысалы үшін, олар Еуропада, Африкада жұмыс істеп жүріп, мұсылман еместерді, исламды қабылдатып, сендіруге тырысып жүр», дедім.

Мүмкін біздің досымыз ешқашан 125-ші аятты оқымаған шығар:

«Адамдарды Раббыңның жолында даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес. Күдіксіз, Раббың Ол, тура жол тапқандарды да жақсы біледі».

Осы аятты шынымен түсініп қабылдайтын мұсылмандар, өз уақыттары мен қаражаттарын жұмсап, исламды бүкіл әлемге таратуға күш салып жүр. Сенімге берілген мұсылмандар әрбір мемлекетте өз кеңселері мен мешіттерін ашуға ат салысып жүр. Олар кітаптар жазып, қоғамдық дебаттарға қатысады, сөйтіп өз идеяларын теледидар, радио және интернет арқылы таратып жүр. Олар мұсылмандардың миссионерлері.

«Жоқ, олай емес», деп кейбір достарым жауап беріп қояды. «Миссионер деген – ол адамдарға өздері сеніп жүрген діндерін қалдырып, басқа ілімді қабылдауға мәжбүрлейді. Мұсылмандар Алланың жолына сенбеушілерді шақыру үшін, тек шындықты ғана айтады». Мәсіхшілердің миссионерлері адамдарды өзінің дініне кіргізу үшін ақшаны, саясатты және «миларын уландыруды» пайдаланады ма? Әлсіз адамдардың еркіне қарсы шығып, мәжбүрлеу арқылы, олар өз арам ойларын іске асыруға мақсаттары бар ма? Кейбір қауесеттерге сенетін болсақ, олар Інжілдің ішіне 100 долларлық купюрды салып қояды екен, қазіргі инфляцияға сай ол 1000 долларға дейін өскен, сөйтіп басқа біреуді тура жолдан адастыруға үміттенеді. Басқа да оқиғаларды достарым айтып берді: «Меніңше,

мұсылмандар өз сенімдерін белсенді түрде таратуға тырыспау керек. Дін – әр адамның жеке ісі»

Осы жерде мен екі қателікті көріп отырмын. Біріншіден, ақшаны немесе саясатты пайдаланып, біреудің дінін өзгерткісі келген мәсіхші, жалған мәсіхші болып табылады. Шынайы мәсіхші, шынайылыққа сенеді. Шындықты таңдау, футбол командасын жинауға ұқсамайды. Мысалы үшін, егер менің сүйікті футбол командаларының қалай ойнайтынын көбірек адам келіп көрсін десем, онда мен тегін билеттер таратып, жанкүйерлерді көбірек жинауға тырысамын. Менің командалар оларға ұнайды ма, жоқ па, маған бәрібір емес пе? Алайда Аллаға деген сенімге адамдарды шақыру – бұл нағыз сүйіспеншілік жайлы сұрақ. Нағыз сүйіспеншілікті, сатып алу мүмкін емес.

Екіншіден, ислам – әрбір мұсылманның жеке ісі деп ойлайтын кез келген адам, 125-ші аятты оқымаған. Бұл жерде мұсылман бауырыңды мешіттегі Жұма намазға шақыру туралы әңгіме болып жатырған жоқ. Әңгіме, сенбеуші адамға исламды қабылдатуға және сендіруге тырысып-бағу жайлы болып жатыр. Әлемде әр күні мыңдаған идеялар айтылып жатады, олардың идеясы – ең жақсы немесе жалғыз дұрыс идея болып табылады.

### **17-ші тарау.**

#### **17-ші Сүре: Әл Исра (Түнгі сапар) немесе Бани Исраил (Исраилдың балалары)**

#### **Құдысқа бағытталған жол (Сүре 17:1)**

Тарих өте маңызды. Тарихты білу, бізді дана етеді. Біз бәріміз тарихтан жақсы білеміз, Әл- Акса Мешіті

Сүлейменнің ғибадатханасының негізіне қаланып салынған, шамамен біздің эрамыздың 679-690 жылдар арасында. Масджид-әл-Харам Мешіті Меккедегі Каабада шамамен біздің эрамыздың 690 жылы салынған. Одан басқа, біздің білетініміз, Мұхаммед біздің эрамыздың 570-632 жылдар арасында өмір сүрген. Осы білімдеріміздің бәрі Сүре 17:1-ші аятты оқып отырған адамды түсініксіз жағдайға әкеп соғады. Сол жерде былай делінген:

«Құлын бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Месжид Ақсаға апарған Алла, әр түрлі кемшіліктен пәк. Шәксіз Ол, естуші, білуші»

Түнгі сапар (*Мирадж*) тек Құранның бір аятында ғана айтылған. Ол жерде нақты ешнәрсе айтылмаған, не есімі, не болған күні жоқ. Бұл аят, нақты ешнәрсе айтпаған, сол жерден өткен қандай құл, ол қандай қалаларға барды? Бұл жерде неліктен құл ең алыстағы мешітке сапар шеккені түсіндірілмеген немесе қалай ол сапарға шықты. Осы құл, Мұхаммед болды деп санайды, киелі мешіт – ол әл-Харам, ал ең алыстағы мешіт – Әл-Акса мешіті. Білмейтіндерді, ол қинамайды. Адамдардың өздерінің пайымдауы солай, Мұхаммед қазіргі кезге дейін тұрған ғимараттың ішінде болған деп санайды. Алайда тарихқа үңілетін болсақ, Меккедегі және Құдыстағы мешіттер шамамен Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін 60 жылдан соң салынған.

Кейбіреулердің растауынша, «мешіт» деген сөз, ерекше жер телемі деген мағынаны білдіреді екен. Әрине, мен ешкімді соттай алмаймын.

Бүгінгі таңда тұрған Меккедегі және Құдыстағы мешіттер Мұхаммед қайтыс болғаннан соң 60 жылдан кейін

салынғандықтан, бұл аят сол ғимараттар жайлы айтуы мүмкін емес. Мұхаммед Құдыстағы Әл-Аксаға сапар шегуі мүмкін емес, өйткені ол кезде әлі де салынбаған болатын.

Сүре 17:1-ші аят бізге бірнеше сөз ұсынғанымен, бұған байланысты сұрақтар көп туындайды. Мұхаммедтен кейін көп жылдар өткен соң жазылған Хадис, осы тақырып бойынша толығырақ ақпарат береді. Сахих әл-Бухари былай деп жазған, Мұхаммед өз көзімен *Байт-уль-Макдисты* көрді (Құдыстағы Әл-Акса). Бұл физикалық тұрғыдан мүмкін емес, өйткені оның ізбасарлары Әл-Аксаны салып бастаған кезде, Мұхаммед 60 жыл бұрын қайтыс болып кеткен еді.

Мен Исаның ізбасары ретінде, сол сапардың мақсаты жайлы сұрағым бар. Маған өте қызық, менің көргім келетіні, ислам қалай пайда болды, ол билікті қалай біріктірді және қалай Меккені, Мединаны және Құдысты орталық ете алды. Маған өте қызық, қалай мұсылмандар исламның шекарасын кеңейтіп, Арабиядан асып кетті, сөйтіп Ыбырайымның балаларының жүрегі болатын, Құдысты жаулап алды, содан кейін Әл-Акса мешітін Мұхаммед қайтыс болған соң 60 жылдан кейін салып тастады.

Әл-Акса мешітінен «Түнгі сапардың» (Мираж) болғанын анықтайтын ешқандай ескі жазбалар табылмаған. Алайда Сүре 17:1-ші аятқа нұсқап, ертеректегі аңыздарда Құдыс мұсылмандар үшін ең маңызды жер болған деген идея бар. Бұл исламның иудаизм мен мәсіхшілікке жасаған үстемділігінің символы болғанын көрсетеді, сөйтіп ислам ертедегі пайғамбарлық діндерді ысырып тастағанының дәлелі екенін білеміз. Мұсылмандардың пайымдауынша,

егер Мұхаммед Құдысқа келген болса, онда олар ислам үшін сол жерді сақтауға міндетті. Адамдар, Әл-Акса мешіті мен жартас Күмбезі, жоғарыда орналасқан бұрынғы еврейлердің таудағы Ғибадатханасы, енді еврейлер ешқашан құлаған күлінен бас көтере алмай, яһудилердің жаңа Ғибадатханасын тұрғызуға да тырыспайды дегеннің кепілі екеніне сенді. Көптеген адамдар үшін, Әл-Акса мешіті үлкен тастан жасалған мәрді, Құдыс қаласына мәңгі басып, енді ислам сенбеушілердің үстінен әрқашан өздерін жоғары тұтқанының кепілі ретінде көрсетіп тұр.

### **18-ші тарау.**

#### **18-ші Сүре: Әл Кахф (Үңгір)**

##### **Үңгірдегі ұйықтап жатқандар (Сүре 18:9-26)**

Біркүні таңертең Эфес қаласынан шығып, алыс жолға таксимен келе жатып, менің жүргізушім, Жеті Ұйықтап жатқандар жайлы оқиғаны айтқанын естідім. Ескі қаланың үйіндісінің шетінде туристтер бір-екі үңгірді кездестіретін айтты, сол жерде бірнеше жас адамдар ғажаппен жүздеген жылға ұйықтап кеткен сияқты. Тарихқа сүйенсек, олар оянған кезде, әлемнің қатты өзгергенін байқапты, басында ұйықтаған кезінен, мүлдем басқа әлемді көрген екен.

Осы оқиға жайлы алғаш рет 5-6-шы ғасырларда айтылған, бұл оқиғаны ғалымдар Сарукалық Якуб, Феодосий және Телльмхрлік Дионисий сириялық жазбаларында жазып қалдырған. Бұл оқиғаны Жерорта теңізінің жағалауында тұратын қарапайым адамдардың көбі біледі екен.

Сүре 19-да Жеті Ұйықтап қалған жастар жайлы өте аз мәлімет береді. Ол жерде үңгір Эфес қаласына немесе басқа

да белгілі қалаларға жақын жерде болды деп айтылмаған. Ол жерде оқиғаның қашан болғанын, әрі бірде-бір биліктегі адамды немесе патша жайлы сөз қозғамайды. Мұхаммед қанша адам ұйықтап қалғанын білмейтінін айтқан: олар үшеуі, итпен болған ба, төртеуі итпен болды ма, бесеуі, алтауы итпен болды немесе жетеуі итпен болды ма?

Бұл өте қызық. Неліктен Алла қанша адамның ұйықтап қалғанын көрсетпеген, Ол бәрін білді емес пе? Тағы да бір проблема, олар қанша жыл ұйықтағаны белгісіз. 300 жыл немесе 200 жыл ма, немесе тағы да қанша болуы мүмкін? 26-шы аятта былай делінген: «Олардың қанша жатқанын Алла жақсы біледі. Көктер мен жердегі көместі білу Оған тән...»

Бұрынғы Кітаптар мен тарихты зерттеуші ретінде, мен әрқашан өткенді бірнеше сұрақтардың көмегімен бағалай аламын. Біріншіден, не болатын жайлы, Иса пайғамбарлық сөз айтты ма? Мысалы үшін, Ол Құдыстағы Ғибадатхананың қирататыны жайлы алдын ала айтты, тура солай болды да. Исаның болашақта не болатынын әдейілеп айтпаған сөздері де болды, олардың көбі тарихта орындалды, алайда мен назар қойғым келіп тұрғаны, Оның алдын ала айтқандары. Иса Жеті Ұйықтап жатқандар жайлы алдын ала айтты ма? Мен ондайды таба алған жоқпын.

Екіншіден, сол оқиғалар тарихи куәліктермен расталған ба? Шын мәнінде, жоқ, расталмаған. Эфесте бейіттерімен бірге үңгір бар, бірақ жүз жыл ұйықтады деген ешқандай куәгер жоқ. Бұл факт емес, фольклор сияқты.

Үшіншіден, егер киелі оқиға тарихи расталмағанын байқасам, онда қандайда бір менің көз-қарасым, Алланың

Өз халқына деген сүйіспеншіліктегі қарым-қатнасы өзгереді ма? Мысалы, егер мен Қызыл теңіздің қақ екіге бөлінген оқиғасы шын мәнінде тарихта болмағанын байқап қалсам, онда менің Аллаға деген қарым-қатнасым өзгерген болар ма еді? Ондай жағдайда, менің Алла Сөзіне деген сенімділігім шайқалып кетер еді. Мен 18-ші Сүремен келісемін, Алла шынымен ғажаптар жасайды, әрі тарихта немесе басқа да уақытта болған оқиғаларды біледі, сондықтан Жеті Ұйықтап жатқандар жайлы оқиға менің Жаратушы Иеммен қарым-қатнасыма ешбір әсер етпейді.

### **«Оның сөзін ешнәрсе ауыстыра алмайды» (Сүре 18:27)**

Біз Құранды зерттей отыра, ұзақ жол жүрдік. Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл өзгертілді деген ешбір жерде дәлелдер көрген жоқпыз. Біз керісінше нәрселерді көрдік. 27-ші аятта біз тағы да оқи аламыз: «...Оның сөздерін ешбір ауыстырушы жоқ. Әрі Одан өзге паналайтын орын да таба алмайсың» Біздің толықтай түсінгенімізше, осы сөздерді қанша рет қайталауға болады?

### **Алланың мейірімін ісіміз арқылы ала аламыз ба? (Сүре 18:46-53)**

Құранның жолы мені басқа да қиындыққа әкеп соқты. Осы үзіндіде, жақсы істеріміз Аспанға баруға көмектеседі деп айтады. Алланың алдында біздің істеріміз туралы жазылып жатқан кітап бар, олар жақсы іс болсын, жаман болсын, бәрі жазылып жатыр. 46-шы аятта, «...Ал бақи қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның қасында; табыс бойынша да жақсы әрі үміт тұрғысынан да жақсы», делінген.

Біркүні менің мұсылман досым, меннен: «Сіздердің діндеріңізде, егер адамдар діни қызметкердің алдында күнәларын мойындайтын болса, жаман адамдарға да Аспанды уәде етпейді ме? Сіздерге жақсы істер жасаудың қажеті жоқ қой. Сіздер барып мойындайсыздар, сосын барып тағы да қанша қажет болса, сонша күнә жасай бересіздер ма? Ал исламда, біз егер жұмаққа барғымыз келсе, жақсы істер жасауымыз керек», деп сұрақ қойды.

Жақсы сұрақ.

Ат арбамен келе жатқан кісіні көз алдарыңызға елестетіңіздер. Ол үйіне ұн алып бару үшін, арбаны аттың алдына шығарып алып, арбаға бар дауысымен айқайлап келе жатыр. Ол арба атты сүресін деп ойлап отыр. Алайда арба сүйрей алмайды, себебі оған ат керек.

Міне, Исаның айтқысы келгені осы, сонда Иса: «Мен «бұтамын», ал сендер «сабақтарымсыңдар». Менімен тығыз байланыстағылармен Өзім де тығыз байланыста тұрамын, сонда олар мол өнім бермек. Ал Менен бөлініп сендер ешбір игілік істей алмайсыңдар», деді (Жохан 15:5)

Арбамен атты сүйреуге тырысу – бұл жақсылық жасау арқылы Аллаға ұнауға тырысқанмен бірдей.

Неге? Өйткені Алламен дұрыс қарым-қатнас болмаса, онда біздің жақсы істеріміз Оған ұнауға қауқары жоқ. Арба атты сүйрей алмайды, себебі оның күші жоқ. Арбаны қалдырып кетсеңіз, ол қозғалмай бір жерде тұра береді. Біз жалғыз қалып, айналамызда ешкім болмай, күнәмізді қалатын болсақ, онда біздің ең жақсы деген істеріміздің өзі Аллаға ұнауға қабылетті емес.

Инжіл бізге былай дейді, біз басында Аллаға сенім артуымыз керек, сосын Ол бізді қайта жаңғыртады, сол кезде барып біз Оның күшімен шын мәнінде жақсы істер жасай аламыз. Сол кезде ат, арбаның алдына шығады.

«Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл — өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый» (Ефестіктерге 2:8)

«Сонда сіздер жақсы істерге сенбейсіздер ғой!», деді менің досым.

«Өтініш, мені қате түсініп қал ма», дедім де, сөзімді жалғастырып, «біз сенеміз! Егер кімде-кім әл-Мәсіхте жаңа адаммын деп сенсе, алайда жақсы істер жасамаса, онда ол өтірікші. Иса айтқан, жақсы ағаш жақсы, жеміс әкеледі, ал жаман ағаш, жаман жеміс әкеледі. Кімнің жүрегінде күнәлі қалауы артып, одан сайын көбейе беретін болса, онда оның жүрегі өлі, ол өзінің күнәларын қанша рет мойындасада, бәрібір».

### **Ібіліс періште болды ма немесе жын болды ма? (Сүре 18:50)**

Ібілістің тұлғасы – бізге жұмбақ. Сүре 2:34-ші аят Ібілісті періштеге теңейді. Ол Адам атаға періштелер мен бірге табынбағаны үшін айыпталған болатын. Енді біз оның жын екенін оқи аламыз.

«Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде қылыңдар» деген едік. Ібілістен басқа бүкіл періштелер сәжде қылған еді. Жыннан болған ол, Раббының әмірінен бас тартты.»

Алла періштелерге табыныңдар деп бұйырды. Егер Алла жындардың да табынғандарын қаласа, онда неге оларды сол қатарға қосқан жоқ? Егер періштелер мен жындар бірдей болатын болса, онда неге олардың есімдері әртүрлі? Олардың арасында басқа да айырмашылықтар бар. Бір мұсылман кісі былай деп жазған екен: «Періштелер нұрдан жаратылған, ал сол кезде жындар оттан жаратылған болатын, барлық періштелер күнә жасай алмайтын сенушілер болып табылады, сөйтіп олар басқаларды жақсы істер жасауға итермелейді. Жындардың арасында мұсылмандар да бар, сенбеушілер де бар, сонымен қатар жақсылықты жақсы көретіндер де және зұлымдықты жақсы көретіндер де бар. Періштелердің өз қалаулары жоқ, ал жындардың олардан айырмашылығы, жындар адамдардағы сияқты, өз қалаулары бар».

Егер шынын айтсам, қандай да бір аспан жаратылысы Адам атаның алдында табынады дегенді мойындау маған өте қиынға соғады. Ол да қарапайым топырақтан жаратылған адам болды, көп ұзамай күнә жасады, жердің адамы болды. Мүмкін, Адам ата періштелерді құрметтегендіктен, оларға табынған болар ма еді. Алайда Алладан басқа, ешкім табынуға лайықты емес. Барлық жаратылыс Оның алдына келіп, бір дауыспен айқайлап, Оны былай мадақтайтын болады: *«Уа, Құдай Иеміз, Сен даңқ пен ұлылыққа, құрмет пен билікке лайықсың! Өйткені бүкіл әлемді жаратқан Өзіңсің; Сенің еркіңмен ол жаратылды және бола да береді»* (Аян кітабы 4:11)

**Зұлқарнайын (Зуль Карнейн) екі мүйіздінің иесі (Сүре 18:83-99)**

Біз тағы да бір жұмбақ тұлғаға келіп тірелдік. Көптеген мұсылмандардың пайымдауынша, Зуль Карнейн – ол Ұлы Александр, гректің қолбасшысы, Азия аймағының басым көпшілігін жаулап алған тұлға деп санайды. Алайда 18-ші Сүреде осы жұмбақ тұлғаны, Алланың қызметшісі деп жазады. Қалайша ол Александр болуы мүмкін? Тарихқа сүйенсек, ол гомосексуализм мен пұтқа табынушылықты іс-жүзінде қолданған адам екен. Ал басқа біреулердің пайымдауынша, осы аят Ұлы Кир патша туралы айтады деп санайды, ол парсылардың басшысы болып, Ыбырайымның балаларына мейірім көрсеткен. Алайда ол зороастризмды ұстанған, соған қарамастан, бірқұдайға сенетін еврейлермен достық қарым-қатнаста тұрған. Бірақ Александр немесе Кир болсын, көптеген адамдар оларды мұсылман болған деп санайды, сонда қалайша көпқұдайға сенетіндер (*мушрик*) бір уақытта мұсылман бола алады.

### **Күн қай жақтан батады? (Сүре 18:86)**

«Сіздер білесіздер ме, Жак Кусто исламды қабылдап, мұсылман болған ба? Ол мұхитпен сапар шегіп жүргенде Құранның шындық екеніне көзі жеткен». Менің досым, белгілі теңіз ғалымының оқиғасы жайлы айтып, қуанышымен бөлісті. Мен оны қызығып, тыңдап отырдым.

Менің көптеген достарым, Құранда ғылыми айғақтар бар екенін айтады, Мұхаммед оларды тек Құдайдан алған аяны арқылы білген. Егер Құранда ғажаппен ғылыми айғақтар ашылған болса, онда бұлар исламға өзінің көптеген пайдалы әсерін тигізетіні рас. Мен Кустоның тарихын зерттеп шықтым, сонда мен оның қазіргі кездегі Франциядағы

кеңсесінен ресми түрде жіберілген мына хатын тауып алдым.

Париж, 2 қараша, 1991 жыл.

Құрметті,

Біз сіздің хатыңызды алдық, біздің істерімізге қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Құрметпен сізге мынаны жеткізе аламыз, Кусто мырза мұсылман болмаған, бұл қауесеттің ешбір негізі жоқ.

Құрметпен, сіздің Дидте СЕРСО,

Жоба жетекшісі.

Мен білмеймін, Кусто бұрын-соңды Құранды оқыды ма, жоқ па. Бір білетінім, ол мұхит жайлы көп білген. Ол қайтыс болған соң, туыстары оны Франциядағы мәсіхшілердің бейітіне қойған. Оның мұсылман болды дегеніне ешқандай дәлелдеме жоқ.

Соған қарамастан, былай сұрау әділетті болар, Құран ғылыми айғақтарды өз ғажабымен ашып береді ме?

Мен институтта табиғат тануды оқығанмын, сонда мен микробиология саласындағы бірінші дәрежелі деген атақты да алдым. Менің оқыған сабақтарым, мені бақылау әдісі мен тестілеуді жақсы үйретті. Одан бөлек Інжіл мені «бәрін сынауды» үйретті. (Салоникалықтарға 1-ші хат 5:21) Адам интеллекті қаншалықты жетістікке жетсе, ғылымда соншалықты жетістікке жете алады. Адам санасы кемелді емес, алайда Пастер және Рентген секілді ғалымдар ұлы

ашықтықтарға қол жеткізді, олар адам денсаулығы мен өміріне жақсы әсер ететін нәрселерді ойлап тапты. Қазір 21-ші ғасырда біз жер мен теңізді, күн мен жұлдыздарды, сонау мыңдаған жылдар бұрын білмеген адамдардан көбірек білеміз.

Адам туылғаннан қызығушылыққа бейім болады.

Адамдардың алдарынан қанша кедергі шығып жатса да, соған қарамастан зерттеулер мен ашықтықтарды жасап жатыр. Полинезейліктер кішкентай болса да, Тынық мұхитты картасыз немесе компассыз да зерттеп шықты. Соның салдарынан олар Гавайя аралдарын тауып алды, сол жерге өздерінің жаңа патшалығын орнатты. Арабтар табиғи тәртіптер жайлы, табиғи ойланулары қажет. Мысалы, олар күнге қарап тұрып, өздеріне сұрақ қояды: «Мынау не, сонда ол әрбір түнде қайда батып кетеді?»

Сүре 18:86-шы аятта былай деген, Зуль Карнейн «күн батқан жерге келген кезде, күн бұлыңғыр бұлаққа қарай батып бара жатқанын байқады. Соның жанынан халықты тауып алды». Сунан Абу Давуд 3991-шіде былай деп жазған:

Абу Дарр былай деді: «Мен күн батқан кезде, есекпен кетіп бара жатқан Алланың Елшісімен отырдым. Ол меннен: Күн қайда батып бара жатқанын білесің бе?, деп сұрады. Мен оған: Алла және Оның Елшісі жақсы біледі, дедім. Ол: Бұл жылы судың бұлағында болды, деді».

Мүмкін, 86-шы аят аллегория шығар. Бастапқы ойын түсіну қиын. Алайда, біздің 21-ші ғасырда білетініміз, күн суда батпайды. Бұның ғылыми негізі жоқ. Тауратта,

Пайғамбарлар жазбасында, Інжілде және Құранда көптеген қызық тарихи оқиғаларды оқи аламыз, әрі Алла жайлы иллюстрациялар өте көп, алайда олар техникалық ғылыми ақпарат бере алмайды.

Мен не айтқым келіп тұр? Қараңыздаршы, егер Құранда былай жазылған болса: «Зуль Карнейн аспанға қараған кезде, түсінгені, Күн – бұл ядролық энергияға толы үлкен жарылғалы тұрған шар, көлемі бойынша Жерден анақұрлым үлкен, әрі одан 330 000 есе алысырақ орналасқан, Меккеден Мединаға дейінгі арақашықтықты салыстырғанда». 6-шы ғасырда Мұхаммедке Күн мен Жердің арақашықтығын білу өте қиынға соғар еді, немесе күннің ядролық энергияға толы жанып тұрған аса үлкен шар екенін білмес еді. Таураттың, Пайғамбарлар жазбасының, Інжілдің және Құранның тілі ондай емес. Олар бізге ұшақты қалай жасау керектігін немесе қатерлі ісік ауруын қалай емдеу керектігін айтпайды. Олар Ай Жерді қалай айналатынын, ал Жер Күннің айналасынан қалай айналатынын түсіндіріп бермейді. Құран көптеген табиғат жайлы байқаған қызықтарды айтады, алайда, егер кімде-кім Алладан келгенін дәлелдегісі келсе, ол адам оның орнына басқа әдіс ойлап тапсын, жасалған ғажаптардан ғылыми айғақтар іздестірудің қажеті жоқ.

## **19-шы тарау.**

### **19-шы Сүре: Мәриям**

#### **Жақия пайғамбар (Сүре 19:1-15)**

Көптеген оқиғаларға қарасаңыздар, Алла адамдарға бала сыйлағанды жақсы көреді, әсіресе балалары бола алмайды

деп ойлаған ата-аналарға сыйлайды. Ол Ыбырайым мен Сарраға нәресте Ысқақты сыйлады, олар сол кезде жастары егде тартып қалған шағы еді. Ол Мәриямға нәресте Исаны тәни әкенің көмегінсіз сыйлады. Зәкәрия мен Әлишеваға да Алла ерекше сыйлық жасады, олар кәрі жасқа келгенде, оларға Жақияны сыйлады.

Зәкәрия еврейлердің діни қызметкері болған, ол Яһудияны Ирод патша басқарып тұрған кезінде өмір сүрген. Оның әйелі Әлишева, мыңдаған жыл бұрын өмір сүрген Ааронның отбасынан шыққан қыз. Біркүні Құдыс қаласындағы Ғибадатханада табынып жатқан кезде, Зәкәрия періштемен кездесті. Жаратқан Ие оған ұл беремін деп уәде етті, алайда Зәкәрия оған үстіртін қарады. Сонда Өзінің сөзін дәлелдеу үшін әрі Зәкәрияны тәбиелеу мақсатында, бірнеше ай қалғанда Жаратқан Ие оның тілін алып қойды, сондықтан ол сөйлей алмай қалды. Жақия туылған кезде, ата-анасы оны сүндетке отырғызу үшін Ғибадатхана алып барды. Отбасы болып есімін кім қоямыз деп талқылап жатқанда, Зәкәрия оның есімі Жақия деп жазды, сол мезетте Зәкәрияның тілі шығып, сөйлеп кетті.

Жақия өте ерекше мақсат үшін тандалып алынды. Ол ешнәрсе жемей, әрі спирттік ішімдікте ішпеген, ол шөлдала тұрып, үстіне түйенің жүнінен тоқылған өрескел киім киді. Жас кезінде ол Иордан өзенінде адамдарды шомылдыру рәсімінен өткізіп жүрді, ол жаңа рухани өмірдің белгісі еді. Оған көптеген халық еріп жүрді, сонда яһудилердің діни көсемдері оған қызғанышпен қарай бастады.

Жақия алдын ала хабар жеткізуші болды. «Жар салған дауыс шығады айдалада: Жаратқан Иеге жолды

дайындаңдар, Түзу қылып даңғыл жолды салыңдар!» (Лұқа 3:4) Сұлтанның алдынан шығып жар салушы секілді, Жақия әл-Мәсіхке жол дайындап, Оның алдынан шықты.

Бірде күннің жайма шуақ сәтінде, Иордан өзеніне көптеген халық жиналды, олар Жақияның сөзін тыңдауді аңсап, әрі суға батырылып шомылдыру рәсімінен өтуге барды. Жақия үшін сол күні әдеттегідей күн болатын, сол кезде тобырдың ішінен қайталанбас бір тұлға шыға келді. Жақия мүмкін, алдында тұрған жас, сақала бар адамды көріп абыржып қалған да шығар. «Мен Оның аяқ киімінің бауында байлауға ылайықты емеспін», деді ойланып тұрып.

Ол Исаға қарап тұрып, былай деді: «Сен мені суға батырып шомылдыру рәсімінен өткізу керексің». Сонда Иса кішіпейілділікпен: «Қазір солай бола берсін, Біз Алланың талаптарын толықтай орындауымыз керек», деп жауап берді.

Жақия мойынсұнып, Исаны өзенге түсіріп, Оны салқын суда шомылдыру рәсімінен өткізді. Сол кезде аяқ астынан Аспан ашылып, Исаның иығына көгершін келіп қонды. Сонда барлық адам Алланың мынадай дауысын естіді: «Бұл Менің сүйікті Ұлым, Мен Оны жақсы көремін, Мен Оған қуаныштымын» (Матай 3 тарау)

Бұл жерде не болды? Екі маңызды нәрсе болды. Растау мен мадақтау. Ыбырайымның халқы өзінің әл-Мәсігын мыңдаған жылдар бойы күткен еді. Олар жиналған тобырдың ішінен Оны тану керек болды. Ол Ғалелиядағы кез келген ұсталар секілді көрінді. Жақия Исаның әл-Мәсіх екенін толықтай растады. Жақия жариялап, былай деді: «Иса – бұл Сенсің».

Осы сәтте менің мұсылман достарым кейде мені бірден тоқтады. «Жоқ, олай емес. Неге біз тағы да «ұл» деген сөзді естідік? Інжілде сол сөз жиі қайталаынады. Қалайша мәсіхшілер үш құдайға табынатындарын өздері көрмейді?», деп сұрады.

Жаңаша жолмен қарастырып көрейік. Ежелгі ойшыл Августин былай деп жазған: «Киелі Рух, Киелі Жазбаға сай, Ол бір Әке емес, бір Ұл емес, Ол екеуі де; міне осылайша Ол бір-бірімізге деген сүйіспеншілігін көрсетеді, Әке мен Ұл да бір-бірін солай сүйеді».

Міне, ұлдың мәні ондай емес. Яғни, бұның мағынасы, Аллада физикалық тәні бар дегенді немесе Ол Мәриямды өзіне әйелдікке алды дегенді білдірмейді. Сонымен қатар, Иса – Алламен байланысы бар, екінші құдай дегенді де білдірмейді. Әрі Исаның болмысы бұрыннан болды дегенді де білдірмейді. Бірақ бұның мағынасы, Алла Өз болмысымен Иса әл-Мәсіх болған адамға Өз кейпін киіндірді дегенді білдіреді. Ол біздің арамызда жүрген мақсаты, айғыш-ағаштағы Өзінің құрбандығы арқылы кешірім мүмкіндігі бар екенін көрсетеді.

Осыған дейін біз Тауратта Алланы мейірімді (Рахман) және қайырымды (жанашыр) (Рахим) деп атағанын көре аламыз. Тарихқа қарайтын болсақ, Мұхаммед туылғанға дейін көп жылдар бұрын, ежелгі сириялық мәсіхшілер Исаны «Әл-Рахман» деп атаған. Бұл Алланың аянына сай келеді. Мейірім мен жанашарлық – бұл жәй ғана сезім немесе қарым-қатнас емес. Мейірім көрсету, Алла соны жасады, яғни жер бетіне келіп, біздің күнәларымыз үшін Өзін

кемелді, киелі құрбандыққа берді. Оның мейірімі мен жанашырлығы – бұл құдайлық сүйіспеншілігінің жемісі.

### **Исаның өлімі (Сүре 19:33)**

«Бір минут тұра тұрыңыз», дедім мен көршіме, - «сіздер маған Сүре 4:156-шы аятты көрсетіп, Иса өлген жоқ деп дәлел айтқыңыз келеді ғой. Бұл жерде Иса өлген жоқ деп айтылды деп, мен ойламаймын, меніңше бұл жерде еврейлер Оны өлтірген жоқ деп айтады. Құранда, жалпы Иса өлген жоқ деп жазылған аят бар ма?»

Мен біраз күттім, алайда менің досым жауап бере алған жоқ. Құранда бірде-бір сондай аят жоқ.

Біз көптеген аяттарда Исаның өлген жайлы айтылған сөздерді табуды жалғастырып жатырмыз. Мысалы үшін, 33-34-ші аяттарда былай дейді:

«Маған туылған күнімде, өлер күнімде және тірілтіліп, тұрғызылатын күнім де амандық болады» Міне осы: Олар шүбәланған Мәриям ұлы Ғиса жайындағы Алланың хақ сөзі»

Не?! Ол өледі деп айтқаны аздай, бұл Сүре 3:55-ші аятқа сайма сай келеді, әрі оқиғалардың бәрі рет-ретімен сәйкес. Иса өмір сүрді, өлді, сосын өлімнен қайта тірілді. Бұл кез келген Інжілді білетін адамдарды таң қалдырмай ма?

### **20-шы тарау.**

### **20-шы Сүре: Та Ха**

**Мұса және жанып тұрған бұта (Сүре 20)**

Сүре 20 бізді көптеген қызықты ойларға итермелейді. Мен олардың кейбіреулеріне тоқталып кетейін.

Біріншіден, мен Мұса Алланың даусын өзі естігенін байқадым. Оқиға былай болды. (Мысырдан шығу 3 тарау). Алыс жерден Мұса тауда оттың жанып тұрғанын көрді. Ол оған қызық болып көрінді, сондықтан жақынырақ көтерілді. Біртүрлі болып жанып жатқан бұта жақтан Алланың өзі дауыстап, «аяқ киіміңді шеш, өйткені сенің тұрған жерің – киелі» деп дауыстап айтты. Сонда Алла Мұсаға Мысырға қайтып оралуын бұйырды да, ағасы Харунмен қосылып, перғауынға Ыбырайымның балаларын тұтқыннан босатуды бұйырды. Мұса Мысырға оралды, ал Перғауын Аллаға бағынған жоқ, Мысырлықтар қанша рет өлім жазасына кесілді, ақыры соңында құлдарын азат етті, содан кейін Алла мысырлық әскерін түгелімен Қызыл теңізге батырып жіберді. Мысырлықтардан Қызыл теңіз арқылы қашып құтылған соң, кейбір яһудилер алтын бұзау жасап, оған табына бастады, ал сол кезде Мұса тауда Он өсиетті қабылдады. Мұса қайтып келген кезде, Алланың қаһары пұтқа табынушыларға түсті, бірақ Мұсаның кейбір сенімді адамдары құтқарылып, аман қалды. 11-12-ші аяттарда: «Ол отқа барған сәтте: «Әй Мұса!» деп шақырылды. «Рас Мен Раббыңмын. Кебісіңді шеш. Өйткені, сен қасиетті Туа ойпатындасың», деп айтылған.

Назар аударыңыздар, Алла Мұсаға періште арқылы сөйлеген жоқ.

Бұл оқиға – Жаратушы Иенің сүйіспеншілігінің Ұлы тарихы. Ол Едем бағында Адам ата мен Хауа анадан бастау алып, одан кейін Ыбырайымға, Мұсаға, Шемуелге және

Дәуіт патшаға дейін жалғасады. Інжілде осы оқиға бізді Иса әл-Мәсіхпен бірге ең қасиетті жерге табанымызды тірейді. Бұл сүйіспеншіліктің хикаясы, әрқашан Құдайдың бізбен қарым-қатынасын білдіреді. Алланың Сөзі (немесе Дауысы) жәй Онымен ғана емес, Ол Кәлиматулла, яғни Алланың болмысы.

Неліктен тікелей қарым-қатнас соншалықты маңызды? Бірде баяғыда біреу, қарым-қатынас – бұл кез келген адамға өмір беретін ылғал екенін айтқан екен. Сүйіспеншілікке толы күйеулер мен әйелдер уақытты бірге өткізеді, әңгімелеседі, бірін-бірі тыңдайды, жүректерінде не бар, сонымен бөліседі, маңызды тек физикалық жақындасу ғана емес қой. Сүйіспеншілік ата-анаға өз балаларымен бірге отырып ашық әңгімелесуге итермелейді, ал мейірімді достармен бір-бірімен сөйлесіп, олар өз өмірлері жайлы бір-бірімен бөлісе алады.

Алланың өз халқымен тікелей сөйлесуі мүмкін емес пе?

Неге болмайды? Ол әкенің балаларымен қалай сөйлесетініндей, Адам атамен және Хауа анамен де дәл солай сөйлесті. Достар бір-бірімен қалай сөйлессе, Ол Мұсамен де дәл солай сөйлесті.

Иса Алланың Сөзі болып жерге келген кезде шәкірттеріне, олардың енді оның құлы емес, достары екенін айтты. Достары үшін өз еркімен жанын беруден асқан сүйіспеншілік жоқ деді. (Жохан 15:13). Алланың Ұлы Сүйіспеншілік жайлы хикаясында дүниедегі ең алғашқы кемеліне жеткен достықтың, Едем бағында тіл алмаушылықтың салдарынан жойылғанын, бірақ Алланың

бірте-бірте сүйіспеншілік көпірін қалпына келтіргенін көрсетеді. Иса бәрінің іргетасына айналды.

Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, ер азамат мұхиттың арғы жағында тұратын әйелге ғашық болды делік. Бастапқыда ол оған қолжазба хаттарын жіберіп отырады. Сосын онымен телефонмен сөйлесе бастайды. Ақыры соңында ол ұшаққа отырады да, оған қарай ұшады. Ақырында олар бетпе-бет кездескен кезде, олардың қуаныштары толықтай кемелді болады.

Осы себептің салдарынан кейбір мұсылман қоғамдарында адамдар Аллаға басқаша көзқараспен қарап, өздерін Алланың сүйіктісі (هلاله شاق) деп атай бастады. «Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты...» (Жоханның 1-ші хаты 4:18). Әл-Мәсіх арқылы Алламен кездесетін болсақ, адамдар Адам атаның күнә жасамас бұрын көрген жеріндей ұят дегенді білмейтін жерге қайта оралады. Ұятсыз, кінәсіз, ешқандай да жазадан қорықпай, біз Алланың сүйіспеншілігіне бөленіп, аспандағы таулардан үздіксіз ағып жатқан құдіретті сарқырамадай, сүйіспеншілікпен қарым-қатынас жасай аламыз.

### **Адам атаның ұяты (Сүре 20:115-123)**

Алланың алдында ақыл-санасы да, тәні де жалаңаш болған Адам ата, ұятты жерін жасыруға тырысты. Ол және Хауа ана екеуі де інжір жапырақтарын жамылып алды. Әркім өзінің ұятты жерімен бөліседі. Адамдардың көпшілігі осы күнге дейін денелерін киіммен және орамалмен, не көйлекпен, не шалбарымен, ал кейде шөппен және

өсімдіктермен жауып алады. Көпшіліктің алдында жалаңаш жүру – бұл Аллаға деген немқұрайлылықтың белгісі.

Тауратта, біз Алланың жапырақтың жамылғысын қабылдамағанын оқи аламыз. Оның орнына Ол Адам ата мен Хауа анаға жаңа жамылғы берді. Алланың Өзі құрбандыққа мал шалып, Адам ата мен Хауа ананың үстін малдың терісімен жауып қойды. Алла бізді жақсы істеріміздің жеткіліксіз және кемелсіз екенін үйретеді. Біздің ішкі жан-дүниеміздегі ұятымыз үшін жалғыз жабуға болатын нәрсе – Оның бізге жасаған құрбандығы. Міне, сол себепті әл-Мәсіх Өзіне қызмет еткізу үшін емес, қайта Өзі бізге қызмет ету үшін келді және Өз өмірін біз үшін төлем ретінде берді.

## **21-ші тарау**

### **21-ші Сүре: Әл-Әнбийя (Пайғамбарлар)**

#### **Мұхаммедтің есімдері (Сүре 21:107)**

Бұл сүренің хабары өте қарапайым. Көпқұдайшылықтан бас тартып, жалғыз Аллаға сенім артып, Мұхаммедті қабылдаңыздар.

107-ші аят бізді қызық сұраққа алып келеді. Мұхаммедтің есімдері мен Әдемі есімдердің арасында қандай байланыс бар? Мысалы үшін, біз бұл аяттан Мұхаммед – бұл Алладан келген мейірімі деп оқимыз.

«Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік». Сүре 1:1-ші аятта, Алланың әл-Рахман екенін оқимыз. Тағы бір мысал, Сүре 22:64-ші аят және Сүре 61:6-шы аяттар. Сүре 22:64-ші аятта Алланы «Хамид» деп атайды. Ал Сүре 22:64-

ші аятында «Ахмад» сөзінің Мұхаммедке қатысты екенін көре аламыз.

«Далайл-ул-Хайрат: ізгі істерге жолбасшы» деп аталатын кітабында Алланың 99 есімі (*Асма әл-Хусна*) және Пайғамбардың (*Асма Ән Нәби*) 201 есімдері келтірілген. Көптеген есімдерінің түбірі бір, тек Алланың есімдерінде ғана «Әл» деген анықтауыш бар.

Өзінен бұрынғы барлық адамдар сияқты, Мұхаммед де Адам ата мен Хауа анадан тараған, жердегі әкеден тараған. Мұхаммед те басқа адамдар сияқты өліп, жерге қайта оралғаны, бәрімізге мәлім. Тарихта талай ұлы көсемдердің өткенін білсек те, біз оларды дәріптей бермейміз. Мысалы үшін, Мұса Алланы жанып тұрған бұтада кездестіріп, Он өсиетті алғанымен, оның тамырында Адам атаның қаны барлардың барлығына ортақ адамдық тегі болды. Баяғыда біреу былай деген екен, Адам атаның қаны ең ұлы патшаны ұяттан басын идіріп, ең бейшара қаңғыбасты құрметке басын көтеруге көмектеседі.

Сүре 3:144-ші аятта: «Мұхаммед бір елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, сендер сонда өкшелеріңе айналасыңдар ма?» Бәлкім, бұл пайғамбарларды тым жоғары көтеріп жібермеу үшін, адамдарға айтылған ескерту шығар?

## 22-ші тарау

### 22-ші Сүре: Әл-Хадж (Қажылық)

**Надандықтан туындаған даулар (Сүре 22:8)**

Көбінесе менің достарым Алла, Иса, Інжіл және Құран туралы өз пікірлерін еркін айта алады. Олар кейбір біраз ойларды өздеріне түйіп, анадан-мынадан жинап алған, бірақ Таураттың, Пайғамбарлар жазбаларын, Інжіл мен Құранның әрбір аятын жеке өздері оқымаған. Құран надандықпен дауласудан сақтануға шақырады. 8-ші аятта: «Адамдардың кейі; білімсіз, жолбасшысыз және сәуле беруші кітабы да жоқ. Алла жайында таласады», делінген. Мен бұл кітапты надандықтың салдарынан қажылық сапарға шеккен адам ретінде жазып отырмын.

### **Тозақ (Сүре 22:19-22)**

Құран тозақтың дәйекті реттілігін және жарқын бейнесін ұсынады.

«Осы Раббылары жайында таласқан екі әріптес: қарсы болғандарға, оттан киім пішілген, төбелерінің үстінен қайнап тұрған су құйылады. Онымен олардың ішіндегілері және терілері ерітіледі. Олар үшін темірден күрзілер болады. Қашан олар, тозақтың бейнетінен шығуды қаласа, оған қайта итеріледі де: «Жандырушы азаптың дәмін татыңдар!», (делінеді)».

Мен одан артық болатын қорқынышты ешқашан елестете алмаймын. Басыңның үстінінен отта қайнаған су ағып жатқанда, жаныңа бататын ауырсыну бүкіл денені тесіп өтері анық. Денесін жұлып алатындай азап пен сөз жетпес қиналыстан құтылу үшін күш жинай алатын адам, темір сойылмен соққыға ұшырайды. Бұл ешқашан аяқталмайтын нәрсе. Шексіз азап шегу. Мәңгілік ауырсыну.

Қазіргі замануи адамдар бұл сенімнен қашатыны рас. Көпшілік үшін бұл ата-анасына бағынбаған кез келген баланы жұтып қоюға ынталы, сыртта күтіп тұрған үлкен тісті құбыжықтар туралы ұйқы алдындағы әңгімеге ұқсас. «Қараңғы түскенде төсектен тұрма», дейді олар, «әйтпесе ұйқылы көздеріңді жыпылықтатпай тұрып, көзі сарғайған, тісінен қан тамшылаған жауыз құбыжық төбеңе соғылады. Ең сорақысы, егер сен тісіңді тазалауды ұмытып қалсаң, түн ортасында күрт төсегіңнің астынан сырғып шығып, аяғыңды тістеп алады. Сонда тіссіз, аяқсыз оянасың» деп айтқан секілді.

Ричард Доукинс балаға тозақ туралы айту – бұл қиянат деп санайды.

«Құдайға шүкір, мен ешқашан тозаққа сенудің қандай болатынын ешқашан өз басымнан өткізген де емеспін, шын мәнінде шын жүректен және оған терең сену дегенді де білмеймін. Бірақ менің ойымша, мұндай терең тамырлы сенім балаға жеңіл физикалық зорлық-зомбылықтан туындаған уақытша жарақаттан гөрі, ұзаққа созылатын психикалық зақым келтіруі мүмкін деп айту орынды деп ойлаймын».

Басқа жағынан қарайтын болсақ, бір бай әрі білімді мұсылман кісі маған, адамдарға тозақ туралы әңгімелерді айту керектігін айтты. Ол шын мәнінде Аллаға сенбейді, бірақ адамдарды бір қатарда ұстау үшін, қоғамға тозақтан қорқу керек екенін айтты. Ол тозақтан қорқу қылмыскерлерді тоқтатады және адамдарды заңдарға бағынуға мәжбүр етеді деп санайды. Ол үшін тозақ деген -

сол сары көзді құбыжық сияқты, балалардың қорқыныштан тістерін тазартып жуу үшін, ұйықтар алдындағы әңгіме сияқты деп ойлайды.

Құранда «тозақ» деген сөзді 77 рет, «от» деген сөз 172 рет, ал «жану» деген сөз 41 рет қолданылған. Сонымен қатар, көптеген аяттар «тозақ» сөзін қолданбай-ақ, соттау мен азапталу деген сөздерді де айтады. Ал «Жұмақ» деген сөз әртүрлі түрде 102 рет қана кездеседі. Құран оқырмандардың ой-санасына жақсы мұсылман мәңгілік рахат-ләззат өмір сүреді, ал мұсылман еместер мәңгілік азап шегеді деген ойды сіңірдіруге тырысады.

Тозақ деген ұғым, жалпы Құранда пайда болмаған. Көптеген бұрынғы пайғамбарлар мен Иса әл-Мәсіх күнәкарлардың Алладан бөлініп кетіп, қараңғы жерде өлетінін ескерткен. Мысырда перғауын мен оның халқына түскен аса үлкен індет, Алланы әдейі, біліп тұрып қабылдамау салдарынан болғанын көрсетті.

Қараңғылық түнектегі мекенін білдіретін еврей сөзі «*Шеол*», ал Інжілде Гадес (Аид) деген сөзді қолданылады. Басқа бір жерлерде біз Құдыстың ежелгі адамдары қала шетіндегі Жаһаннамның терең шатқалына қоқыс, тіпті мәйіттерді қалай тастағанын оқимыз. Исаның Жаһаннамды суреттегенін естіген кез келген адамдар, жағымсыз түтін мен жағымсыз сасық иісті бірден көз алдарына елестете алады.

Құранмен салыстырғанда, Інжіл тозақ туралы мәліметті азрак береді. Онда: «Бұдан кейін ажал мен о дүние тозақ отына лақтырылды. Тозақ оты «екінші өлім» деп те аталады. Кімнің есімі «Мәңгілік өмір кітабында»

жазылмаған болса, сол да тозақ отына лақтырылды» (Аян кітабы 20:14-15) Иса өзі үшін өмір сүрген адамдар «мәңгілік жаза тартуға» барады дейді. (Матай 25:46)

Тозақ деген идея менің ең жақсы достарымның бірін қатты алаңдатты. Ол Аллаға сенді әрі Иса әл-Мәсіхты жақсы көрді. Алланың сүйіспеншілігі жайлы және тозақ мәселесі туралы біз көп әңгімелестік. Көптеген адамдар оның қойған сұрақтары сияқты сұрақ қояды. Расында да, Алла адамдарды өте жақсы көреді, алайда сол адамдарды мәңгілік азап шегуге қалайша үкім етеді екен?

Міне, қараңыздар, басқалар тозақта азап шегіп жатқан кезде, Аспандағы жұмақта өмір сүруді көз алдына елестете алмайтын адамның жазған тағы бір мысалы.

«Құдайым, маған орын ауыстыруға рұқсат етші, өйткені, егер Сен мені бақытты болады деп күтетін болсаң, сонымен қатар бұлт үстінде аспанда қалықтап ұшып, күні бойы мейірім шапағатыңа кенеліп, әрі рақымдылығың мен сүйіспеншілігіңді жырлаймын десең, сөйте тұра, менің достарымның кейбіреулері және басқа да адамдар тозақта азап шегіп жатса ... онда Сенікі дұрыс емес. Сен мүлдем қателесесің. Шын мәнінде, Сенің бұл жұмағың қазір ғана мен үшін тозаққа айналды!»

Мұсылмандар арасында да тозақ туралы сұрақтар көп туындайды. Ол мәңгілік пе? Біраз уақыттан кейін, тозақтан шығудың жолы бар ма? Мұсылмандардың барлығы тозақтан өтуі керек пе? Кейбір мұсылмандар кішігірім күнәлары үшін тозаққа түсіп, сосын азапталып болғаннан кейін, сол жерден шыға алады ма? Мәсіхшілер, яһудилер

және тіпті пұтқа табынушылар ақыр соңында тозақтан шыға алады ма? Тозақ бір кездері бос болатын уақыты бола ма? Ахмадия сектасындағылар мен басқа да кейбір сенушілер әрбір адамның жаны азат етіліп болғаннан соң, тозақ бір күні толығымен бос болуы мүмкін деп санайды.

Езекиел пайғамбар былай деп жазған: «Өйткені Мен ешкімнің де өлімін қаламаймын. Сондықтан өкініп, теріс жолдарыңнан қайтып, өмір сүре беріңдер! Мен, Жаратушы Тәңір Ие, осыларды нық айтамын!» (Езекиел пайғамбар 18:32). Иса Құдысқа жақындаған кезде, қалаға қарап тұрып, көзіне жас алды. Оның жүрегі күнәкар адамдарды көріп, қатты жаны ашыды! (Лұқа 19:41-44). Алла әл-Мәсіхті жерге жіберді, себебі Ол адамзат баласын қатты жақсы көрді, сондықтан біздің жойылып кетуімізді қалаған жоқ.

Алла жұмақ пен тозақтың шынайы, бар жер екенін бәріне ашып берді. Менің түсінгенім әрі білетінім, Інжіл ақыр заманда әр адамды Алла соттайды дейді. Кейбіреулер Алланың болатын жерінде қалу үшін, мәңгілік өмірге өтеді. Ал басқалары мәңгілік тозаққа барады.

Тозақ шын мәнінде бар болса, бұл Алланың адамдарды шын сүймейді деген сөз емес пе? Егер Алла адамдарды шын сүйетін болса, бұл тозақ жоқ дегенді білдіре ме? Алла күнәкарларды тозақта жазалайтын болса, онда Ол адамдарды қалай жақсы көре алады? Бұл екі нәрсе бір уақытта өмір сүре алмайтыны анық.

Иса бізге бұл сұраққа жауап бере алады. Алла бізді жақсы көргендіктен, күнәкар дертімізге шипа берді. Ол әділ болғандықтан, күнәнің тартатын жазасын айқыш-ағаштағы Иса әл-Мәсіхтің мойнына салды. Енді Исаға сенгендер

ақталып, тозақтан құтыла алады. Күнәға шипа болатын бұл тегін ұсынысты қабылдамағандар, тозақта жазаланатын болады. Алла өте мейірімді, сүйіспеншілікке толы әрі әділ. Сүйіспеншілік Оны Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы, кешірім жасауға талпындырды. Ол әділ болғандықтан Алланың құрбандық Тоқтысынан бас тартқан күнәкарларды, тиісті түрде жазалауды талап етеді. Сондай-ақ, әділдіктің басты міндеті, одан Тоқтының қанын паналағандарға, мәңгілік өмір беруді талап етеді.

### **Жаратылыстың күші (Сүре 22:73)**

Адамдардың шығармашылық әлеуеті бар деп біз еркін айта аламыз. Бірақ жоқтан бар нәрсені тек Алла ғана жарата алады. Ол ғана өмірді жасай алады. Бұл аятта былай делінген:

«Әй адам баласы! Бір мысал келтірілді. Енді соған құлақ салыңдар: Сендердің Алладан өзге табынғандарың, барлығы жиылса да әсте бір шыбын жарата алмайды...»

Пұттар мен жалған құдайлар дәрменсіз. Жалған құдайлар ештеңе жарата алмайды. Бұл аят бірден Сүре 5:110-шы аятты еске түсіреді, онда:

«Және сол уақытта Менің бұйыруыммен балшықтан құстың бейнесі құсаған жасап, оның ішіне үрлегенінде бұйыруыммен құс болатын еді»

Жалған құдайлар ешнәрсені, тіпті шыбынды да жарата алмаса, бұл Сүреде Иса әл-Мәсіхтың Алламен тығыз қарым-қатынаста болғаны соншалық, Алла Ол арқылы жаңа құс жарату үшін, жәй үрлесе жеткілікті екені айтылады.

## 23-ші тарау

### 23-ші Сүре: Әл-Муминун (Сенушілер)

#### **Адамдардың жаратылуы (Сүре 23:12-14)**

Исаның құсты жаратқан оқиғасы, бізді 23-ші Сүреге көшуге көмектеседі. Бұл Сүре адамның жаратылуының бірнеше кезеңдерден өтетінін көрсетеді: саз балшық, сперматозоид, ұйыған қан, кесек, сүйек, содан кейін тән. Тек Адам атаның жаратылысы осылай суреттеледі ме, әлде әр адамның жаратылысы осындай ма, мен білмеймін. Қалай болғанда да, медицина ғылымы бұл үзінді де адамның құрсағындағы нақты дамуын сипаттамайтынын көрсетеді. Бұл поэтикалық тілмен айтылған шығар.

Бұл Құранда адамның жаратылысы сипатталған көптеген мысалдардың бірі. Бұл аяттар бізге не айтады? Олар адамдардың өте қарапайымдылықпен жаратқанын көрсетеді. Олар Алланың құдіретті және жаратушы екенін көрсетеді.

## 24-ші тарау

### 24-ші Сүре: Әл-Нұр (Нұр)

#### **Жыныстық (сексуалды) заңдар (Сүре 24:2-33)**

Құранда жыныстық мораль туралы практикалық нұсқаулар берілген. Келіңіздер, қазір осы нұсқаулардың кейбіреулерін қарастырып шығайық.

- Неке адалдығын бұзу (зина) мен азғындыққа түскендер үшін қандай жаза қолданады? 2-ші аятта әрбір кінәлі адамды аямай 100 рет қамшылау керек дейді.

- Ақыл-есі толы әйелді сотқа тарту үшін, еркекке қанша куәгер қажет болады? Егер төрт куәгері болмаса, онда оған 80 дүре соғалады.
- Ер адам Алланың алдында, өзінің әйелі неке адалдығын бұзды деп бес рет ант ете алады. Сонымен қатар өз кезегінде әйелі де кінәсізбін деп бес рет ант ете алады.
- Жыныстық қатынаста күнә жасаған кез келген адам, нәпсі таза емес адамға үйленуге міндетті.
- «Мүмін әйелдерге де айт: «(Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өзіндігінен көрінгендері басқа (беті, қол-аяқтары). Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін керсетпесін. Бірақ ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, өз ұлдарына, өгей ұлдарына, аға-бауырларына, олардың ұлдарына, әпке-сіңлілерінің ұлдарына, Мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күңдеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін балаларға көрсетулеріне болады...» (Сүре 24:31).
- 58-ші аятта құлдар мен балалар кәмелетке толған мұсылманға таң намазына дейін, түсте аптап ыстықта және ақшам намазынан кейін жақындауға рұқсат сұраулары керек, өйткені бұл уақытта адамдар шешінетін болады.
- 61-ші аятта жақсы мұсылмандарға қай жерде тамақ ішуге болатынын нұсқайды. 31-ші аятта жазылғандай, олар туыстарымен және шынайы достарымен, мүмкін болса басқа мұсылмандармен бірге тамақ іше алады.

- 33-ші аят құлдар қожайындарынан бостандық сұрай алатынын айтады. Егер мұсылмандар құлды лайықты деп санаса, онда оны азат ете алады. Күң қыздарды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеуге болмайды, бірақ былай деп жазылған: «Кім оларды зорласа; онда Алла, ол зорланғаннан кейін аса жарылқаушы, ерекше мейірімді» делінген.

Менің достарым меннен, «Неліктен Батыстық мәсіхшілер сонша азғындыққа түсіп кеткен?», деп сұрады. Олар фильмдер мен музыканы көрсете отырып, бұған көптеген мысалдарды таба алады.

Менің мұсылман достарыма қарапайым беретін жауабым мынау: Батыс – бұл мәсіхшіліктің империясы емес. Иса жердегі патшалықты құру үшін келген жоқ. Иә, Америкада Исаның ізбасарлары көп, бірақ олар үкіметте, бұқаралық ақпарат құралдарында, спортта, музыкада, кино мен теледидарда аса көп емес. Шындық, сіз ойлаған нәрсеге мүлдем керісінше. Көптеген мәсіхшілер Голливудта жұмыс істегісі келмейді, өйткені бұл құдайсыздардың ордасы! Олар жыныстық қатынасқа толы ортада жұмыс істейтін болса, бұл басқалар сияқты, азғындыққа итермелейтінін жақсы түсінеді. Исаға деген сүйіспеншілігі мол адам ғана Голливуд сияқты жерде жұмыс істей алады, сонымен қатар ол адам жыныстық тазалық тұрғысынан адал бола алады.

Иса және Оның шәкірттері жыныстық тазалықты ғана үйретті.

«Араларыңда неке адалдығын бұзу, әр қилы азғындық пен ашкөздіктің тіпті аттары да

аталмасын. Құдайға бағышталған адамдарға  
бұлардан аулақ жүру лайық...» (Ефестіктерге 5:3-4)

Инжіл бір еркек пен бір әйелдің ғана некеге тұруын үйретеді, некеден бұрын және одан тыс кез келген жыныстық қатынасты құптамай, оларды әшкерелейді, тіпті жүректегі оймен жасалған жыныстық қиялдардан сақтандыруға шақырады. Исаның ізбасарлары түсік жасату, жезөкшелік, порнография, жыныстық зорлық-зомбылық және басқа да бірқатар жыныстық күнәларға қарсы күреседі.

Неліктен? Өйткені Алла жыныстық қатынасты өмірдің бір бөлігі ретінде, ләззат алатын ғажайып жарылқау бата ретінде жаратқан. Ерлі-зайыптылар арасындағы жақындық, Алланың өзінен табылатын кемелді сүйіспеншіліктің көрінісі болып табылады. Жыныстық қарым-қатнас сүйіспеншілікке негізделген өмірлік заңды некеден тыс жағдайларда болатын болса, ол тез нәпсі құмарлыққа айналып кетеді. Адамдарды бастапқыда Алла жаратқан кезде, Онымен және бір-бірімізбен таза пәк қарым-қатынаста болу үшін жаратқан. Осы тазалық шекарасынан шығып кететін болса, адамдар тек көлеңке мен қараңғылыққа тап болады.

Жалпы үміт бар ма? Егер терең жүректің түпкірі мен ой-санада жасалған жыныстық күнәларды қосатын болсақ, онда жер бетінде кінәлі емес адам бар ма? Діни бағышталғандықтың үлгісі деп саналған Ганди, өмірінің ұзақ жылдар бойы жас сұлу қыздармен жалаңаш ұйықтағаны бәрімізге белгілі. Ол өзінің ұстамдылығын сынау үшін, тіпті эксперимент жүргізіп көрген екен.

Сонымен бірге, ол көптеген әйелдермен жыныстық қатынасқа түсу ниетімен күресетінін өзі мойындады.

Қазіргі таңда адамның жыныстық әлсіздікті жеңу іс-әрекеттері сәтсіз аяқталып жатқаны анық. Жыныстық күнә Алланың кешіріміне және сауықтыруына мұқтаж. Тіпті Дәуіт патша да өз әскерінің қолбасшыларының бірінің әйелімен қорқынышты зинақорлық жасап, неке адалдығын бұзып, үлкен күнә жасады. Сол кездегі ең сорақысы, Дәуіт сол қолбасшыны, әйелінің Дәуіттен бала туғанын білмеу үшін, күйеуін өлтіріп тастады.

Бұрынғы тәни болмысының қара көлеңкесіне айналған Дәуіт, Алланың алдына келіп, кешірім мен сауықтыру сұрады. «Аллам, маған таза жүрек жаратып, мені таза рухқа жаңарта гөр» (Забур жыры 50 тарау). Егер Алла адамға сауықтыру бермесе, ақырында нәпсі құмарлық күнәсының елесі адамның барлық жарық-нұрын ұрлайтын болады. Алла барлық нәпсі мен құмарлықтан арылған, жараланған және өкінген жүректі іздейді, сонда адам Исаның сүйіспеншілігіне толып, Онымен жақын бола алады. Оның жақын болуы кез келген адамды сауықтырады, әрі оған мәңгілік қуаныш әкеледі.

## **25-шы тарау**

### **25-шы Сүре: Әл-Фурқан (Ерекшелік)**

**Алланы сүйеді деп айту – Құдайға тіл тигізу ме? (Сүре 25:60)**

Сенбейтін адамдар былай сұрауы мүмкін: «Әл-Рахман (Мейірімді) деген кім?». Тіпті мұсылмандар да, «Алла кім?» деп сұрауы әбден мүмкін.

Бір күні бір мәсіхші әйел өзінің мұсылман құрбысымен шай ішіп отырып, өмір туралы әңгімелесу үшін кездеседі.

Мұсылман әйел, бірнеше әскери адамдар келіп, мыңдаған адамдарды өлтіріп, тұтас қалаларды қиратып кеткен өз елінде болған оқиғаны айтып, өмірінің қаншалықты қиын болғанын әңгімелеп берді. Мәсіхші әйел шәйін ішіп, бар ықыласпен оны тыңдайды. Екеуі де соғыстың қорқынышты әрі қайғылы болатынына толықтай келісті. Құрбысын жігерлендіргісі келген мәсіхші әйел: «Білесің бе, Алла сені жақсы көреді», - деді.

«Тоқта!», деп оның құрбысы кенеттен сөзін бөледі де: «Олай айтуға болмайды, бұл Құдайға тіл тигізушілік! Сен Алла жайлы айтқанда, Оны адам ретінде айтуға құқың жоқ», деді.

«Әл-Рахман деген кім?» деген сұраққа екі әйелдің ойлары екі түрлі болғаны анық. Мәсіхші әйел, «Алла біздің көзіміз бен құлағымызды жаратқан – Ол бізді сүйетін Құдай. Ол сонда бізді көріп, естімейді ме?», деген сенімде.

Ал мұсылман әйел болса, Алланың Ұлық екеніне және Оның бақытсыз адамдардан жоғары тұрғаны соншалық, Алланы еске алу, тіпті бізді жақсы көремін деп айту күпірлік болар еді, деген сенімде.

77-шы аятта Мұхаммед сенбейтіндерге былай айт деп нұсқау берді: «Егер құлшылықтарың болмаса, Раббым, сендерді неге бағаласын?..»

«Әл-Рахман» дегеніміз, Алланың жерді суару үшін, жаңбыр жіберу сияқты адамдарға мейірімділік жасауын білдіре ме? Әлде Алла адамдарды шын мәнінде Өз қалауымен және

сезімімен жақсы көретін пенде дегенді білдіре ме? Алла былай деген: «Мен оларды ыңғайлы ноктамен, сүйіспеншіліктің арқанымен жетелеп жүрдім. Мойынтұрықтарын мойындарынан шешіп алып тастап, оларды тамақтандыру үшін еңкейетін де едім» (Ошия пайғамбардың кітабы 11:4)

## 26-шы тарау

### 26-шы Сүре: Әл-Шуара (Ақындар)

#### **Айқын мағына (Сүре 26:2)**

Мен Құранды оқи бастаған себебім, мен әрбір адам Алланың берген ақыл-санасын толықтай пайдалануы керек деп есептеймін. Мен Құдайдың аян-мақсаттары мен адамдық ақыл-сананың қажеттілігіне сенемін. Кейбір менің мұсылман достарым, Құранның үндері «таза ауаның тынысындай» дегенін естігенмін. Имамдардың Құранды мәнерлеп әндетіп айтып жатқанын естідім бе? Иә, әрине, мыңдаған рет естідім. Бірақ мен өзімнің хабарымды түсіну үшін келесі кезеңге көшкім келеді.

Бір күні кешке тыныш саябақта отырып, самауырымызда шай қайнатып қойдым. Бір жақсы мұсылман жанұясы, жанымыздағы үстелде серуендеп жүрген болатын, сонда мен оларға барып, менімен бірге шай ішуды ұсындым. Әңгімелесіп, шәй ішіп отырғанымызда, маған осындай бір Аят ойыма келді. «Бұл - анық Жазбаның аяттары».

Мен: «Сіз Құран оқисыз ба?», деп сұрадым.

Олардың біреуі: «Біз әртүрлі курстарға барамыз, арабша оқуды үйреніп жүрміз, бірақ не жазылғанын түсінбейміз», -

деп жауап берді. Жанұяның отағасы да келісіп, былай деп жауап берді: «Жоқ, мен де оны түсінбеймін», - деді.

Көптеген адамдар үшін Құранның хабары шынымен түсініксіз. Оның мағынасын түсіндіру үшін *Тафсирге* жүгінеді, олар өздерінің сүйікті имамын немесе шейхін тыңдайды. Кейде Құран туралы әңгімелер кезінде қиын сұрақ туындаған кезде, досым жауап алу үшін, өзінің ұстазын шақыруға мәжбүр болады. Кейде ол жауапты біліп тұрсада, бірақ ол беделді адамнан қосымша қолдау алғысы келеді. Ал кейде не айтарын білмей, аң-таң болып қалады.

Құранның түсіндірмеге арналған аудармасын оқу үшін Тафсир керек пе? Өйткені адамдар Тафсирсіз-ақ өз ана тілінде күнделікті газеттер оқып жүр ғой.

Бірде мен танымал мұсылман имамының аяттар туралы дәріс бергеніне куә болдым. Ол Аятты түсінікті тілмен оқыды. Бірақ содан кейін ол, осы немесе басқа да бір сөздің шын мәнінде анық айтылған нәрсені білдірмейтінін баяу және тұрақты түрде түсіндіре бастады. Ол мұның басқа мағынасы бар екенін дәлелдеді, содан кейін бүкіл сөйлем жалпы алғанда, оның жаңа ғана оқығанынан басқа нәрсені білдіретінін түсіндірді. Аудиторияда отырған жүздеген мұсылман, өздерінің сүйікті имамы анық мағынаны айтып тұрып, сосын одан алыстап, оны мүлде басқа мағынаға әкелген кезінде де тыңдады.

Жасы ұлғайып қалған мұсылман досым, тағы бір атақты имаммен шай ішіп отырып, мен оның Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстың басым көпшілігіндегі мұсылмандардың шынайы мұсылман емес екенін түсіндіріп жатқанын тыңдадым. Сонда мен өзіме өзім сұрақ қойдым:

егер Құранның хабары түсінікті болса, онда неге соншама мұсылмандар оны дұрыс түсінбейді?

Менің достарым, менен: «Неге мәсіхшілер арасында секталар көп?» деп жиі сұрайды. – «Інжілдің хабары анық жазылған ба немесе жоқ па?». Бұның жауабы мынадай: Інжілдің кейбір жерлері анық жазылған, ал кейбір жерлері анық емес. Сонымен қатар, кейбір топтар өздерінің дәстүрлерін Інжілге теңейді немесе одан да жоғары етіп көтермелейді. Ежелгі ғұлама ғалым Августин былай деген: «Ең бастысы – бірлік, екіншісі – еркіндікте тұру, ал барлығынан жоғары – сүйіспеншілік» деген. Бұл негіздерге Алланың жалғыздығына келісу және әл-Мәсіх арқылы күнәлардың кешірілуі жатады.

Мұхаммед Мекке мен Мәдина халқына Құранды алғаш рет оқыған кезде, оның Тафсирі болмаған. Оның тыңдаушылары, өзінің қарапайым хабарын түсінеді деп күткені айдан анық. Ол қайтыс болғаннан кейін, ізбасарлары оның сөздерін хадистерге жинақтады, бірақ мұсылмандардың арасында ненің түпнұсқа, ненің дұрыс емес екендігі туралы бір келісім жоқ. Осылайша, оларды Құранмен тең деп санауға болмайды және мұны барлық мұсылмандар бірдей қабылдайды.

Егер Құранның хабары анық және нақты болса - менің ойымша, солай болуға да тиіс, сонда адамдар оны оқып, түсіну үшін бейтаныс адамдардың пікіріне аз сүйену керек емес пе?

## 27-ші тарау

### 27-ші сүре: Әл-Нәмл (Құмырсқалар)

## Алланың еркіне бас ию (Сүре 27:91)

91-ші аятта Мұхаммед былай дейді: «Шын мәнінде мен әр нәрсенің иесі, осы құрметті қаланың Раббына құлшылық қылуға, сондай-ақ Мұсылмандардан болуға бұйырылдым»

«Ислам» деген сөз, *мойынсұну* дегенді білдіреді. Әскер соғыста жеңіске жеткен кезде, олардың дұшпандары оларға толықтай бағынуы керек. Олар жеңілгенінің белгісі ретінде шаңға аунап алулары керек болды. Құран бойынша, Алла бүлікші адамдарды жеңеді. Кейде Ол адамдарды жойып жібереді, ал кейде оларды жақсы мұсылман етіп шығарады.

Алла қандай себептермен осы әлемді жаратып, оның бетін бүлікшілермен толтырылуына жол берді? Кез келген адам Оның еркіне бағынатын әлемді жарата алмады ма? Кейбір адамдарды жолдан адастыруға не мәжбүр етеді? Егер жұмаққа дайындалған жақсы мұсылмандарды ғана жарата алатын болса, онда неліктен күндерін тозақ отында аяқтайтын бүлікші адамдарды жаратты?

Неліктен Алла, Оның Өз егіндігінде құлдардың еңбектенгенін қалайды? Құлдар өз қожайындарына еңбек етеді. Олар жер қазып, өнім жинайды, шеге қағып, үй тұрғызады. Қожайыны оларды өзі үшін бірдеңе жасауға, әрі жалғыз өзі жасай алмайтын нәрсені істеуге пайдаланады. Перғауындар үлкен пирамидаларды тұрғызу үшін құлдарды пайдаланды, өйткені олар өздері үлкен тастарды жылжыта алмас еді, ал ерікті азаматтар өз қолдарымен еңбектенгілері келген жоқ.

Алла адамдарды көмекке мұқтаж болғандықтан, оларды құл етті дегенге ешкім сенбесі анық. Ислам мұсылмандардан

жер бетінде әділдік пен сенімді орнатуды талап етеді. Бірақ бұл неге сонша қиын? Неліктен бұл физикалық және рухани күш-жігермен байланысты? Неліктен Алла Өз құлдарына, оның еркіне қарсы шығуға рұқсат берді? Тіпті перғауындар мен патшалар өз құлдарын абсолютті бақылауда ұстай алды. Мұса яһуди құлдарын бостандыққа жетелеп алып келді, әрине, бірақ тек Алланың ғажайып күдіреті арқылы сол нәрсе іске асты. Егер адам қожайындары өз құлдарын билей алатын болса, онда неліктен Алла көптеген құлдарына батыл бүлік шығаруға, Оны қорлауға және Оны мазақ етуге рұқсат етті?

Інжілдің көзқарасы бойынша, бұл сұрақтардың қажеті жоқ. Бастапқыда Адам ата мен Хауа ана Алламен дос болып жаратылған. Достық бұзылған соң, олар күнәнің құлы болды. Сонда Алла Израил ұрпақтарына қатаң ережелер берді. Алайда Иса құлдықты жойып, Алламен достықты өз қалпына келтірді. Сүйіспеншілікке толған Ол, Өз достары үшін өмірін пида етті.

## **28-ші тарау**

### **28-ші сүре: Әл-Касас (Баяндама)**

**Алла кімді жақсы көреді? (Сүре 28:76)**

Құранда Мұса мен Нұхтың хикаялары жайлы көп айтылады. Бұл хабарламалардың мәні бір. Аллаға қарсы шыққандар жойылатын болады. Сенім білдіріп, жақсылық жасаған адамдар құтқаралатын болады.

76-шы аятта былай делінген: «Алла қуанғандарды жақсы көрмейді». Құранда Алланың күнәкарларды сүймейтіні расталған. Жоғарыда айтылғандай, біз сүйіспеншілік

туралы ойлауға дағдыланған жолмен, Алланың біреуді жақсы көретіні белгісіз сияқты. Кейбіреулер тіпті, Ол мұны істейді деп айтудың өзі Құдайға тіл тигізу деп санайды.

Егер Алла күнәкарды жақсы көрмесе, алайда сол адам келіп тәубе етсе, пендеге деген көзқарасы өзгере ме? Ақшаны жақсы көретін атеистті көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Осы аяттан Алла құдайсыз атеистті жақсы көрмейтін сияқты жазылған. Оған біреу: «Алла сені сүймейді» деп айтуы керек болады. Егер ол тәубе етіп, мұсылман болып алса, онда оған: «Енді Алла сені жақсы көреді» деп айту керек пе?

Егер солай болатын болса, бұрынғы атеист Алланың сүйіспеншілігіне лайық болды ма? Сонда бұны шартсыз сүйіспеншілік немесе жәй сүйіспеншілік деп атауға болады, сонда «Мен сені сүйемін, егер...» деген сияқты ғой. Мысалы, ер адам әйеліне келіп: «Менімен қалаған уақытта жыныстық қатынасқа түссең, мен сені жақсы көремін» дейді.

Әйелі өзін күйеуі секілді үнемі сезінбесе не болады? Егер ол бірнеше ай бойы ауырып қалса не болады? Онымен ажырасып, басқа әйел тауып алады ма? Егер ол оған: «Маған бала туып берсең, мен сені жақсы көретін боламын» десе ше? Үйленгеннен кейін, бірнеше жыл баласыз болған ол, оған: «Бала жоқ, махаббат жоқ. Мен сенімен ажырасамын» дейді. Мен дәл осылай болған бір отбасын білемін.

Шартты сүйіспеншілік адамдарға тән. Бізді жақсы көретіндерді, біз жақсы көреміз. Біз үшін бірдеңе жасайтындарды, біз жақсы көреміз.

Біреу былай айтуы мүмкін: «Алла ізгі адамдарды жақсы көреді, өйткені олар Оның қалағандарын істейді. Олар Оған бағынады». Бұл оның сүйіспеншілігіне лайық адамдарды жақсы көретінін білдіреді. Шартсыз сүйіспеншілік жай ғана «мен сені сүйемін» дейді. Бұл адамның мінез-құлқына байланысты емес. «Агапе» сүйіспеншілігі деп аталатын ерекше сүйіспеншілікпен әйелін жақсы көретін күйеуі әйеліне келіп: «Балалы бола алмасаң да, мен сені бәрібір жақсы көремін және сені ешқашан тастамаймын» дейді. Иса дұшпандары үшін өлуге дайын болғанда, Інжіл агапе сүйіспеншілігі бар екенін айтты. Ол бәрін жақсы көрді.

## 29-шы тарау

### 29-шы сүре: Әл-Анкабут (Өрмекші)

#### **Біз қалай жақсылық жасай аламыз? (Сүре 29:7)**

Бір күні ұлы әкесінің қасына жақындап келіп: «Әке, менің көлігімнің қозғалтқышы істен шықты. Тіпті бір қап күрішті де үйге апара алмай жатырмын», деді.

Әкесі өз шешімін айтпас бұрын біраз ойланып, үнсіз тыңдады. Сонда ол былай деп жауап берді: «Расында да, саған жаңа қозғалтқыш керек. Егер көлігіңмен сол қозғалтқышты үйге апара алатын болсаң, онда жаңа қозғалтқыштың ақшасын төлеймін».

Бұл шешімнің қаншалықты мүмкін емес екенін көрдіңіздер ма? Осы таңдауға тап болған ұлы, енді жаңа қозғалтқыш ала алмағаны рас. Неліктен? Өйткені оның ескі қозғалтқышы істен шыққан. Ол тым әлсіз. Ол енді жаңа қозғалтқышты алу үшін, ескі қозғалтқышты қалай пайдалана алады?

Егер мен біреуге: «Алла сенің ішіндегі жамандықты жояды, бірақ алдымен сен соған иман келтіріп, ізгі амал жаса» десем (Сүре 29:7) яғни, бұл әкесі баласына бұзылған көлігінің жаңа қозғалтқышын үйге әкеліп таста деп айтқанымен бірдей болып тұр ғой. Жүрегіміздің түкпірінде өмір сүріп жатқан зұлымдық, бізді жаңаруға әкеп соғатын шынайы ізгі істерді жасауға тым әлсіз етіп тұрғаны анық.

Біз әрқашан пәк, дана болуға тырысып бағамыз (Гандиді еске түсіріңізші), бірақ жүрегіміз бен көзіміз құмарлыққа толы. Біз жомарт болуға тырысып бағамыз, бірақ біздің жүрегімізде өмір сүретін ашкөз қасқырлар бар, олар әрқашан көп нәрсені жегісі келеді. Біз намаз оқып, мінажат етуге тырысып бағамыз, бірақ осы әлемнің жалтыраған жылтырақтары бізді алаңдатады. Біз әділдікке жетуге тырысып бағамыз, бірақ біз үйдегі өзіміздің дивандарымыздың жайлылығын қалап тұрамыз. Біздің барынша салған күш-жігеріміз әрдайым жеткіліксіз болып тұрады.

Баласы мұңайып әкесіне қарады да, мынадай сөздерді айтты: «Әке, мен қанша тырыссам да, жаңа қозғалтқышты үйге апара алмаймын», деді.

Егер баланың әкесі оны жақсы көретін болса, онда ол күлімсіреп, былай айтар еді: «Әрине, балам, жүр бірге барайық, бүгін көлігіңе жаңа қозғалтқыш орнату үшін, барып ақша төлеймін. Сонда сен ескі қозғалтқышты қоқыс тастайтын жерге апара алатын боласың».

Бұл жағдайда баласы әкесінің беретін 100% сүйіспеншілік сыйына тәуелді болды. Ұлы көлігіне жаңа қозғалтқыш алу үшін, жұмыс жасап ақша таба алмайды немесе бар күшін

сарп ете алмайтыны көренеді. Оның соған деген жалғыз реакциясы - әкесіне толықтай сенім арту.

### **Сол бір Алла ма? (Сүре 29:46)**

Біз еврейлер мен мәсіхшілер (яғни, Кітап иелері) *ширкке* кінәлі екенін білеміз, өйткені олар Алладан басқа құдайларға табынатындығы жайлы жоғарыда оқыған болатынбыз. Еврейлерді Узайраға табынып кетті деп айыптайды, ал мәсіхшілерді болса Мәриям мен Исаны Алланың дәрежесіне көтерді деп кінәлайды.

Құранда *ширкті* ең үлкен күнәлардың бірі ретінде көрсетілген. Біз *ширктің* жазасы - тозақ оты деп осыған дейін оқыдық. Мұсылмандарға еврейлер мен мәсіхшілер өздері үшін толықтай джизия төлеп болғанша, сонымен қатар олар өздерін жер бетінде исламдық билікке бағынғанындарын толықтай сезінгенше, олар мұсылмандарға мойынсұнуға бұйрық берілген. Кімде-кім *ширк* жасаса, мүшрик деп аталады (бұл көпқұдайшылдыққа табыну). Бәлкім, исламды естімеген еврейлер мен мәсіхшілер үшін бұл біраз үміт берген сияқты болып көрінетін шығар, алайда Мұхаммедтің хабарын есіте тұра, одан бас тартып, оны қабылдамағандар қылмыскер болып саналды.

Аяқ асты, Сүре 29:46-ші аятта бізді таңқалдыратын басқа бір, бұларға ұқсамайтын үзінді күтіп тұр.

«Іштеріндегі зұлымдық қылғандарынан басқа Кітап иелерімен көркем түрде сөз таластырыңдар. Оларға: «Бізге түсірілгенге де, сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Және біздің

Тәңіріміз де, сендердің Тәңірлерің де біреу-ақ. Біз Оған бой ұсынғандармыз» деңдер.»

Бұл өте қиын. Сонда бұл аяттың мағынасы қандай, егер мәсіхшілер өздерінің қауымдарында, ал еврейлер өздерінің синагогаларында табынатын болса, ал мұсылмандар болса Аллаға өз мешіттерінде табынып жатқан Аллалары, сол Бір Алла дегенді білдіреді ма?

Егер тіпті еврейлер, мәсіхшілер және мұсылмандар жалпы мағынада бір Аллаға табынып құлшылық етсе де, Алла Кітап иелерін Онымен бірге басқаларды бірдей дәрежеге қойғаны үшін жазаламай ма? Бұл аят еврейлер мен мәсіхшілердің көпқұдайшылыққа кінәлі емес екенін айтып тұрған жоқ па? Егер солай болатын болса, онда мен толықтай келісе аламын, алайда менде бір сұрақ бар, онда неге мұнда бәрі керісінше айтылған?

Оның үстіне бұл аят Таурат, Пайғамбарлар жазбасы мен Інжілді мақұлдап тұр ғой. Ол жерде өзгертілді деп айтылмаған, керісінше олар сенуге тұрарлық деп айтады.

Бірнеше жыл бұрын, ұзақ сапардағы паромда келе жатқанымда, маған бір мейірімді жолаушы кездесті. Біз бір-бірімізбен жақсылап танысып алдық та, әңгімеміз жарасып кетті. Ол біздің балаларымызды мақтап жатты да, сосын менен: «Сіз Ислам дініне қызыққан кезіңіз болды ма?» деп сұрады.

«Иә, мен Құранды аздап оқып, исламды зерттеп көрдім. Сондай-ақ бұрынғы жазылған кітаптарды да зерттеп-оқыдым», дедім.

Сонда ол маған: «Біз бір Аллаға табынатынымызды және біздің ортақ пайғамбарларымыз көп екенін білесіз бе? Егер мен Иса пайғамбарды жақсы көрмесем, онда мен тіпті жақсы мұсылман бола алмаймын. Егер мұсылман болатын болсаңыз, мен қуанар едім», деді.

Балаларым туралы айтқан жылы лебіздері үшін алғысымды білдірдім, сосын біз портта тұрып бір-бірімізбен қоштастық.

Біз барлығымыз Аллаға шын мәнінде табынамыз ба? Бұл жерде абай болуымыз керек. Көптеген мәсіхші достарым да маған осы сұрақты қойған болатын. Таураттағы Яхве, Інжілдегі Теос (θεός) және Құрандағы Алла (الله) бұлар бәрі бір Тұлға болғаны ма? Еврейлер Мұса мен Дәуітті Яхве жіберді дейді, алайда Исаны және Мұхаммедті Ол жіберген жоқ, деп пайымдайды. Ал мәсіхшілер Тауратқа, Пайғамбарлар жазбаларына және Інжілге сенеді, бірақ Мұхаммедті елші ретінде қабылдамайды. Мен мұны сынау үшін айтып отырған жоқпын, тек анық нәрсені жеткізгім келеді.

Егер біз еврейлер де, мәсіхшілер де және мұсылмандар да бір Жаратушыға сенеді деп тұжырымдайтын болсақ, әрине, бұл шындық. Бірақ бұл олардың ол туралы бірдей нәрсеге сенеді дегенді білдірмейді. Алла деген кім? Әр сенім бұл сұраққа өзінше жауап береді. Әйтпесе, олардың бәрі бір сенімді қолдайтын болған болар еді.

Бұл тақырыпты талқылау 109-шы Сүреге жеткен кезде күрделене түседі.

«Әй кәпірлер! Сендердің табынғандарына табынбаймын; Әрі сендер де менің құлшылық

кылғаныма құлшылық қылмайсыңдар. Сірә мен сендердің шоқынғандарыңа шоқынушы емеспін. Сондай ақ сендер де менің құлшылық қылғаныма, құлшылық қылушы емессіңдер. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме тән».

Бұл әдеттегі исламдық сенімге көбірек ұқсайды. Олар басқа діндердің барлығын жоққа шығарады. Көпқұдайшылық (политеизм) қандай түрде болса да, Исламның негізгі Таухид доктринасымен үйлеспейді.

Алла туралы әртүрлі сенімдерге келетін болсақ, әр жерде соған қоса өздерінің діни әдет-ғұрыптарын қосып алады. Мұсылмандардың бес тірегі бар, олар: *Шахада*, *Намаз*, *Зекет*, *Рамазан* және *Қажылық*. Еврейлер мен мәсіхшілердің сенімдері мен табыну әдістері әрқайсыныкі әртүрлі. Сенімдегі қарама-қайшылықтар мен әртүрлі әдістері еврейлерді, мәсіхшілерді және мұсылмандарды әртүрлі категорияларға бөледі.

Өз елдерінің патшалары жайлы сөйлесіп отырған екі досты көз алдыңызға елестетіп көріңіздер. Біреуі олардың патшасының бойдақ, бала-шағасы жоқ, жүйрік жігіт екеніне сенімді екенін айтады. Ал екіншісі, оның патшасы ақ шашты қария деп есептейді. Біріншісі, оның патшасы екі соғысқа қатысқан деп есептесе, ал екіншісі, оның патшасы қашаннан бейбіт адам болған деп ойлайды. Екеуінің де өз елдерінің патшалары бар екені дұрыс. Олардың жеке басының егжей-тегжейлері туралы екеуі де қате айтуы әбден мүмкін, бірақ, әрине, екеуі де дұрыс айтты деп айту қиынға соғады.

Біз адам патшасынан, әлдеқайда жоғары Біреу туралы айтып отырмыз. Алла бүкіл әлемге әмірші. Ол бүкіл әлемді жаратып, оны адамзат баласымен бөлісті, сонымен қатар Алла бізге компьютерлер жасауға, гранаталарды жеуге және отбасын құруға мүмкіндік берді. Осы Құдай Патша туралы бізге шындықты білу өте маңызды. Барлығы Оның жек Тұлғасының шынайы болмысын білуге байланысты.

### 30-шы тарау

#### 30-шы Сүре: Әл-Рус (Римдіктер)

#### **Исламдық секталар (Сүре 30:32)**

Құран секталарды құптамайды. Онда былай делінген:

«Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларына мәз болғандар.»

Әңгіме ертедегі ислам дәуіріндегі өлімге әкелген қақтығыс туралы баяндайды. Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін, оның алғашқы төрт халифаның үшеуін өлтіріп тастады. Олар, Омар ибн әл-Хаттаб, Осман ибн Аффан және Әли ибн Әбиталиб болатын.

Одан кейінгі жылдары сүнниттік және шииттік тармақтарда көптеген секталар қалыптаса бастады. Сүнниттерде бес заңды түсіндіру (*мадххад*) мектебі бар, олар мыналар: *ханафи*, *малики*, *шафи*, *ханбали* және *сахир*. Шииттер бестікке, жетілікке және он екілікке бөлінеді.

Карматтықтар, исмаиліттіктер, фатимидтіктер, Аламутық ассасиндіктер және друздар, бұлардың бәрі жетіліктерден тараған. Кейін исмаиліттіктер низари исмаилітіктер және

мұстали исмаилітіктер болып екіге бөлініп, одан кейін мұсталитіктер хафизилер мен тайяби исмаилітіктерге бөлінеді. Оның үстіне, кейінірек шииттік имамиттер Жафаридің түсіндірмесін жасап шығарды. Сондай-ақ Ахбаризм, Усулизм, Шайкизм, Алавиттер және Алевизм дегендерде бар - олардың барлығы Итнашариден тараған.

Бұлар бар тізімнің аз ғана бөлігі. Алайда мұсылмандарды Шахада және Құранға деген сенімдері біріктіреді.

Мәсіхшілердің де арасында көптеген секталары бар, кейде Исаның іліміне қарама-қайшы келгені соншалықты, тіпті бір-біріне зорлық-зомбылық жасаған кездері де болған. Олардың католиктер мен православтары бар. Бес жүз жыл бұрын протестанттық Реформация, Рим папасынан тәуелсіз қауымдарының жаңа қозғалысын құрды. Протестант қауымдарының арасында тағы да көптеген кіші топтар пайда болды. Бұл қауымдардың кейбіреулері тілі мен әлеуметтік топтары бойынша ерекшеленді, ал сонымен қатар басқалары болса доктриналық айырмашылықтарға байланысты бөлінді. Қауым ұйымдастыру саласында, Исаның екінші рет қайтып келуі немесе қай бағушы ең жақсы адам деген сияқты көптеген сұрақтарға қарамастан, мәсіхшілердің бәрі Иса әл-Мәсіхты күнәдан құтқаратын, Құтқаушы деп санайды.

Адам табиғатында бізді ауызбірлікке емес, бөлінуге ұмтылуға не мәжбүр етеді?

### **31-ші тарау**

#### **31-ші /Сүре: Лұқман**

**Жерді сөздермен толтыру (Сүре 31:27)**

Осы поэзиялық үзінді де былай делінген:

«Рас егер жер жүзіндегі ағаш атаулы қалам, теңіз (сия болып), одан кейін оған тағы жеті теңіз көмектесіп, (жазса да) Алланың сөздері таусылмайды. Күдіксіз Алла, өте үстем, хикмет иесі»

Біз бір Калиматулланың бар екенін анықтадық. Иса әл-Мәсіх арқылы, Алла жойылып бара жатқан осы әлемге Өз Сөзін айтты. Егер бүкіл әлем Алланың Сөздеріне толтырылып тұрса, осы Калиматуллаға ерекше назар аудартпас па еді?

Исаның шәкірті Жохан былай деп жазған: «Исаның істеп кеткен көптеген басқа да істері бар. Олар туралы толықтай жазса, жазылуға тиісті кітаптар, менің ойымша, бұл дүниеге сыймас еді» (Жохан 21:25). Иса-Қалиматулланың ғажайып сүйіспеншілігі мен жасаған істерін баяндауға бір мұхит сияда жетпей қалатын еді.

### 32-ші тарау

#### 32-ші Сүре. Әл-Сәжде (Табыну).

##### **Тозаққа баратындар (Сүре 32:13)**

Менің көзім, адам жүрегінің түпкір тереңдігіне үнілуден шаршады. Жүректің ерік бостандығы бар ма? Кез келген адамның, өз болашағын өзі таңдауға мүмкіндігі бар ма? Кез келген адам Алланың соңынан еру немесе ермеуді өз еркімен таңдай алады ма? Сонда Алла әрбір адам жанының тағдырын, мызғымас гранит тақтаға ойып жазып қойғаны ма?

13-ші аятта былай делінген: «Егер қаласақ еді, әркімді тура жолға салар едік. Бірақ Менен: «Тозақты бүтіндей жындар, адамдармен толтырамын» деген сөз болған».

Ғасырлар бойы мәсіхшілер Алланың егеменді еркіндігі мен адамның еркіндігі арасындағы байланысты түсінуге тырысты. Адам тәубешілікті өз еркімен таңдап, әрі Иса әл-Мәсіхке өз еркімен сенімге келе алады ма? Егер солай болмайтын болса, онда Алла неге адамдарды тозақ отында көмір сынығы болу мақсатында, оларды жаратты ма?

Мәсіхшілердің көпшілігі бұл сұраққа, Аллаға деген сүйіспеншілікті және адамдардың ерікті бостандығын растау арқылы жауап берді. Олардың пайымдауынша, Алла Өзін шынайы ықыласымен жақсы көретін адамдар және оған мойынсұнатын жаратылыспен қарым-қатынасты қалағанын айтады. Егер сүйіспеншілікте мәжбүрлеу болса, онда ол шынайы сүйіспеншілік емес. Ер адам ешқашан әйелді өзін сүйуге мәжбүрлей алмайды. Егер ол күш қолдана бастаса, онда сүйіспеншілік сынған кесе сияқты мәңгілікке бөлшектеніп кетеді.

Егер Алла Өз пенделерінен шынайы сүйіспеншілікті қалаған болса, онда Ол оларды Өзін сүйуге мәжбүрлей алмайды. Ол періштелерді жаратқандай, әркімнің күнәсіз болуын оңай тілеген болар еді. Алланы еркін сүйу немесе Оны жек көру қабілеті бізде болмағанда, онда біз нағыз адам болар ма едік?

### **33-ші тарау**

#### **33-ші Сүре: Әл-Азаб (Өте көп).**

**Мұхаммедтің өмірі (Сүре 33)**

Басқа кітаптарда 33-ші Сүре туралы өте көп жазылған. Бұл жерде мен бір-екі пікір айтқым келеді.

Біріншіден, бала асырап алу мұсылмандық әдетке жатпайды. Бір күні Мұхаммед аяқ асты өзінің асырап алған ұлы Зейдтің әйелін көріп қалады. Оның есімі Зейнеп еді. Зейд Зейнеппен ажырасып кеткен соң, кейін Мұхаммед оған үйленді. Исламда ресми асырап алу деген атымен жоқ, сондықтан мұсылманның асырап алған ұлының бұрынғы әйеліне үйлене алмайтындығы жайлы мәселе ешқашан туындамайды. 37-ші аятта былай делінген:

«Сонда одан Зәйттің жұмысы біткен (ажыраған) кезде оны саған некелендірдік; мүміндерге, асырандыларынан босаған әйелдерді алуда бір кінә болмауы үшін. Алланың әмірі орындалады».

Екіншіден, 50-ші аятта Мұхаммедке қанша сенуші әйелдерге үйленемін десе, шексіз рұқсат берілген, олар, соғыста тұтқынға алынған күндер болсын, оның отбасындағы екі әулеттегі немере қарындастары болсын және басқа да әйелдер болсын рұқсат етілген. Тарихқа үңілетін болсақ, Мұхаммедтің кем дегенде 11268 әйелі, 4 кәнизагі болған және 4 рет талақ айтып ажырасқанын білеміз. Зейнеп Мұхаммедтің бесінші әйелі болды. Бұл аят оған Сүре 4:3-ші аятта жазылғандай, қарапайым мұсылман ер адамдар үшін белгіленген төрт әйелден артық әйел алуға рұқсат берді. Осы жылдар ішінде көптеген адамдар тарихтың осы қарапайым фактісін түсінбейтініне бірнеше рет таң қалдым.

«Фильмде Мұхаммедтің барлық әйелдері көрсетілді ме?», деп мен өзімнің жақсы досымнан, мұсылмандардың

пайғамбары жайлы түсірілген фильм көргеннен кейін барып сұрадым.

Ол маған біртүрлі болып, қарап тұрды да: «Сонымен не айтқың келіп тұр?» - деп сұрады.

«Кешір, Хадиджадан кейінгі Мұхаммедтің барлық әйелдері туралы сен білмедің бе?», дедім.

«Жоқ, оның бір ғана әйелі болған», деп ол өз ойында қалғысы келгендіктен, оның даусы дірілдеп, ренжіген кейіп танытты.

«Мен оның әйелдері туралы барлық мұсылмандар біледі деп ойлады. Өйткені, бұл құпия емес қой», дедім.

Құдайшыл, берік жас жігіт болса да, осы негізгі деректерді естімегеніне мен таңқалдым, алайда әңгімені одан ары жалғастыра бердік.

Үшіншіден, Мұхаммедті тітіркендіріп алмау үшін адамдар өте абай болу керек. 57-ші аятта былай дейді: «Расында Аллаға, Елшісіне реніш бергендер, соларға дүние, ақыретте Алла қарғыс беріп, оларға қорлаушы азап дайындады.» Бұл үзіндіде, кейде Мұхаммедтің үйіне кешкі асқа қонақтар келетіні айтылады. Олар онда тым ұзақ отырып қалып, тым көп сөйлеп кеткен. Мұхаммед олардың кетуін өтінуден ыңғайсызданып отырды, бірақ бұл аятта, Алла мұсылмандарға оны ашуландырмауларын ескертті.

### **34-ші тарау**

#### **34-ші Сүре: Саба (Шеба)**

**Қосымша ескертулер (Сүре 34)**

Құранда Мұхаммедте жын соққан рухы болмағаны және оның өтірікші емес екендігі айтылған. Құрандағы көптеген үзінділерде, Мұхаммедті Алланың шынайы елшісі ретінде болғанын айтып қорғайды. Сенбеушілер мен екіжүзділерде оның хабарын қабылдамаудың өзіндік себептері бар екенін айтты. Олар одан аспаннан келген белгілері болу керек деп талап етті, алайда оларға Мұхаммед Құрандағы аяттардан басқа ештеңе берілмейтінін айтты. Олар оның тек ескіріп кеткен аңыздарды қайталап жатқанын айтса, ал ол оның хабары Бұрынғы Кітаптарды растайтын, Алланың жаңадан түсірген аяны екенін айтып көндіруге тырысты. Қиямет күні олардың азабы қандай ауыр болатынын қатаң түрде, әрі ұзақ ескертумен болды. Ал олар болса мысқылдап күле берді, алайда ол оларға міндетті түрде қасіреттің келетінін айтты.

### 35-ші тарау

#### 35-ші Сүре: Фатыр (Жаратушы)

**Бірде-бір жан тірі қалмады (Сүре 35:45).**

Осы үзінді менің көзіме ерекше түсті. Ол Інжілге сәйкес келеді. Қандай да себептермен болсада, бәрібір барлық адамдар бір жағынан кінәлі. Адамдарды көтеріліске не итермелейді? Алланың әсем де, көркем жаратылысы қалайша бүлінді?

Егер Алла адамдарды өздерінің істеріне лайықты түрде жазалайтын болса, онда жер бетінде бірде-бір тіршілік иесін қалдырмас еді:

Бұл оқиғаны маған көп жыл бұрын бір досым айтып берген еді. Бір қаланы адал сотшы басқарған екен. Бір күні

полиция сот ғимаратына бір жас жігітті алып келеді. Ол қала орталығымен өз авто көлігінде келе жатып, жылдамдықты асырып, айналасындағыларға қауіп төндіргені үшін кінәлі болған. Сотшы басын көтереді. Қараса, өкінішке орай, оның алдында өзінің ұлы тұр екен. Ол ұлын өте жақсы көретін еді, сонымен қатар әділдікті де жақсы көретін сотшы еді.

Сотшы өзінің жоғарыда орналасқан орынғында отырып; «Сіз кінәлісіз бе?» — деп сұрады. Бала басын төмен түсірді. «Иә, мәртебелі Сотшы», деді баласы.

«Олай болса, осы қаланың әділ сотшысы ретінде мен сізді кінәлі деп танып, 30 тәулікке түрмеге қамауға немесе 10 000 доллар айыппұл салуға үкім етемін», деді сотшы.

«Иә, мәртебелі Сотшы», деді баласы. Сонда баласы сотшыға да және әкесіне де көзін көтеруге қорыққанынан дәті бармады.

Сонда кенеттен сотшы, соттар отыратын орындығынан аяғына тұрып, арнайы соттың қара шапанын шешіп қойды. «Сотшы ретінде мен сені соттадым. Ал енді сенің әкең ретінде мен сені кешіремін». Ол полицейге жақындап келді де, «айыппұлды өзім төлеймін» деді.

Осы астарлы әңгіме Алла туралы бір нәрсені аңғартады. Оның әділдігі, біздің күнәларымызды жазалауды талап етеді. Егер 45-ші аяттағы рас болса - және мен солай деп есептеймін - әрбір адам Алланың заңдарын бұзғаны үшін кінәлі және сондықтан өлімге лайықты болғандықтан, Ол сол адамды жазаламаса, онда Алла әділ болмас еді. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, егер сотшы өз ұлына қарап,

тұрып: «Маған сенің кінәлісің бе, жоқ па бәрібір, бар, ешнәрсе етпейді кете бер», десе.

Егер біз кінәлі болсақ, ал Алла сүйетін, мейірімді және әділ болса, ол біздің күнәларымыз үшін, әділ қаһарын төгіп, біздің кешірімімізді қамтамасыз ететін қандай да бір шешім табуы керек.

## **36-шы тарау**

### **36-шы Сүре: Йасин**

#### **Сотталған (Сүре 36:6)**

Құранда айтылған негізгі ойлардың бірі – Алла Мұхаммедті көпкүдайшыл арабтарға қараңғылықта өмір сүргендіктен жіберді. Олардың пайғамбары да, кітабы да, аспаннан түскен белгілері де, Алланы танып-білу білімдері де болған жоқ. Арабтар не еврейлер, не мәсіхшілер де болған емес. Мекке халқы Қаабаны пұттарға толтырып тастады.

Алайда, мұсылмандарда, ежелгі заманда Ыбырайым мен Ысмағұл Меккеге барып, сонда Қааба тұрғызған деп есептейді. Арабтардың Алланы Мұхаммед туылғанға дейін білгені бізге тарихтан белгілі. Мұхаммедтің әкесінің аты Абдулла болды. Арабияда тұратын сириялық мәсіхшілер Иса әл-Рахманның атын атап шақыратын еді. Нұх, Лұт, Ыбырайым, Мұса, Дәуіт және Сүлеймен жайлы оқиғалары шөл далада жүрген тайпалық халықтар, көшпенділер мен саудагерлер арасында кеңінен тараған.

6-шы аятқа сәйкес Құранның мақсаты қандай болды?

«Аталары ескертілмей өздері кәперсіз қалған елге ескертуің үшін.»

Бұл Аятта Таурат, Пайғамбарлар жазбалары және Інжіл өзгертілді деп айтылмаған. Ол жерде арабтардың әкелері ешқандай ескерту алмағанын да айтады. Ал, Ыбырайым пайғамбар салған Қаабаны білетіндері жайлы айтқандары қайда қалды?

Басқа жағынан қарайтын болсақ, арабтар Құранды алғанға дейін, Алла туралы аян алған болса және олар Алланы ең жоғарғы Жаратушы ретінде білетін болса, онда неге 6-шы аятта арабтар шындық туралы ештеңе білмейтіндей жазылған?

Айталық, арабтар Алланы немесе оның ешбір кітабы жайлы естіген жоқ. Ешқандай аянсыз өмір сүріп жүріп, олар пұттарға ғана бет бұрып табынды. Егер олар Алланы және Оның еркін білмейтін болса, неге кінәлі болған болар еді?

Бір күні біз досым екеуміз, оның қонақ бөлмесінде Інжіл мен Алла туралы әңгімелесіп отырдық. Ол менен: «Ер азамат болсын, әйел болсын бір нәрсені қате екенін білмей істеп қойған ісі үшін, Алланың оларды айыптауы әділетті ме?» - деп сұрады. Ол ары қарай сөзін жалғастырып: «Егер адамдар Алланы қабылдамағанша, Ол адамдарды айыптамаса, басқа ұлттарды жалғыз қалдырған дұрыс емес пе, сонда олар ешқашан Алланы қабылдамағаны үшін кінәлі болмас еді? Оларға Алланың бар екенін айту, шын мәнінде оларды қараңғыда қалдырғаннан да жаман болар еді», деді.

Мұсылман ғалымдарының осы сұрақтарға өзіндік жауаптары бар екеніне сенімдімін. Бұл сұраққа Інжіл былай деп жауап береді. Алла Өзінің бар екенін жаратылыс арқылы ашты. Ғаламның сәні, дизайны мен сұлулығы Жаратушының бар екенін көрсетеді. Екіншіден, Інжіл Алла

өзінің жақсылық пен жамандықты білдіретін заңдарын адамдардың жүрегіне жазып қойғанын айтады. Әркімнің өзін айыптайтын немесе ақтайтын ар-ұжданы бар. Ізгі хабарда (Инжіл) Исаның осы әлемге келгендегі мақсаты, осы әлемді айыптау үшін емес, алайда Ол арқылы осы әлемді құтқару үшін келді деп қорытындылайды.

## 37-ші тарау

### 37-ші Сүре: Әл-Саффат (Бір қатарда тұру)

#### **Кешірім құнын еске алу құрбандығы (Сүре 37:102-107)**

Ыбырайымның ұлын құрбандыққа шалуға алып келген оқиғасы сияқты, бізді қызықтыратын оқиғалар кемде-кем. Алдымен ол Тауратта пайда болды. Алла Ыбырайымға келіп, баласын өзімен бірге алып тауға апарып, сол жерде оны өлтіріп, өртелетін құрбандыққа шалуды бұйырады.

Оқиғаны еске алудың қажеті шамалы. Ыбырайым қандай ішкі, жан-дүниесіндегі азаптарға төтеп бере алды? Ол өзіне уәде етілген сүйікті ұлын өлтіруі керек болды, содан кейін оның еті мен шашын баяу жалмап жатқан отқа шыдамдылықпен қарап тұру керек болды. Ыбырайым сол бейкүнә, сенім артқан көздерге қараған кезде, жүрегі миллион бөлікке бөлініп кете жаздады деген ойға қалай шыдады екен? Бұл адамның сенімінің сыналуының ең айқын үлгісі болды.

Құран Ыбырайымның ұлының есімін атамайды, бірақ Таурат Ыбырайым мен оның әйелі Сарраның ғажайып ұлы Ысқақ деп атайды. Ыбырайым Алланың әмірін орындап, Ысқақты және өзімен бірге екі қызметшісін алып, үш күнге құрбандық тауына сапарға аттанады. Олар сол жерге жеткен

кезде, Ыбырайым қызметшілеріне төменде күтуді бұйырды. Ол өздерімен бірге отын алып, Ысқақты таудың төбесіне шығарды.

«Әке?», деп сұрады Ысқақ.

«Міне, балам, мен мұндамын», деді ол. Сіз Ыбырайымның ішкі азаптан туындаған дауысындағы кернеуді естисіз бе?

«Бізде от пен отын бар, бірақ түгел өртелетін құрбандыққа арналған тоқты қайда?», деп сұрады баласы.

Ыбырайым: «Балам, құрбандыққа тоқтыны Алла өзі дайындап қойды», – деп жауап берді.

Ыбырайым тауға құрбандық үстелін жасап, оны отынмен жауып, баласын байлап, үстелдің үстіне қойды. Сосын ұлын өлтіру үшін, пышақ көтере бергенде.

Дәл сол сәтте оны періште тоқтатып: «Ыбырайым, Ыбырайым!» деп шақырды. «Міне, мен», - деп жауап берді ол.

«Балаға ештеңе істеме, Алладан қорқатыныңды енді білдім, өйткені Мен үшін өзіңнің жалғыз ұлыңды аямағаныңды көрдім», деді.

Ыбырайым басын көтеріп қараса, бұталардың арасында бір қошқардың мүйізімен оратылып қалғанын көрді. Бұталарға оратылып қалған мүйіздері, оның қашып кетуіне кедергі болды. Ыбырайым сол қошқарды ұстап алып, баласының орнына құрбандыққа шалды. Алланың сыйын еске алу үшін, ол бұл жерді Яхве Йире деп атады, яғни «Алла ризық береді» (Жаратылыстың басталуы 22 тарау).

Кез келген балаларын сүйетін әке немесе ана бұл оқиғаның егжей-тегжейіне тым ұзақ тоқталмауды жөн көреді. Баласы ауырып қалса, қай ата-ана оның ауырғанын кетіргісі келмейді, тіпті оның орнын басқысы келмейді ме?

Баласынан айырылу былай тұрсын, тіпті сондай ойдың тууына кім шыдай алады? Алайда Алла Ыбырайымға мүмкін емес нәрсені істеуді бұйырды.

Біз осы басқатырғыштың екі маңызды бөлігін табуымыз керек. Біріншіден, егер Ыбырайым Ысқақты құрбандыққа шалатын болса, онда Алла оған не жасау керектігін күту керек еді? Екіншіден, бұтаға оратылып қалған қошқардың мәні неде?

Бұл жұмбақтың шешімі уәде беруден басталады. Ысқақ әдеттегі қарапайым ұл болған жоқ. Ол Алланың, бір қарт адам мен кәрі әйелге жасаған кереметі арқылы дүниеге келген еді.

Бірақ одан да маңыздысы, Ысқақ Уәде етілген бала болатын. Алла оның есейіп, ұрпақтары көп, аспандағы жұлдыздардан да, теңіздегі құмдардан да көп болатын адам болуды уәде еткен. (Жаратылыстың басталуы 17:19). Алла Ыбырайымға Ысқақты құрбандық шалатын орынға әкелуін айтқанда, бұл оның ұлы адам және халықтардың әкесі болады деген уәдесіне қайшы келетін сияқты көрінді. Өлген және отқа өртелген баланың болашағы қалай болады? Мүмкін емес!

Мүмкін, олай емес шығар. Ыбырайым Алланың ерекше түрде берген уәделеріне сенді. Міне, осы басқатырғыштың негізгі шешімі.

Алла Ыбырайымды сынаған кезде, ол сеніммен Ысқақты құрбандыққа шалуға алып келді. Оған уәде берілген болатын, сондықтан ол Алла уәде еткен жалғыз ұлын құрбандыққа шалуға дайын болды, әрі бұл Алланың оған мына айтқан сөздері, яғни: «Ысқақ арқылы саған уәде етілген ұрпақ болады» дегенін еске алды. Ыбырайым Алланың тіпті өліден қайта тірілтетініне сенді, ал бейнелеп айтқанда, Ысқақ шынымен де өлгеннен қайта тіріліп, оған оралды. (Еврейлерге 11:17-19)

Ысқақты өмірге қайта тірілтіп, оны қайратты адам әрі халықтардың әкесі етіп шығаруға күші жететініне Аллаға сенген Ыбырайым, ойға келмейтін қиыншылықтарды бастан өткеруге дайын болды.

Алайда неге Ыбырайымды сонша азапқа салу керек болды? Иә, Алла оның сенімін сынады. Дегенмен, бізге басқатырғыштың тағы бір бөлігі жетіспейтін сияқты.

Сүре 37:107-ші аятта былай деген: «Оны ірі бір құрбандыққа ауыстырдық». Таурат мұнымен толықтай келіседі, Алла Ысқақтың орнына басқа бір нәрсеге ауыстырумен, оны өлімнен құтқарып алды. Алла баланың орнына, қошқарды құрбандыққа шалды.

Міне, басқатырғыштың шешімінің екінші бөлігі. Ыбырайым ұлы үшін төленетін төлем – ең үлкен орынбасқан құрбандық туралы әңгіменің тақырыбы осындай. Осы жайлы ойланып көріңіздер. Алла Ысқақтың өлімі, өртеліп құрбандық болуы, содан кейін қайта тірілу сынағынан аман қалуына мүмкіндік бере алар еді. Оның орнына Алла басқа құрбандыққа қанағат етіп, соны қуана қабылдады.

Біздің байқағанмыз, құрбандықтың ең абзалы – Алланың өзі дайындаған құрбандығы. Ол Адам ата мен Хауа ананың ұятын жабу үшін, алғашқы жануарларды құрбандыққа шалды. Ол Мұсаны қасиетті отпен жағылған бұтаның ішінде кездестірді. Ол Ыбырайым мен оның ұлына бір қошқар берді.

Тауға келе жатқан кезде, Ыбырайым өзінің баласына: «Қозының ризық-несібесін Алла береді», деді. Ол бұл сөздерді пайғамбарлық ретінде айтты. Мыңдаған жылдардан өткен соң, Алла Өзінің Тоқтысын кемелді әрі соңғы құрбандық ретінде шалды.

Ишаия пайғамбар әл-Мәсіх жайлы былай деген: «Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты. Ол зорлық көріп қиналды, алайда аузын ашпады. Оны тоқты сияқты сойылатын жерге алып барды. Ол қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді тіс жармады». Біз бәріміз Алланың жолынан қой сияқты адасып кеткен едік, бірақ ол бәрібір біздің күнәларымызды кемелді Тоқтыға жүктеді» (Ишаия 53:6-7).

Басқатырғыштың осы екі маңызды бөлігі арқылы сурет әлдеқайда айқын көрінетін болады. Ыбырайым Алланың Уәде етілген ұлын өлімнен қайта тірілтетініне және оны халықтардың әкесі ететініне толықтай сенді, сонымен қатар осы оқиға бізді күнәдан құтқаратын ең үлкен құрбандық туралы айтылған астарлы әңгіме болып табылады.

### **38-ші тарау**

### **38-ші Сүре: Бақ**

## **Жұмақ туралы біраз әңгіме қозғайық (Сүре 38:49-53)**

Бір күні бір мұсылман мен мәсіхші адам ақырет туралы әңгімелесіп отырды. Мәсіхші Аспанға барамын деп үміттенетінін айтса, мұсылман Жұмақ деген жерді асыға күтетінін айтты. Екі ұғым да болашақтағы өмірді сипаттағанымен, олар екеуі бірдей емес. Осыдан кейін болатын өмір – ол қандай өмір? Онда кім болады? Екі дос өздерінің әртүрлі сенімдерімен бөлісті.

Өмірде жиі болатындай, пікірталас кезінде жас қыздар жайлы тың (*хуурилер*) тақырыбы көтерілді. Мұсылман былай деді: «Менің ойымша, мәсіхшілер, сендер біздің ислам жұмағымызға қызғанышпен қарайсыңдар, сондықтан әрқашан хуурилер туралы айта бастайсыңдар», - деді.

Жанында отырған екінші адам былай деп тіл қатты: «Жоқ, біз қызғанбаймыз. Бізге сүйікті Алланың жанында, Онымен бетпе-бет кездесіп, қасында жүріп өмір сүруден асқан тәтті әрі ұлық не бар?».

Сүре 38-де ислам жұмағында берілетін сыйлар туралы толығырақ айтылады. Құран игі сенушілерге (мүміндерге) мас қылмайтын күшті сусынға толы жерді, таза суы бар өзендерді және әдемі көздері бар әйелдерді уәде етеді. Мүмкін бұл бейнелер, символдық бейнелеуді айқындайтын шығар. Бәлкім, бұл жұмақтың ерекше жайлылығы және ыңғайлығы жайлы екенін айтудың поэзиялық жолы шығар? Мен бұған сенімді емеспін.

Бұл аяттар тура мағынада айтылған болуы да мүмкін. Байқағанымыздай, Құран мұсылман еркектерге төрт әйелге дейін және қалағанынша күндік алуға рұқсат береді. Алла

еркектерге әділ болған жағдайда ғана, жұмақта бірнеше жыныстық серік қосуға рұқсат беруі қайшылық болмас еді. Сонда мұсылман әйелдерге жұмақта қалай қарайды?

Осы өмірлік жол қиылысына келген кезде, мен қарама-қарсы бағытта жүретін жолдардың бар екенін көріп, таң қаламын. Иса әл-Мәсіх былай деген: «Олар өлгеннен кейін қайта тіріліп, үйленбейді және тұрмысқа да шықпайды; бірақ олар көктегі періштелер сияқты болады».

Мәсіхшілердің сенетіні, ерлі-зайыптылардың жақындасуы және бала тууы, тек осы өмір үшін деп санайды. Көкте ерлер мен әйелдер енді жыныстық қарым-қатынасқа түспейді. Бұл өткінші ләззаттардың орнына, енді бір-бірімен және Алламен болатын қарым-қатнастағы киелі достықтан мәңгілік ләззат алады, сонда олар бірге Оны мәңгілік мадақтайтын болады.

### **39-шы тарау**

#### **39-шы Сүре: Әл-Зумар (Тобыр) және**

#### **40-шы Сүре: Ғафир (Кешірімді) немесе Әл-Мүмин (Сенуші)**

**Көбірек сыйлар және көбірек айыптаулар (Сүрелер 39 және 40)**

Сүрелер қысқарған сайын, біздің кітапты оқуымыз да жылдамдата түседі. Сенбеушілер үшін, олардың тозақ отына түсетіндері туралы оларға жиі ескертіліп отырады. Сенушілер көптеген адамдармен бірге жұмаққа кіруге шақырады. Контраст өте үлкен. Тозақтағы от. Жұмақтағы ағып жатқан сулы өзендер. Жындар мен сенбеушілер қатты

азапқа ұшырайды. Періштелер мен сенушілер кереметтей рахат-ләззаттың құшағына оранатын болады.

Бір күні кешке менің отбасым, бірнеше өзімізге жақын мұсылман достарымызбен бірге отырдық. Әңгіме о дүниедегі өмірге бұрылды. Біз мынадай сұрақ қойдық: «Мұсылмандардың Жұмағы қандай болады? Інжіл Аспанды қалай сипаттайды?»

Біздің досымыз, маған: «Өзендері мен бау-бақшалары бар, менің ойымша, жұмақ керемет жер, сен өзің қалай ойлайсың?», деді.

«Тамаша естіледі екен», - деп жауап бердім. «Бірақ менің сұрағым бар. Алланы сонда көруге, онымен жақын қарым-қатынаста болуға үміттенесің бе?», деп сұрадым.

Олар: «Айту қиын», - деп жауап берді. «Інжіл не дейді?»

Бұл сұраққа жауап беру үшін, менің балалық шағым есіме түсіп кетті. Менің әжем 60 жасында, ауыр өкпе ауруынан қайтыс болды. Ол мені қатты жақсы көретін, әрқашан сүйіспеншілікке толып жүретін әрі көп күлетін кісі еді. Анам өз анасынан айырылып қалғандықтан көп жылады, одан кейінгі күндерде бәрімізде мұң бұлт басып тұрғандай сезімде болдық. Ата-анам жерлеу аптасына кеткен кезде, мені үлкен жиен әжеммен және үлкен жиен атаммен бірге тұруды ұйымдастырып қойды.

Бір күні үлкен жиен әжем мені қонақ бөлмеде жалғыз отырып, мұңайып, көңілсіз күйде отырғанымды көрді. Ол менің жаныма отырды да: «Саған ерекше бір нәрсе көрсетейін бе? Енді сенің нағашы әжең кетті, бірақ біз оны көкте қайта көреміз», деді.

Оның айтқан сөзі менің назарымды аударды.

«Аспан туралы мына сөздерді тыңдашы», - деді де, қолына ол Інжілді алып, парақтарын ашты.

«Көктегі тақтан былай деген зор дауысты естідім:  
«Қарандар, Құдайдың адамдар арасындағы тұрағы!  
Ол солармен бірге тұрып, олар Оның халқы  
болмақ. Осылай Құдайдың Өзі солармен бірге  
мекендеп, олардың Құдайы болады! Ол барлық көз  
жастарын сүртіп тастап жұбатады. Енді қайтып  
өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды.  
Себебі бұрынғы әлем құрып, жоқ болды» (Аян  
кітабы 21:3-4).

Мен оның нәзік даусын тыңдап, үлкен терезе арқылы үйдің артындағы үлкен бақшаға қарадым. Сол жақта бұтақтарын баспалдақтай аспанға созған, алып магнолия өсіп тұрған еді. Оның күйеуі еккен мол бақшаға кілемдей жайылған жап-жасыл шөп алқабын көрдім. Ал бақтың шетінде алып қарағайлар бәрінен биік болып көрініп тұрды.

Менің жиен әжем, сөзін жалғастыра кетті. «Иса әл-Мәсіх қайтып келген кезде, ол бәрін жаңа етеді. Аспаннан мыңдаған шақырымға созылған қала түседі. Оның қабырғалары саф алтын мен яшма тәрізді болады. Оның іргетасы топаз, берилл және аметист сияқты тастар болады. Қақпалары маржан, ал көшелері мөлдір шыныдай алтын болады».

Таңғажайып асыл тастар менің қиялымды толтырды. Ол оқуын жалғастыра берді.

«Қаладан киелі үйді көрмедім. Себебі оның киелі үйі — бүкіл әлемнің Билеушісі Құдай Ие және Тоқты. Қалаға жарық түсіру үшін күн мен айдың да қажеті жоқ: Құдайдың нұрлы салтанаты оны жарқыратады, әрі Тоқты да — оның шам-шырағы іспетті.» (Аян кітабы 21:22-23)

Кейірек менің ата-анам, мені үйге алып кетті, ал келесі күні күтпеген жаңалықты естідік. Менің үлкен жиен әжем, ұйықтап жатып, қайтыс болып кетіпті.

Әжем қайтыс болған сол тыныш күнде, менің жүрегімде не болғанын түсінесің бе? Үлкен жиен әжемнің жайнаған бақшасына қарап, аспанның үнін тыңдап, өмір мен өлім туралы ойға шомып, мені мәңгілікке өзгерткен бір нәрсені аңғардым. Біркүні, мен кез келген мәсіхшілер сияқты, мен де керемет өзгеруге тап боламын. Мен бұл тәни болмыстық құмарлықтарды рухани нәрселерге айырбастаймын. Енді жердің ләззатына қанағат етпей, Алланың алдында өмір сүріп, шынайы рахат табатын боламын. Аспан – Алланың үйі. Бір күні бұл біздің де үйіміз болады. Бұдан артық маған не керек?

## **40-шы тарау**

### **41-ші Сүре: Фуссилат (Нақтыланған) немесе Хамим**

#### **Неліктен зұлымдық бар? (Сүре 41:49)**

Адам ата мен Хауа ананың хикаясы, Алла - сүйөші әрі күдіретті деген шындықтан бастау алады. Соған қарамастан осы әлемде зұлымдық бар. Адамдар бір-бірін қулықпен алдап, өтірік айтып, жалған сөйлеп, жыныстық қатынас жасау арқылы қиянат келтіріп және кісі өлтіріп қана

қоймай, сонымен қатар жер сілкінісінің салдарынан үйлерді қиратып, цунами көтеріліп, жазықсыз адамдар тұратын қалаларды шайып кетеді.

Сүре 41:49-шы аятта: былай деген: «Адам баласы жақсылық тілеуден жалықпайды да, егер оған бір жамандық душар болса, сонда мүлде күдер үзіп, үмітсізденеді». Бұл аятта адамдар кез келген уақытта ауыртпалық тартқан кезде, Алланың игілігіне сенімін жоғалтатынын дәлелдейді. Олар былай ойлайды: «Егер Алла мені жақсы көретін болса, онда менің отбасым неліктен жер сілкінісінен қайтыс болып кетті?».

Бірде мен достарыммен бірге араб кофесін ішіп отырдық. Олардың кішкентай балалары бізді қуантып жатқанда, біз әңгімелесіп, біраз күлдік. Олардың төрт айлық сәбиі әдеттегідей күшті және топ-толық болды. Барлығымыз оны қуана тіземізге салып алып, ары-бері көтеріп жүрдік.

Бірақ досымыз соғыста отбасынан қалай айырылғанын айта бастаған кезде, әңгімеміз жайбарақат төменгі тонға ауысты. Ол небәрі 25 жаста болған кезде, бейкүнә кішкентай ұл-қыздарын жерлеуге мәжбүр болған екен. Жерлеу алдында ол оларды фотоға түсіріп алыпты.

Біз оның телефонын бірінен соң бірімізге өткізіп, жүрегін елжірететін фотоларды көріп шықтық. Оның нәзік сәби қызы ақ көрпеге оранып, енді ғана ұйықтап жатқандай әсер қалдырды. Оның жүзі пәк-таза, тәтті болып көрінді.

Келесі фотода біз оның кішкентай ұлын көрдік. Шамасы, ол жарылғыш заттан қаза тапқан сияқты. Шрапнель оның беті мен денесін жаралап тастаған. Ол сол кезде әлі де ойын

киімін киіп жүрген екен. Бомба жарылған кезде, ол үйінің жанында доппен ойнап жүрген болуы мүмкін. Басын бүйіріне бұрып, бетіндегі қанды іздерге қарамастан, жайбарақат демалып жатқан баладай болып көрінді.

Ары қарай қарауға дәтім шыдамыды да, телефонды досымызға қайтарып бердім. Бомбалар менің балаларыма тиген жоқ, бірақ мен оның қайтыс болған жақындарын көрген кезде, жүрегім қалайша тастай болып қатып қалды?

Тағы бірде бір досым дауысын көтеріп, ашуланып, қыздар жатақханасында өрт болып, ал сол кезде олар жатақханадан қашып шығуға мүмкіндік болмай қалған кезде, Алланың неге өрттің болуына рұқсат еткенін түсіндіруімді талап етті. Қыздар жасырын шығып кетпес үшін, біреу есіктерді сырттан жауып тастаған екен. Жасөспірім қыздардың өлімі, жүздеген сүйікті отбасы мүшелері мен достарына әсер етті. Ол қатты дауыстап: «Алла бар дейсің. Ол Ыбырайымның балалары үшін Қызыл теңізді екіге бөлді, Исаны өлімнен қайта тірілтті деп айтасың. Айтшы, сол қыздар жатақханадан қашып кетуі үшін кілтті бұрап, бір қарапайым есікті ашу Оған өте қиын болды ма? Маған айтшы!»

Соңғы жүздеген жылдар ішінде, бірнеше жазушылар Аллаға кінә тағатын қиын сұрақтар қою арқылы, атақты және бай болып алды. Егер Алла -күдіретті, сүюші болса, неге Ол азапты тоқтатпайды? Адамға қорқынышты нәрселер өмірінде кездескен кезде, «ол үмітін үзеді». Алладан үмітін үзген адамдар бір-бірімен үмітсіздік пен мұңды бөлісу арқылы жұбаныш табады.

Бірде мен Фейсбук парақшама мынадай сұрақты жазып қойдым: «Сіздер қалай ойлайсыздар? Сүйіспеншілікке толы

Алла адамдардың азап шегуіне, ал зұлымдықтың болуына қалай жол бере алады?» Менің сұрағыма бірнеше достарым жауап жазды.

«Ерікті бостандығымызға байланысты» деп жазыпты біреуі.

Ал басқа біреуі былай жазыпты: «Мен ойлаймын, егер Алла адам баласының әрбір ісіне зиян тигізетін әрекетке араласып, тосқауыл қоятын болса, онда адамдар былай айтар еді: «Егер Алла жақсы әрі құдіретті болса, неге бәрімізді өз еркімізден тыс, құлдықта ұстап отыр?»

Бір досым жәй тыңдап отырды, бірақ бірде-бір жауап оны қанағаттандырған жоқ. Сонда ол: «Кейбіреулер тезрек «жауап» алуға талпынып отырады. Алла шексіз және мәңгілік, біз Оның кез келген нәрселерді қалай түсінетінін, біз өзіміз түсіне алмаймыз».

«Бұл мәселені Алланың өзі түсінеді деп ойлайсың ба?», деп жауап бердім.

«Иә, әрине, Ол не істеп жатқанын Өзі біледі, бірақ менің ойымша, бұл оңайлатылған логикалық «жауап» сияқты қарапайым емес. Біз бәріміз үлкен гобеленнің кішкене бөлігін көре аламыз, әрине егер идеалды емес ұқсастықты қолданатын болсақ және мүмкін барлық стандартты «жауаптарда» азда болса шындық бар, бірақ олардың ешқайсысында бүкіл шынайы шындық жоқ. Олар нақты жауап алмайды. Біздің ақыл-ойымыз Алланың түсінігі мен көзқарасының кең ауқымын түсінуге қауқарсыз».

«Алланың ақыл-санасы біздікінен әлдеқайда үлкен», деп келістім.

«Қалай болғанда да, менің ойымша, осы әлемдегі азап пен зұлымдық туралы сұрақтар қойған кезде, адамдар әлі де логикалық жауап іздемейді».

«Қалай ойлайсыздар, сонда олар не іздеп жатыр?», деп сұрадым.

«Меніңше, олар не Иса әл-Мәсіхпен кездесе алмағаны үшін сылтау іздейді немесе олардың қатты қиналғаны сонша, олар өздерін жақсы көретінін және белгілі бір мағынада, Алланың олармен бірге сол азапты бастан өткеретінін білуі керек, деп санайды».

Менің барлық достарым мұнымен келісті. Алла біздің қасіретімізден алыс тұрған жоқ. Ол әл-Мәсіх арқылы біздің қасіретіміздің ең терең түкпіріндегі деңгейге кірді. Інжіл бізді былай сендіреді:

«Ол бізге жаны ашымайтын, осал жақтарымызды түсінбейтін діни қызметкер емес, қайта, өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ» (Еврейлерге 4:15).

## **41-ші тарау**

### **42-шы Сүре: Әл-Шура (Кеңес)**

**Алла адамдармен сөйлесе ме? (Сүре 42:51)**

Құранда Жәбірейіл періштенің Мұхаммедпен сөйлескені айтылады. Алланың адамдармен сөйлескісі келетінін растай отырып, Сүре 42:51-ші аятта басқа тағыда сөйлейтіні айтылған.

«Адам баласымен көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі: Не бір елші жіберіп, өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді. Күдіксіз Ол, өте жоғары, хикмет иесі»

Бұл Алла адамдарға елші жібермей-ақ сөйлейді немесе қазірде адамдармен сөйлесе алады дегенді білдіре ме? Перденің арт жағындағы жігер алу немесе аян дегеніміз не? Бұл тамаша сұрақ.

Орталық Азияда коммунизм құлағаннан кейін, сол жерде тұратын мұсылман халықтары Алланы қайтадан тани бастады. 70 жыл бойы коммунистер оларға, Алла – кәрі кемпірлер мен кішкентай балаларға арналған ертегі екенін айтып келді.

Талас өзенінің аңғарында тұратын бір қазақ отбасы Құран мен Інжілді оқи бастады. Бұрынғы коммунистер полицейлерді олардың үйлеріне еретіп әкеліп, не нәрсеге сенетінін білулерін талап етті. Сонымен қатар, олар өздерімен бірге бір жас және бір жасы біразға келіп қалған, екі имамды алып келді. Бұрынғы коммунистер барлық дінді жоққа шығарып жатса, ал имамдар Інжілге сенім артпайтындарын айтумен болды.

Барлығы еденге отыра кетті, атмосфера өте шиеленісті болды. Полиция мен имамдар «Неліктен Інжілді оқып жатырсыңдар?» деген сұраққа жауап беруді талап етті. Олар Иса әл-Мәсіх туралы айтқандары үшін, жас имам олардың үстерінен мазақ етті.

Оның әйелі сабырлықпен, оларға: «Сендер Құранда әл-Мәсіх туралы не айтылғанын білмейсіңдер ме?», деп түсіндіруге тырысты.

«Жоқ, бұл кәпірлердің діні», деп жас имам оларға ұрысып жауап берді.

«Мына жерде, мына аят Ол туралы айтады», деді ол Құранды барлығының көзінше ашып тұрып.

Ақсақалды имам, жас шәкіртіне бұрылып қарап, үндемеуді ымдап түсіндірді. Сол кезде ол: «Бұлар дұрыс айтып отыр», деді.

Осы отбасының Алланы іздеуі қалай басталды? Бір жағынан, бәрі әйелінің ұмытылмас көрген түсі арқылы басталды. Ол оянған кезде, Алла оған жігерлі аян жібергеніне күмәнсіз сенді.

Оның көрген түсінде қандай ерекше оқиға болды? Ол әлемдегі ең биік тауларды көрді және олардың бәрі оның алдында көкжиекке дейін иіліп тұр екен. Аспандағы таулардың үстінен нұр шашып, сол жарықта тап-таза қардан да аппақ, шапан киген адам кейпіндегі тіршілік иесі тұрғанын көреді. Ол кісінің бетінен тараған жарық нұр, үлкен сарқырамадай жарқыраған толқындар іспетті төгілді. Ол Оның жарқыраған аппақ бет-жүзі мен киіміне тамсанды. Кейбір ішкі дауыс оған, сен Иса әл-Мәсіхтің қайта тірілу салтанатында қарап тұрғанын көріп тұрсың деп айтты. Оның даңқы бәріне үстемдік етеді.

Апта сайын осы әлемнің түкпір-түкпірінен осындай жаңалықтар келіп жатады. Бұл тап-таза ақ киімді адам, көптеген адамдардың түстерінде және аяндарында оларға

келеді. Ол адамдарға ояныш беруге және шындықты іздеуге (әл-Хақ) жігерлендіреді.

## 42-шы тарау

### 43-ші Сүре: «Әз-Зухруф» (Әшекейлер)

#### **Араб тіліндегі кітап (Сүре 43:3)**

«Расында түсінулерің үшін оны Арапша Құран қылдық».

Бүкіл әлемде 20 мыңнан астам тіл бар. Қайсысын үйрену ең қиыны? Ағылшын тілінде миллионнан астам сөзден тұратын, ең үлкен сөздік бар. Қытай, тамил, түрік, орыс және басқа да көптеген тілдерде, үлкен сөздіктері мен күрделі грамматикалары бар. Араб тілі де өте қиын, сөйлеуі де, оқуы да қиын. Біз тағы да Құранды түсінетін адамдар үшін, араб тілінде берілген деген аятқа келеміз. Құран пайда болғаннан бері 1400 жыл ішінде, араб тілін түсінетін бүкіл әлем халқының пайызы бұрынғыдан аз болмаса, қазіргі таңда көп емес. Әлем халқының тек 3 пайызы ғана араб тілінде сөйлейді екен. Егер Құран бәріне берілген болса, онда неге ол аз түсінетін тілде келді?

Біреу Інжіл туралы да дәл солай сұрауы мүмкін. Ол грек тілінде жазылған, бірақ бүгінгі таңда бұл көне тілді түсінетін адамдар одан да аз. Оған жауап былай болады: мәсіхшілер хабардың өзі, түпнұсқа тілге қарағанда аса маңыздырақ деп сенеді.

#### **Иса әл-Мәсіхтың қайтып келуі (Сүре 43:61)**

«Біз сіз сияқты Исаның қайта келетініне сенеміз!» Досым бұл ойға қуана күліп қойды. «Ол қайтып келгенде, барлық

жалған дінді жойып, Соңғы күн орнағанға дейін жер бетінде исламды орнатады».

Менің бірінші жауабым, қарапайым сұраққа жауап бере алады. «Егер Иса Соңғы күннің алдында қайтып келетін болса, сөйтіп бәрін өз орнына қоятын болса, бұл оны соңғы пайғамбар етпей ме?»

Мен бұл сұрақты бірнеше рет қойып көрдім, ешкім оған қарапайым жауап бере алмай жатыр. Бірақ неге мұсылмандар Исаның екінші рет қайтып келуін әлі де күтуде? Құранда бұл туралы анық айтылмаған. Онда былай делінген: «Күдіксіз қиямет мезгілінің белгісі. Сондықтан оған күдіктенбей Маған еріңдер. Міне осы тура жол». Түсініктеме беретін комментаторлар, өз сөздерін қосуды жақсы көреді, бірақ біз оны қоспаймыз.

Инжіл Исаның екінші рет қайтып келетіні жайлы айтқан ба? Иә, әрине, өте егжей-тегжейлі айтады. Ол келмес бұрын, қиын күндердің туатынын ескертеді. Жер бетінде шайқастар мен соғыстар, халықтардың бір-біріне қарсылығы, індеттер, жер сілкінісі мен қайғы-қасірет бүкіл әлемде болатынын айтады. Халық Исаның шәкірттеріне қарсы өшпенділікпен көтеріліп, оларға жалған айып тағып, қудалап, өлтіретін болады.

Иса жалған пайғамбарлар мен жалған мәсіхшілердің әртүрлі жерлерде пайда болатынын айтты. Ал, осының бәріне қарамастан, Соңғы күніне дейін барлық халықтарға Ізгі хабар (Инжіл) таратылатыны айтылады.

Осы әлем қараңғы түнекке батып бара жатқан кезде, ұлы алдамшы адам көтеріліп, барлық халықтарды өзіне

табынуға мәжбүрлеп, ең қасиетті жерде өз орнын алады. Сол жалған Мәсіх бірнеше жыл бойы ғана табысқа жететін болады. Сонда шынайы әл-Мәсіх қайтып келіп, осы әлемде өзінің әділ Патшалығын орнататын болады (Матай 24 тарау). Ол тірілер мен өлілерді соттайтын болады. Қой мен ешкілерді бір-бірінен айырғандай, Иса өз халқын сенбеушілерден ажыратады. Рухани қайта туылмағандар мәңгілік өлімге, ал жоғарыдан қайта туылған адамдар мәңгілік өмірге кіретін болады.

Мәсіхшілер Соңғы күнге сенеді ме? Сөзсіз сенеді. Иә, біз «әумин» дейміз. Мараната, тез кел, Иса әл-Мәсіх.

### **43-ші тарау**

#### **44-шы Сүре: Әл-Духан (Түтін) және**

#### **45-ші Сүре: Әл-Дәтия (Тізерлеп отыру).**

### **Көбірек әсерлі суреттемелер (Сүре 44:43-48)**

Кейде Құрандағы тозақтың суреттемелері өте әсерлі. Осы аяттар тозақты қорқынышты етіп бейнелеп береді.

«Шынында заққұм ағашы; Күнәкарлардың тамағы.  
Балқыған кен сияқты қарындарында қайнайды.  
Қайнаған су құсаған. «Оны ұстандар да сүйретіп,  
тозақтың ортасына тастаңдар». «Сосын басының  
үстіне азап ретінде қайнар су қойыңдар».

44 және 45-ші Сүрелер қысқа болса да, сенбеушілердің жазаланатындары туралы ерекше ескертулерге толы, ал сонымен қатар сенушілер сән-салтанаты мол елде, оларды күтетін әдемі жас әйелдер оларға уәде етілген. Бұл сөзбе-сөз немесе символдық мағынада айтылған ба, біз оны нақты

білмейміз. Қалай болғанда да, Құран жұмақ пен тозақты түбегейлі ажыратып суреттейді.

#### **44-ші тарау**

#### **46-шы Сүре: Әл-Ахқаф (Кұмдар)**

**Құран Киелі кітапты растайды (Сүре 46:10).**

Міне, Таурат пен Забурдың өзгертілмегеніне, Құран үйретпейтініне бұл талас әкелмейтін айқын дәлел. 10-шы аят былай делінген: «Көрдiңдер ме? Егер де Құран Алланың қасынан болып, сендер оған қарсы болсаңдар; сондай-ақ Израил ұрпақтарынан бiр куә, осы сияқты (Таурат) ға куә болып, кейiн иман келтiрсе де сендер менменсiсеңдер, күдiксiз Алла залым елдi тура жолға салмайды»

Мыналар туралы ойланып көрейiк. Сенбеушiлер Мұхаммедтi Құранды қолдан жасады немесе жынның әсерiнен сөйледi деп айыптайды. Жауап ретiнде 10-шы аят сенбеушiлерге, Мұхаммедтiң сөздерiн Мұсаның кiтабымен салыстыруға шақырады. 10-шы аят жазылған кезде, Таурат өзгертiлген болса, Мұхаммед Тауратты шындықтың сенiмдi көзi ретiнде көрсете алмас едi. Құранға сүйенетiн болсақ, Таурат, Забур және Инжiлдi өзгертуге болмайтынына күмән жоқ. Кiмде-кiм басқаша айтатын болса, Құран бұрынғы Жазбаларды қате түрде ұсынып отыр деп айтады.

#### **45-ші тарау**

#### **47-шы Сүре: Мұхаммед немесе Әл Китал (Шайқас)**

**Жайлылық па немесе жоқ па? (Сүре 47:20)**

Бұл Сүреде сенбеушілермен болатын соғысу мәселесіне қайта ораламыз. Мұхаммедтің әрбір ізбасары шайқасқа баруды ұнатпайтыны анық.

«Иман келтіргендер: «Бір сүре неге түсірілмейді?»,- дейді. Ішінде соғыс баян етілген, ашық түсінікті бір сүре түсірілген кезде, жүректерінде дерті барлардың, саған; өзін өлім есірігі басқанның қарауынша қарағанын көресің. Оларға өлім артық»

Бұл үзінді қорқыныштан артқа шегінетін адамдарды ескертетін болады. Оларға біраз ыңғайлы уақыт болуы мүмкін, бірақ бұл жерде ақыры соңында періштелер олардың жандарын алып, бетінен және арқасынан ұратыны айтылады.

Одан әрі бұл жерде айтылғаны, сенушілер ешқашан ешкімді бейбітшілікке шақырмауы керек, алайда олар «жоғары деңгейге» жеткенше бар күштерімен шайқастарын жалғастыра беру керек. Мүмкін сондықтан шығар, исламдық ғимараттардың әдетте барлық басқа ғимараттарға қарағанда биіктеу салынуының бір себебі де осы болса керек. Мысалы, Сауд үйі Меккенің орталығына салынған, ол Лондондағы Биг-Беннен әлдеқайда биік, оның биіктігі 600 метр (1972 фут) сағат мұнарасын салды. Ең биік ғимараттарға ие болу символикасы, мұсылмандардың ислам барлық нәрседе ең биік шыңдарға жетуі керек деп, сенетінін күшті еске салып тұрғандай.

#### **46-шы тарау**

#### **48-ші Сүре: Әл-Фатх (Жеңіс)**

## **Жеңіс (Сүре 48)**

Біз сағат мұнаралары жайлы болсын, экономикалар, әскерилер, мешіттер немесе қауымдар туралы айтсақта, Құран исламның кез келген жалған діндерді жеңетінін айтады. Сүре 48:6 аятта былай делінген:

«Аллаға байланысты жаман ой ойлаған мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдерді, мүшрік ерлер мен мүшрік әйелдерді азапқа ұшыратады. Жамандық өздеріне болсын. Алла оларға ашуланды, оларды лағынеттеді де, оларға тозақ дайындады. Нендей жаман барар жер.»

XXI ғасырда көптеген адамдар «империалистік күштерге» шағымданатын болады. Бұл күштер қандай қараңғы мақсаттарды көздейді? Қауіп қаншалықты шынайы? Бұл жерде айтылған адамдар «Алла жайлы жаман нәрсе ойлайтын» адамдарға ұқсай ма? «Алла жайлы жамандық ойлау» деген нені білдіреді?

### **47-ші тарау**

#### **49-шы Сүре: Әл Хужурат (Бөлмелер)**

### **Күмән (Сүре 49:15)**

Күмән болған кезде біз не істейміз? Күмән қай кезде сенімді жойып жібере алады? Құранда шынайы мұсылмандар – олар ешқашан күмәнданбайтындардың қатарында екенін ескертеді. «Шын мәнінде сондай Аллаға, Елшісіне иман келтірген мүміндер, сосын күдіктенбей; Алла жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар, шыншылдар». Бәлкім, бұл кейбір мұсылмандар соғысты

тоқтатып, кері бұрылып, соғыстан қашып кеткендермен күресу керектігі жайлы білдіріп жатқан шығар. Мүмкін, бұл намазды (мінажаттарын) тоқтатқандарды білдіретін шығар. Бірақ бұл тек сыртқы мінез-құлық болып табылады. Ал жүректегі ше? Адам Аллаға шын жүрегімен сенім артпай-ақ, соғысқа қатысып, мінажатын оқып жүруі әбден мүмкін. Сондай-ақ бір уақытта сенім мен күмән да болуы мүмкін. Сезімдер мен ойлар бізді екеуі екі жаққа тартып кете алады. Жолдар қиылысатын екі жаққа кететін жерде тұрып, Алла енді бізді барлық күмәніміз үшін жазалай ма деп қорқып жүреміз бе, әлде біз Исаға бар дауысымызбен айқайлаған адам сияқты: «Мен сенемін. Сенімім жетіспегенде оны нығайта көріңіз!», дейміз бе! (Марқа 9:24)

## **48-ші тарау**

### **50-шы Сүре: Кәф**

#### **Мойын тамырынан жақынырақ (Сүре 50:16-17)**

Менің досым, менің барлық істеріммен, нені білетінімдерді, бақылап тұрғысы келетінін қалады. «Расында адамзатты жараттық. Оған, нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені Біз, оған күре тамырынан да жақынбыз. Оның оңынан да, солынан да екі байқаушы отырады».

16-шы аят жұбаныш немесе қорқыныш әкелуге арналған ба? Мен білмеймін, оған сенімді емеспін. Бір досым осы аятты оқып, маған былай деді: «Алла сенбеушілерді өлтіруге құдіреті бар екенін ескертіп тұрған сияқты», - деді. Мұхаммед 62 жасқа келген кезде, уланып қайтыс болған көрінеді. Оның айтуынша, у оның күре тамырын кесіп тастағанын айтқан. Шайқас кезінде жауынгерлер тез өліп

қалуға үміттеніп, оның мойындағы тамырға соққы береді екен. Мойын тамыр - адам ағзасындағы ең осал жерлерінің бірі болып табылады.

17-ші аят, мені Алланың өзі немесе оның періштелері адамдарға жақын ба деген сұрақ ойымды шатастырып жіберген тәрізді. Құранда Алла бізге өте жақын немесе аспанда өте алыс деп үйретеді ме? Мұсылмандар, кез келген адам, кез келген уақытта Алланың алдына баратынына сене ме?

Бірде мен басқа бір мұсылман досымнан, «уақыт келгенде Алланы кездестіреміз бе?» деп сұрадым. Сонда ол: «Мен олай ойламаймын. Мүмкін Мұхаммед Алламен жүзбе-жүз кездесетін шығар, бірақ қарапайым адамдар емес», деп жауап берді. Сүре 43:84-ші аятта: «Ол сондай Алла, көкте де Тәңір, сондай-ақ жерде де Тәңір. Және Ол, аса дана толық білуші». Бұл жерде айтылған сөз, Алланың билігі туралы, алайда Оның қатысуы туралы емес деп айта аламыз. Бірақ бұл жағдайда, Ол біздің күре тамырдан да жақын бола алмас еді.

Ислам – бұл *Таухид дині* (дін). Ол бізді Аллада бөліну жоқ деп үйретеді. Бұлар осы аяттарды қызықты етіп көрсетеді, өйткені біз Алланы бір жерде ғана емес, көптеген жерлерден таба аламыз. Алла жерде де бар, Алла көкте де бар. Бұл әртүрлі жерлерде, әртүрлі шартпен болады. Біз көктегі періштелер болатын жерде, сонымен бірге Алланың қасында да боламыз ба? Алланың жердегі және ең биік Аспанда болғаны сияқты, жұмақта да болуы мүмкін бе?

Көктегі Алланың бейнесін, жерде өмір сүрген Иса әл-Мәсіхтың бейнесі арқылы маған көрсетілген

сүйіспеншілігін түсінуге көмектеседі. Сүйіспеншілік үш жақты көрінді, Алла көкте болғанындай, сол бір уақытта жерде де бола алады. Ол Әмірші ретінде көктегі барлық нәрсеге Тәуелсіз билік етеді және Алланың Рухы ретінде жер бетінде де бізбен бірге. Ол уақытпен де, кеңістікпен де немесе мәңгілікпен де шектелмейді.

## **49-шы тарау**

### **51-ші Сүре: Әл-Зәрият (Шашырап кеткендер)**

#### **Кешірім (Сүре 51:18)**

Кінәлі сезімі – ол қандай болады? Ауыр ма? Лас па? Қорқынышқа толы ма? Дабыл қағатын қоңырау сияқты, ар-ұждан бірдеңе дұрыс болмай қалған кезде, айту үшін жасалған. Кінәлі сезімнен және ар-ұяттан қалай арыла аламыз? Кейбір адамдар Алладан көмек сұрайды. 18-ші аятта былай дейді: «Олар таң сәрілерде жарылқану тілеуші еді».

Біз мінажат етеміз, алайда Алла бізді кешіре ме? Қайта-қайта күнә жасай берсек не болады? Адамдар киелі жерлерге барып, мінажат жасап жүреді. Олар қайтадан сол аяқ киімдерін киіп, өз күнәларына қайта оралады. Күнә, сосын кешірім, сосын тағы да күнә. Мұның мәні неде?

Біреу ұлы көсемнен былай сұраған екен: «Сіз бұрын-соңды кешірім сұрап көрдіңіз бе?». Ол бір сәт ойланып тұрып: «Жоқ, шын мәнінде, мен өзімнің қателік жібергеніме сенімді емеспін», дейді.

Инжілде былай делінген: «Егер «күнәсізбіз» десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны. Егер де

күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады.» (Жоханның 1-ші хаты 1:8-9)

Кешірім іздеу – бұл кездейсоқ ойын емес. Кейбір адамдардың ойынша, Алла кешірім жасауға кепілдік бермейді деп ойлайды. Ол кешіруі де, кешірмеуі де мүмкін. Алланың осы бейнесінде бір маңызды кілт анық жетіспейтін сияқты. Алла Өзінің уәделерін негізге ала отырып, кешіреді. Ол Алланың Тоқтысын құрбан ету арқылы, кешіруге уәде береді. Ол Иса әл-Мәсіхке сенгендерді кешіретініне бұлжытпастай ант етеді. Ол ешқашан өтірік айта алмайды.

Бір күні біз отбасымызбен бірге, достарымыздың үйінде отырған болатынбыз, сол кезде мен оларға Алла Өзінің уәдесін орындайтынын айттым. Мен қарапайым мысалмен түсіндіруге тырысып: «Жаңа кір жуғыш машинамен бірге келетін кепілдік құжаттарынан, Алланың уәдесі сенімдірек», дедім. «Егер сіздің жаңа кір жуғыш машинаңыз істен шықса, сізде компания оны жөндеуге немесе ауыстырып беруге кепілдік беретін құжатыңыз бар. Бұл 100% дұрыс. Тура сол сияқты, егер біз күнәларымызды мойындасақ, Алла оларды кешіріп, бізге мәңгілік өмір сыйлайтынын уәде етеді».

Сонда үй иесінің әйелі қызарып, дауысын көтерді. «Жоқ, бұл дұрыс емес. Оның толық кешірілгенін және жұмаққа баратынын ешкім біле алмайды. Сіздің кепілдік құжаттарыңыз қайда? Көрсет!», деді.

«Міне», дедім мен Інжілді көтеріп. «Бұл Алланың өзі берген уәдесі. Кір жуғыш машина шығаратын компанияға

қарағанда, Ол уәдесіне берік емес пе? Егер ол бірдеңе уәде берсе, міндетті түрде орындайды. Ешқандай күман болмауға тиіс».

### **Кешірім алған және кешірім беретін.**

Бір күні Исаға шәкірттері оған жақындап, келіп: «Бізге мінажат етуді үйретші», - деді. Сонда Ол:

«Сонымен Құдайға мына іспетті мінажат етіп сиыныңдар: Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің қастерлене берсін, Патшалығың осында орнасын! Сенің еркің көкте орындалғандай, Жер бетінде де орындала берсін! Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр. Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей, Сен де күнәларымызды кешіре гөр. Азғырылуымызға жол бермей, Бізді жамандықтан сақтай гөр» (Матай 6:9-13)

Егер біз біреуді кешіруден бас тартсақ, бұл шын мәнінде Алланың кешірімін шынымен түсінбегенімізді білдіреді.

Түн ортасында маған бір жақсы досым қоңырау шалды. «Жаңалықты көрдің бе?» деп сұрады.

«Жоқ», деп жауап бердім. Оның айтқан дауысынан мен қатты қобалжыдым.

«Интернеттен қарап көріңіз, қазір ғана не болғанын оқыңыз», деді.

Қоңырау шалғанына алғысымды айттым да, сол сәт жаңалықтар сайты тез аша бастадым. Экранға қарап отырып, асқазанымда бір түйін қатайып қалғанын сездім. Жаңалықтарда лаңкестердің, Таяу Шығыстағы Інжіл тарату

кеңсесінде, үш адамды аяусыз өлтіргені хабарланды. Келесі күні біз таң қалдыратын мәліметтерді білдік. Киелі кітаптарға қызығушылық танытамыз деген желеумен, бірнеше жас жігіт мәсіхшілер қауымының жетекшілерімен кездесуді ұйымдастырады. Інжіл кеңсесінің екі қызметкері мұсылман отбасында өскен екен, бірақ кейін Иса әл-Мәсіхты жақсы көріп, оған сенім артады. Ал үшіншісі, зайырлы Еуропада өсіп, жас кезінде мәсіхшілікті қабылдаған. Бұл әрекеттің барлық себептері бәріне де белгісіз, бірақ жауласуға бел буған жастар, осы бейбіт үш адамға шабуылдың тұтас жоспарын құрған.

Сол сұмдық күн жазықсыз басталған. Бір-екі жас жігіт олардың кеңсесіне келіп, рухани сұрақтарға қызыққан адам кейіпін танытып отырған.

«Шәй ішесіз бе?», деп сұрады мәсіхші неміс ұлтынан болған кісі дәм ұсынып.

Бірнеше минуттан кейін, тағы бірнеше жас жігіттер кіріп келді, барлығы бес адам болды. Таңертең үш мәсіхші де кеңсеге келеді. Бірнеше минут бойы сол жердегі жасы үлкен адамдар Таурат, әл-Мәсіх және Інжіл туралы сұрақтарға жауап беруге тырысады. Бес жігіт қобалжып, араларындағы жетекшілері барған сайын ызаланып, ашумен сөйлей бастайды.

Аяқ асты олар өздерін ұстай алмай қалады. Сонда бес жас жігіт жетекшілеріне алаңдауды тоқтатады. Пышақтардың жылтыры жарқ ете қалады. Олар ер адамдардың аяқ-қолдарын байлап тастайды. Ал екеуі кеңсені тінтей бастайды. Олар шынымен де, сол жерден қару немесе есірткі табамыз деп ойлады ма екен? Кім біледі? Шамасы,

олар мәсіхшілер туралы өтірікке сенген шығар. Олар қару-жарақ таба алған жоқ, тек Алланың сүйіспеншілік жайлы Киелі кітаптар ғана болды.

Лаңкестердің басшысы кеңсенің еденінде қимылсыз жатқан үш мәсіхшіге бар даусымен айқайлап: «Сіздерді кім жіберді?!» деп сұрады. Жанында тұрған бірнеше жігіт оларды қайта-қайта ұрды. Зардап шеккендер, еңіреп жылап тұрып, жандарын сақтап қалуды өтінді.

Оларды азаптауы бірнеше сағатқа дейін созылды. Бірақ мұнымен біткен жоқ. Олардың мойын тұсынан, үш жылдам пышақпен кесіп жіберді. Бұл қорқынышты көріністі сипаттау мүмкін емес.

Дәл осы кезде кеңсеге мәсіхші досы кіріп келеді. Ол құлыпталған есікті аша алмағандықтан, дереу полиция шақырады. Олар бірнеше минуттан кейін келіп, есікті бұзып, бес лаңкестің де құрбандарының қанына боялған жерінен тапты. Екі мәсіхші оған дейін қайтыс болған еді. Ал жедел жәрдем ауруханаға үшінші адамды жеткізген болатын, бірақ ол сол күні кешке көп қан жоғалтқандықтан қайтыс болды.

Өлген ер азаматтардың екеуінің артында әйелдері қалды, ал үшіншісінің қалыңдығы бар болатын. Полиция келгеннен кейін, бірнеше минут өткен соң, шабуыл туралы олардың жесірлері білмей жатып, бұқаралық ақпараттар құралдары жұртшылыққа хабарлады. Ақпарат өте аз болғандықтан, әйелдері ауруханада және үйде отырып, не болғанын түсіндіру үшін олардан мәлімет күтті. Екеуінің де кішкентай балалары болды, бұл онсызда ұзақ күткен ауыртпалықты, одан сайын ауырлатты.

Бірнеше күннен кейін, қаза тапқандардың отбасы жақындарының денелерін жер қойнауына тапсырды. Халықаралық телеарналарда, болған оқиғаны жесірлердің қалай қабылдайтынын бүкіл әлем бақылап, қадағалап отырды. Олар кек алуға басқаларды шақырады ма? Олар өз жауларын қарғайды ма? Олар лангестерді жек көреді ме? Сол кезде, әйелдердің біреуі, қимылсыз отырған жұрттың алдына шығып, былай деп сөз сөйледі:

«Біз мәсіхшілер ретінде, осында келіп, тұрғымыз келген. Бұл біз үшін өте қиын кезең, мен өмірдегі досымнан айырылдым, ал балаларымыз әкесінен айырылды. Бірақ мен күйеуімнің Иса әл-Мәсіхтің аты үшін қайтыс болғанын білемін. Оның қаны бекерге төгілген жоқ. Осы жер үшін, бұл жаңа бастама болады. Иса айқыш-ағашта тұрған кезде, айналасындағы адамдарға қарап: «Әке, оларды кешіре гөр, өйткені олар не істеп жатқанын білмейді», - деді, міне, мен де солай еткім келеді».

Иса кешірімді таңдаған секілді, оларда кешіруді таңдады, себебі өздері кешірілген болатын.

## **50-шы тарау**

### **Қысқа сүрелер**

#### **Сүрелер 52-61**

Соңғы Сүрелердің көпшілігінде Аспанда берілетін сыйлар жайында (сулы өзендер, дәмді сусындар, сұлу қыздар, жас қызметшілер, демалыс орындары, т.б.) сонымен қатар күнә үшін тағайындалған жазалар (от, қара түтін, қайнаған су, кенеттен қирап қалу, Сот болатын күні) туралы айтылады.

## Тұзды және тұщы су (Сүре 55:19)

«Сіз білесіз ба, Құранда тұзды су мен тұщы судың арасында шекара бар екенін дәл болжағаны айтылған, соны білдіңіз бе? Міне, осы Жак Кустоның исламды қабылдауға көндірген». Осылайша, менің досым Сүре 55:19-шы аятта жазылған үзінділерге негізделген жаңалықтарды менімен бөлісуге асықты.

Бала кезімде, мен Ніл мен Амазонка сияқты әлемдегі ең үлкен өзендердің бірі болып табылатын, үлкен өзеннің ернеуінде өстім. Бұл өзен жаңбыр мен су тасқыны болған кезде, жиналатын суларды 3000 шақырымға дейін ағызып алып кетеді. Сайып келгенде, барлық ірі өзендер ағып барып, теңізбен кездеседі, мұнда тұщы және тұзды судың арасында көзге көрінбейтін шекара бар. Расында да, Алла тұщы су мен тұзды судың арасына қабырға тұрғызып қойған.

Көктем айларының бір күнінде, біз әйелім екеуіміз Ыбырайымның жеріне сапар шектік, сол жерден жалдамалы көлік алып, елдің түкпір-түкпірін араладық. Жарқыраған шуақты таңында, біз кофе мен таңғы ас орамдарын сатып алып, солтүстікке бет бұрдық. Бір-екі сағаттан кейін, біздің жолымыз Ғалилея теңізінің терең аңғарына түсті.

Балықшының ауларын теңіздің тұщы суына лақтырғанын бақылап отырып, біз түскі асқа фалафель жедік. Одан кейін оңтүстікке бет бұрып, Иордан өзенінің тұщы су ағып жатқан жағына қарай келдік. Бұл аймақ құрғақ және жел соққан Иордан аңғарына қарай ауысты. Өзеннің мөлдір сулары, Ғалилеяның тұщы теңізі арқылы ағып, оңтүстікке қарай, Өлі теңізге дейін жалғасады. Біз өзен бойын жағалап

отырып, Өлі теңізге бардық. Бұл мүлдем басқа, бізге біртүрлі көрінді. Онда тұздың көп ерігені сонша, Өлі теңіздің суы адамдардың суға батып кетуіне жол бермейді екен. Олар тығынның сынығындай, суда қалқып жүре береді.

Маған екі теңізді байланыстырып тұратын өзен туралы басыма ой келді. Біреуі – тұщы сумен, ол өмір беріп тұрады. Ал екіншісі - тұзға толы, ол өлі, тіпті қабірдегі өлік секілді. Олардың арасында Иордан өзені мөлдір суларымен, сабырлықпен ағып жатыр. Бірақ ол Өлі теңізге қанша тұщы су құйса да, ештеңе өзгермейді. Көзге көрінбейтін қабырға секілді қалды.

Арабтар табиғаттың осы тамаша фактілері туралы білген бе? Әрине, олар Ніл мен Өлі теңіз туралы білетін. Бұл Алла өз елшісіне таңғаларлық нәрсе түсіре алмайды дегенді білдірмейді. Бұл жай ғана, тұзды су мен тұщы судың арасындағы кедергілер туралы ерекше құпияның жоқтығын білдіреді.

### **Иса Мұхаммедтің келуін алдын ала айтты ма? (Сүре 61:6)**

Менің мұсылман достарым, менен жиі сұрайтын сұрағы: «Инжіл Мұхаммедтің келуі туралы айтқан жоқ па?». Біздің көріп отырғанымыз, «Құдайға шүкір» деген мағынаны білдіретін «Ахмад» сөзі Алдыңғы кітаптарда кездеспейтінін байқадық. Ол иврит, грек немесе арамей тілдерінде еш жерде кездеспейді. Құранда Инжілден жоғалған белгілі бір аят бар емес пе деп, кейбіреулер айтуы мүмкін. Бірақ қалайша, адам Алланың Сөзінен бір нәрсені алып тастай алады? Сонымен қатар, Алланың әсем есімдерінің бірі -

Мадақталушы. Сондықтан Исаның ізбасарлары оның уәдесін оның соңынан басқа бір көмекші – яғни, шынайы мадақталушы, Алланың Рухы келеді деп түсінеді.

## 51-ші тарау

### Сүрелер 62-70

#### **Жұма-намаз мінажаты міндеттелген (Сүре 62:9-11)**

Жұма күні әрбір мұсылман қауымында не болады? Муэдзин (Азаншы) мінажатқа шақырады. Барлық сенушілер дәреттерін алып, мешітке барып, *ибадат* (ғибадат етіп табыну) орындаулары керек.

Бірақ Жұмада тағы не болады?

Лық толы көшелерде жиналған адамдарға қарап, «Сол адамдардың көбісі жақсы мұсылман емес», - деді досым.

«Неге?», деп мен қызығушылықпен сұрадым.

Сонда ол: «Оларды жұма күні бақылаңыз. Олар ақша мен ойын-сауықты бір секундқа қууды тоқтатпайды. Олар Алла туралы немесе ғибадат туралы ойламайды да. Бет-жүзінде жиіркеніш байқалады.

Құран жұма-намазы туралы, бұдан анық айтпайтын шығар. Біз мына үзіндіні толығымен оқып шығуымыз керек:

«Әй мүміндер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде, дереу Алланы еске алуға (намазға) ұмтылыңдар; және сауданы қойыңдар, егер білген болсаңдар, сендер үшін жақсы. Намаз өтелген кезде, жер жүзіне таралыңдар да Алланың мәрхаметінен несібе іздеңдер. Сондай-ақ Алланы

көбірек зікір етіндер. Әрине құтыласындар. Олар сауданы, ойынды көрген сәтте, сол жаққа тарайды да сені тік тұрған бойда тастайды. Оларға: «Алланың қасындағы нәрселер, ойыннан да саудадан да жақсы. Алла ризық берушілердің жақсырағы»

Қандай да бір мүміннің (сенушілер) Жұма намазын қалдыруға заңды дәлелденген себебі бар ма? Алайда көп жерлерде мұсылмандар аптасына бір рет болса да, мешітке барып намаз оқымайды. Мәселен, зерттеу қорытындыларына сүйенетін болсақ, Мароккода мұсылмандардың 54% пайызы жұма намазына барады екен, Мысырда – 61%, Қазақстанда – 10%, Индонезияда – 72%, Түркияда – 44%, Өзбекстанда 9% пайызы ғана барады.

Мен Құранды оқитын Исаның ізбасары ретінде, тіпті не ойлайтынымды білмеймін. Жұма намаздан басқа, қандай жағдайлар бар. Мысалы үшін, дәрігерлер мен полицейлер өз жұмысын кез келген уақытта оңай тоқтата салмайды ғой. Бірақ мен жұма күні (жұма намазда) көретін көптеген адамдар, құрбыларымен немесе достарымен екінші шыны кофені ішіп отырып немесе темекі шегіп отырып, өсек айтып немесе соңғы іскерлік келісімді талқылап отыра береді.

Әрине, кез келген адам мәсіхшілердің де екіжүзділігі туралы нұсқай алады. Мен миллиондаған номиналды мәсіхшілердің ондаған жылдар бойы, қауым ғимаратына кірмегенін, бірінші болып мойындаймын. Егер осы француздар, немістер болсын немесе басқа адамдардан неге құлшылыққа бармайсындар деп сұрасақ, олар әдетте дінге

сенбеймін деп шынайы жауап береді. Мұсылмандардың көптеп жұма намазына бармауының себебі де осы емес пе? Бұл нені білдіреді? Бұл сұрақты саған қалдыруым керек, досым.

### **Екіжүзділер (Сүре 63)**

Соңғы талқылаған сұрақта айтқанымыздай, бұл Сүре екіжүзділерді айыптайды. Сол адамдар өздерін мұсылман ретінде, өте жақсы және сенімді түрде көрсете алады. Мұхаммед олардың көзге ұнамды болғанымен, еңкейіп, қисайып қалған бөренелер сияқты пайдасыз екенін айтты.

### **Мәриямға Алланың Рухы үрледі (Сүре 66:12).**

Міне, Рухулла туралы тағы бір түйінді ой. Алланың Рухы – ол періште емес.

«Имран қызы Мәриямді мысал көрсетті. Ол ұятты жерін қорғаған. Сондықтан рухымыздан үрлеген едік. Ол, Раббының сөздерін және кітаптарын растаған еді. Сондай-ақ бой ұсынушылардан еді.»

## **52-ші тарау**

### **Сүре 71-78**

### **Құранды оқыңыздар (Сүре 73:20)**

Осыдан бірер жыл бұрын біздің ауылымызда көрші кісі қайтыс болды. Жерлеу үшін алыстан туыстары келді, сонымен қатар үйіне көптеген көршілері де жиналды. Имам Құран оқу үшін сол жерге келді. Имам арабша Құранды қайталап оқып жатқан кезде, бәріміз отырған бөлмеде, ондаған адаммен мен де үнсіз отыра бердім. Бөлмеде

отырғандардың ішінен ешкім араб тілін білмейді екен, олар үшін бұл шет тілі болды. Имам бірнеше минут бойы жырға салып айтуды жалғастыра берді. Мен бөлмеде отырғандарға көзімді бір жүгіртіп шықтым. Адамдар бір нүктеге қарап отырып, анда-санда кейбіреулері «Бисмиллә» немесе «Әумин» деп қояды.

20-шы аятта: «Ендеше Құраннан оңай келгенін оқыңдар», делінген. Бұл Құран сөздерін дауыстап айту дегенді білдіреді.

Мен Құранды аударманың көмегі арқылы оқимын. Жерлеу рәсімі кезінде бірге отырған ауылдас достарым ше? Олар бірдеңені түсінді ме? Олар: «Біз имамды түсінбейміз» деп мойындайды. Түсінбейтін дыбыстардың, оларға қандай пайдасы бар?

«Тоқта!», деді біреу: «Мұсылмандар Құранда не жазылғанын өздері оқи алмаса да, олар Құранды біледі», деді. Әрқашан солай емес.

Кешке қарай мен сол көп балалы отбасымен бірге солардың үйінде отырдым. Олар араб тілінде, яғни ана тілінде сөйлейтін құдайшыл мұсылмандар еді. Әжем бұрын маған, ешқашан еркекпен қол алысып амандаспа, өйткені олардың бәрі *харам* болады деп айтатын еді.

Біз Алла туралы сөйлесіп жатқандықтан, мен олардан Құрандағы Нұх пен Топан су оқиғасын білесіз бе, деп сұрадым. Бірнеше секунд бойы олар маған ұялған сыңай танытып, таң қалған көздерімен қарады. Әжесі бұл әңгімені ешқашан естімегенмін деп, жауап берді. Оның жас жиен

қызы оқиғаның бір бөлігін есіне түсіріп, оған кішкене түсіндірді.

Оның жауабы мені таң қалдырды. Нұхтың оқиғасы Құрандағы ең көп тараған оқиғалардың бірі болып табылады, ол Мұса мен Перғауынның оқиғасынан гөрі жиі айтылады. Бірақ соған қарамастан, менің қонақжай және құдайшыл мұсылман достарым, бұл туралы іс жүзінде ештеңе білмейді екен. Сөздерді қайта-қайта қайталаудан басқа тағы бір нәрсе болуы керек шығар, солай ма?

### **Көбірек жазалар мен сыйлар (Сүрелер 73-78)**

Бұл қысқа сүрелер сенуші мұсылмандар мен сенбеушілер арасында қарама-қайшылықты туындатады. Мұхаммедтің кезіндегі сенбеушілер оның хабарын жоққа шығарған болатын әрі оны қорғауға көптеген Аяттар қарсы келіп, оның ақылсыз және жынды емес екенін дәлелдемек болды. Оларға оның үстінен біраз уақыт күліп жүретіндерін, бірақ кейінірек Алла оларды өлімнен қайта тірілтіп алып, оларға үкім ретінде, үстеріне от төгетінін ескертті.

### **53-ші тарау**

### **Сүрелер 79-87**

### **Соқыр (Сүре 80:1-2)**

Сонда қайыр сұрап отырған адам: «Мен соқыр едім, бірақ қазір көріп тұрмын», - деп қатаң діни басшыларға жауап берді. Туылғанынан соқыр болып туылған адам, өмір бойы қайыр сұраған. Бала кезінде ата-анасы оған ештеңе істей алмады. Ешбір дәрі оны емдей де алмады, ешбір дәрігер де көмектесе алған жоқ.

Содан соң, бір күні қасынан бір адам өтіп бара жатты. Ол жай адам емес еді. Осыдан екі мың жылдай бұрын, Құдыста сол күні әл-Мәсіх сол жолмен келе жатқан болатын.

Соқырға қарап Иса аянышты қайыршыны көрген жоқ, керісінше Алланың бейнесіне ұқсас етіп жаратылған адамды көрді. Иса өзінің сілекейінен жасалған балшықты алып, соқырдың көзіне жағып, оған барып жуынуды бұйырды. Ол кісі Исаға сеніп, мойынсұнды. Жуынғаннан кейін оның көзі ашылып, көре алатын болды.

Тек Алла ғана соқырларды ғажайып түрде физикалық немесе рухани жағынан сауықтыра алады. Өмір мен өлімнің билігі, Жалғыз Соның ғана қолында.

### **Жазылған тақтада (Сүре 85:20-21)**

21-ші аятты есте сақтау өте маңызды. Онда Құранның «тақтада» сақталғаны айтылады. Мұхаммед, Жәйбрейіл оған Аят берді деп растайды. Ол оқуды да, жазуды да білмейтінін айтты, сондықтан тақтада не көрсе де, оқи алмайтынын білдірді.

Сол тақта қазір қайда? Бұл – Исламның ұлы құпияларының бірі. Егер Алланың жазған тақтасы Аспанда болса, онда қалайша Алланың қасында мәңгілік болмайды?

Мұсылмандардың көпшілігінің пайымдауынша, Тақта мәңгілік және көкте мәңгі бар деп сенеді. Сондай-ақ мынаны түсіну қиын, онда мәңгілік кітапта неліктен ажырасу (талақ), әйелдердің етеккір циклі және пайғамбардың қанша әйел алатыны сияқты нәрселер туралы айтылған.

Егер бұлардың бәрі уақытша болса, Алла неге мәңгілік кітапқа соларды жазады? Басқаша айтқанда, көктегі нәрселер жазылатын мәңгілік кітапта, неге тарихи нәрселер айтылған? Егер Құран мәңгілік болса, тарихи және жердегі нәрселер, мәңгілікке және көктегі дәрежеге көтерілген.

Яһудилер мен мәсіхшілер Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Інжіл мәңгілік бар болғанына сенбейді, олар тарихтың әртүрлі кезеңдерінде, өмір сүрген адамдар арқылы уақытында ашылды деп есептейді. Алла ғаламды жаратпас бұрын, Адам мен Мұса, жұлдыздар мен ағаштар туралы ойлағаны сияқты, егер қаласа, Бұрынғы Жазбаларды (кітаптарды) ойлайтын еді. Бірақ бұл Адам ата немесе Бұрынға кітаптар Алланың қасында көкте мәңгі бақи бірге болды дегенмен бірдей емес.

## **54-ші тарау**

### **Сүрелер 88-114**

#### **Біздің проблемамыз неде? (Сүре 98:5)**

Біз Құранның аяқталуына жақын қалдық. Біз Кітап иелері (Кітап) туралы айтылған ондаған аяттарды оқып шықтық. Бұл үзінділер бізге сұрақтар қалдырады. 5-ші аятқа назар аударыңыз: «Олар; ғибадатты, нағыз Аллаға шынайы ынтамен бір беткей түрде орындаулары, намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне осы, тұп-тура дін». Мұнда мүшрикунға, пұтқа, ширкке және Елшіге қарсы ештеңе айтылмайды. Дегенмен, Сүре 98:6-шы аятта Шындықты жоққа шығарған, Кітап иелері мен көпқұдайшылдардың отты тозаққа түсетіні ескертілген.

Сүре 109 мұсылман еместерге жауап береді.

«Әй кәпірлер! Сендердің табынғандарыңа табынбаймын; Әрі сендер де менің құлшылық қылғаныма құлшылық қылмайсыңдар. Сірә мен сендердің шоқынғандарыңа шоқынушы емеспін. Сондай ақ сендер де менің құлшылық қылғаныма, құлшылық қылушы емессіңдер. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме тән»

Сүре 29:46-шы аятында және басқа үзінділердің негізінде осы аят яһудилер, мәсіхшілер және мұсылмандар үшін Аллаға ортақ дегенді білдіре ме, әлде олар әртүрлі Құдайларға табына ма?

### **Алла туылмаған (Сүре 112)**

Құран жолымен жүріп отырып, біз осы сапардың соңына да жеттік. Қадамнан қадам, Аяттан аяттарды қарастырып, көптеген тілдерде бірінші сөзден соңғы сөзге дейін үйрене отырып, бұл саяхат бізді ең маңызды сұраққа қайта оралтады. Алла Біреу. Сонда Иса әл-Мәсіх деген кім?

«Айт: Ол Алла, біреу ақ. Алла мұңсыз. (Әр нәрсе оған мұқтаж) Ол тумады да, туылмады. Әрі оған ешкім тең емес.»

3-ші аятта араб тілінде: (Ол тумады да, туылмады), делінген.

Біздің әдеттегі түсінігімізде, туу үш өте маңызды нәрсені білдіреді: 1) екі ата-ана, 2) жаңа өмір құру және 3) бөлініп шығу. Еркек пен әйел бала туғанда, ол не ұл болсын, не қыз болсын, бұрын болмаған жаңадан жаратылған адам дүниеге келеді. Бала белгілі бір уақытта өмір сүре бастайды. Тоғыз айдан кейін нәресте туылып, анасынан бөлініп шығады.

Балаға ананың қанымен бірге келетін заттармен енді қоректенбей, жаңа туған нәресте анадан бөлек тұратын болады. Олар енді біртұтас емес, олар бір-бірінен бөлінген. Сонымен бөліну аяғына жетеді. Олардың өмірі әртүрлі, жандары да басқа, мүмкін тағдырлары да басқа болады.

Тауратты, Пайғамбарлар жазбасын мен Інжілді толық зерттеп шығып, сосын Құранның әрбір сөзін оқып, мен Сүре 112-ге келемін. «Ол тумайды да, туылмайды да» дегенді оқыған кезде, менде бір қарапайым жауап бар. Иә.

Алланың әйелі жоқ, Ол өзінен бөлек құдайды тумайды, сонымен қатар Ол басқа ешкімнен туылмайды. Алла басқа құдайды жаратпайды және басқа құдай Оны жаратпаған деп анық айта аламыз. Ол мәңгілік - жалғыз Алла.

«Иә, құттықтаймын, сен ақыры мұсылман болдың, енді ширкке кінәлі болмайсың!»

Бірақ мен бұрын-соңды ширкке кінәлі болдым ба? Мәсіхшілер Исаның рухани «жүктілік» кезінде Алланың ішінде өмір сүргеніне, содан кейін жаңа және екінші құдайдың бейнесіне бөлініп туылғанына ешқашан сенген емес. Олай ешқашан болмайды! Сүре 112:3-ші аяттағы сөздің мағынасы өте дұрыс айтылған, Алла ешқашан екінші құдай тудырмаған және Алланың ешқашан бастауы болмаған, ол ешқашан туылу арқылы пайда болмаған.

«Сен менімен ойын ойнап жүрсің! Егер кімде-кім осындай сезімге берілсе, мені кешіріңіз. Бұл сұрақ ойындар үшін емес, бұлар өте маңызды. Мұның бәрі Алланың мәңгілік Сөзі деген сұраққа келіп тіреледі.

Біздің эрамыздың 325 жылы мәсіхшілердің жетекшілері осы жұмбақты талқылау үшін, Анатолыдағы Никейде жиналды. Иса әл-Мәсіх деген кім? Олар Інжілдегі «моногогенез» (μονογενής) сөзін мұқият зерделеу негізінде бір келісімге келді. Бұл ұғым жаңа және бөлек тұлғаның тууын білдірмейді. Оның орнына, моногогенез әрқашан шығатын, бірақ ешқашан бөлінбейтін, бірліктегі бірлікті білдіруі ықтимал. Өзеннен туындаған мәңгілік сарқырама, жаңбырдан мәңгі туындаған кемпірқосақты немесе ғашық жүректен туындайтын махаббатты көз алдыңызға елестетіңіздер. Алладан тек мәңгілік болатын, жалғыз – Иса ғана. Никейдегі сенушілер былай деп жазған: «Мен аспан мен жерді, көзге көрінетін және көрінбейтін барлық нәрселерді Жаратушы, бір Аллаға ғана сенемін. Сонымен бірге, бір Иеміз Иса әл-Мәсіхке, Жаратушы Иеден туылған жалғыз, барлық өткен ғасырлардан бұрын Әкеден туылған, Құдіреттіден Құдіретті, Нұрдан Нұр, Шынайы Жаратушыдан шынайы Жаратушы, Туылғаннан, Жаратылмағаннан, барлық нәрсе Жалғыз Бар Әкеден жаратылған».

Шын жүректен түсінгісі келіп: «Неге?», деп сұрады досым. Ол сөзін жалғастырып «Неліктен бұл мәселелердің бәрі орын алды – сөйтіп Калиматулланы нәресте ретінде жерге жіберді? Неліктен балалық шақтағы қиындықтар мен жастық шақта басына төнетін азғыруларынан өту керек болды? Неліктен өз халқының өшпенділігі мен Одан бас тартуына төзуге тиіс болды? Неліктен римдік айқыш-ағашта өлуге тура келді? Неге, не үшін, неге, неге...?!

Сенуші мұсылмандар: «Алла Әкбар» дейді. Мен де бала кезімде ата-анамнан тамақ ішіп отырып: «Алла Ұлы, Алла Ізгі» деп мінажат етуді үйрендім. Бұл Құранда дұрыс айтылған сөз.

Мен досымның көзіне қарап тұрып: «Неге Иса? Өйткені Алла Әлхабу. Алланың Өзі – сүйіспеншілік».

Ол босаңсып, күліп қойды. Сосын ол: «Мен енді түсіне бастаған сияқтымын», деп жауап берді.

### **Халкидондық сенім нышаны**

Киелі Әкелерге ілесе отырып, біз бір ғана Ұлды, Иеміз Иса Мәсіхті, Құдайлық жағынан кемелді және адамзатта да кемелді, шын мәнінде Құдайды және шынайы адамды, ақылға қонымды жан мен тәннен шыққан, жалғыз Әкемен келісетін бір Ұлды мойындауға бір кісідей үйретеміз; құдайлық және бізбен бірдей, адамгершілікке сәйкес, бізге ұқсас барлық нәрседе, тек қана күнәдан басқа; Құдайлық бойынша Әкеден ғасырлар бұрын туылған және соңғы күндерде біз үшін және біздің құтқарылуымыз үшін, Мәриям пәк қыздан туылған; Құдайды – адамзатқа паш еткен; Бір және сол бір Мәсіх, Ұл, Иеміз, Жалғыз туылған, екі табиғатта, қатесіз, өзгермейтін, ажырамас, бөлінбейтін, тануға болатын, сонымен қатар екі жаратылыс арасындағы айырмашылықты бірлікті бұзбайтын, бірақ әр табиғаттың қасиеті барынша сақталады және олар Бір тұлғаға және Бір Ипостасына біріктіріледі; - айырылған немесе бөлінген екі адамға емес, бір Ұл және Жалғыз Жаратушы, Құдай Сөзі,

Иеміз Иса Мәсіх, ежелгі уақытта Ол туралы пайғамбарлар (үйреткен) және Иеміз Иса Мәсіхтің өзі үйреткен; бізді және бізге әкелерден келе жатқан символ деп білеміз.

## **Тақырыптық көрсеткіш**

### **Алла**

Алла жерге келеді (Сүре 7:143)

Алланың әсем есімдері (Сүре 7:180)

Алланың мейірімі қаншалықты зор? (Сүре 9:113)

Алланы сүйеді деп айту – Құдайға тіл тигізу ме? (Сүре 25:60)

Алла кімді жақсы көреді? (Сүре 28:76)

Сол бір Алла ма? (Сүре 29:46)

Алла адамдармен сөйлесе ме? (Сүре 42:51)

Мойын тамырынан жақынырақ (Сүре 50:16-17)

### **Періштелер**

Ібіліс періште ме, әлде жын ба? (Сүре 18:50)

### **Тазалық**

Тазалық (Сүре 2:222)

Дәрет, жуыну (Сүре 5:6)

### **Жарату**

Адамдардың көтерілуі мен құлдырауы (Сүре 2:30-34)

Басында (Сүре 13:16)

Алланың бейнесінде жаратылған ба? (Сүре 16:17)

Адам ата ұятқа қалды (Сүре 20:115-23)

Адамдардың жаратылуы (Сүре 23:12-14)

### **Алланың ұлы бар ма?**

Алланың ұлы жоқ (Сүре 2:116-7)

Алланың ұлдары (Сүре 5:18)

Алла туылмады (Сүре112)

### **Кешірім**

Кешірім (Сүре 51:18)

Кешірілген және кешіретін

### **Игі істер**

Игі істер және күнә (Сүре 2:271)

Алланың разылығына ие болу (Сүре18:46-53)

Алланың еркінің алдында бас ию (Сүре 27:91)

### **Харам және халал**

Харам және халал (Сүре 5:1-5)

### **Қажылық**

Қажылық (Сүре 2:196-203)

### **Жұмақ пен тозақ**

Тозақ пен азап (Сүре 3:10)

Сенімсіздікті айыптайтын сот (Сүре 6:1-15)

Көбірек айыптау (Сүре 13-сүре)

Тозақта жазаланатындар (Сүре 32:13)

Қосымша ескертулер (Сүре 34)

Аспан туралы көбірек (Сүре 38:49-53)

Көбірек сыйлар мен сот (Сүрелер 39, 40)

Көбірек әсерлі бейнелер (Сүре 44:43-48)

Көбірек жазалар мен сыйлар (Сүрелер 73-78)

## **Ыбырайым**

Ыбырайым не яһуди, не мәсіхші болған емес

Ыбырайым – Алланың досы (Сүре 4:125)

Сарраның күлкісі (Сүре 11:71)

## **Пұтқа табынушылық**

Пұтқа табынушылық күнә (Сүре 3:80)

Екі құдайға табынбандар (Сүре 16:51)

## **Иса әл-Мәсіх**

Құрандағы Иса (Сүре 3:33-59)

Яһудилер Исаны өлтірген жоқ (Сүре 4:153-161)

Алла әл-Мәсіх пе? (Сүре 5:17-18)

Өмір наны (Сүре 5:68-120)

Теңіздегі өлім деген не? (Сүре 6:63-64)

Исаның өлімі (Сүре 19:33)

Жарататын күш (Сүре 22:73)

Жерді сөздермен толтыру (Сүре 31:27)

Өтеу құрбандығы (Сүре 37:102-7)

Иса әл-Мәсіхтың екінші рет келуі (Сүре 43:61)

Мәриямға Алланың Рухы үрленді (Сүре 66:12).

Соқыр (Сүре 80:1-2)

## **Яһудилер және мәсіхшілер (Кітап иелері)**

Ыбырайымның балалары (Сүре 2:40)

Мұсылмандар, яһудилер, мәсіхшілер және басқалар  
(Сүре 2:62)

Еврейлер, мәсіхшілер бірдей кітапты оқиды ма? (Сүре 2:113)

Ыбырайым, Ысмағұл және Исаның сенімі (Сүре 2:135-6)

Кітап иелерінен сұра (Сүре 10:94)

Мәсіхшіден сұра (Сүре 16:43)

## **Қааба**

Қааба (Сүре 2:127)

Қыбыладан бас тарту (Сүре 2:142)

## **Соңғы күні**

Қайта тірілу (Сүре 2:259)

Соңғы қайта тірілу (Сүре 16:38)

## **Неке және отбасы**

Ажырасу және неке (Сүре 2:221-241)

Жетімдер мен әйелдер (Сүре 4:3)

Күйеулер әйелдеріне қалай қарау керек? (Сүре 4:34)

Балаларыңды өлтірмеңдер (Сүре 6:151)

## **Мұсылман еместер (кәпірлер)**

Дін және достық (Сүре 3:28)

Қауіпті жаулар деген кімдер? (Сүре 3:111)

Жалған сенушілер (Сүре 9:56)

Жаңа жаумен танысу (Сүре 9:73)

Жалған мешіттер (Сүре 9:107-110)

Екіжүзділер (Сүре 63)

## **Меншік заттар**

Ашкөздік (Сүре 2:275)  
Мұқтаждарға әділдікпен қарау (Сүре 4:9-10)  
Құлдық (Сүре 16:71-76)

### **Намаз, мінажат**

Келімсектер мен дұшпандар үшін мінажат (Сүре 2:105)  
Дәнекершілер (Сүре 4:64)  
Жұма намаз парыз (Сүре 62:9-11)

### **Мұхаммедтің пайғамбарлыққа шақырылуы**

Мұхаммедтің пайғамбарлыққа шақырылуының дәлелі  
(Сүре 2:23-24)  
Бұрынғы кітаптар Мұхаммедті болжайды (Сүре 7:157).  
Көшбасшының соңынан еру (Сүре 9:86-88)  
Араб тіліндегі елші (Сүре 14:4)  
Құдысқа апаратын жол (Сүре 17:1)  
Мұхаммедтің есімдері (Сүре 21:107)  
Мұхаммедтің өмірі (Сүре 33)  
Иса Мұхаммедтің келетінін алдын ала айтты ма? (Сүре  
61:6)

### **Пайғамбарлар мен елшілер**

Жай ғана елші (Сүре 3:144)  
Нұхтың кемесі (Сүре 10:73)  
Әр қауымның өз куәгері бар (Сүре 16:89).  
Жақия пайғамбар (Сүре 19:1-15)

### **Құран**

Олар Киелі кітапты білмейді (Сүре 2:78)  
Жазбаларды жою (Сүре 2:106)

Дәл осы аят (Сүре 5:69)  
Құран не үшін берілді? (Сүре 6:155-156)  
Құранның ең көне көшірмелері  
Жігер беретін оқиғалар (Сүре 12)  
Алла өз хабарын қорғайды (Сүре 15:9)  
Құранға шабуыл (Сүре 15:91)  
Арабша кітап (Сүре 43:3)  
Қысқа сүрелер  
Құранды оқы (Сүре 73:20)

## **Рамазан**

Рамазан (Сүре 2:185)

## **Құтқару**

Алла көмек беремін деп уәде етеді  
Біреудің күнәсі үшін өлім (Сүре 5:29)  
Жақсылық пен жамандықтың таразылары (Сүре 7:8-9)  
Иненің көзі (Сүре 7:40)  
Тура жол (Сүре 10:25)  
Рақым дегеніміз не? (Сүре 11:3)

## **Сексуалдық (жыныстық)**

Жыныстық азғындық үшін жасалатын жаза (Сүре 4:15-16)  
Жыныстық қатынасқа қатысты заңдар (Сүре 24:2-33)

## **Күнә**

Рухани берілетін сый (Сүре 2:281)  
Зұлымдықтың мекені (Сүре 3:30)  
Дұрыс емес жолмен жетелеу (Сүре 3:100)

Кім игі? (Сүре 3:133-4)  
Адасушылық (Сүре 4:44)  
Кешірілмейтін күнә (Сүре 4:48)  
Адамзаттың шынайы мәні? (Сүре 14:34)  
Ешкім де жақсы бола алмайды (Сүре 16:61)  
Ойды өзгерту (Сүре 16:106-7)  
Біз қалай жақсылық жасай аламыз? (Сүре 29:7)  
Бірде-бір жан тірі қалған жоқ (Сүре 35:45).  
Біздің проблемамыз неде? (Сүре 98:5)

### **Таурат, Забур, Инжіл**

Он өсиет (Сүре 2:53)  
Өзгертілген Жазба? (Сүре 2:59)  
Бұрынғы Жазбаларды растау (Сүре 2:97)  
Кітаптар мен оның мағыналары (Сүре 3:7)  
Өлім немесе сенімділік пе? (Сүре 5:47-48)  
Он өсиеттің мәні (Сүре 7:145)  
Пайғамбарлық кітаптар (Сүре 10:37-40)  
«Оның сөзінің орнын еш нәрсе толтыра алмайды»  
(Сүре 18:27).  
Құран Киелі кітапты растайды (Сүре 46:10).

### **Толеранттылық (Шыдау)**

Дінге мәжбүрлемеу (Сүре 2:256)

### **Жан-жақты көзқарас**

Шындық немесе өтірік (Сүре 2:42)  
Ұрланған сенім (Сүре 2:109)  
Рухани байлық па әлде материалдық байлық па? (Сүре 3:14)

Куәлік деген не? (Сүре 6:19)  
Исламның таралуы (Сүре 16:125)  
Үңгірде ұйықтап қалғандар (Сүре 18:9-26)  
Зул-Қарнейн, қос мүйіздің иесі (Сүре 18:83-99)  
Күн қайда батады? (Сүре 18:86)  
Надандықтан туындаған даулар (Сүре 22:8)  
Исламдық секталар (Сүре 30:32)  
Күмән (Сүре 49:15)  
Тұзды және тұщы сулар (Сүре 55:19)

### **Автор туралы**

1990 жылдардың басында, Орталық Азияда коммунизм құлағаннан кейін, Джеймс Райт және оның отбасы Тянь-Шань тауларынан жаңа баспана тапты. Көп жылдар бойы коммунистер діни кітаптарды жойып, халықты Жаратушы жоқ деп үйретті. Енді ғана бостандыққа қол жеткізген заманда, көптеген адамдар өздерінің ішкі рухани олқылығын толтырамыз деп, Киелі кітаптарды оқуға кірісті. Доктор Райт пен басқа да ұстаздар, Ыбырайымның әулетінен тараған Алланың ғажайып тұқымына назар аударып отырып, бірқатар елдердегі адамдарға қараңғылық қанша қалың болса да, Алланың сүйіспеншілігінің Нұры әлі де күштірек екенін түсінуге көмектесті.